

ҚР БІЛМ ЖӘНЕ ФЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Канипаш Қайсақызы МӘДІБАЙ

ӘДЕБИ ҮДЕРІС

Бірінші кітап



ЗЕРО
Алматы, 2020

ӘОЖ 373
КБЖ 74.263
Қ26

Баспаға I.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің
Оқу-әдістемелік кеңесі ұсынған. (Хаттама), 2018 ж.

Пікір жазғандар:

Сүлейман Демирел атындағы университеттің профессоры, филология ғылымдарының докторы **Д. Ысқақұлы**
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы, профессор **C. Тұрысбек**

I.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы **M. Имангазинов**

Жалпы редакциясын басқарған: филология ғылымдарының докторы, профессор **Қансейіт Әбдезұлы**.

Қ26 Мәдібаева Қ.Қ.

Әдеби үдеріс: Оку қуралы /құраст.: Қ. Мәдібаева,. – Алматы: Эверо, 2020. – 196 б.

ISBN 978-601-327-910-7

Оку қуралында XIX ғасырдағы ақындық мектептердің айтулы екілдерінің шығармашылық мұрасы қазіргі ғылыми жаңа бағыттар ауқымында пайымдалған.

Жоғары мектептің бакалаврларына, магистранттарға арналған.

ISBN 978-601-327-910-7

© Мәдібаева Қ.Қ., 2020
© Эверо, 2020

ДІНІ ҚИССАЛАРДЫҢ ҚӨРКЕМДІК ҚҰРЫЛЫМЫ

Кітаби әдебиеттің өрістеуін зерттеуіш ғалымдар тікелей мұсылмандық діни агағтуышылықпен сабактастырып зерделейді.

Қисса – дін негіздерін түсіндіруден бастау алған әдеби жанр.

Кітап болып басылып шыққандыктан ғана қиссаға жатпайтын шығармалардың да «қисса» аттып журуі ел арасында қалыпты жағдайға айналып кеткенімен, кітаби әдебиет, қисса жанры, нәзира дәстүрі туралы ғылыми жүйеге түсken зерттеу еңбектерде қисса өлеңнің түп-төркіні, XIX ғасырда қазақ арасына таралуының тарихи-қөркемдік алғышарттары туралы нақтылы дерек, пайымдаулар бар.

XIX ғасырдың өзінде, кейінгі XX ғасыр басында, оナン бері бір ғасырга жуық кезеңде қисса-дастан, нәзира дәстүрі, кітаби әдебиетке берілген баға, бағытталған көзқарас әр килем болды.

Ахмет Байтұрсынов қазакқа жазу дінмен келгенін, жазу әдебиетке жазылған шығарма жататының, жазба сөзді бастапқыда бала оқытушы қожа, ноғай молдалар шығарғаның, дінді халыққа өлеңмен үйреткенін айтады.

“Әдебиетті молдалар дін бесігіне бөледі. Әдебиет өсе алмай, мешел болып жатқанда орыс үкіметінің саясаты келіп килкті. “Қазақ діні шығып жетпеген шала мұсылман халық, мұны мұсылман дінінен христиан дініне аударып жіберу онай” деген пікірлермен орыс үкіметі қазақ пен ноғай арасына жік салып, екеуін айырғысы келеді. Оның үшін қазақ байлары ногайша оқымай, орысша оқитын боларлық саясат жүргізеді. Қазақ балалары үшін школ ашады, ногайға қазактың жазу жағынан сорпасы қосылmas үшін араб ерпін қалдырып, казак тіліндегі кітаптарды орыс ерпімен басады”.

“Орыс өзіне тартып, ноғай өзіне тартып, екеуі екі жаққа сүйреп жүргенде, қазақ орыс әдебиеті арқылы Европа жүрттарының әдебиеттерімен танысады. Бастапқы жазба әдебиеттің бас мақсаты – дінді жаю, дінді күшету болса, соңғы әдебиеттің бас мақсаты – тілді ұстарту, әдебиетті күшету, көркейту болады. Сейтіп, жазба әдебиеттің өзі екі дәуірге бөлінеді: діндар дәуір, ділмар дәуір”.

А.Байтұрсынұлының пайымдауы бойынша қисса – өлеңмен жазылған, көбінесе діндар әнгіме, мазмұнына қарай екі түрі болады.

басқар жүргіткіш
гуманитарлық-зерттеу
университетті

КІТАПХАНА
№ 67273

1) Дінді қасиеттеу үшін, мұсылман дінінің артықтығын айту үшін шығарылған қиссалар. Кәпірмен соғыста мұсылман жеңіп отырады.

2) Шарифат бұйрығын істеу мақсатымен шығарған қиссалар.

Кисса-дастандар – XIX ғасыр әдебиетінің елеулі, комақты саласы болды.

Кисса өлең – діни қиссалар, нәзирагөйлікпен жырланған қисса-дастандар XIX ғасырдағы сөз өнерінің елеулі бағыты. Ол шоқындыру саясатына карсы ислам негіздерін таратада сейлем, имандылық бастауларына тартқан күш қаруы болды.

Кисса-дастандар діни негіздеріне байланысты көп уақыт әдебиет тарихынан алар орнынан аулақтап қалды. Олардың XIX ғасыр әдебиетінің түр, жанр, көркемдік бағытта байып, кемелденуінде орасан зор ықпалы болды.

Ш.Әлиханов, В.В.Радлов, А.Байтұрсынұлы, Б.Кенжебаев, З.Ахметов, Ш.Сәтбаева, Қ.Әмірәлиев т.б. еңбектеріндегі қиссалардың мазмұн, мән жағынан ажыратылуы кейінде қисса-дастанды арнағы зерттеген ғалымдар Б.Әзібаевың, Ө.Күмісбаевтың, А.Қыраубайқызының, З.Сейітжанұлының, А.Жақсылықовтың, т.б. ғалымдардың зерттеулерінде толыға түсті.

А.Қыраубайқызы қиссаның фольклорга немесе жазба әдебиетке қатысы туралы ой қозғайды.

«Қиссаны жазба әдебиетке жата ма, әлде фольклордың дүниесі ме? – деген сұрақ төнірегіндегі мәселеде бірізділік жоқ. Ауызша әдебиетке жатқызу жағы басымдау. Бұл жерде қисса-дастанның туындырғанда жазба әдебиеттен келген және оның қазақша нұсқаларын шығарушылар жазба ақындар, олар жинаушылар емес, сол сюжетті жазып шығарушылар екенін ескермеуге болмайды».

Зерттеушілер негіздемелеріне қарағанда қисса-дастан XIX ғасырда тек нәзирагөйліктен тұмаған. Аударма түрінде де жайылған. Қисса-дастанның дәстүрлі ерекшелігін, жанрлық шарттарын сактаған түрлі мазмұндағы жана туындылар да аз болмады.

В.В. Радлов жариялаған “Бозжігіт” дастанының үлгісі сол тұстағы көп қиссадан бөлек көрінеді. Дастан шағын-шагын тақырыптарға бөлініп, өзгеше бір құрылым үлгісінде жазылған.

Әуелі сол қиссаны шығарушының алғысөзі берілген сияқты. «Бозжігіт» кітабын Уфа шаһарында көргенін, езі «Бозжігіт» кітабын мың сегіз жүз қырық екінші жылда жазғанын айтады. Шәкірттерінің өтініші бойынша әнмен жазылғанын айтады.

Дастан әпикалық жыр дәстүрінде басталып, баяндалып 7 шумак, 11 буынды өлеңмен келеді де «Қыздың айтқан сөзі», «Бозжігітті» түсінде сабыр қыл деп айтқан сөзі», «Қыздың түсінде жігітке берген жауабы», «Қыздың түсінде айтқан жауабы», «Досының жауабы», «Аттаныш бара жатып айтқан сөзі», «Бұлардың зынданда айтқан сөзі», «Бұлардың зынданнан құтылған жері», «Жігіттің жауабы», «Керуениң жауабы», «Керуениң қайтқан жері», «Хан қызының қыздарға жырлап айтқаны», «Ханшаның зары», «Қыздың жауабы», «Қыздардың айтқан жар-жары», «Хан қызына айтқан сөзі», «Әкесіне қыздың берген жауабы», «Қыздың жұрттына барғаны», «Қыздың жылап айтқаны», «Қыздың жігітке берген жауабы», «Бозжігітке досының жырлап айтқаны», «Хан баласының жауабы», «Жігіттердің сөзі», «Бозжігіттің досын жоқтап жылағаны», «Бозжігіттің құдайға налыс қылғаны», «Калған досының сөзі», «Бозжігіттің досына жырлағаны», «Досының жауабы», «Бозжігіттің өлген жері», «Бозжігіттің жауабы», «Қараашаш сұлудың сөзі», «Қараашаш сұлудың әйнектен жырлағаны», «Ханның қызына берген жауабы», «Қараашаш сұлудың сөзі», «Қараашаш сұлудың қыздарға жылағаны», «Қыздардың Қараашаш сұлуга жырлап айтқаны», «Жігіттің жырлағаны», «Досының үйіне барған жері», «Жігіттің жауабы», «Жыршының жыр бастаған жері», «Жыршының жауабы», «Ханымның баласын жоқтап жылаға-ны», «Ханымның баласын іздең барғаны», «Ханымның жылаған жері» деген 48 сюжеттік желіге ұласады.

XIX ғасыр әдебиетіндегі қисса-дастандар – ауызша әдебиет пен жазба әдебиеттің аралық туындысы. Ол халықтың бай ауыз әдебиетінің көркемдік алымдарымен де ұштасқан, ортагасырлық Шығыс әдебиетінің жазба дәстүрін де мол сінірген, ауыз әдебиетінен жазбаға өтер “өтпелі дәуірдің” (М.Әуезов) көркемдік құбылыстарын пайдаланған, жана жазба әдебиет үлгісіне де ұласқан көркемдік әлем.

Таза дін, дүние-таным аясында да, ғашықтық қызық-құмарлық төнірегінде де, түрлі тұрмыс тауқыметінің екпінінде де, адамның үшқыр киял, алыс арман, аңсаганына ұмтылышы негізінде де

жырланған ауқымды шығармашылықтың жанрлық, стильдік, түр, тек жөнінен зерттелуі қазіргі кезеңде жалғасын тауып отыр.

“Қазақ жазба әдебиетінің негізін салған Абайдың ар жағында ортаазиялық түркі әдебиетінің ықпалымен немесе, түріктің жазбаша шайырларының нәзиралық ұлгісімен келген кисса-хикаяттардың қазақ әдебиетінен алған орны ерекше. Бұл шығыстық сюжетке құрылған казактың кисса-хикаяттары қазақ әдебиетінің бір ұлкен саласы болғандықтан, оның тарихи ізін де ұлттық жазба әдебиетіміздің “казынасынан” іздестірген жөн” деген У.Субханбердинаның тоқтамында негізді проблема көтерілген.

Қазақ әдебиетінің қалыптасу тарихы, жазба дәстүрдің тарихы мәселесін айқындай түсіп отырған он құбылыстардың бірі – кітап тарихын зерттеудің түбекейлі қолға алынуы. Баспа кітабының тарихы діни тақырыпта жазылған әдебиетті шығарудан басталғанын, Ресей әкімшілігі мұсылман баспаханасынан ең әуелі Құран Кәрим кітабын бастырып шығарған. Жазбаша кітаби әдебиет, жаңырған нәзира дәстүрі қазақ әдебиетіне жаңа өлең түрін қосып, жанрлар трансформациясын туғызған; аймақтық әдеби мектептердің негізгі даралық сипаттарын орнықтыруда ықпалды болған көркемдік дамудың XIX ғасырдағы негізгі бағыттарының бірі болды.

Кітаби әдебиет, нәзира орнықтырған “өлеңнің” өлшемі, негізінде, 11 буынды өлшем. Бунақ-буын ұлгісі – 3-4-4. Шумак негізінен

4 тармакты, *aaba* үйқасты болып келетінімен, кейде шумақтағы тармак саны 4-тен асып кетіп отырады. Мұндай 4 тармактан асқан шумакты өлеңдер дәстүрлі қара өлеңге жатқызылмауы керек.

XIX ғасырдағы қазақ өлеңіне дәуір әкелген өзгерістің, нақты бір түрдің дәйегі қазақ поэзиясына тұнғыш ғылыми негіздеме жасаған Ш.Уәлиханов класификациясында айқын сараланған. Ол түр – Ш.Уәлиханов атаған 5-түр – өлең. Ш.Уәлиханов бұл түрдің қазақ поэзиясының дәстүрлі ұлгілерінен өзгешелігін даралап көрсеткен.

“5. Өлең. Бұл форма, қазіргі кезде барлық жаңашыл ақындар тарапынан сұрыпта салма өлеңдерге де, поэмаларға да, әсіресе, Орынбай өлеңдеріне қатысты көбірек айттылады. Осы өлеңдердің тақырыптарының көбісі діни сарында айттылады. Бұл өлеңнің кәлпін өздері үйреніп қалған сұрыпта салма өлеңге сәйкестеп, қолайы келгенде айта береді. Әйгілі “Қозы Қорпеш-Баян сұлу” поэмасын өлең формасында маған Жанақ ақын айттып беріп еді.

Өлең деген бұған дейін жоқ поэзияның ерекше формасының және атаудың қазақ даласына тарай бастағанына 50-жылдан асқан жоқ, бұл Қазан мен Тобыл татарларына қырға жол ашылғаннан кейін келген жаңалық. Мұсылман діннің арқасында татардан шыққандар қырда, дін үшін қасірет шеккен исламның мызғымас сақшысына айналды. Татар поэзиясының формалары қазақтардың гармониялық дыбыс пен ойға тұнып тұрган дәстүрлі батырлық жыр поэзиясының формаларын ығыстыра бастады”.

XIX ғасырдағы жазба әдебиет жайына байланысты дерек, дәйектердегі Х.Досмұхамедұлы, А.Байтұрсынов, М.Әуезов атап көрсетіп отыратын “жазба әдебиеттің негізін мұсылманиша сауатты молдалар салған”, “қазаққа жазу дінмен келген”, “қазақта жазба әдебиет Абайдан кеп бүрын басталған”, т.б. түйіндердің байлам, тоқтамы өлеңнің осы түрінде жатқандай. Бұл өлең – Абай дәуірінде кең жайылған өлең. Жазба дәстүр туғызған өлең. Жаңа жазба өлеңге де ықпалы түскен, бірақ онан бөлек өлең. Шығыстық өрнек өлшемі, негізі сақталған өлең.

7-8 буынды өлшемнің толғау өлеңге қоса лирикалық жырға да қызмет еткеніндей (З.Ахметов), 11 буынды өлшем қара өлеңнен басқа да түрге арқау болған.

С.Мұқанов кезінде қазақ өлеңінде жыр мен қара өлең түрі ғана болды дейді. Заман ырғағы туғызған жаңа түр, жанрлар сол негіздерден керегін алғып қажетіне жаратты да, әрі қарай өрістеді.

Шоқан айқындаған “өлеңнің” қара өлеңнен ырғағы болек. «Бозторғай» дастаны. Белгілі түрколог ғалым В.В.Радловтың «Образцы народной литературы тюркских племен» атты еңбегінің үшінші томында жарияланған әдеби жәдігердің бірі – «Бозторғай» дастаны.

2002 жылы жарық көрген «Бабалар сөзі» көптомдығының «Діни дастандар» деп аталатын бірінші томында аталған дастан туралы былай делінеді:

«Бозторғай» дастанының негізгі идеясы – Ислам шариғатында харам болып айыпталған іспен айналысқандарды қatal сынау. Мұнда өсімқордың қармағына тұске бір кедейді босату үшін екі баласын кепілге берген Әлидің іс-әрекеттері мен ерліктері шығарманың негізін құрайды. Дастаның түпнұсқасы бізге әзірше белгісіз».

Құран кітабынан негіз алған діни қиссалардың қайта жырлану фактісі көптеген шығармалардың зерттелу тарихында анықталып отырды. Мәселен, зерттеуші Г.Аскарова былай дейді: «Барша оқырман қауымға бұрыннан мәлім болған белгілі бір сюжетті ақындар өзара жарыса жырлап, шеберлік сынасу дәстүрі шығыс шайырлары үшін аударма немесе еліктеу деп танылған емес. Сол үрдіспен ғасырдан ғасырга ұласқан Жұсіп қиссасының жазба нұсқасының өзі Абдаллах ансари, Шахин Ширази, Әли, Шами, Дұрбек сыңды талантты ақындардың қайта-қайта жырлауымен бірнеше мәрте жаңғырып, біздің дәуірімізге сан түрлі вариантта келіп жетті».

«Бозторғай» дастаны да ескі замандағы ислам дінінің сипаттарын, өзіндік ерекшеліктерін, артықшылығын баяндап, уағыздайтын діни қиссалар сарыныңдағы шығарма.

Зерттеушілер түпнұсқа туралы мәлімет жоқтығын айтады.

«Бозторғай» дастанының мазмұны дін тақырыбына арналған. Пайғамбардың күйеу баласы Әзірет Әлидің өсімкордан қарыз алып, мерзімінде өтеуге шамасы келмей қалған кедей адамға көмектесуі жайлы баяндай отырып, шығарма мұсылмандық шарттары, ислам ұстанымдары туралы еске салады. Әрі тілін кәлимаға келтіріп, кәпірлепдің қалай мұсылман болғанын баяндайды. Ислам әуелгіде Алланың хақтығына мойынсұнбай, карсы күйде болғандарды қалай иландырып мұсылман еткендігі туралы өткен тарихтың шындық жайлары көптеген діни қиссалардағыдай «Бозторғайдың» да негізгі арқауы болған.

Ортагасырлық түркі әдебиетіндегі нәзирагөйлік, оның XIX ғасыр әдебиетіндегі дәстүр жалғастығы ең әуелі діни желідегі шығармалар мен Құран мазмұнынан өрістеп отырады. «Бозторғай» да сол дәстүрдегі шығарма.

Осындай қисса-дастандар туралы әдебиеттану ғылымында зерттеу еңбектер баршылық. Бұл еңбектерде олардың жалпы мазмұны, түп негізі, басылымы, сакталу жайы біршама ғылыми түрде негізделген. Ал осы діни қиссалардың, оның ішінде қазақ арасына XIX ғасырда кен тараған, кітап болып басылып шыққан қиссалардың көркемдік ерекшелігі, өлец өлшемі, тіл кестесі, көркемдік тәсілдері туралы арнайы зерттеулер жоқтың қасы. Сол тұрғыдан келгенде, XIX ғасырда шығыстық негізде жазылған діни қиссалардың қазақтың төл әдебиетіне ықпалы, қазақ аузы

әдебиетінің XIX ғасырдағы жазба дәстүрдің шығыс қиссаларын нәзирамен қайта жаңғыртудағы өзіндік сипаттары туралы арнайы зерттеулер жасаудың қажеттілігі бар.

Мәселен, бір «Бозторғай» дастанының көркемдік болмысына көз тоқтатып қарағанда бірталай ой қозғарлық дәлел, дәйек анықтала түсkenін көрдік.

Дастанның баяндау мәнері – XIX ғасырдағы қазақ әдебиетінде кен тараған мәнер. Бұл күбылдыс ежелгі эпос үлгісі – «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырының баяндалу үрдісінде де анық. Яғни, осы тұста әдебиеттер ықпалдастығының бір елеулі фактісі көрінеді. Шоқан Уәлиханов қазақ өлецін түрге бөліп, бес түрлі жанрлық бағытты көрсеткен. Сонда қазаққа кейіннен келген түрдің әнге салып айтуда икемділгін, ол түрде айттыс ақындары да, жыршилар да, әнші ақындар да өлец шығарып жүргенін айттып, бұл түрді «өлец» деп атағаны белгілі. Сонда мысал есебінде «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырының бір нұсқасынан үзінді алады.

«Бозторғай» дастаның оку барысында бұл шығарманың баяндалу үлгісі «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырымен аса ұқсас мақамда екендігі көрінеді:

Қыын жсол қияметтің тар-ды дейді,
Бір жасағы су, бір жасағы жасар-ды дейді.
Әзірет Әли, пайғамбар заманында,
Маңайында бір мұсәпір бар-ды дейді.

Айтылу ырғағынан, стилінен әжептәуір алшақ екендігін зерттеуші маман емес оқырман да байқайды. Мәселен, Жұсіп Баласағұнның «Құтты білігі», Рабғұзидің «Кисса-сұл Энбиясы», т.б. шығармалардың жазылу стилі басқа.

«Бозторғай» дастанының XIX ғасырдағы қиссаларға тән дара сипаттарының бірі – оның өлец өлшемінде. Өлец 11 буынды өлшемде келеді. Ол – буыны 11 болып келетін қара өлец емес. Ыргағы, бунақтардағы буын саны жөнінен айырмашылығы бар түр. Дастанның тармактағы бастапқы бунағының буын саны – негізінен үшеу болып келеді. Бұл «Бозторғайдың» шығыстық негізге тартып жатқан қыры.

Ал қазақтың төл мұрасына бұрып отыратын бір ерекшелігі – қайымның қолданылуы.

*Жоқтықта қинар нәпсі кәріп жасанды,
Көреді ол мұсәнір атпас таңды,
Күнінде он теңгесін отей алмай,
Енді жасарлы мойнына есім салды.
Жоқтықта қинар нәпсі кәріп жасанды,
Көреді ол мұсәнір атпас таңды,
Күнінде он теңгесін отей алмай,
Мың қысып бір теңгесін хатқа салды.*

Шығарманың шеберлік тәсілінде де өзіндік, көзге ұрып тұратын айшықтау тәсілдері де емес. Мысалы, жұмбак түрінің сабақтасып отыруы қызығылты. Эуелі «бір, екі бола алмайды», онан «екі, үш бола алмайды» деп басталып онға жеткен жұмбак жасыру тәсілі ұтымды.

Осы жерде бұл діни жұмбақтардың сол кездің айтисақындарының шығармашылығында кең орын алған дін айтystарына ықпалы болғанын байқауға болады.

Шығарма бастан-аяқ ислам дінінің адамгершілік негіздерін баяндауға құрылған. Негізінде, оқиғаның өмірден алынғандығы көрінеді.

Имандылық негіздерін орнықтыруда әдеби мұраның ықпалы олшеусіз. Соның ішінде шығыстан тараған діни қиссалардың бірі – «Бозторғай» дастанының гибраты да сол мұддені көздейді.

«Жақсылықты Алла жаратты және соған сәйкес ізгі адамдарды да жаратты. Олардың бойына жақсылықты, сүюді сіңірді, жақсылық жасауды, сүю қасиетін дарытты. Алла тағала жаңбырдың көмегімен қансыған, кепкен жерге жан бітіргендегі ізгі адамдардың көмегімен жақсылық жасауды, сүю қасиетін дарытты. Жақсылық жасауға ниетті жандарды соларға қосты. Алла тағала жаңбырдың көмегімен жақсылық аңсаған жандарды да тірлітеді.

Сонымен бірге шығармада мифологиялық тәсілдің колданылғаны да байқалады. Мысалы: Әлиді кішкентай торғайдың алып ұшып кетуі. Шығармада тұспал элементтері де бар деуімізге болатын сияқты. Не шара болса да, Алланың ісі екендігі нақты да, тұспалмен де жеткізіліп айттылған.

Шығарма идеясы – қағынған кәпір жұртын ислам дініне енгізуін тарихын баяндау мақсатын да көздейді.

Шығарма тілі туралы айттар болсақ, ол халықтың тілде жазылған, онда діни, жалпақ жұртқа ауыр ұғымды кірме сөздер көп емес.

Дастанда диалог элементтері, сахналық шығарма нышандары да бар. Жұмбак-жауаптан тұратын шығарма құрылымы, сюжеті ықшам, ширақ, иланымды.

Шығармада адам мінездері де суреттеледі. Әзірет Әлидің кісілік қасиеттері басқа да қыларынан ашыла түседі. Сонымен қатар момын кедейдің, басқа діндегілердің, молданың, есімқордың кейіншілері, қараша үйдегі кемпірдің өзіндік даралық сипаттары анық көрсетілген.

Шығарманы жырлаушы өткір, ұтымды сөздерді қиуын тауып кірістіріп, орынды қоланып отырады.

Аллаға киындық іс басына тұспей тұрып сыйын деген құлаққағыстың да өз мәні бар. XVIII ғасыр сонында Көтеш ақын «Алыстан кедейліктің алдынан шық», – деген. Тұп-тура үндестік болмағанмен, кисындары ұштасып жатыр.

«Бозторғай» – XIX ғасырда қазақ арасына ислам дінін үағыздауда өзіндік орны болған шығарма.

Бұл дастаның қарапайы жандардың құнделікті тұрмыстірішілігін баяндаудағы реалистік сипаты аса айқын көрінеді.

«Алғашқы мұсылмандардың өте кедей тұрғандығы, яғни, аса қарапайым тұрмыс кешкендігі, тіпті күгінға түскендіктері тарихтан белгілі. Мәселен, Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбарға қатысты қасиеті Құранның «Зуха» сүресінде: «Сені жетім халінде тауып орналастырмады ма? Сені абыржуда көріп, байытпады ма?» дедінген.

Әзірет Әлидің экесі Әбутәліптің де кедей адам болғаны жөнінде діни азыздарда айттылған.

Жалпы Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбар мен оның төрт әділетті халифтеріне байланысты дастандардың басым көпшілігі бұқара халықтың ауыр тұрмысына назар аударуды насиҳаттай отырып, ауқатты байларды сынайды».

Діни қиссалардың, олардың ішінде «Бозторғайдың» XIX ғасырдағы қазақ әдебиетіне тигізген ықпалы айқын. Бұл туралы «Бабалар сөзі» жинағының түсініктерінде айқын тоқтамдар жасалған. Діни айтystардың XIX ғасырдан бастап қанатын кең жая бастау фактісі туралы айта келіп, томды шығарушылар жасаған

мына тоқтамдар негізді әрі нақты: «Сөз жоқ, айтыс жанрының осы түрінің тез тарапып, дамуына Қазан, Уфа, Орынбор, Ташкент, Бұқара, Самарқанд қалаларындағы діни-агарту медреселерінде білім алған, мұсылмандық шығыс әдебиетінен мол сусындаған сауатты ақындардың эсері көп тиді. Олар араб, парсы тілдерін жетік білумен қатар, ислам шаригаты мен Пайғамбар хадистерін жете менгерді.

Әдетте, ақындардың діни айтыстарының негізгі тақырыптары: Құран Кәрім аяттары, Пайғамбар хадистері, әулие-энбиeler тарихы, шаригат ережелері, иман шарттары.

Мундай айтыстар қарсыласын женуді ғана көзdemеген. Исламды насиҳаттау үшін де маңызды рөл атқарған. Осындай айтыстарға «Шәже мен Кемпіrbай», «Тұрмагамбет пен Ермұрат», «Жүсіпбек қожа мен Шекей қызы» сияқты айтыстарды да жатқызуға болады».

«Бозторғай» дастанындағы Әзірет Элиге қойылған сауалдар, Әзірет Әлидің қарсы сұрақтары діни айтыс үлгілеріне тәсіл жағынан нақтылы эсері болғаны байқалады.

Молда айтты Әлиге: – нанармысың?
Мениң айтқан тілімді алармысың?
Жұмбақ қылып айтамын он ауыз сөз,
Бір ауызын қалдырымай табармысың?
Әли айтты молдага: – нанармысың?
Мениң айтқан сөзімді алармысың?
Тапсам таптым, таппасам өлемін гой,
Тапсам уш ауыз сөз айтайын, табармысың?
– Сөйлейін сөйле десен, Жаттар құдай,
Шарапаты Мәдинаның тұрар былай,
Дерек басың кесермін, тапши жылдам,
Екеу, ушеу болмақ жсоқ, оным қалай?
Үндерде не үн жаңа – Құран үні,
Түндерде не тұр жаңа – Қадір түні,
Ол неге ушеу болсын, кәпір дүштан,
Жаратқан бір құдай-ды ай мен кунді.

«Бозторғай» дастанының рухани, әдеби ықпалы мен мәні туралы зерттеуші ғалымдар А.Қыраубайқызы, Б.Әзімбаева, А.Жақсылыков өз еңбектерінде көркем түрғыдан бағалайды.

«Бозторғай» дастанының мәнінде көркемдік жағы

Бұл дастанның көркемдік сипатын саралауда оның жанрлық ерекшелігі де айқындала түсүі қажет. Қазіргі кезеңдегі қиссаларды зерттеудің көкейтесті мәселелерінің көпшілігі «Бозторғай» дастанына да қатысты.

Дастаның мәнінде көркемдік жағынан оның әдеби мәнінде да қаралады. Әдеби мәннен туралы да зерттеудің көкейтесті мәселелерінің көпшілігі «Бозторғай» дастанына да қатысты.

Дастаның мәнінде көркемдік жағынан оның әдеби мәнінде да қаралады. Әдеби мәннен туралы да зерттеудің көкейтесті мәселелерінің көпшілігі «Бозторғай» дастанына да қатысты.

Дастаның мәнінде көркемдік жағынан оның әдеби мәнінде да қаралады. Әдеби мәннен туралы да зерттеудің көкейтесті мәселелерінің көпшілігі «Бозторғай» дастанына да қатысты.

Дастаның мәнінде көркемдік жағынан оның әдеби мәнінде да қаралады. Әдеби мәннен туралы да зерттеудің көкейтесті мәселелерінің көпшілігі «Бозторғай» дастанына да қатысты.

Дастаның мәнінде көркемдік жағынан оның әдеби мәнінде да қаралады. Әдеби мәннен туралы да зерттеудің көкейтесті мәселелерінің көпшілігі «Бозторғай» дастанына да қатысты.

Дастаның мәнінде көркемдік жағынан оның әдеби мәнінде да қаралады. Әдеби мәннен туралы да зерттеудің көкейтесті мәселелерінің көпшілігі «Бозторғай» дастанына да қатысты.

Дастаның мәнінде көркемдік жағынан оның әдеби мәнінде да қаралады. Әдеби мәннен туралы да зерттеудің көкейтесті мәселелерінің көпшілігі «Бозторғай» дастанына да қатысты.

Дастаның мәнінде көркемдік жағынан оның әдеби мәнінде да қаралады. Әдеби мәннен туралы да зерттеудің көкейтесті мәселелерінің көпшілігі «Бозторғай» дастанына да қатысты.

Дастаның мәнінде көркемдік жағынан оның әдеби мәнінде да қаралады. Әдеби мәннен туралы да зерттеудің көкейтесті мәселелерінің көпшілігі «Бозторғай» дастанына да қатысты.

Дастаның мәнінде көркемдік жағынан оның әдеби мәнінде да қаралады. Әдеби мәннен туралы да зерттеудің көкейтесті мәселелерінің көпшілігі «Бозторғай» дастанына да қатысты.

Дастаның мәнінде көркемдік жағынан оның әдеби мәнінде да қаралады. Әдеби мәннен туралы да зерттеудің көкейтесті мәселелерінің көпшілігі «Бозторғай» дастанына да қатысты.

Дастаның мәнінде көркемдік жағынан оның әдеби мәнінде да қаралады. Әдеби мәннен туралы да зерттеудің көкейтесті мәселелерінің көпшілігі «Бозторғай» дастанына да қатысты.

Дастаның мәнінде көркемдік жағынан оның әдеби мәнінде да қаралады. Әдеби мәннен туралы да зерттеудің көкейтесті мәселелерінің көпшілігі «Бозторғай» дастанына да қатысты.

Дастаның мәнінде көркемдік жағынан оның әдеби мәнінде да қаралады. Әдеби мәннен туралы да зерттеудің көкейтесті мәселелерінің көпшілігі «Бозторғай» дастанына да қатысты.

XIX ГАСЫРДАҒЫ ДӘСТҮРЛІ ТОЛҒАУ ӨЛЕҢ ҰЛГІЛЕРИ

Жанак Сағындықұлының кейінгө сақталып жеткен жыр мұрасының ішінде оның “Рұстем төреге айтқан сөз” арнауы – поэтикалық қуаты мықты, XIX гасырдағы арнау өлең ұлгілерінің ішінде елеулі орны бар шығарма.

XV-XIX гасырлардағы қазақ поэзиясының тілін арнайы зерттеген ғалым Қ.Өмірәлиев арнау өлең жанрындағы тілдік дәстүр, сөз колданыс ерекшеліктері жайлы да ой қозғап отырып былай дейді:

б) Қазақ поэзиясында сипаттай, суреттей айттылатын жоктау, мақтау түрінде келетін арнау өлеңдер өзінің сөз тандау, сөзге поэтикалық мағына беру, белгілі бір грамматикалық формаларды ерекше бөлек қызыметке шегу жағынан, әрі синтаксистік жүйесі жағынан өз алдына бір бөлек топ құрайды.

Яғни, бұл ұлғіде де қазақ поэзиясында мұралық, дәстүрлік, жалғастық асер-ықпал ізі жатыр”.

С.Мұқанов Шернияз ақынның “Баймағамбет сұлтанға айтқаны” өлеңін баяндай келіп осы жырға түр жағынан да, мазмұн жағынан да ұқсас жырлар XIX гасырдағы қазақ әдебиетінде көп ұшырасатынын айтады.

Жанактың “Көрібай болысқа айтқаны”, “Сәнияз төреге айтқаны”, “Торайғыр шонға айтқаны” дейтін толғау-арнауларында өткемдік пен үстемдікке айттылатын ауыр сез “Рұстем төреге айтқан сөз” арнауында зор әлеуметтік жүк арқалаған заманалық, дәүірлік сөзге ұштасады.

Жанактың бұл арнау өлеңі Махамбеттің Жәнгір ханға, Баймағамбетке, Шернияздың Баймағамбет сұлтанға, Сүйінбайдың Тезек төреге, Құлыншақ ақынның Көлбайға, т.б. арнауларымен үндес. Соның ішінде Сүйінбай мен Шернияз арнауларымен мәндес. Үстемдікпен астам сөйлеп, асып-тасыған билік иелері өздерін мақтау да дейді. Ақын “мақтамен бауыздап” отырып мақтауын келістіреді.

Жанак ақын қазақ поэзиясының ежелгі міндет-мұратының ұлғі, үтіг, өнеге сез айтудың желісімен, аргы-бергі, жақсы-жаманды сөзге тартыш, жүрекке түрткі салып сөз бастайды. Сәлем қайтаруға да қыры келмей қырысып отырған Рұстем төреге елдік ежелгі мұраттарды көлденең тастай отырып тіл қатады.

Ат – биеден туады, алып – анадан,

Ел – агадан азады, тон – жағадан.

Әлекесе өлекшіннің аңдығаны,

Арлан бөрі соғады тау сағадан.

Сергелдең сейіл, серуен кезеңінде

Ер аттан мұқалады, ат тағадан...

Бұл арнау – бастан-аяқ оқиғасы бар, сюжетті, құрылымды өлең. Жанак Рұстем төреге келу жайын баяндап, аргы-бергінің өмір сабактарын жырлан түрғанда Рұстем төреге сый-сияпат әкелген балықшы мен аңшыны көріп, сол жайды баяндайды.

Қарқаралыдан арнайы ізден келгені төре екенін, заманиң беталысын, төренің ат пен түйе жетектей келгендерді жылы қабақпен қабылдап отырысып, оның асылдан қалған сынық екенін, өзінің келу жайын былайша сөйлейді.

... Беру үшін келген жоқ, алу үшін

Ат мініп қайтайды деп, шапан күп.

Біреу айтты Рұстем қастайды деп,

Жасқанбаган бетіңді жасақайды деп.

Барсаң аман қайтпассың, тоқта деді,

Ашуласа басыңды ат тастайды деп.

Кейбіреу, Жанак, тілің аңы деді,

Бетің қайтпай араның тасты деді.

Аңы тілмен төрені сұғып алып,

Алғызып-ақ қайтарсың тасты деді.

Озінің сонда да тоқталмай келгенін, өлеңде дара екенін, ештеңеден тайсактайдын күйде емесін көлденең тастай сөйлеп, төрені шымшып, тістей, тиісе шүйлігеді.

Мен тоқтамай келіп ем барамын деп,

Озып жүрген өлеңге дарамын деп.

Тілім аңы болғанымен, заңары жоқ,

Жылан емес, әништейн арамын деп.

*Бас алуға отырсың, кісі таппай,
Бір басылсын төрениң араны деп...*

Балықшы мен аңшының келісі Жанактың тілін онан әрі ащылай түседі. Тазаны былықтырып былғадың, жазықсызды жазаладың, қызылғанда ақыл тапқан, абыроиы асқан атаңың ел алдында жеткен бійгін аласарттық деп жазғыра сейлемен сөз төреге жақсын ба?

*Аруагын атаңың боққа былғап,
Төмен болдың тұғырлас тұсынан да.
Ошақ басын, от басын аңдымын деп,
Бастан бақыт, айрылдың құсынан да...*

Рұстем шамданып, қылыш көтереді. “Домбыранды таста!” – деп ақырады. Жанақ тізгін тартып, айлыны жиса – Жанақ болар ма?!

*Тастар болсам, басында бастамаймын,
Жон терімді тілсең де таспадайын.
Бас кеспек болса-дағы, тіл кеспек жоқ,
Мен, сірә, домбырамды тастамаймын.*

Әрі қарай елге тыныс болар ер болып тумаған Рұстемді ел басына түскен ауыр күндерге айышты етіп толғанады.

Жанактың бұл арнау өлеңі зар заманың, орыс пен Қоқан езген елдің ауыр күйін соншалықты айқын, анық мәнде өлең сөзге көшіріп жеткізу шеберлігімен айрықша аталуы тиіс. Биліктегі түрлі реформалар, жердің бетеннің меншігіне ауысуы, еңсені көтерпінеген алым-салық, жүдеп, жұтаған жұрттың бас көтертпес қайғылы күйі ақынның жанын безек қақтырып, тыншу тапқызбайды. Өлеңдегі кайсыбір қисынға қарап Жанақ расында да ат мініп, шапан киіп кайту үшін келген деуге әсте болмайды. Бірденеге дәме етіп келген адам, кішіре елей, объектісін кіршікіз мәнде көтермелеп әспеттесе болар еді.

Жанактың Рұстем төреге келісі – тарихи миссия. Махамбет ақын айтатын “акырып тендік сұрау”.

*Береке көптен деген, жылдан жылыс,
Ер ұл туса болады елге тыныс.*

Сойткен ер ұл сен болсаң, тумай-ақ шөк,

Сен туган соң елімнен шайқалды ырыс.

Тұқымы азып төрениң тұқыл болып,

Болат ағып бұл күнде болды мырыш.

Шабар болсаң, датымды айтқызың шап,

Дат айтқызбай шапқан жоқ атаң қыльши.

Аргы тегің Қанішер Абылайдан

Үш жүздің баласына қанат жайған.

Абылай да сеніне қан ішкен емес,

Жаудың қанын ішетін ашип майдан...

Мені өлтіретіндегі қоразданып қанжар көтердің, артынды ойла, Ботақанды өлтірем деген Абылай атаңың күні қалай болғанын есіце ал дейді. Әйгілі Көтеш ақынның “Абылай, Ботақанды сен өлтірдің” өлеңі де сол тарихта болған, Абылайдың Ботақанды тірідей көрге көмгізген жағдайын салдарын еске салады Жанақ ақын.

*... Ботақанды Абылай өлтірем деп,
Заманы бола жазадаған алмагайып.*

Сол себепті сен тұрмак атаңың да

Көкшетаудан табаны кеткен тайын.

Жанақ аса аңы өмір фактілерін, Рұстем төрениң парага күнін, былыққа беккен тірлігін жиренішпен сейлемейді. Айтпаған ештеңе қалдырмай, төрениң төрдегі басын төменге тастап, сөз нөпірінің табанына салады.

Жанақ бұл арнау өлеңде елдің, қазақтың сол дәүірдегі, басшысы басынан шіріген балықтай болған күндеңі күйін кеудесін күйік кернеп отырып ағыл-тегіл төгеді. Қазақтың дәурені етіп, үйі жығылып, күрке тігіп отыр, бірте-бірге күркеден де айырылатын түрі бар деп қауіп ете сейлемейді. Жердің тарылғанын, елдің азып-тозып бара жатқанын, іштегі шерін тарқатада сейлемек болып, әдейіздел келгенін айтады.

Берекесі кеткен бейдауа тірліктің қаз-қалпында, аса ауқымды әлеуметтік мәнде, заман ағысын соншалықтың шайқын саралтайды

Казак национальный

литературный музей

№ 67273

17

КИТАПХАНА

сөйлеген Жанақ ақын сөзіндегі сауатты Сез – сол кезеңнің әдебиетінде жоқ десек те болатындей. Орыс, Қоқан билікті қолына алған қазак жерінің жамыраған, келер күні күмәнді береке қашқан құтсыз күйін дәл осыншалықты нақты, әр жайды: биліктің әділетсіздігін, тұрмыстағы баяныз күйді, ел мінезінің өзгеге бет бұрган, қасиеттен айырылған қасіретті күйін дәл Жанақ ақындағы нақты, әрі поэтикалық қуаты мықты, тілі жанды, қызулы, каны шашыраған сүмдік шындығын көкейге күя сөйлеген сөз зар заман ақындарының басты сарыны – ел азаттығын алға шығарған азаматтық поэзияның үздік улгісін қалдыրғандарын қазақ әдебиетінің тарихында иекен-саяқ. Бұл – әдебиет тарихындағы айтулы тұлғалардың шығармашылық мұрасын құнын түсіре сөйлеу емес.

Жанақ ақынның соншалықты өктем, өтімді, өткір тілді өлеңінің бағасын танудағы әлі айқындала қоймаған бағыттарға барлау барысында ашыла түскен әдеби дамудың айтактары.

Жанақ Рұстем төреге ат мініп, шапан киіп қайтайын деп, келмегенін, алыстан ат арытып келуі – тағдыры талқыға түскен ел мұны, ел жайы екенін өз өлеңінде ашып айтады. Кесел, кесапат жайларған кедей өмірдің, келеңсіз тірліктің көлеңкесі түскен арнау өлеңнің бір тұсында ақын былайша ағынан актарылады:

Хан туғілді бұл күнде халықтан да,
 Ханнан мұлде халық та жасалықтан ба?!

Халық – дария, хан – балық емес пе еди?

Судан шықса жсан кетер балықтан да.

Ат шалдырап қалмады айтарлық жсер,

Алыс жүріп келгенде, жасалыққанда.

Ит кемірсе тоймайтын бір қу асық

Қайырым-мейірім жоқ зарыққанда.

Кедей кер, кесел мінді көралымды,

Дуа кетті қасер мен ғарыптан да.

Ордан орғып түсетін орен тұлпар,

Аттай алмай арып жүр арықтан да.

Шерімді шертіп әдейі сөйлейін деп,

Әдейі іздел келіп ем, барып ханга.

Кімге ауыр, кімге жесеіл, айтши, төрем,

Ел үйкисын, ер күшін сарыққанда.

Арманын арылып айтқан ақын Рұстемнен әлде де үміт арта сөйлейді. Есесі кетіп бара жатқан еліне не болар деп, атасы Абылайдың қазақтың кегін құған тарихын алға тастай сөйлейді. Қазақ үшін Абылайдың “арыстанның аузынан жемін алып” күреспен ғұмыр кешкен ғибратын көлденең тартады.

Рұстем төре жібіп, Жанаққа: “Айтқанының бәрі рас”, – дейді. Алам деп келгенін сұрауга мұрсат береді.

Жақын адамыца беретініңді бер, сенің де абыройың, менің де Жанак атыма лайық болсын деген Жанақтың иығына Рұстем төре “Жақын адамға қимайтұғыным еді”, – деп, жанат ішік жабады.

Жанақ ақын осы тұста қазақ салтындағы ақындықтың бар отімділігін, қадірін көрсете, көтере түсер бір ерке қылық жасайды. Тапқырлықты, тұра сөзді, түгел сөзді түсінген, соған токтаған қазақы дәстүрдің салтанатымен Рұстем төрені де тырп еткізбей, дегенін істеді.

Жанат ішік жақсы ғой, бірақ мениң сексен тымақ, көне етік, кір-кір мата көйлек, жамаулы шалбарыма келіспей тұр, тозығы жеткен киімдерім корланып, оған өштесуі мүмкін, сондықтан кие алмаймын деп уәж айтады.

Киімін тұғас жаңалап, ат мінгізе де, Рұстем төре ақынның көңілін таптайды. Ер-тұрманың жаңалап беруге мәжбүр болады. Ақын енді мінген ат, киген киімге лайық қәделі қын мен пышақ керек дейді. Күмістен қын мен пышақ әкеліп беріп, енді сұрайтының бар ма деп, түгендеп болғандай күй таныткан Рұстемнің алдында Жәкен әрі қарай көсіледі. Сөз тауып айтады, қисынын тауып, қиуадан шауып тозығын алады. Сонан әрі ханымының күйін айтады, бұлғын мен жанат киіп бұл барғандада, кір көйлекпен алдынан ол шыққанда ұяттан жерге кіретінін, ханымсыз ханының да сәні болмасын, сүйген жарға да қәделі сый қажетін айтады.

Рұстем төренің ханымы Жанақтың әйеліне асылдан киім тартады. Жанақ енді де токтамайды, қасындағы қара шал жолдасының жоғын түгендейді. Рұстем төре Жанақ сыбағалы, олжашы болды, енді жоң сойлер десе де, Жанақ ақын ар жағынан “айт-айтшылап” буып тұрған өктем, өркеуде ақындықтың сөзін тауысып айтпай токтамайды. Өлеңнің өрісіне, өрбу барысына қарап Жанақ құныққан екен деген ой келмейді, ақынның Рұстем төренің байлығы кедейшілік күйзелткен елді жарылқауға жетпесін кере

шүкітындаға астар бар. Елдің жоғын беріп түгендеу, тауысу мүмкін емесін ақын осы бір үдете сейлем, Рұstemнің байлығын үдерес көшіріп алғандай оқиғаны арнау өлеңде әбден тауысып сейлейді, бар ақиқатымен ашып-жайып алға тастайды.

Барын бердім, жарылқадым деп отырган төреге Жанақ тағы да: “Бір ұртың май, бір ұртың қан” деп тиіседі. Мен түгіл қыдыры бата берсе де, Абылайдың тағы астыңа енді тимейді деп шырындаған шындықты айтады.

Ақыры төрениң Аққұмай деген тазысы да Жанақтың еншісіне айналады. Ақын бұл арнау өлеңде әрбір кәделі бүйімді қалаған тұста, өз өмірінің бар күйін, ақындық ғұмырдың көленексі мен беткейін, аласарған шақтары мен биіктегі тұрып өктем сейлер аруақты, киелі күшін қатар өріп отырады. Алма-кезек арпалысып, алмасқан дүниенің мұраты мен мақсаты, пенделік күй, ақпа-төкпе ақындық құдірет түскен бұл арнау өлең – қазақ әдебиетінің тарихындағы айтулы арнау өлеңдердің қатарына тапқыр сөз, шешен тіл, жүйрік ой, әлеуметтік үн қосқан айрықша арнау.

Аққұмай тазыға келгенде Жанақ ақын ақтарылып-төгіліп өзінің ақындық тағдыры, пенделік күй, пенделік мұнын жырлайды.

Он бесімнен, Рұstem, айттым өлең,
Жан жабығып, бұл күнде тозды денем.
Жас күндеғі балалық өз алдына,
Картайганды бір бала болад деген.

Қыран осы ойдан үшінан құздагы аңға,
Іркілмей өлең айттым қара, ханга.
Өлмей тірі кім қалды, ойла, төрем,
Бұл опасыз дүниеге келген жсанды.

Мен түгіл, жыр тенізі Бұқар да өткен,
Өлмек үшін туганбыз, оны да аңда.
Қалауым көре түсер көрнекті емес,
Деп жүрме, Жанақ, шіркін алжысан ба?!

Солтабайды берген жсоқ, тақсыр, сіздей,
“Қозы Көрпеш – Баянды” айтқызығанда...

Жанақ әрі қарай тұлпар ақынның құрыш тұяғы мұқалған күйін, үйі өртөңгір кәріліктің бұған да тиісе бастағанын, қызығы кетіп, қызуы азайып кетіп бара жатқан ғұмырдың, аласарған, ауыздыққа көнбес ақын ғұмырдың тұсала бастаған тұсындағы жан жабығуын асқан, үздік, үзіліп сейлеген шын сырмен алдыға жайып салады. Шығармашылық тұлғаның жан мұны, жабыққан күйі әлемдік лириканың небір үздік ұлгілерімен үзенгі қағыстыра төгіледі. Ақын осы тұста қазақ әдебиетіндегі дәстүрлі, көркем сөздегі мәңгілік тақырыптың бірі адамның ғұмыры жас кезеңдері, оның ішінде тырп еткізбей ұстап, мысты құрттар кәріліктің дағдарысы жайлы ғажап айтады.

Және дагы азайды кірер үйім,
Үйі өртөңгір кәрілік тиді қыны.
Арманым жсоқ, аз емес көпті көрдім;
Қазақтың құрметі мен көрдім сыйын,
Моласындаі бақсының тұрган оқшау.
Бара алмаймын бас қосқан болса жисын,
Өз көзіме өрескел көрінеді.
Жас күнімде жасақсан сәнді киім.
Бар қызықты қарілік алды тонап,
Бет-ауызды шырлап салды жсолақ.
Ошарылып келді де жасатып алды,
Күндіз болса түстеніп, тунде – қонақ.
Тіл икемі тісті алып, көздің нұрын,
Ебі кеміп еріннің болдым олақ...

Жанақ ақын карттықтың ендігі бір құмары саятшылық екендігін айтуда бұл қызықтың қазақ ғүрпіндағы шынайы күйін суретпен сөйлем ашады. Аң қуудың, олжалы қайтудың иен далада ғұмыр кешкен қазақ баласы үшін қызығы бөлек екендігін тағы бір мойындар арнаумен өрілген ой оралымдары қазақ әдебиетінің көркемдік алымын, биікті жаулаған өрелі өрісін, өлеңдік жаратылыстағы өзіндік өлшем-танымын және бір айқындағы түседі.

Рұstem тере қайтарда Жанақ ақыннан еліңе не айтып бармақсың деп сұрайды. Малға, пұлға жалданбаған, еліңің жүрегімен жүрегі бірге соқкан азулы, айтулы, асқақ Жанақ елге шынын айтып баратынын, ол шыны елдің ендігі тағдырымен

астасып жатқан дәуірлік, заманалық, тарихи шындық екенін тағы бір мәрте шындал өтеді.

Ақынның бұл тұстағы толғанысы азаматтық рухпен суарылған, азатшылдық сарынға бөккен, зар заман дәуірінің бұқарашиб, күрескөр үні. Хан мен қара тен болып, хандық биліктің 1822 жылғы Ереже бойынша жойылғанынан кейінгі уақыттың бұлдыры болашағын ақын айқын болжайды. Елде теңдік қалмаганын, ханнан қайрат кеткен, байдан қайыр кеткен кезеңнің ұрысы бел алып, батыры құрып бара жатқан дәуірдің бір сырын ақын былайша толғайды.

Жуан қамиши топ бастар көсем болды,

Елірмелі екі есті шешен болды.

Би кетті малдылардың айтагында,

Пәленді мұқатып бер десең болды...

Ақын Рустемге елінің тағдыры талқыда жатқанда, ненди мақтаймын деп төреге ауыр әлеуметтік салмақ сала сөйлеп, қоштасады. Қазақ баласы басын қорғалаған заманың беталысына барлығымыз ығып кетіп бара жатырмыз, келер күн жұмбағымен қорқытады деген қорғасын салмақ мұнмен арнауын аяктайды.

Алдыңда күткен күннің түсі сүйік,

Бізді соган барады өмір қуып.

Көріспесек ал, төрем, хош-аман бол,

Көрісем деген үміттен қауіп жуық...

Қазақ әдебиетінің тарихында Шернияз ақынның “Баймағамбет сұлтанға айтқаны” арнау өлеңі әлеуметтік аңы үні айқын, аскан шебер шендестірулермен ерілген өткір өлең есебінде танылған. Шығарма жайлы алғашқы ғылыми негіздеме жасаған зерттеушінің бірі С.Мұқанов оның бірнеше басты сипатын саралай келіп, көлемі аз болғанымен, Шернияз жырын бірнеше мәнді, саяси, әлеуметтік, көркемдік маңызы бар шығарма деп бағалайды. С.Мұқанов бұл арнау өленді поэма деп таниды.

Қазақ әдебиетінің тарихында ханға қасқайып сөз айтқан, мінін де көрсетіп, тезге де салып, абырайын асыра отырып та сөйленген сөз үлгілері аз емес. Алайда, Жанак пен Шернияздың арнаулары

мен Сүйінбайдың Тезек төреге арнауындағы өткір мазаққа құрылған арнау жоқ деуге болады. Сүйінбайдың арнауы жайлы, ақындығы жайлы, оның әлеуметтік бояюы қою батыл сөзі жайлы айтқанда да оның Жанак ақынның Рустем төреге, Шернияздың Баймағамбет сұлтанға сейлеуіндегі ел мұңын қозғап сейлеуі, өлеңдегі алма-кезек ауысқан ақ пен қара желілер аталып отырады.

“Сүйінбай да Шернияздың Баймағамбет сұлтанға айтқаны сияқты Тезекті мактаң, жамандап және оның қызы мен әйелі туралы өте үксас өлеңдер айтады” (Х.Сүйіншәлиев).

Осы тұста аталған үш арнаудың әуелгі үлгісін Жанак ақын салған болар деген ой қылаң береді. Жанақтың өмір сүрген дәуірі бұл ойымызды бекіте түсетіндегі:

Шернияздың “Баймағамбет сұлтанға айтқаны” арнау өлеңінің бірнеше нұсқасы сакталып жеткен.

Жанак ақын Рустем төреге айтқанында елдің күйін әріден қозғап сөз ете өрбітеді. Рустемді асылдан қалған қызық деп, “бетінді жасқайды, қаһары қатты десе” де қарамай келгенін айтудан бастап, балықшы мен аңшының сый-сияпатын көріп, төтесінен, аңы тілін аяусыз безеп тиісе кетеді:

Жазықсызга тартқызыдың жасаны да,

Былықтырып былгадың тазаны да.

Адал тамақ оттейді тамагыңнан,

Ұрлық етіп салмасаң қазаныңа.

Шернияздың арнауы да сұлтанға ел үстаган ханзаданың үрпағы деп көтермелей сөйлеп сәлем беруден басталады. Өзінің күйі кеткен қалпын жеткізіп, басымды алсаң да мақұлмын дегендей момақан сөйлейді. Шапаның жапқан Байекеге “Қайтып алам дегенің не, онда кимей-ақ қойдым” деп қыр корсете, міnez білдіре ішке кіреді.

Баймағамбет “Мені жамандап сейле” дегендеге Шернияз:

“Шыдамай шерің қозғап шынын айтса,

Кылышпен алтын сапты басты аларсың”, –

деп қауіп ете сөйлейді де, іле-шала тілінің уын төгіп-төгіп жібереді. Жанақтың Рустемге айтқан елдің басшысы азып, басына күн туған

замандағы күйімен сабақтастыра сөйлеуіне Шернияз аса үндес. Заманы бір екі жыр жүйрігі жарыса сөйлегендей көрінуін қалың катпары, тарихи негізі жаттың көлтүшінде қалған қазақ дейтін ғаріп жүрттыш мұнды мен зары болатын.

*Ар жақта Арынгазы дұмбірлекен,
Баеке, елің бар ма бүлдірмеген.
Төре кетіп төбеде төбет қалған,
Түп тұр ел басына бұл күн деген.*

*Кешеги Исатайдай асыл ерді,
Кәнірғе ұстап бердің тіл білмеген.
Қазақтың қара жұрттың быт шыт қылған,
Төре емессің, төбетсің дым білмеген.
Айдаттың жалғыз батырың Исатайды
Сенен де қалмақ жақсы шүлдірлекен.*

Рұstem “Таста домбыраны!” – деп ақыра сөйлегенде Жанақ ақын айылын жимаған. Шернияз Баймағамбет қылышын сурып басын щаңпақ болғанда кішіреле сөйлеген кеп танытып, Байекені бәрібір аппаратын жеріне апарып тастайды. Ата жолын алға тарта сөйлеп, сұлтанның өз жұрттың өзі талаған сұрқия сұмдығын әшкерелейді.

*Өз атың жұртқа мәлім, Баймағамбет,
Патшаға сексен қара ат байлаган бек.
Түсіріп жсав жығасың жасага ұстаган,
Сібірге Исатайды айдаган бек.
Шеріңнің басын алсаң жалпы жұрттың*

Жанақ шынайы ер туса елге тыныс боларын, Рұstem тұғалы елінен ырыс шайқалғанын айтады. Төре тұқымы азып, тұқыл болды, болат ағып бұл күнде мырыш болды дейді. Рұstemнің арғы тегі Абылайдың қазақ үшін жасаған қамын, артық тұған Абылайдың өзі елге тисем деп Кекшетаудан іргесі ауып кеткенін, жалпы хан тұқымының арғы-бергі игілігі мен саясатын ақтарып-төңкеріп Жанақ сөйлесе, Шернияз ақын Байеке сұлтанның жеті атадан үзілмеген билік

жөнін мақтан тұта сөйлегендей болып отырып, бүріп-бүріп тастап кетуден бой тартпайды.

*Байеке, Исатайдай бола алмайсың,
Исатай қонған жерге қона алмайсың.
Исатайдың бір күнгі расхотын,
Ұстаймын деп қурисың, оңалмайсың.*

Жанақ Рұstemнің ханымына жылы сөз арнап, артық тұған ханымның жөні басқа, хан ұлына баласа болар деп, түсі игі ханым ханға лайық, жомарт маңдай, нағыз “ер көркі эйел” деп жылы жырлап, өзінің сүйіп алған жарына ханымнан сый-сияпат алған.

Шернияз сұлтанның алты қызы мен ханымынан құдай сүйер кылық, көз тоқтатар тартымдылық таппайды. Бетке шауып тұрған сиықсыз әлпеттерін ашысы басым, әшкере сөздін талауына салады.

*Шеріңнің сөйлер сөзге тасуын-ай,
Аруағы алдиярдың асуын-ай.
Ханымның мұрны қайқы, бойы аласа,
Келбеті меге жекіннің қашырынданай.
Көп иттей құшіктеген құнжысың қағып,
Жататын шығар тыр-тыр қасынып-ай.
Тұрпайы ит, шошқадан былай емес,
Баеке, көргенімді жасасырдым ба-ай.*

Қ.Жұмалиев Шернияздың Баймағамбетке арнауындағы мактаудың астары, мысықыл мен кекесін, Исатай мен Баймағамбетті қарама-қарсы қою әдісін, “мұз боп қатқан” ескі кегін, ішкі сырын, Исатайға деген шын көңілін, тарихи мәнін айғақтай отырып, ғылыми мәнін айғақтай отырып ғылыми негіздейді. Исатайға деген ел ықыласы, халық ансауымен астасып жатқан Шернияз жырының әлеуметтік мәнін айғақтап сөйлейді. Таза көркемдік таным, талғам тұрғысынан таразыға тартады.

Жанақ ақынның “Рұstem төреге айтқаны” арнауы мен Шернияздың “Баймағамбет сұлтанға” арнауында өзгенің ырқында кетіп бара жатқан “Қазақ дейтін ғаріп жүрттыш” (Дулат) күйзелген күйі, замананың ызгарлы жөлі, сұық қундер мен бұлдыр болашак жайлы жүрек қаупі айқын. Бұл арнау өлеңдердің азamatтық үні, азатшылдық рухы да айқын. Шернияздың ақындық ерісі қазақ

тарихының, азаттық күрес тарихының айқын бір белесі – Исатай-Махамбет бастаған ұлт-азаттық көтеріліс тарихынан тараған шығармашылық ағын.

Жаңақ ақынның Рұстемге арнауының да туу себебі сол кезеңдегі тарихи жағдай, Коқан хандығы билеген өнірлердің әлеуметтік ахуалы шындығымен астасып жатыр. Қазақ әдебиетінің тарихында XIX ғасырдағы сөз енері – сан жанрлы, көп мәнді, көп қырлы, салмақты да сара шығармашылық. Сол әдеби мұраның бір аркауы – арнау өлең.

Бұдабай Қабылұлы – қазақ әдебиетінің тарихында терме, арнау, өлең, толғау айткан; жоктау жанрында өзіндік ағыс қалдырыған дарын.

Бұдабай толғауларапында адамның жан күйінің сырлары, кіслік мұраттар, адам өмірінің өтпелі кезеңдері баяндалып отыруында дәстүрлі ақындық мектептің үлгісі айқын.

Бұдабай ақынның «Әйекеге жоқтауы».

Әйеке болыстың атып өлтірілуі, кісі қолынан өлуі ашындырыған.

Шұбыртпалы Ағыбай батыр бастаған қол Сыр бойына асығыс жеткен. Екі елдің арасындағы жаулыққа ұласып кетер қолайсыз жағдайға Бұдабай араласып, араша тұрады.

Ағыбай жоктау өлеңді тыңдаған соң: «Әйекені бір қыпшак өлтірсе, енді бір қыпшак тірілткен екен» деп тоқтағаны туралы әңгіме қалған.

Бұдабай осы жоқтау өлеңде жеке бас қайғыны жалпыұлттық, әлеуметтік ауқымда альп, сол дәуірдегі жоқтау өлеңдердің көпшілігінен көркемдік жағынан оқшау бір үлгі туғызған. Әйекенің адамшылық сипаты ауыл арасының ауқымында емес, елдік өреде ашылады.

«Әйекеге жоқтауы» өлеңінде «қарадан шығып хан болған» Әйекенің өлімін Бұдабай жеке адамның құншілдік әрекеті деп емес, отаршылдық саясаттың аяусыз касіреті есебінде ашқан.

Бұл жоқтау өлеңде жоқтау жанрының көркемдік ерекшелік, жасалу заңдылығындағы айқын бір сипат – тіл өрнегі, тіл айшығы мейлінше үздік өрім, ойлы, отты оралым автор тілінің даралығымен назар аударады. «Ай батқандай қылдын да, Адастырып жөнелдін», «Орынды болдың орасан, Мыңжылқының тауындей», «Көпке

пайдан көп тиді, көктемдегі жауындей», «Өте шықты сүм заман, бәйге атының шаңындей», «Жасаған, саған не жаздым, Тасқынымды басқандай», «Шім жаман мұздады, Бөрі көрген ылақтай», т.б.

Жоқтау Әйеке өлімінің қалай қалыда болған оқиғасын, қазаны есту, өлікті жерлеу рәсімдерін баяндағы отырып, Әйекенің өмір жолын, артық тұған қасиетін, елі мен жеріне қадірін небір сөз алмастыра суреттеу, айқын әпитеттер арқылы үздіге жоқтаған жеке көніл күй іірімдерін қоса қабат, қатарластыра желілеп отырып, өзгеше бір үлгімен, шерге толған жүректі шегініспен сөйлетіп отырып айтылған.

Шығармада кейіптеу мен кескіндеудің, шендестіру мен шебер тіркесудің озық үлгілері бар. Шығарма құрылымы өзінің оқшау үлгісімен заманында қөптеген жоқтау өлеңге ықпал еткені даусыз.

Бұдабайдың бұл жоқтау өлеңнен басқа да бірнеше жоқтау жырлары бар. Ол туындыларда да оның ақындық қолтаңбасы, дүниетаным өзегі мен шығарма туғызу дағы дәстүрлі тәсілдерді игеру дарыны, өзіндік ерекшеліктері даусыз айқын.

Бұдабай ақынның қазақ әдебиеті тарихында ел басынан өткен алуан күйлі ақиқат тағдыр арқау болған көніл айтту, жоқтау жырларын туғызуши, көркемдік сапасын көтерген ірі ақын есебіндегі орны айқын. Бұдабайдың «Әлмембеттің баласы өлгендे көніл айтқаны», «Жәпек Мырқы өлгендө», «Бұдабайдың Шылманның жалғыз баласы Ахмет өлгендे жазып берген жоқтауы», «Әлмембеттің жалғыз баласы өлгенде әжесіне жазып берген жоқтауы», «Күләштің Сыздықты жоқтағаны», «Әйекені жоқтау» жоқтау өлеңдері.

«Әлмембеттің баласы өлгенде көніл айтқаны» өлеңінде ақын Әлмәмбетке өмірдің тоқтамын айтады. Алланың ісін алға қойып сөйлеуі – Бұдабайдың өз дәүіріндегі Сыр бойы, Оңтүстік өлкенің ислам тарихын, діннің жайын білген мұсылманиша сауаттылық дәстүрінен хабар беретін қыры.

Шырагым, жудеп қапсың балаң өлі,
Алланың қылғанына шүкіршілік ет,
Алланың өзі алыпты, өзі беріп.
Бендеге тумақ парыз, өлмек парыз.
Алладан перзентіңіз сізге қарыз.

Мұхаммед пайғамбардан достық нағызы,

Алғанын жағын ұлын білесіз бе?

... Әлмәмбет, әрбір нарсе құдайдан да

Қорыққан да бірдей екен, қуанган да.

Атыңың тұяғынан келмеуші еди

Айнала Сырдың бойын су алғанда.

Болған соң амал бар ма ақтық құны,

Дәуіттің бір кунде өлген отыз ұлы.

«Салаты жаназа» деп айтады екен,

Бәндага періштегер туган күні...

Бұдабай басқа адамға жоқтау өлең шығарып бергенде оның жеке бас қайғысын өз басынан өткізіп отырып, жан түкпіріндегі арман сезін табылmas сөз тауып, қаза күйігі өртеген қеудесін кеңітердей мазмұнмен жырлайды.

Ақын елінің, жүртіның, ағайын-туманың тіршілік іірімінде бір жүріп, біте қайнайды.

Шылманның баласын жоқтау өленде Бұдабай ақын әке қайғысын бастан кешіп отырып жоқтау айтады.

Өлишеулі күні таусылып,

Төрт бұрышын дүниенің

Көріп жүрдің шарқ ұрып.

Білгендей-ақ жүр екен,

Барында козі талпының.

Аттан озған құнандай,

Қамишы үстіне қамышы ұрып.

Өз қатары баладан,

Кеміп еді артылып.

Кіріп едің қатарға,

Күннен күнге, қарагым,

Козі ашиқ кеткен арманым,

Солқылдан тұрган жас шыбық...

Жалғызынан айрылған әке өзіне «тамырсыз қалдым тастай-ақ» десе, Әлмәмбеттің баласы қаза болғанда немереден айрылған әжесі былай деп зарлайды:

Немеремнің алды едің,

Арғымақ туган құнандай.

Арманда кеттің тұлпарым,

Шабылып, жесіл синалмай...

Әшірдің баласы Сыздық өлгенде шығарған жоқтау өлең де жан суырған сүйкі сұылымен, бой қарыған ызгарлы сөздерімен ерекшеленеді.

Өлімнен жасаман жісөк екен,

Жүргегім қалды жасарылып.

Боламыз ба біз де жүрт,

Басымнан тұмман арылып.

Келер ме екен сүйрігім,

Ата-ананы сағынып,

Анта да өтті, ай да өтті,

Сағынбай жүрсің не ғылып?

Қалдың ба, қалқам, қатты үйиқтап,

Ақ топырақ жасамылып?

Ашылар ма екен үйқысы,

Жыласақ барып жасабылып.

Балапаным, ақ сұңқарым,

Ұядан ұшқан айрылып,

Талмай ма, қалқам, қанатың,

Қонбай кетсөң, қайрылып?

Бұдабай көңіл айту, жоқтау, жұбату өлендерде қаза болған адамның жеке басының қасиеттері сипатталатын сөз табуда тілдік қордың қалың қабаттарын қайталауға ұрынбай қосып отыратының көреміз.

Ақынның жоқтау өлендерінде дін, ислам, шаригат ұғымдарының катысты кітаби сөз, араб, фарсының тілінен алғынған оралымдар кездесіп отырған.

Сөйлемін бес-алты ауыз жасып хаттан,

Тысқары сөйлемейін шаригаттан, —

деп бастайды Әлмембеттің баласы өлгендегі көңіл айту сөзін. Осы

көңіл айтудағы «кітаптан бес-алты ауыз сөз сейлейін» дейтін тіркес – Құран кітап сөзі: Бұл жұбатауда Мекке, алла, Мұхаммед, пайғамбар, құдай, ақтың құлы, Дәүіт, санаты таза, періште сөздері арқылы баласы қазаға ұшырап, көзінен ақкан жасы кел болып отырған қаралы жаңа Бұдабай алланың жазуы деп, қасиетті кітапты, пайғамбар, періштерді гибарат етіп тоқтау айтады.

«Жәпек Мырқы өлгенде» айтқанында құданың құдіреті, дін құшті деп қысқа қайырады. Осында ақын өмірінің үзіліүін адам өлімін тірліктің жасырағы түсті деген бұрын-сонғыда колданылмаған ерекше образды тіркеспен берген.

Бұдабай жоқтау өлеңдерді негізінен «Бісіміладан» бастайды. Шылманға жазып берген жоқтауында өлімге қатысты тағы да жанынды суыргандай ақыкат шындықтың сөзін тауып айтыпты:

Жақын да екен бұл өлім,
Адамның көз бен қасынан.

«Әлмембеттің жалғыз баласы өлгенде әжесіне жазып берген жоқтауы» жоқтау өлеңі де «Биссимиладан» басталған.

Бұдабайдың діни сауаты біршама болғаны білінеді. Ақын дін-исламның негізіне сүйене отырып, Алладан жеткен Хақ өлімнің ақыратына алдымен назар аудартып алыш, сөз бастап кеткен.

«Жамикатіл Мәйіт», – деп

Құраннан келген хабар бар.

Хаққа бір бәндә болған соң,

Өлімге адам қарыздар...

...Биссимила, – деп сөйлейін,

Жаратқан жасаптар піруар.

Умматім, – дей көр пәндәңді,

Иә, Мұхаммед пайғамбар...

Бұл жоқтау өлеңде де небір бояуы қанық, мағынасы дөп түсіп жатқан ұтқыр тіркестер шоғыры қалын.

«Мұнлы болып отырмын, тұғырдан түйғын ұшырып», «немеремнің алды едің, арғымақ тұган күнандай», «Салды құдай басыма, Ақыреттің саудасын», «Қара жерге ақ дene, Шыдатар қайтіп жамбасын», «Жер таянып тұра алмай, отырып қалдым

омалып», «Сүйегі қазақ демесе, Ханнан да болды ілгері», «Қазан үрүп бауымды, Ашылып гүлім қызармай», «Болып қалдым шаласы, дәні кеткен сабанның», т.б.

Осы жоқтауда діни ұғым, қолданыс мол кездеседі. Немересінен айырылып зарлап отырған ана-әже бір сәт хақтың өліміне «жүгермек өлім» деп тіл де тигізіп кетуден де тартынбайды. Мұнда Бұдабай ананың жүргегімен, ананың жаратылсымен сейлеп шыға білген.

«Әшірдің баласы Сыздыкты жоқтауы» да «Биссимиладан» басталады.

Бұл жоқтау өлеңде де әкенің күйігін, күніреніп, құлазыған қайғылы күйін ашып берген сөз оралымдар аз емес, қайғылы, азалы сөздің бояуы қою.

Ақырзаман орнады,
Бұл күнде менің басыма.
Қоқырдың жері көл болды
Көзден аққан жасасыма.

Бұдабай ақынның тіл қоры бай. Оның өлеңінен кей-кейде қазіргі тілде қолданыста жоқ, кейінгігে беймәлім сөз қолданыстарды да ұшыратып отырамыз. Ондай ұғым, сөздер ақын шығарған жоқтау өлеңдерде де бар.

Нәресте өңкей уибақы
Алды әжетке жараган.

Ақын өлімінен кейінгі сокқыны «Жүрегім қалды жарылып» деп образды тілмен айтады. Қазаға қатысты ұғымда «қара» сөзі көп қолданылар еді. Ақын Бұдабай әкенің баланы қаралы қазаға қимай, сағынышпен жоқтауын осы мәнде қалай-қалай қисынын тауып, қаралы өлімді аталақ махаббаттың балаға қимай егілуінің бір сөттегі жарқын сағынышқа ұласып кеткен құбылышын жеткізген.

Анта да өтті, ай да өтті,
Сагынбай жүрсің не ғылып?
Қалдың ба, қалқам, қатты үйықтап,
Ақ топырақ жасамылып?

Ұядан айрылып ұшқан ак сұнкарына, балапанына қайырылып қонбай кетсөң, қанатың талмай ма деп еміренеді, елжіреп езіледі.

«Алтын сүйек сүйрігім» дейді, «тұйғыным» дейді, салыстыра тенеу жасап, астастыра айшықтап азалы жырын сорғалата төгеді.

Бұдабай Қабылұлының жоқтау өлеңдері қазақ әдебиетінің бір саласы – жақын адамның қазасына қатысты туған жоқтау жырларда тұратын тұғас бір жанрының XIX ғасырдағы айтулы үлгілерінің бірі болғандығы айқын.

Бұдабайдың жоқтау өлеңдері негізінен жоқтаудың дәстүрлі үлгісінде шыққан туындылар. Қаза үстінде, өліктің актық сапарға аттанып бара жатқан сәтінде, одан кейінгі аза тұтуда айтылып отыратын жоқтау шартын ақын мықты ұстанған. Көпшілік мауқын басып тыңдайтын мәнді, мазмұнды, мағыналы, оқиғаны өлең түрінде шығарады.

Қашаған Құржіманұлы. Қашаған ақынның шығармашылығы айрықша шебер, шешен тіл қолданысымен, тіршіліктің сан алуан құбылыстарына батыл бойлаған ұтқырлығымен, замана күйін барлаған әлеуметшілдік бағыттарымен қазақ әдебиетінің тарихында елеулі орны бар, мәнді мұра.

Қашаған ақын қазіргі Түркіменстан жерінде дүниеге келеді. Ата-анадан ерте айрылған ақын ағайындарының қолында есken. Жастайынан кісіге жалданып, құнқөріс камымен талай жерлерде болады. Айнала дүниеде етіп жатқан жақсы мен жаман, ак пен қара, толып жатқан өмір құбылыстарын көкейге түйіп өседі.

Он бес жасқа келгенде

Таяқ алғып қолыма,

Койымның тұстім жослына.

Табанға шарық байладым,

Жұмысқа басты сайладым.

Орынбор деген қалага

Сергей деген көпестің,

Серкелі қойын айдадым.

Өзінің айтуында түсінде аян болып, өлең қонғаннан кейін катарға ілініп кеткен. Оған шейінгі уақытта жас жігіт таяқ та жейді, тамактың да тапшылығын көреді.

Ор деген судың бойымен
Қарашикпен бардым жасагалан.
Елекtiң бойын жайладым,
Қара сухар шайнадым.
Жабагыдан сырғыган бөркім бар,
Жүден жүрген көркім бар.
Көрдеубайлар қамайды,
Қойға бар деп сабайды,
Бармасқа қандай еркім бар?!

Қашаған – қазақ сез өнерінің тарихындағы қайталанбас дара ақындардың бірі. Ақын арнау өлеңдер шығарған, айтыс сөзде де өнер ұштаған, жыршылық дәстүрді дамытқан, өз жанынан дастандар шығарған.

Қашаған ақындығындағы қайталанбас дара сипаттар ақын шығармаларының тілдік қолданысында, сез табу, сез тандай, сез айшықтау тәсілдерінде; шығарма құрылымындағы шебер қысындарда; ел тарихына деген айрықша ықылас-ынтасында.

Қашаған ақын тілге ұста, шебер, шешен. Тауып айтады. Таңдал сөйлейді. Сез айшықтау тәсілдерінде дәстүр «бұзып» қайталанбас, өзіндік қолданыстар туғызады. Ақын сөзбен сурет салып отырады. Дүниепайым өрісі шалқар ақын сырт әшекейге жок. Деп басып, нақты жеткізеді.

Қашаған Құржіманұлы өзі өмір сүрген дәуірдің ауыр, азы шындықтарын камтып отырып толғаған туындылары коспасыз, жатық өмір суреттерімен өрілген. Ақынның біршама өлеңдері мал дегендеге жанын беретін, сол мaldың қызығын өзі де, өзге де көрмей салпақтап, күйген көже ішіп күн кешетін сарап, қарау байлардың образын ашқан.

«Оразалы байға айтқаны» өлеңінде сарапдық қанмен біткен жанның күйікі, күйбен тірлігіне ақын ашынып мін айтады. Оразалы деген бай – аты бай, дүниеден кенде емес. Бірақ заты жарлы. Шықбермес Шығайбаймен, Қарабаймен туыс тип. Ақын сарапдық дерптін бір-екі деталь, азғана сипаттау сөзбен тамырын басып, тауып алады. «Бай» тозған тоқпак жастанып үйіктайды, түйенің қырық шокыты жабуын төсөніш етеді. Қырық күн шілдедегі корегі қара ұннан ашытқан көжесін «Балқара» деп атақтап қояды. Төбесін күн тесіп, мaldың ізінде ілбіп жүрген «байды» Қашаған ақын іліп-қағып

әбден әшкөрелеген. «Байларға» арнау өлеңінде де қогамдағы ауқатты топтың дәл, нақты қалпы көрініс тапқан.

Ақын бірнеше байдың мінезін алады. Бірі – сарап, бірі – керден, келесіци – мақтандегі.

«Есқали сұрыға айтқаны» арнауында ақын табан асты сөз тауып, түйреп сейлеудің, қатты, ашы айтудың шебері қалпында көрінген. Қонаға келген кісіге рай бермеген сұқыттық ақынның жанын қариды. Әсіресе дін ұстанған болып отырған сопының аяр, алдамшы кейпіне күйінеді.

Домбырасына «шайтанның ағашы» деп тиіскен сопыға айтарын іркіп қала алмаған ақын елдің пейіліне ризашылық білдіріп, өзінің не әрі, не бері болмай қалған қолайсыз күйін жырлап кетеді.

Қазақ өлең сөзіндегі дәстүрлі арналар Қашаған туындыларында жаңа ағыс, тың қуатпен молығып, тола түскен.

Ақынның «Аралбайды жұбатуы» атты көңіл айтту сөзі – ел поэзиясындағы көңіл-кос өлеңнің өзіндік бір үлгісі. «Тойбастар» толғауында да ақынның дәстүр дамытқан, дәстүр байытқан даралығы көрінеді.

Төтеннен төгіп сөйлеу машығы – Қашаған ақынның шығармашылық қуатының бір қыры. Қашаған ақын адамның ғұмыржас кезендерінің үздіксіз өзгеріс қалпын суреттеудің ежелгі, дәстүрлі желісін өз көзімен көріп, сезінген құбылыстармен дамыта жалғастырды. «Жетпіс беске келгенде» атты туындыда белглібір шактың күйі төсөлген шеберлікпен айнымай бейнеленген. Аяуы жоқ өткінші уақыт адамды нендей халге түсірмейді десеңізші! Айтқыш, тапқыш ақын зар-замандық сарында туған толғауларында дүниенің беталысына аландайды. «Замана халі» шығармасы құбылған тіршілік аясындағы азғындан бара жатқан адам, кетіскен ағайындылар, діннен безу, өтірік пен өсек, қайырсыз бай, ибасы жоқ жас, харамға үйір көптің күйін салмағы ауыр, түйіні тастай ой қауіппен айттып шығады.

Тілге шебер ақын аумалы-төкпелі заманның жайын «Күн орнынан ауысып кеткендей» сүмдыққа балаған. Қашаған кез келген жағдайға орай өлең шығарып тастауға шебер, айтқыш ақын. Адам мінезінің осал тұстарын «көтөре алмайтындаї».

Қашаған Күржіманұлы айттып өлеңде де үздік, жүйрік. Нұрыммен айттысы дін жұмбагына құрылған. Осында ақынның

айтқыштығы, тапқыштығы және жарқырай түседі. Нұрымның қызың сауалдарына кисынды жауап беріледі. Ара-арасында Қашаған ағаға еркелеп, тақырыптан бұра тартып ой қыстырып, сөз қыстырып отырған. Жарасымды наз, еркелік сезіледі. Нұрымның «Дүниенің басы неден жаралған?» деген сауалына ә дегенде «Сол дүниені жаратып жатқанда қасында тұрган мен емес» деп бір түйреп етіп барып, жауабын айтуга ойысады. Танымдық мәні өз алдына, бұл айттыс тапқыштық, тапқырлық мәнінде аса көркем айттыс.

Қашағаның Ізбаспен айттысында ақынның сексеннен асқан шакта да сөзден қалмаған ширактығы көрінеді. Суретпен сойлейді, батырып-батырып айтады. Осында Қашаған жеке бас өкпеден гөрі жалпы жасы кішінің ұлженген құрметті жоғалып кетпесін деп аланда үтйндай.

«Буыны босаған» қарттықтың құпия құбылыстары бұрын соңғыда жоқ бейнелеу тәсілдерімен шебер сипатталады.

Мен мұхит жасатқан тереңмін,
Шамишырақ жсанған тубінде.

Қашаған дүние-болмыстың бұлжымас зандарынан бұрыс кетіп опа таппасынды сәт сайын көлденең тартады.

Шөже деген бір торғай,
Ұясында жасатқанда.
Көкті тіреп жасатам деп
Аяғын жасатар көсліп.
Қырги құсқа жолықса
Торт болініп төс емі
Қанаты қалар кесіліп.

Қашаған құбылысына қарай тауып, тауысып, түгендер айтуда шебер. Ақынның өзіндік қолтаңбасы қанық туындыларының қатарын оның дастан-жырлары толықтыра түседі.

«Адай тегі», «Атамекен», «Топан» атты аңыз-хикая, өткен тарих, шынайы оқиға арқау болған дастандары өмір шындығымен суарылған нақтылығымен, дәстүр оздырған жаңашылдығымен мәнді. «Адай тегі» аңыз-хикаясы Байұлының шежіресін тарқатып айтумен басталады.

Дастан байырғы эпикалық жыр-толғаулар үлгісінде үдете айтылады.

*Үйиқтап көзі ілінсе
Байдың қызы Қанбибі.
Шашыраган бір нәрсесе,
Тұла бойга білінді
Төмен қарай жүргірді
Күрсагына кідірді...*

Ақын дін тарихындағы ғайыптан жаралу сюжетін тірек еткен.

Үзбей, үдете айту дәстүрінде туған оқигалы дастанда шежіреші Әспембет дүниенің мысалынан көп әңгіме айтады, айдаладан тауып алған нәресте өзіне бала болсын дейді. Қыздың жүкті болуы,баланы айдалаға қалдырып кету, жер көре шыққан қыз экесінің әлгі баланы тауып алу жайы шебер қиуластырылып, еліте баяндалған. Дін, иман жайынан сауатты, ізгілік мұраттар, Алланың құдіреті, мұсылманның парызы туралы Қашаған ақынның көкейіндегі қүйлер өлең ерісіне жайылғанда өзгеше бір көркем түйін, суреттеулермен көрініп отырган.

«Атамекен» дастанында да ақын тілі шебер, тапқыш. Қыстырып құлпыртып, құбылтып жеткізуің төсөлген жүйрігі.

*Бөкей мен Жәңгір хан болған,
Халықтың басы даң болған.*

Ақын туындыларының бір сипаты – батырлық, жаугершілік дәуірлер сарынын жеткізу. Елдік, ерлік мұраттарды қозғау. Қашаған үш киян туралы, қайырыс з болған қоныс туралы Мұрат Мөңкеұлының «Үш киян» толғауында айтылған жайларға үндес сөйлейді. Мұрат «Жеті жұрт кеткен жер» дейді. Қашаған да «Талай ел болған жер екен» деген.

Қашаған образ ашуға, сыртқы қалыпты суреттеуге, ішкі жан күйзелісін жеткізуге шебер. Ақын көп шығарманы ауызша сұрыпсалма үлгіде айтқандығына қарамастан, оның шығармалары мінсіз жазба туындыдай қабылданады.

«Қарасай-Қази» жырында Қарасай Тандап тапқан тұлпардың түлеп сала берген тұстағы сырт қалып өресін жылқы малын танитын

жан сезіне кояр сәтті детальмен бейнелеп, ешкім таптаған, айтпаған баршаға аян сәтті дәлме-діл жеткізеді, жарқ еткізіп көзге көрсетеді.

Жылқы малының асқақ түркы, шекесінен қарайтын сұлу сәні туралы Қашаған ақындық нұрмен, тілмен айтқан. Түйдек-түйдек, кесек-кесек, батыл-батыл айтып отыру мақамы Махамбет дәстүрін тірілтеді.

Қашаған – айтқаны айыз қандыратын сужорға жүйрік. Үздік ой, оралымдар шебері. Шалқар дарын.

Қашаған тілінің қабаттарында ана тілінің кайталанбас ерекшеліктері мол ұшырасып отырады. Сөз қолданыста ауызша шешендей «ауызыздықпен алысып», дүние айшықтары жалт-жұлт нұрмен куантады, төпеп, төгіп-төгіп айту дағдысы таңырқатады.

«Топан» дастанындағы құтырған құрт туралы баян иланымды. Ақын азғындаған адам, ас та тек ысырапшылдық, бұзылған ниет дүниені бүлдірді, телегей теңіздің ашуға басып, жағалаудағы елді жазалауы жүрттың бұзылған пейілі, бұзық ниетіне орай болмай коймайтын опат еді дейді.

«Қарасай-Қази» дастаны – Қашағанның белгілі желіге құрылғанына қарамастан даусыз төл туындысы. Қашаған – жыршылық өнердің де майталманы. «Қарасай-Қази» жырының нұсқаларының бір-екі үлгісін салыстыра қарағанда Қашағандай жырлаған ешкім болмағаны көрінеді.

І.Жансұгіров «Қашаған – жүйрік жырау, елдің тілі» десе, біліп айтқан. Қашаған жүйрік шүғыл құбылыштарға жедел үн қосып отырады. Қашаған тілге шебер. Таптаған теңеуді табады. Түспалмен жүрек жаулайды.

Поэзия тілінің шексіз мүмкіндігін ақын емін-еркін пайдалана алған. «Қыргауылдай қызыл нар» деген тіркестің өзі-ак Қашағаның жан байқамаған құпияларға, көріністерге сергектігін көрсетеді. Сезімталдығын жеткізеді. Қазтуған тілінде Махамбет толғауларамын құрылымдық, үлгілік, оралым, атаулар мол.

Қашаған образ ашып отырады. Қарасайдың анасы, Орак батырдың бір көзі соқыр, бір қолы кемтарт, таңдал тапқан жары – дана. Баласына тұлпар алуға малың жетпесе мені де кос дейді. Балаларын батырлыққа қайрап, баурап, жорыққа жібереді. Осы әйел бейнесі – әлем әдебиетіндегі баламасы жоқ бейне.

Шығармада ұлттық мінез шынайы сипатталған. Ер Қосай 90 жасқа келсе де, жорықтан үмітін үзбейді. Бұл – дәстүр. Актамберді,

эрде Қазтуғандардан жалғасқан үрдіс. «Әлі жаудан ойым бар», – деп қасарысады қарт Қосай.

Образ ойнатып, суретпен сөйлеуде алдына жан салмаған жүйріктің бірі – Қашаған.

Атылған оқтың дәл осылайша суреттелуі қазақтың жауынгерлік поэзиясы семсердегі өткір тілмен өрілген дәл осылайша образben, ойнатып суреттеуді Қашаған жырында ұшыратады.

Садағын қолға алады,

Толықсын тұрган қалмақты

Толғай тартып қалады.

Баланың атқан қол оғы

Аспаннан түскен жасындаи

Саулап өтіп барады.

Қашаған – ел ортасында болған, сол ортасында қуаныш, мұнын бөлісіп ғұмыр кешкен халық ақыны. Оның поэзиясы өмір күбылыстарын әр кырынан қамтиды.

Ақын жалпы сөйлем ғибрат айтудан ғөрі тіршіліктің нақты сәтіне орай ойды суретпен толғап, бейнелі баяндаймен әсерін күштейте жеткізіп отырады. Осылайша дәстүрлі толғау үлгілерін бояуы қанық өмір суреттеріне қарай бұрып, өлең сөзде өзіндік тың ағыстар ашады. Ел ішінде көрген, түйгендерін дер шағында өленте қосып отыру машығы, дүние күбылыстарын реалистік шеберлікпен нақтылаپ көрсету шеберлігі Қашаған ақынның поэзиясындағы дара қолтанбасын айқындайды.

К. Күржіманұлының «Тойбастар» атты терме-толғауы казақ әдебиетінің дәстүрлі бір арнасы – тойбастар жырлар үлгісінде ұзатылып бара жатқан қызыға қаратып айтылған жыр.

Ақын той, оның өмірдегі мәні, ерлі-зайыпты өмірге бастау болатын неке қио салты, оның аргы тарихы, туған үйден ұзатылып кетіп бара жатқан қыздың ризашылықпен аттануы туралы ой толғаған. Жат жүртта бакытты бол деп бата береді.

Қашаған адамның ғұмыр жас кезендерінің сан қылы қалпы көрініс тапқан қазақ әдебиетіндегі ежелгі, дәстүрлі желіде де жыр-толғаулар шығарған. Ақын азғындаған адам, бұзылған заман райына алаңдайды. Айтқыш, тапқыш ақын әдебиет тарихындағы зарзамандық сарындар желісіне «Замана халі» өлеңінде түйінді

тоқтамдар қосқан. Бұзылған заман райын «Күн орнынан ауысқан» сүмдүкқа балайды.

Қашағанның шоктығы биік туындысының бірі – «Топан» дастаны.

Каспий теңізіндегі орасан апат жайын ақын адам ниетінің бұзылуы, байлыққа құнығу, бармын деп мардымдау, т.б. ізгілік, кісілік қалыпқа керегар құбылыстардың зардабы деп біледі. Топан – тасқынның басы теңіз жайлаған елдің кешегі қымбат, жақсы күндерін баяндаپ басталады.

Ерлері бар еді егескен,

Дүшіпана мен шекескен.

Абыроы асқардай

Не жақсымен теңескен.

Шығармадағы құтырған құрт туралы аныз желісін ақын соншалықты дәлелді, иланымды ашады. Опattyң түп себебі осы құртта. Жаманшылықтың тез жайылу құбылысын ақын тұспалдан жеткізеді. Құтырған құрт – елдікке келген індет.

Қашаған – биік адамгершілік ұстанымдар ақыны. Оның шығармаларына елдік, ерлік, дәстүр, өр рух, адамшылық қасиеттер арқау болды.

Қашаған – дәстүр дамытып, байытқан, өлең сөзде жаңа өрістер ашқан, дарын қуаты жойқын сирек дарындардың бірі. І.Жансүгіров айтқандай, жыр жүйрігі, елдің тілі.

Қашағанның әдеби мұрасын жинал, баспаға шығарып зерттеуде Е.Ысмайилов, Х.Сүйіншөлиев, К.Сыдықов, т.б. ғалымдар ақынның әдебиет тарихындағы айтулы орнын көркемдік негізде, дерекнамалық мәнде айқындай түсті. Қашаған ақынның көркемдік әлемі тұрғысында әлде де жүйелі зерттеулерді қажет етіп отырған құбылыстар аз емес.

XIX ФАСЫРДАҒЫ АЙМАҚТЫҚ ӘДЕБИ МЕКТЕП ДӘСТУРИ

Қазақ жерінің Оңтүстік, Батыс, Орталық аймактарындағы әкімшілік-білік жүйесінің ел әдебиетіне тигізген ықпалы айқын. Сол негізде аймактардағы әдеби дамудың өзіндік дара бағыттары айқындала түсті. Аймақтық әдеби мектеп түпнегіз бастауラры арғы дәуірлерде калған шығармашылық дәстүр аясында дамыған, бір кезеңнің саяси ахуалынан ғана туып қалыптаспайтын, даму үрдісі дара; уақыттың ұзақ көшінің жемісі.

Әдеби мектеп орындаушылық, жыршылық дәстүрмен бірге өлең жасаудағы әдіс-тәсілдің байырғы негіздерін қамтиды.

Абыл, Нұрым, Мұрын, Махамбет, Мурат, Қашаған, т.б. сияқты сөз сандактарының негізінен ерлік, жорық жырларын жырлауы әріден, Ноғайлы дәуірінен, онан арғы жаугершілік дәуірлерден сақталыш жеткен сарын. Қазақстанның оңтүстіктегі әдеби мектебі мен Арқадағы сөз дәстүрінде өсiet, өнеге сөз, нақыл-терме үлгісі ілгері озған. XIX фасырдағы Оңтүстіктің, Сыр бойының шайырлық мектебінде араб әдебиеті әсері, ортағасырлық түрік әдебиетінің дәстүрі көрініс тапса, Арқа мен Шығыс өнірлер әдебиетінде қожалар, татарлар арқылы тараған мұсылмандық әлемнің ықпалымен бірге орыс, батыс әдебиетінің ізі айқын. Жетісу елінде Оңтүстік пен Арқа әсері де бар.

Қазақ даласының бір аймағында ерлік, жауынгерлік поэзия дәстүрі үзілмеген үлгіде жаңғыра жасаса, келесі бір аймақта ғашықтық көніл-күй жырлары басым болды. Енді бір аймақта шығыстық жазба дәстүр, көп мазмұнды дүние толғаулары еріс жайды.

XVIII фасыр аяғындағы азаттық ансан сөйлеген Жанкісі жырау сезіндегі Қоқан езгісіне қарсылық сарыны қазақ әдебиетінде Мәделі, Майлышқожа, Сүйінбай, Жамбыл толғауларымен жалғасты.

1821 жылы, 1851-1853, 1858 жылдары Жетісуда, Әулиата, Түркістанда етken Қоқан езгісіне қарсы ұлт-азаттық қозғалыстардың ел әдебиетінде айқын таңбасы қалды. Мекемтас Мырзахметов орыс отаршылығы, Қоқан езгісінің ел әдебиетіне тигізген ықпалын былайша саралап көрсетеді: “Міне осы тұрғыдан келіп, XIX фасыр басында ғұмыр кешкен ақын-жыраулар поэзиясындағы басты да өзекті сарын – халықтың отаршылдық

құрығынан шығуға талпынған бұлқынысы үш аймақта бөлініп ыдыраған қазақ елінің үш аймағында үш түрлі жағдайда қалыптасты. Ондағы саяси-әлеуметтік, рухани тіршіліктең ерекшеліктер сол өлкеден шыққан қазақ әдебиетінің айтулы өкілдері Махамбет, Дулат, Сүйінбай шығармаларында өзінің қайталанбас шындық қалпын тауып жатты. Бұл әсіресе, осы ақындар туындыларында пайда болған жанрлық, стильдік, тақырыптық сипаттарды тандау ерекшеліктерінде айрықша белгі беріп отырады”.

Галым К.Алпысбаев: “Ақыл үйрету, өсiet айтудан алшактау кеткен Махамбет поэзиясы, жалпы қазақ өлеңіндегі жаңа арна, жаңа құбылыс”, – дейді Махамбет өлеңі жайлы. Сол өзгешелік Батыстағы әдеби мектептің де өзгешелігі деуге негіз бар. Арғы жыраулық мектеп өкілдері Қазтуған, Шалқиіз, Доспамбет, Жиembet поэзиясы мен Есет, Абыл, Махамбет, Қашаған, т.б. күн астында, Еділ мен Жайық арасында жортқан батырлықтың дәстүріндегі арынды ақындардың барлығында бар ерекшелік.

Қазақ әдебиеті тарихындағы белгілі бір аймақтың әдеби мұрасын түбебейлі зерттеген тындырымды ғалым Қабиболла Сыдиковты әдеби орта дәстүрлін алғаш ажыратада қарастырган зерттеуінің бірі деуге толық негіз бар.

“Ақын, жыраулар мен әнші, жыршылар дәстүрі белгілі бір әдеби ортада қалыптасып, дамиды. Қазақ жерінің әр аймағында да көрнекті ақын, жыраулар бастаған дәстүрлі әдеби орта болған. Жетісу аймағындағы Сүйінбай бастаған импровизатор ақындар тобы; Семей алқабындағы Абай әнегесімен өрбіген жазба әдебиет дәстүрі; Арқадағы Біржан, Ақан, Балуан Шолақ, т.б. арқылы танылатын әншілік салт; Сыр бойының прогресшіл Шығыс үлгісіндегі ақындар ортасы; Қазақстанның батыс өлкесіндегі Асан, Сыныралардан тараған ақындық, жыраулық, жыршылдық дәстүр – бұлардың бәрі – телегей теніздей халық әдебиетіне құятын арналы әдеби бастаулар. Октябрьге дейінгі дәуірдегі мұндай дәстүрлі әдеби орта тек қазақта ғана емес, орыс, қырғыз, өзбек, қарақалпақ, т.б. елдерде де болған. Әдеби орта, оның жалпыхалықтық әдебиеттің дамуына қосқан үлесі, өзіндік ерекшеліктерін тексеру – әдебиеттану гылымындағы маңызды мәселелердің бірі”.

Ақындық орта, дәстүр жайын зерттеуіші Қабиболла Сыдиковтың қыры-сырын мейлінше қамтып отырып ашу жүйесі

негізділігімен назар аударады. “Сөз жок, Қазақстанның батыс аймағында өткен ақын, жыраулардың ішінде Абыл мен Махамбет, Шернияз бер Ақтан, Нұрым мен Сүтір (Мырзалызы), Қашаған мен Жасқілең, Нұрпейіс пен Мұрын, Үғылман мен Арапбайдың ақындық, жыраулық, жыршылдық талантты өзгелерге үлгі болған. Нұрым мен Ақтан, Қашаған мен Мұрынның желілі жырлар толғау өнегесі; Махамбет пен Абыл, Шернияз бер Үғылманның бұқара мұңын жырлап, хан, сұлтанға өткір сөздерімен оқ атып, жалын шашқан ереуілді, жауынгерлік жырларының үлгісі бұл аймакта аты шыккан Жасқілең мен Бала Ораз, Жібек пен Бөлек қызы сияқты ақындардың қай-қайсысына да айқын өнеге болады.

Әрідегі жыраулар, Абыл мен Нұрым, Ақтан мен Қашаған, Нұрпейіс пен Мұрын сияқты үлкен таланттар “Қырық батыр” сынды желілі жырларды тудырса, сондай-ақ мұндай көлемді шығармалар ұзақ жыраулаға төсөлген жүйрік жырауларды шығарған.

“Қырық батырды” жырлаған ақындардан байқалатын сыр – олардың өздері де ерлік жырлар рухымен дастандар толғаған. Мұны Махамбет пен Абыл, Нұрым мен Ақтан, Қашаған мен Үғылман, Нұрпейіс пен Сәттіғұл творчествосынан айқын көреміз. Бұл жайлардың бәрі Қазақстанның батыс аймағында Жиен, Сыпыра, олардың мурагерлері Махамбет, Абылдардан бастап күні бүгінге дейін желісі үзілмей келе жатқан ақындық, жыраулық, жыршылық дәстүр бар екендігін көрсетеді”.

К.Сыдықов Атырау ақын-жыраулар шығармашылығындағы ерекшеліктердің аргы бастауларын, әсіресе ауыз әдебиеті дәстүрін үстану сипатындағы айқын даралықты нақтылы шығармашылық үлгілерді салыстыра отырып таратып, түйіндейді.

“Ақын-жыраулардың ерекше дамытқан өлеңдік формасының бірі – толғау. Толғау тек қошемет, мақтау жыры ғана болып қойған жоқ, ақын, жыраулардың заман, өмір туралы философиялық тебіреністерін, белгілі дәрежеде өз көңіл-күйлерінің тебіренісін де танытады. Толғауды белгілі сюжеттік тіні бар лирикалық поэзияға жатқызған жән, о баста қазақ лирикасы салт өлеңдерінде өрбіп, толғау жырларға, одан лиро-эпосқа сіңген. Ақын, жырау қуаныш, күйінішін, ой-арманынан, кекті сезімі мен көңіл шаттығын – қатқабат сезім, танымдарын, дәуір тынысын толғауда да еркін білдіре алады.

Демек, ақын, жырау толғау жанрында лирик ретінде танылумен қатар, эпик ретінде де бой көрсетеді. Біз бұл жайды Махамбет, Абыл, Арапбай творчествосынан айқын анғарамыз”.

М.Жолдасбеков Жамбылдың ақындық айналасы, ақындық ортасы жайлы бұл ортаның Жамбылдан дарыған дара сипаттарын айқындауда әдеби мектеп мәселесінің негіздерін толықтыра түсер, жеке шығармашылық тұлғаның машық, мәнер, үлгі-өнегесінің нақтылы орнын атап көрсетеді.

“Жамбылдың ақындығы жайындағы әнгімені оның өзі нәр алған екі арнадан – ақындық және шешендік орта мен дәстүрден бөліп қарауға болмайды. Сонда Жамбылдың үлгі тұтқан, өнеге алған мектебі бір ғана Сүйімбай емес, өзіміз жақсы білетін өзге де бірқатар ақындар болып шығады.

Олардың қайсыбірі жөнінде Жәкен:

*Мениң пірім – Сүйімбай
Сөз сойлемен сиынбай,
немесе,*

*Майқот ақын, Құлмамбет,
Орын берді қасынан
Майлықожа, Құлғыншақ
Пірім еді бас ұрган
Айтқандары нұсқа еді,
Жаралған сөзі асылдан, –*

деп, өз жүргегінің асыл сырын актарған...

Мәселе, Жамбыл жырларының ойнақы өткірлігі, айтысқыштығы – Үмбетәліге; оқиғалы ұзақ дастан, жыр шығарғыштығы – Өтеп пен Саяділге; әншілігі, Отанды, партияны, халықты тұтастыра жырлайтын қасиеті Кененге дарыған.

*Өлеңге Жамбыл жсүйрік, әнге – Кенен,
Су жорға Үмбетәлі – қара дөнен, –*

дегенде И.Жансүгіров осы қасиеттерді баса айтқан ғой...”.

Күнгейлік ақындық мектептің қалыптасып, дамуының белгілі бір кезеңі Қоқан хандығы билігіне қараған тұсымен байланысты болды.

Әсепхан Оспанұлы “құнгейлік ақындық мектеп” дегенді қолдана отырып, негізгі белгілерін, жазу мөнерін айқындаі түсер байламдар жасайды.

Ә.Оспанұлы Қ.Кемелұлының шығармашылығын негізгі-негізгі үш қыры бар деп саралаған. Бастысы – пәлсапалық, ойшылдық пайымдаулар. Келесі арна – өткір әзіл-оспақ, әжұа-мысқыл, сын-сықаққа құрылған әлеуметтік өлең. Үшінші – айтыскерлік шеберлік. Оған қоса, ақынның дастаншылдығын да атап, мұны өнерпаздықтын төртінші қыры деп бағалаған.

Құлыншактың арнау өлеңдері адамшылық қасиет неде, не жақсы, не жаман дегенді арқау етеді. Саятты, өмірден көрген-түйгені мол сез ұстасы айнала жүрттын азғындықтан арашалап қалар ғибрат айтады. Пиғылдың бұзық жандардың кесепатынан шошынып сөйлейді.

“Дүйсенбі датқаға” арнауда датқаның өшпендейлікке, ызаға толы, беймаза, кара бұлттай түнеген ауыр бейнесін шебер кескіндейді.

Әлсізді аз ғана күн амалдайық,
Жақсылық бұл пейілінен таба алмайсың.
Жеріне ерегіскең қап-қара бол,
Бұлттай жсауатұғын табандайсың.

Елді қанап, әділетсіздіктің теңізін белуардан кешіп жүргендерге Құлыншак абы, аямай сөйлейді. Содан өзінің зардан шеккені де аз болмаса керек.

Тізесі Дүйсенбінің маган өтті,
Қайсыңды мендей қуып еңіретті? – дейді ақын.

Құлыншак өлеңдерінде қазақ жыраулар поэзиясының дәстүрлі ерекшеліктері айқын көрінеді. Ақынның не жақсы, не жаманды термелуеі, адамның ғұмыр жас өткелдерін тіршілік түйіндерімен астарлауы, тіл кестесі, ақын өлеңдеріндегі дәстүрлі қолданыстар, қайталаулар, сез құбылту, сез айшықтау, сез ойнату тәсілдері, ежелгі жыраулық, ақпа-төкпе ақындықтың жемісті желісі. Сонымен бірге, Құлыншак шығармаларынан Шығыс қиссалары мақамымен үйірілген түстарды да, жазба әдебиет ерекшеліктерін де кездестіріп отырамыз.

Ақындық шеберлік, дүниетаным кеңістігін аша түсетін ендігі бір шығармасы – оның “Тәнің де мейман жаныңа” толғауы. Адамның

өткінші өмірі, тән мен жан жайы арқау болған шығармандың көлемі ұзақ, жуз елу жолдан астам. Ақынның сез тандау, сез құбылту шеберлігі осы бір түнінде да молынан көрініс тапқан. Құлыншак бұл өлеңде де имандылық, ізгілік, адамшылық жөндерін алға тартады. Опасыз жалған дүниенің тиянак-тұғыры, баянды мен баянсыз жайлы кең толғанады. Өмір есігі қуанышпен ашылып, адам астана жүрттын марқайтып, дүниеге келеді. Ата-ана, айнала ел мәре-сәре. Жарық пәннеге талпынған сезін олардың әрқайсысының өлшеусіз өз орны бар. Өкінші сол, күн жеткенде олардың бәрінін дүниеден өтү хақ. Терме, сол қимас жандар, олардың арасындағы айрықша адамшылық, туыскандық, махабbat, жақындық “өлмestей болса ше?” деген көңіл аңсауынан туған.

Қазақ әдебиеті тарихындағы аймақтық әдеби мектептің туындауы орыс отаршылдығы дәүірінен әлдеқайда әріден бастау алатын құрделі шығармашылық құбылтыспен астасқан. Сонымен бірге зар заман дәүіріндегі әкімшілік, территориялық аймақтандыру саясатының да әдеби «ізі» қалғаны даусыз.

Қазақтың белгілі әдебиетанушысы ғалым Ш.Елеуkenov “Ер Тарғын” эпосы жайлы байламында қазақ әдебиеті тарихындағы жырышылық мектеп өкіліне қөбірек телініп келген Марабай ақынды дара ақындық мектептің ірі тұлғалары санатында танытады.

Зерттеушінің “Ер Тарғын”, оның қазақ әдебиеті, ауыз әдебиеті мен жазба әдебиет мәселеіне қатысы жайлы айтқаны мен шығармандың ішінен алып таныту тәлімі мейлінше иландырады.

Ғалым “Ер Тарғынды” Марабай ақынның эпостық жыры деп көрсетеді. Тұңғыш таза қазақ тілінде басылған кітап есебіндегі тарихи құндылығын атап айтады.

Марабай ақынның өмірдерегін бере отырып, оның айттыстары, “Қобыланды” жыры туралы мәліметін “Бұл түнінділардың поэтикалық зор қуатына қарағанда Марабай өз замандастары Дулат, Шортанбай секілді ірі талант иелерімен иყқасатын ақын”, – деп, Марабайдың әдебиет тарихындағы орнын айқындаумен түйеді.

Автор “Ер Тарғынды” поэма деп атайды. Шығармандың жаңа шылдық сипаттарын, әрі оның көзге оттай басылатын айқындығын көрсетеді. “Эпостық дәстүр сюжеттік танғажайып оқиғалар (дию-жын-сайтан әлегі, соғыс тауқыметтері, қара күштердің зымиян әрекеттерінің салдарынан ұзақ уақыт бір-біріне қосыла алмай сағынып зарығу) арқылы шиеленістірсе, Марабай

акын “Ер Тарғын” поэмасында зұлматтықтың психологиялық-естетикалық, құлықтылық астарына көбірек үніледі...”.

Ғалым Ер Тарғын бейнесін ашудағы акын шеберлігін образ психологиясындағы, өмірлік шындықпен суарылған тіршілік әрекеттеріндегі поэма шарттарын шалып жатқан тәсілдермен көрсете келіп, “Ер Тарғының” қазақ руханиятындағы тарихи орны жайлы байlam жасайды. Сол кезеңдің өзінде сан мәрте қайта-қайта басылым көріп, бұқаралық сипат алған шығарманың ұлт тарихындағы құндылығы даусыз екендігін кен пішімді, келісті пікірмен бекітеді.

“Ер Тарғын” поэмасын ұлken бастама деудегі себеп – сол кездің өзінде шет тілдерді араластырмай-ақ таза ана тілімізде мазмұны, ой-парасаты, көркемдік кестесі жағынан кай халық шығармасынан кем түспейтін сөз жиһазын тудыруға болатындығына көз жеткізгендіктен. Бұл поэмалың фолькор мен көркем әдебиет жанрларын араластыра өрген ерекшелігі назар аудартады. Әсіресе баяндау, шалқыма шешендік тәрізді фольклорлық сипаттарға жазба әдебиеттің айшықты, кестелі киім, ішінara сұлу суреттері қосылып жырға ерекше көрік беріп тұр.

Қазақ тілі түбінде Марабай және оның замандастары Дулат, Шортанбай, Мұрат, Абай ақындардың арқасында нағыз көркем тілге көтерілді.

Типтендіру құралдарының бәрімен дерлік жарақтанған ана тіліміз “Ер Тарғын” жазылған сол XIX ғасырда-ақ, өзге тілге араластырылмай-ақ, баспа кітапта жазылуға тиісті не парасатты ойдың, көркем сездің не асылдарын ілгерілетуге толық қабілетті еді.

Демек, қазақ баспа кітабы бірінші кезеңінде маңызы алғаш қазақ баспа кітаптарын дүниеге келтіруінде ғана емес. Өз ана тілімізде баспа әлемімен сорап салуында”.

Қ.Жұмалиев “Ер Тарғынды” Марабай шығарған демегенімен, Ильминский бастырған Марабай вариантының түпнұсқа екенін жоққа шығармаған.

Қ.Жұмалиев жырдың шыққан дәүірі жайлы “ел арасына көп тарап, атадан-балаға мұра ретінде сақталға келіп...” деген ой үшкіншін таставиды.

“Ер Тарғын” құрылышы (композициясы) жағынан ең қызықты, ең көркем поэмалың бірі. Қай эпизод, қай көріністі алсақ та, мейлінше

шебер құрылғандығы аңғарылады. Ерлікті болсын, сұлулықты болсын, көңіл күйлерін болсын терең толғап, асқақтата, мейірінді қандыра жырлайды. Суреттеген өмір құбылысна тікілей қатысы жок жайттарды әдей тастап кетудің арқасында поэма оқигасы әзі жинақы, әрі қызықты болып шыққан. “Ер Тарғын” поэмасының негізінде бір-ақ варианты ғана болуы (кара сөзben айттылатын Радловтың вариантын қоспағанда) болуының өзі сол сюжеттің тартымдылығы, оқига құрылышының шеберлігі, тілінің көркемдігімен байланысты тәрізді. Шығарма негұрлым көркем болса, солғұрлым есте берік сақтаулы және кез-келген акын, жыршылар сол тақырып, сол сюжеттің өзінше жырлаған, екінші вариант жасауға ұмтыла бермейді. Өйткені, мазмұны, сұлулығы жағынан мойыны озық жатқан бұрынғы өз нұсқасымен деңгел түсуге өрсі жетпейтінін аңғаратын сыйылды”.

Мұнда жырдың кітап болып шығуы өзіндік орын алған. Жазба, тасқа басылып шыққандықтан да өзгеріске түсеген.

Қазак қоғамында толтума мәдениет, әдебиет өрістерінің өзіндік заңдылықтары ұstemдік етті. Шығыс, Батыстан келгенді сініріп, толтума опердің бойына қорытып, сұрыптаған, кайта туғызуда да халық үлкен акындық дарынның танытты.

Аймақтық әдеби мектептің дәстүрлі өзгешеліктерін айқындауда бірнеше межеге жүргіну қажет. Шығармашылықтағы басты сарындар мен негізгі оқиғалық желілер; олардың лексикалық құрам, баяндау тәсілдері, жасалу әдістері – яғни сөз колданыс, өлеңдік құрылым, өлшем; өлеңдік тұр, жанрлық құрам; т.б. ауқымындағы айқын, тұракты дәстүршілдік.

XIX ғасырдағы қазақ әдебиетінің көркемдік дамуында ірі уш аймақтық әдеби мектептің дәстүрлі өрісі болды. Аймақтық әдеби мектеп – қазақ әдебиетінің тарихын түзудің ғылыми негізdemесінде ілгеріде арнағы қарастырылмағанымен (кейінгі кезеңде бұл мәселе қозғалысқа түсті – Қ.М.), шығармашылық мұраны зерттеуде сұрыпталып, саралана түсіп, айқындалып, жинақтала келе әдеби мектеп дәстүрі есебінде танылған фактор.

Қазақ әдебиеті тарихындағы ерлік, елдік рухтағы екпінді жауынгерлік жырдың көркемдік құндылығы, бұл жырлардың дәстүрлі әдебиет үшінің есебінде өзгешелігі жайлы қазақ өлеңінің түрін, тілін, стилін, құрылымын зерттеген еңбектердің барлығында да аймақтық ерекшелігімен аталып отырады.

Ежелгі толғау жанрының табиғатынан да аймақтық әдеби мектептің дара сипат, өзгешелігін ажыратып, тануға болады.

“... ә) Ал қазақ поэзиясында XV ғасырдағы “Сыпира жырау толғау”, “Токтамыс сөзі”, XVI ғасырдағы “Орақ-Мамай жыры”, “Ер Тарғын” жырындағы кейбір үзіктер әрі Махамбеттің (XIX ғ.) біраз өлеңдері – азаматтық-ерлік, ерлік-жауынгерлік мазмұнда тұған, өзара ете жақын стиљдік-тілдік жүйеге ие сөз үлгілері. Бұлар езінің лексикасы әрі синтаксисі, өлең құрылымы жағынан дидактикалық мазмұндағы шешенелдік толғаулардан бөлек үлгідегі туындылар”.

М. Әуезов, Қ.Жұмалиев, Ж.Тілепов, Қ.Сыдыков, т.б. зерттеушілер енбектерінде бұл сипат Батыс әдеби мектебіндегі басты сарынның бірі, сөз үлгісі, өлең үлгісі жөнінен аталаған отырады.

Аймақтық әдеби мектеп дәстүрлерін арнайы зерттеу әдебиет тарихында қай кезеңде тұғаны ел жадынан өшіп, көмескіленіп, ұмытылған үлгілердің дәуірін айқындағы тұсуге де септігін тигізді.

Күнгейлік ақындық мектептің айтулы өкілдерінің бірі – **Құлыншақ** **Кемелұлының** шығармашылық мұрасы қазақ әдебиетінің тарихында өзіндік орны бар, елеулі мұра.

Ғасырға жуық Қоқан билігінде болып, XIX ғасырдың алпысыншы жылдарынан былай қарай Ресей отарына айналған Оңтүстік Қазақстан екі жақты қысымның зардабын шекті. Билік, әкімшілік жүйедегі аласапыран өзгерістер, елдің материалдық тұрмыс күйіне, рухани болмысына ауыр зардаптарын тигізді. Құлыншақ – елдің жоғын жоқташ, мұңын мұндаған қайраткер ақын.

Ә.Оспанұлы Ресей патшалығының үстемдігі тұсындағы халықтың тіршілік-тынысын танытатын сыншыл, шынышыл шығармаларымен ерекшеленген айтулы ақынның бірі ақылман, сықақшыл, айтыскер ақын Құлыншақ дейді.

Құлыншақтың заман жайын ашына сөйлеген әлеуметтік толғаулары, дүние-жаратылыс сырларын көлденең тартқан, адамгершілік жайын қозғаған өлеңдері, айтыс өлеңдері мен дәстүрлі жыршылық өнерді дамытудағы өнерпаздың мұрасы елеулі көркемдік әлем түзді.

Құлыншақ – даңқы көпке жеткен әйгілі қиссашы, жыршы, термеші, айтыс ақыны.

Құлыншақ табан асты сөз тапқыш, қарсыласына мін тапқыш, мін таққыш, тілінің өткірі бар, сезінің әжуа, ащысы басым ақын екен.

*Мениң атым Құлыншақ,
Ал сөйлеп көр тіл мен жақ
Даусым байғұс шығып бақ,
Саулы інгендей ыңқылдан,
Қызыл тілім сөйлеп бақ,
Асыл біздей жылтылдан
Домбырам байғұс сен сойле.
Екі шегің тыңқылдан
Он саусағым қимылда,
Жорға тайдай бұлтылдан, –*

деп, ақындық өнер тудыру үстіндегі суретін жасайды.

Дүние толғаныстарында өнеге, насхат айтады. Опасыз жалғаннан табар тиянақ-тұғырды қөрсетеді.

Өз уақытының әлеуметтік мәселелері Құлыншақтың көптеген арнауладарына арқау болады. “Көкбайға”, “Дүйсенбі датқаға”, “Оңдыбайға”, т.б. шығармаларында дүниеконыз сарапты, кісі ақысын жеу, т.б. адамшылыққа жат пігілдар айыпталады.

Құлыншақ – даңқы қазақ еліне кең жайылған ақын. Бала кезінен экесі Кемел Шөже ақыннан бата әкел деп жіберген екен. Содан былайғы ғұмыр ел танып, жер танып, өнерпаздық ұрығын шашумен өткен.

Сұлтанбек жырау бір өлеңінде Құлыншақ туралы былай дейді:

*Әкесі Шөже ақыннан бата әкел деп,
Уи тогызы дүниемен жібереді.
Шөжениң ақ батасын алып қайтты
Адамзат дуаменен көгереді.*

*Келген соң киіндіріп ат мінгізіп
Баланы еркіменен қоя берді.
Күнде той, күнде жиын, күнде өлең ғып
Күңгірейіп жіберді жүрген жерді.*

Сұлтанбек жыраудың деректеріне қарағанда, Құлыншақ қазақтың көп өлкесін аралап, талай тарландарамен кездесіп, сез қағысқан, өнер үйреніп, өнеге көрген. Ақындық дәстүрге бой ұрған.

Құлыншақтың ақындық шеберлігін аша түскен туындысының бірі – “Қызық батырмен тілдесуі” өлеңі. Мұндай шығарма үлгісі Арқада Жанакта, Батыста Шерниязда кездесетін, ел арасына кең тараған үлгі. Өлең – әуелде батырдан сескенген Құлыншактың оны мадақтаумен басталады да, Қызық батырдың оған риза болып, енді өзін мінеуін етінгеннен кейінгі батырды әшкерлей сөйлеуімен жалғаскан қызылықты шығарма. Өлеңде байласа басы косылмайтын керегар суреттер бір Қызық батырдың бойына сыйып жатқандай.

*Жақсыга тартып туып едің,
Жақсының туганнан-ақ қуып едің.*

*Даңқыңды Алатаудай естіген соң,
Көргөз дидарыңды келіп едім...*

Сол аспандата, асыра мадақталған Қызық батырды Құлыншақ енді бірде келістіріп келемеж етеді.

Құлыншақ – айшықты сөзбен ой ашқан шебер ақын. Ақын анасына арналған жоқтауында қадірі асқан ана жаңын аялайды.

*Тал бесігін таянған,
Түнде тұрып оянған.
Тар құрсағын кеңейткен,
Тас емшекті жібіткен.
Өлеңдеміп әндепткен,
Айналаны сәнді еткен,
Уақыты жетіп демі біткен,
Айналайын ақ шешем.*

Құлыншақ өмірді “дүние – ол бір көлдің қасқалдағы” дей отырып, аспандағы сәулелі жұлдызға, көлден ұшқан аккуға, қалықтаған сұңқарға, кеменің баспалдағына, т.б. теңеиді. Сол – сұлу, аспандаған өмірдің, алыш ұшқан өмірдің аяғы – келмеске қадам басу, өмірге құштар жүректің бос кеуде бол жансыз қалғаны.

“Дүниеде не ғаріп” толғауында ақын жыраулық поэзияның дүние шарттарын түгендеген, түйіндеген дәстүрлі арнасын толтыра туследі.

Тіршілік тәлімі – Құлыншақ өлеңдеріндегі негізгі сарынның бірі. Құлыншақ айтыстарынан кейінгі жеткені, зерттеушілердің айтуынша – Майлұқожа ақынмен айттысы.

Екі жүйрік бірін-бірі айтыстың дәстүрлі салтымен көтеріп те сойлейді, мінеп-синап, түйреп тастап та отырады.

Ғалым Ә.Оспанұлы айтыстың кезінде діни бояуы қалып деп, ғылыми айналымнан шығарылып тасталғандығын айтады.

Айтыста Құлыншақ сез кисынан женіліс тапқан.

Құлыншактың “Ішпеймін қымызынды шелдесем де”, “Орта жүзде бар дейді”, “Алпыс бір жанның айттысы”, “Сен едін, Рыскұлбек, бұлғақтаған”, “Мазақ қылма, Көлбайым”, “Ит сатқаның ауылы атанарсың” өлеңдері әжұа-мысқылға құрылған әлеуметтік астары терең шығармалар.

“Әңгімесін естісең...” сықақ өлеңінде ақын сезі елді үйріп, үйытып әкететін, соған орай жүрт әулие санап жүрген жалған бейне-бейкүнә болғансымағымен күнәға белден батқан алдамашы дін қызметшісін әшкерлейді.

“Алпыс бір жанның айласы” да өмір өткендері, адамшылық парыз, ата мен бала арасындағы тағдыр ісі жайлы толғайды. Құлыншақ ақын әкесі Кемел қайтыс болғанда шығарған дейді. Өмірдің өкігіне оранған аза жыры.

*Токсанга жасасы келгеніне,
Ажсалы жетіп өлгеніне
Мойнында еді ботасы,*

деп, ақын әке алдында перзенттік парызын өтей алмай келгеніне налитын сияқты.

“Дүние – ол бір көлдің қасқалдағы” термесі адамның ғұмыры жас кезеңдерін қамтыған. Қазақ поэзиясындағы ежелгі, дәстүрлі желі. Ақын балалық, балиғат, егделік кезең, сексен, жүз деген жастардың қыры мен сырын сипаттайды.

Тіршілік тасқыны адам баласын алаңсыз сәбіліктен арпағыс өмір іірімдеріне лактырады.

Жарық дүниенің ыстық-суығы, опасыз жалғаның тиянақтығыры, бейнет пен зейнет, жалын жастық пен қараңғы көрілік астасқан өлеңге ақын адам баласына койыны сұық кара жерге енгенше жақсылықтан жазба деген уағыз айтады:

*Біреуге “берем” дегін, “алам” деме,
Біреудің адап нанын алып жесем...*

Аймақтық мектеп өзгеше бір оқшаулану, аралас-құраласы болмagan үрдіс емес. Белгілібір тарихи кезендердің ықпалымен қалыптасқан дәстүрлі дара сипаттар болғанымен, қазақ сөз өнерінің басты жаратылыс шарттары, заңдылыктары, ұлттық поэтиканың арғы дәстүрлі негіздері барлық аймақтық әдеби мектептерге тұтас жайылған құбылыс.

Қазақ әдебиеті тарихындағы аймақтық әдеби мектептің туып-дамуының түп-төркіні орыс отаршылдығы дәуірінен әлдеқайда әріден бастау алады.

Сонымен бірге зар заман дәуіріндегі әкімшілік, территориялық аймақтандыру саясатының да әдеби ізі қалды.

Шернияз Жарылғасұлы. «Арыс» баспасы шығарған Атырау ақын-жазушылары кітапханасының «Казына» атты қөптомдығының үшінші кітабы Ш.Жарылғасұлының (1807-1867) шығармаларына арналды. 2001 жылы жарық қөрген жинаққа Ш.Жарылғасұлының толғау, терме, арнау өлеңдері, Табын қызыбен айтысы енген.

Ш.Жарылғасұлының өткір де өктем үні қалған бұл шығармалар – қазақ әдебиеті тарихында елеулі орны бар рухани мұра. Шернияз шығармашылығы ертеректе С.Мұқановтың «Қазақтың XVIII-XIX ғасырлардағы әдебиет тарихының очерктері» (1942), Қ.Жұмалиевтің «Қазақ эпосы мен әдебиет тарихының мәселелері» (1958), беріде жоғары мектепке арналған Х.Сүйіншәлиевтің «XIX ғасыр әдебиеті» (1997) окулығында ақынның әдеби мұрасы жайлы арнайы жазылған монографиялық тарауларда қамтылып, айттылды. Кейінде, Шернияз жайлы соны мәліметтер Б.Аманшин зерттеулерінде басылды.

«Шернияз өз кезінде де, өзі өлгеннен кейін де халыққа аты көп жайылған, даңқты ақынның бірі. Оның сөздері халыққа ерте күннен мәлім...

Халыққа көп тарағандығы жағынан Шернияз қазақтың қай ақыннымен де таласа алады».

«Шернияздың Баймагамбет сұлтанға арнауы» дейтін өлеңінің қазақ ішінде ертеден белгілі болып, кең тарағанын бұл туындының Апыш ақын нұсқасы, Омарбек, Мәшһүр-Жұсіп нұсқалары анық көрсетеді.

Шернияз шығармаларының зерттелуі өз нәтижелерімен күнды бола тұра, шерниятану жалғасын таба беретіні даусыз. Шернияз өлеңдерінің тіл қолданыс ерекшелігі, жанрлық сипаты, жалпы Шернияз ақынның өлең құрылымындағы, өлең үлгісіндегі өзіндік шеберлік тәсілдері әлде де арнайы, қазақ поэзиясының Шернияз дәуіріндегі көркемдік дамуы аясында зерттеуді күтеді.

Шернияз өлеңдерінде ойнатып сөйлеу, өзгенің аузына түспеген, өзі ғана тауып айткан сөз образдардын мол келетіндігі – Шернияз шығармашылығының елеулі бір ерекшелігі.

«Байшеркеш болыска айтқаны» арнау өлеңінде ақын өзіне «Сөйле» деген жұртына өзінің сол уақыттардағы ауыр күйін былайша жеткізеді:

— Уа, аламан, аламан!
Айт десең ойлан аламын.
Мен шеңжіре тұган жсуýрікпін,
Қай базардан қаламын.
Сендер сойле деген соң,
Лулыңда қиқу саламын.
Қос өкпемнен оқ тиді,
Ішім толған қара қан.
Ішімдегі дертімді,
Қорғайын деп барамын.

«Қос өкпемнен оқ тиді, Ішім толған қара қан». Ақын басындағы «сырты бүтін, іші дерт» бұл касірет, біздіңше, Шернияздың жеке бас емес, ел күйінің күйігінен өртөнген қайғысы. Ішкі сарайын ашып сөйлеген ақын тағы да сол заманың көтеріліс женілгеннен кейінгі ауыр күндері таңба салған елдің мұнды бақытсыздығына мензейді.

Алдында тұрған, агалар,
Осы сөзді айтайын.
Іштегі жасатқан сарайды,
Бұрынғыдай жсақсы жоқ,
Бүгіндегі пенденің
Көкірегі қарайған.
Өлі айырылып өлдін,
Тірі айырылып тіріден...

Бұл арнауда ақын жаны өз елінің жақсы мен жайсанын жоқтап, дүние жалған, адамға бір өлімнің қақтығы жайлы толғанысын жеткізумен бірге, заманың опасыз халі, жүрт билейтін жақсының жолы жойылып, қазақтың күні гаріп болған баянсыз уакыттың бақытсыздығы жатыр.

Шернияз өлеңдерінде әлеумет жайының ұдайы алға ұсталып айтылуы, айтылғанда да ақиқаттың алмас қылышымен тіліп түскендей өткір, айын айтылуы – ақын поэзиясының мейлінше дара өзгешелігі, аскан бұқарашылдығы.

Ел басына екіталай күн туғанда алыс-жакын демей, нашардың қамын жеген, әулиенің соңы болған арғы үлкендер енді жоқ, былайғы күн – басқа. «Көрмегенін көрген соң, Аруананың баласы үйірін жоқтап боздаған» күн. Бұл күйді айтқанда ақын тілі «ақ киіктей суырылып» сөйлейді. «Басы бүтін күнінде қазақ кім еді, енді қайда барады» деген, қай дәүірде де халқының қамын жеген ұлдары ұдайы толғаган көлденен сауалдың қақпасын Шернияз ақындығы да жан дауылышың жойын тасқынмен соғады.

Басын бәйгеге тігіп сөйлеген ақынның «Байшершек болысқа айтқаны» арнау өлеңі – қазақ әдебиеті тарихындағы қасқайшынға қарсы сейлемеген дәстүрлі сарында айтылған, оның үстіне Шернияз өмір сүрген дәуірдің азы ақиқаты айқын, нақты түскен үздік туынды.

Ақын тұнғының заманың айықпас ауруын, түндей қара қайғысын жеке бас бақытсыздығы мәнінде жеткізуде астарлау мен астастырудын, алмастыру мен шенdestірудің қайталанбас шебер үлгісін жасайды.

Шернияз ақын өлең сөзде дәстүрлі көркемдік тәсілдерге ұдайы жүгініп отырады, толғау жырдың дүние шарттарына түгендерген, түрақты қолданыстармен айшықталған, жеті-сегіз буынды жыр үлгісінде, қанатты тіркестермен әдіптелген сипаттары ақын туындыларында айқын. Бұл сипат – XIX ғасыр ақиқатын жеткізуде өлеңнің дәстүрлі үлгілерінен оқ бойы озық кеткен жаңашыл сипаттары да даусыз ақын шығармашылығының тағы бір өзіндік ерекшелігі. Оның «Толға десен, толғайын» толғау өлеңі – дәстүрлі жыр мақамында, дыбыс қуалау, сөз қайталуа, дүние-жаратылыс құбылыстарына тоқтам айту, баға беру, үйқас үлгілерінің жасалу тәсілдерімен туған шығарма.

Бұл толғаудағы жыраулар поэзиясындағы түйдек-түйдегімен ауысып, алмасып жүретін көшпелі толғамдар, нақыл сөз үлгілерінің желісін үзіп кіріп отыратын нақтылы шақтың мәселе қойылымы, айқын өмір құбылыстары да қатар өріліп келетін оралымдар тағы да ақын поэзиясының дәстүрге дәуір әкелген жаңа бағыттарының бастауында туған өзіндік сипаттарын танытады.

Айдан жарық нәрсе жоқ,
Тунде бар да, күндіз жоқ.
Күннен жарық нәрсе жоқ,
Күндіз бар да, түнде жоқ...

Толғау тілінде сөз айшыктаудың дәстүрлі үлгілері өзіндік тапқыр оралымдармен өрістей түседі.

Арқадан соққан ақ боран
Малдың есін кетірер
Құбыладан соққан қызыл жесел
Қардың есін кетірер.
Аламаны коп болса
Ханиниң есін кетірер.
Жалғыздық пен жаяулық
Ердің есін кетірер.
Алқалы дуга түскенде
Сонда шерім шешілер.
Жалғыздық түсін басына,
Кедейлік келіп қасына
Қор болып отыр есіл ер!

Шернияз поэзиясының тіл қолданыс ерекшелігі – ақынның дара поэтикалық қуатын айқын танытатын бір сипат. Қазақ поэзиясында ел мен ер қорғаны болар қанатты тұлпарлардың қайталанбас ғажап теңеу, тапқыр алмастырулармен жеткізілген желдей есken жүйрік образы, санқилы суреті бар. Ал дәл Шернияз ақындағыдай аттың сыны – дара, өзіндік.

Ел шетіне жау келсе,
Көк берідей ер керек.

*Ер астына мінетін
Бәйгі бермес сұр керек.
Ұзақшыл тарлан, тар мықын,
Қысқа мойын сүркөжек.*

Шернияз өлеңдеріндегі және бір өзіндік сипат – ақынның дүние-жаратылыс жайына, мұсылмандылықтың жолына қарата айтылған толғау, толғамдары. Ақынның діни танымы жалпының каражаяу сауатынан теренге тартқан білімпаздығымен белек көрінген.

*Ай, жігіттер, жігіттер,
Жердің жүзін қарасаң,
Мұнша неге кең болған?
Жеті мүше денеміз
Бір-біріне тең болған.
Торт аяқты айуандар
Неге адамнан кем болған?
Жарық үшін күн болған
Тыным үшін түн болған.
Тамашалап қарасаң,
Ай мен жұлдызы, күн мен түн,
Орман-тогай, от пен су,
Таң-тамаша кім қылған?
Күрт-құмырсқа, үшқан құс
Бұл да басқа түр болған.*

Шәңгерей ақындығындағы тағы бір өзіндік қыр – бұл сол кезең поэзиясында дағдыға ене қоймаган өлеңді оқиғаға құру әдісі. Немесе оқиғадан өрбіген өлең. Оның «Исатай мен Науша батыр туралы» өлеңі нактылы ұрыс сәтін, Исатай қасына барып соққан бір жағдайды образды ой түйінімен жеткізген.

Екі ердің, Беріш ұранды Исатай мен Сұлтанайын ұранды Наушаның ерекісі, екі бөлінуі ақыры жақсылыққа соқпады дейді ақын. Қол екі бөлініп, жау жасагы жағаны жыртты. Ырсалы мен Қалдыбай «екі батыр тең өлді». Мұнан соң қол бұзылды. Бассауға қашуға көшті. Онан соң... Онан соң артық тұған Исатай батыр мерт болды...

*Қолы қашып кеткен соң
Бұрынғыдан болмады.*

Белдігіне оқ тиіп,

Ат үстінен қозгалды.

Қайратты тұған арыстан

Тарқамай кетті арманы.

Сол уақытта арыстаным

Қырықтан асқан жасында,

Қайдақы борік басында,

Ақбалдақ белдік белінде.

Аргы атасы Агатай,

Бергі атасын сұрасаң,

Есдәулет пен Шагатай.

Өзінің атын сұрасаң,

Батыр тұған Исатай.

Исатайдан соң жер сілкініп қозғалып, Әли арыстандай, жалғыз көзді батыр Науша ашқан аузына ат-тонымен сыйғандай алғып Науша жаудың зәресін ұшырып атқа қонған...

Осы бір шағын өлеңде ұрыстың жанталас, арпалыс жаратылысы, қас-қағым қысқа қаза сәті, батырлардың сырт тұлаға суреті мен мінезд-болмысы бар.

Аз сөзге сыйған ауыр күннің оқиғасы бар.

«Шернияздың Баймагамбет сұлтанға айтқаны» арнау өлеңі қазақ әдебиеті тарихындағы қараның ханға қасқайып қарал сейлеу дәстүріндегі тұған өлең. Бұл өлеңде Шернияздың тілі тағы да бір көркемдік алымды, оттай өртеген өткір мазақ, аңы мысқыл өрімінде жұтынып түсken белек жаратылысымен танылады.

Ар жақта Арынгазы дүбірлген,

Баеке, елің бар ма бүлдірмеген.

Тәре кетіп төбеде төбет қалған,...

... Сіз – сұңқар, қара қарға – қалың қазақ,

Болып түр өл-өлгение сіздің жемің.

«Исатайды айт» дегенде акын:

Исатай ділмэр еді топтан озган,

Nар еді бәйтерекке бойын созған... –

деп, Исатайдың халық қеудесіндегі аяулы бейнесін, артық туған асыл жаратылысын ел сағынышын ұластыра сөйлемеді.

Ер тұмас ел багына Исатайдай,

Мінезі толқушы еді туган айдай...

«Шортанбай жырларынан біз «Зар заман» кезінде әлеумет басына түскен трагедияның картинасын көрсө, Шернияз жырларынан жеке адамның әсіресе халық ақынының басындағы трагедияның картинасын көреміз», – дейді Сәбит Мұқанов.

Шернияз поэзиясындағы жалпы сөйлеуден гөрі жан күйін, көңілдің сырын қозғап кетіп отыратын лирикалық іірімдер – ақынның өз дәуіріндегі Махамбет поэзиясына бой созған тағы бір сипаты. Өзгеше айту, өзінше жазу тәсіліне бағыт ұстаған шығармашылық беті.

Шернияздың «Баймағамбет сұлтанға айтқаны» арнау өлеңін тарихи, көркемдік, көпнұсқалық, ауызша әдебиет дәстүрі негізінде заманалық ауқымда алып отыр түйдек-түйдек ой тастаған С.Мұқановтың мына бір түйіні Шернияз ақындығының табиғатын ендігі кезекте де барша көркемдік құндылығымен тануды тоқтатпай, жалғастыруға тартады. С.Мұқановтың осы бір тамаша тоқтамына Шернияз ақындығының қайталанбас, қуатты сипаты тұтас түскен сияқты.

«Поэмада окушыны сүйсіндіретін өзгешелік саяси бағытының айқындығы, көркемдік бояуының ашықтығы, сұгулығы. Поэманды оқып отырып, Шернияздың бөгетсіз ақындығына, бұлақтай тасыған пікірін тамаша тапқырлықпен, аса көркем сөзбен беруіне мейірің қана сүйсінесін».

Ш.Жарылғасұлы – әдебиет тарихында әлеуметтік бағыттың қалыптасып, дамуына елеулі көркемдік ықпалымен қосылған, қайталанбас шығармашылық тұлға.

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ XIX ФАСЫРДАҒЫ АУЫЗШАДАН ЖАЗБАШАҒА ОЙЫСУ НЫШАНДАРЫ

XIX ғасыр ішінде байырғы әдеби үрдіс ауызшадан жазбашаға өту дәуірін бастаң кешті (М.Әуезов).

Жазып шығару, ендігі ел тарихы, ел тұрмысы қазақ өлеңіне түр жөнінен де, мазмұндық та өзгеріс әкелді. К.Өмірәлиев бұл өзгерістің басына Д.Бабатайұлын қояды. “Дулат қаламды колға алып, сөзді жазып шығарды, өлең сөздегі формашылдық дәуірді бастады”.

Бұл тұстағынан Дулаттан ілгерідегі суырып салып айтып алып, соңан соң ҳатқа түсірді, шәкірттері ешкеп редакциялады дегенді айтты, Шортанбай, Нысанбайларды сол топқа жатқызады.

“Дулат өлендеріне тән өлшем-өрнектердің қайсыбірі кісіні өте көне дәуірге жетелесе, ал енді бір парасы Абай өлендеріне, өлшем-өрнектеріне әкеледі”.

Қ.Жұмалиев Дулат өлеңіндегі бір ерекшелікке назар аудару қажеттігін айтқан еді: “Бір шумак өлеңде үш жолы шұбыртпалы, екі жолы егіз үйқас болып келетін өлендерді біз тек қана Дулаттан кездестіреміз. Бұл ол кездегі ақындардың басқаларында жоқ. Жалпы қазақ өлең құрылышының дамуын зерттеуде бұған тоқталмай кетуге болмайды”.

Қ.Өмірәлиев М.Қашқаридың “Сөздігіндегі” өлең-жыр үлгісін көлтіріп, Дулаттың XI ғасырдағы түрік поэзиясының ауызша, жазбаша үлгілеріндегі *aaab – әәәә – вввв...* – үйқасы 7-8 буынды өлеңді қайталайтының көрсететіп, қазақтың ауызша поэзиясы бұл үлгіні өте ертеде салттан шығарды дейді.

Ғалымның бір үлгідегі өлең-жырды ауызша, жазбаша деп бөлудегі шек не деп мәселе қоюы қазақ өлеңін тұтас қарастырудың орны өз алдына, XIX ғасырдағы өлең сөздің өзгеріс-өлшемін байыптауда, әсіресе жаңа жазба әдебиет үлгісіндегі өлеңнің ішін ашуда үнемі ескеріліп отыратын елеулі шарт болса керек.

Құлмат Өмірәлиев айтулы теоретик Зәки Ахметовтің тұжырымын көлтіре отырып, ол үлгілерді Абайдан ізdegеніне орайластыра отырып, ғалымның жыр өлшемімен жазылған жанрлық сипаты өзгеше лирикалық өлеңдер дегенді тану мәселеін қозғайды.

Өлеңді үйқасты жолдардың сипатына қарай жіктеу (буын санының бірдейлігіне қарамай – Қ.М.) – ауызша өлең мен жазбаша

өленнің, жыр мен порымы бірдей көрінгенмен, жаратылысы белек лириканың ақыратудағы теориялық меже түріндегі өлеңтанду тәсілі. Осы аса мәнді теориялық тұжырымды өлең сөздің жаратылысын тануда біліп, ескеріп отыру үрдіске айнала коймаған сияқты.

Мұны XIX ғасырдағы әдебиет үлгілерінің даусыз, басы ашық авторсыз фольклор үлгілері өз алдына, басқа нұсқалардың ауызша әдебиет пен жазбашаға катысын болжауда теориялық бір меже есебінде ескеріп отыру жөн көрінеді.

Және бір меже – М.Әуезовтің жазбаша әдебиет қоғамның рухани қалпында белгілі бір бет, бағыт, сарын пайда болған уақытта туды деген кисының шығарманың негізгі сарын, желілері арқылы (*өлең үлгісі, құрылымы емес – К.М.*) қарастырып, ақыратып отыруды ұстанған дұрыс сияқты.

Дулат осы тұрғыдан келгенде жыр өлшемімен жазылса да “жыр” деп аталмайтын жанрлық сипаты өзгеше лирикалық өлеңді жасаған ақын” (К.Өмірәлиев).

К.Өмірәлиев Дулат өлеңді ері айтЫП, ері жазып шыгарған дейді. Ол – Дулат пен Абайдың бірнеше өлеңінің жасалу тәсілі, айтулу сарыны, тіпті көзқарас жөнінен өте жақын келетінін алғаш атап көрсеткен ғалым.

Дулаттың “өзгеше лирикалық” өлеңі ауызша әдебиет үлгісіндегі үйқас үшін, ойға баспалдак үшін көмек етер жанама жол, жанама сөзден таза.

Абайдың “Болыс болдым, мінеки”, Дулаттың “Сөзім бар да көзім жогы”. “Ел жақсысының” сипатын Дулат та, Абай да көбіне бір көзben көріп, бір жүрекпен сезіп сипаттайты.

К.Өмірәлиевтің ауызша мен жазба әдебиет мәселелерін қарастырганда А.Байтұрсынов, М.Әуезов, т.б. ғалымдардың пікірлерімен иықтас тұрған мәселелі, мәйекті түйін жасап отырады.

К.Өмірәлиев әдебиет күйін (XIX ғ. орта тұсындағы) жанрлық жактан қарастыруында сол әдебиетті тұғызуышылар құрамын, олардың даралық сипатын айырып, ақыратып топтайты.

Мәселен: “Сөйтіп, XIX ғасырдың орта тұсындағы қазақ поэзиясы, ері оның шығарушылары жайлы мынаны айтуға болар еді: біріншіден, (астын сызған біз – К.М.) би ақындар болды, олар байырғы дәстүрмен, үлгімен тақпақ сөздер, макалды сөздер жасады; екінші, сарай ақындары болды, олар мақтау жырлар жаратты;

үшінші, айтыс ақындары болды, олар мақтау өлеңдер мен айтыс өлеңдерді шығарды; төртінші, шығыс әдебиетіндегі ғашықтар жайлы сюжеттерді (әрі қиссаларды) қайта жаңғыртып жазатын кәсіпқой ақындар болды, олар жыр, өлең үлгісіндегі ғашықтық дастандарды туғызды; бесінші, дін ислам өкілдері жайлы шығармалардан сюжет алғып, өлең үлгісінде қисса жазатын молда ақындар болды; алтыншы, ері айттыска түсетін, әрі ауызша да, жазба түрде де толғау жыр шығаратын ақындардың жана тобы көрінді”.

Заманалық өзгерістер тұғызған жана мазмун өлеңге жаңа түр әкелетіндегі жайлы әдебиеттанды ғылымиында айтудай-ақ айтЫЛДЫ. Мәселен, Махамбет ақынның көтеріліс тіліндегі жырлары.

Жалпы, дұрысы, сол әдебиет жасаған дәүүрге аса жақын, ері сол үлгілердің бірталайы әлі де қалпы бұзылмай сақталып отырған кезде оларды теориялық сарапқа салған Ахмет Байтұрсыновтың кисындарын XIX ғасыр әдебиетінің көркемдік жүйесін сарапалауда негізгі тұғыр етіп алған жөн. Орыс әдебиеттанды ғылыми арқылы мәжбурлеп қабыстырыған көп теорияға казақ әдебиетінің жаратылысы келе бермейтін, бүйректен-сирақ шығып тұргандай тұстарды қисындаң, қиқымдал келістірген уақыттарымыз болғаны рас. Бұл әсіресе фольклортандуда, қазақтың XIX ғасырдағы әдебиетін тануда байқалып отырды.

Әдеби мұраның өзіндік, ұлттық сипатын тануда А.Байтұрсынулы “Әдебиет танытқышының” орны өлшеусіз.

А.Байтұрсынулы XIX ғасырдағы ауыз әдебиет үлгілерін, ауызша әдебиетті, жазу әдебиетті арнайы, солай атаулап (*XIX ғасыр әдебиеті деп – К.М.*) бөліп отырмағанымен, тұра сол жәдігерлерді қарастырганы даусыз, айқын тұстар, тұжырымдар бар.

А.Байтұрсынулы – XIX ғасырдағы тарихи жырлардың табиғатын алғаш барша айрым белгісімен таныған, ері оған нақтылы қысқа-нұсқа теориялық негіздеме жасаған зерттеуші.

“3. Әуезе жыры. Қазақтың ерте заманда ерлік қылған адамдарының ерлігін, батырлығын жыр қылыш шығарған сөздер ертек жыр деп аталатыны жоғарыда арнайы әдебиет туралы сөз болғанда айттылып еді. Нәк сондай болмаганмен, соган ұксас сөздер ділмар әдебиетте де болады. Ұлт өмірінде болған, ұлт тарихына жазылған, яки халық аузында әуезе болып айттылып жүрген уақыфанды алып, яки уақығада халықтың еткен қайратын, азаматтың көрсеткен өнерін, жігерін, ерлігін, намысқорлығын, яки адамшылығын әдемі

түрде эсерлі сезбен жыр қылыш шығару бар. Сыпайы әдебиеттің сол сияқты шығармалары **әүезе жыр** деп аталады”.

Толғай түрлеріне тоқталуда А.Байтұрысынұлы қәдімгі лирикаға анықтама беретіні белгілі. Мысалға Абайдың “Адамның кейбір кездері” өлеңін алалы.

Қазақ әдебиетінің қайталаңбас қас ерекшеліктері аз емес. Сол орайда ауыз әдебиеті ұлғілерінің профессионал әдебиетке ойсы, айналу үрдісін тану, табу, ғылыми негізден айқындалап көрсету – әлемдік әдебиеттануда тек казақ әдебиетінің ғана теориялық еншісі болып көрінеді. Сол үрдісті танудың басындағы кәделі орын – Ахмет Байтұрсынулының қазақ әдебиеттануындағы тарихи орны.

Қазақ әдебиетінің тарихындағы фольклор дәстүрі әдебиеттануғының мәдени-әдеби манасындағы орындың маңыздылығын көрсеткіштіктерге үлкен. Мәселенің мәні – оның сарқылмайтын, таусылмайтын көркемдік негіздерден құйылған шығармашылық өзгеше жаратылыс салынында. Осы жөнде Ж.Дәдебаев былай дейді: “Жалпы қазақ жазба әдебиетінің қалыптасуы мен дамуында, жанрлық салалануында фольклордың қызметі мен мәні арнағы зерттеуге лайық үлкен проблема той деп ойлаймыз”.

Құмірәлиевтің XIX ғасырдағы әдебиеттің жанрлық, стильдік жөндерін ғылыми негіздеудегі құнды тұжырымның бірі – өлеңді композициялық құрылышына қарай жіктеу өлеңнің әу баста ауызша я жазбаша туғандығын анықтаудағы жүйелі шешімін таппаған дауылдық сисын екендігін атап көрсетуі.

Галымның казақ поэзиясындағы сурьып салып айтатын өлеңдердің екі түрін айырып көрсетіп, олардың мәнін жыраулық моделі дайын терме өлеңдер мен ол модель жарамсыз арнау өлеңдердің өзгешелігі арқылы ашуы – негізсіз емес.

“Осы “ақтандактың” орнын толтыру үшін біз мүмкіндігінше қазақ халық әдебиеті мазмұнын баяндай отырып, жіктеп-жіліктеп, сондай-ақ үлгілері мен бұлак-көздерін көрсете отырып, барынша сыйымдалған турде онын ықшам очеркін жазып шығуды мақсат

тұтын отырмыз. Біз, әрине, халық әдебиетінің даму тарихын мүлде сөз етпейміз, сол секілді бұл әдебиеттің осылайша жан-жақты дамуына ықпал еткен себептер мен жағдайларға, сырттан болған әсерлер мен қазактарға туыстас халықтардың халық әдебиеттерімен өзара аудыс-түйіс мәселелеріне де тоқталмаймыз. Біз халық әдебиетінің қазіргі европаландыған қазақ көркем әдебиетінің пайда болуы мен дамуындағы рөліне (орнына) және осы жаңа әдебиеттің жекелеген өкілдеріне онын ықпалын талдамаймыз”.

ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРЫҰЛЫНЫҢ «МҰСЫЛМАНШЫЛЫҚТЫҢ ТҮТҚАСЫ ЕҢБЕГІ

І. Алтынсарыұлның “Шариат-ул ислам” (“Мұсылманшылықтың түтқасы”) еңбекі 1884 жылы Қазан қаласында араб қарпімен басылып шықты. 1894 жылы Орынборда орыс таңбасымен жарық көрді. Еңбек сол замандағы патша ұқіметі тарарапынан жүргізіліп отырған дін саясатына орай шықты. Ұзак жылдар бойы бұл еңбектің негізгі мәні соншалықты ашылып айтылған жок, арнайы қарастырылып сез болған жок. Бұл еңбек қазақ әдебиеттану ғылымында өзіндік өріс тапқан іргелі ыбырайтанду ғылымының “актаңдағы” болып қалып отырды.

Аталған еңбек “Құран” негіздерін ұғындыру мақсатында, мектептерде оқытылатын дін сабағының қазақтарға анағұрлым ұғынықты оку құралы есебінде жазылды.

Бұл еңбектің жазылуындағы көп мақсаттың бірі – тіл тазалығын сактауда болды.

Ыбырай Алтынсарыұлы ислам дінінің негізі ұстанымдарын қазақ баласына дұрыс тәрбие беруге бағыттады.

“Қазіргі кезде қазақ арасында Мұхамбеттің діни окуы жайылып, етек алыш барады... мүмкін болғанша, біріншіден, қазақ жастарының дін жөніндегі түсініктепері теріс бағытқа түсіп кетпеуі үшін, ал екіншіден, қазақтың жазба тілінде татар тілі орынсыз етек алудына жол бермеу үшін (бұл – қазактарды татарландырудың ең сенімді тәсілдерінің бірі ғой) мен соңғы кезде Мұхамбет шаригатын үйрене бастап осы оку құралын құрастыруға кірістім”.

М.Әуезов 1927 жылы жарық көрген “Әдебиет тарихы” оқулығында Ыбырай Алтынсарыұлын “жұз жылдық дәүірge” созылған зар заман әдебиетінің дін мен мәдениет иісі шыға бастаған үшінші кезеңіне жатқызады. Зар заман ақындарының ішінде дін сарынын шығарып, дін мейманалығын көп ұсынатын ақын Алтынсарыұлы деп, айрықша бөліп айтады.

Алтынсарыұлы шығармашылығындағы дін жайын жудеген өмірдің діннен тірек іздеуі деп кисынданады. Қазіргі уақытта Ыбырайдың дүниетанымы, оның шығармашылығындағы діннің жайына қатысты мәселелер жаңа бір беталыста таныла бастады.

«Мұсылманшылықтың түтқасын» жарыққа шығаруда Ыбырай орыс миссионерлері тарарапынан талай тоқсауылға тап болды. Ильминский Ресей империясы мектептерінде оқытылатын дін сабактарына окулық есебінде жазылған бұл еңбекті де “Қазақ хрестоматиясы” сияқты орыс қарпімен бастыру керек дейді. Ы.Алтынсарыұлы бұған батыл уәж айтады.

“Бұл арада тағы бір ескертке кетуге қажет нәрсе – мұндай оку құралды, менің басында ойлаганымдай, орыс әрпімен жазу мүмкін емес, ейткені мұндай дін кітабы, шаригат тұрғыларына тольк сай құрастырылғанымен де, сыртқы жағынан қарағанда мұсылманша болмаған соң, қазақ арасында сенімді болмас еді, әр түрлі қолайсыз әңгімелер туғызып еді”.

Ы.Алтынсарыұлның кезінде өзінің жазған түсініктемесі кітаптың мақсатын анық көрсетіп тұр. “...біріншіден, қазақ жастарының дін жөніндегі түсініктепері теріс бағытқа түсіп кетпеуі үшін, ал екіншіден, қазақтың жазба тілінде татар тілі орынсыз етек алудына жол бермеу үшін мен соңғы кезде Мұхамбет шаригатын үйрене бастап... осы оку құралын құрастыруға кірістім”. Бұл жерде “теріс бағыт” деп Ыбырай дінді шала, дүмшелікпен ұғындыруды айттып отыр.

“Ләкин ислам мәнісін білмек әрбір мұсылманның өз басына парыз. Әлгі рәүіште мұсылманшылықтың шартын ел ішінде молдалары біліп, бөтендері білмегенмен, бұл білмегендердің мойнынан парыз түспейді. Парыз тусу түгіл, бұл мұқтаж шарттарды білмеген кісі мұсылман да болмайды. Құдай тағала өзі сактасын, соның үшін бізбен катар татар, түркі уағайри халықтар аят хадистің мұқтаж, керекті бұйрықтарын ез тілінше көшіріп, түсінетін кітаптар шығарып, діннің ғылымын жүргіттерина жайды. Бірақ біздің қазақ тіліндегі әркім түсініп оқып немесе біреу оқыса тыңдаған қара халық түсініп отыратын бір де кітап жок. Сол себептен жалғыз кітап таныған молдалар болмаса көп қара халық өзінің діні не екенін де көміл түсінбейді. Хатта көп адам осы қалыпта кәпір болып та жүрген шығар. Мұны көріп біз, Фақыр Қыпшак руының Ибраһим Балғожа биұғлы, карындас халқымыз қазақ жүртіна пайда келтірмек ниетпен һем қаранды туғандарымызды түсінікті тілменен өзінің дінін түсіндіру үшін бұл кітапты жазуға кірістік”.

Еңбектің жазылуы қазақ қоғамындағы әлеуметтік, рухани сұраныспен байланысты болды.

Еңбектің мазмұны, тілі, жазылу мақсаты Абай шығармаларындағы, әсіресе қара сөздеріндегі дін жайымен, Шәкерімнің “Мұсылманшылықтың шарты” (1911) еңбектерімен сабактас.

Ұбырайдағы, Абайдағы адамды, Алланы сүю парызы, имандылық, мұсылманшылық жайы желілес.

Ұбырай мен Абайдың арасындағы екеуін аса туыстырып жіберетін шығармашылық бөлекше бітім тек олардың бұрынғы әдебиетте болмаған көркемдік үрдіс, үлгілерінде ғана емес, осы дүниетаным, дінтаным, дінге қатыстылық ірімдерінде де өзгеше бүтіндікте көрінеді.

Ұбырайдың дінге қайырылып отыруы мен Абайдағы дін жайында үндестік, үлгінің мол болуы, әрине ең әуелі екеуі де ден қойып отырған исламның негізгі шарт, қағидаларынан туған.

Ұбырайдың “Мұсылманшылықтың тұтқасы” еңбегі мен Абайдың қара сөздеріндегі діннің мәнін ұғындырудагы, ой құрап, сөйлем қураудагы, тіл қолданыстағы қайсыбір ұқастықтар мынадай үлгілерде.

І.Алтынсарыұлының кітабындағы әуелі бап – “Иман тұрасында”. Осы иманның жайына Абай бірнеше қара сөзінде 1, 13, 28, 36, 38 қайырылып отырады. Иманды ұғындырудагы тіл, стиль ұқастығы сөйлемдердің етістік-баяндауыштың растамақ, сенбек, иланбақ, т.б. түрінде көрінеді. Екі ойшылдың да сөйлем сонында керек көмекші етістігін жиі қолданып отырғаны байқалады. Сөйлемнің сонындағы сөздің “деп” болып келуі, “болады еken” деп аяқталуы, “емес” сөзі жиі кездеседі. Қазіргі баяндау тілінде басымырақ қолданылатын етістіктің -ды, -ді, -ты, -ті жүрнақтарымен аяқталған сөйлем сирек кездеседі.

Мәселен, Абайдың 15 қара сөзіндегі әрбір ой түйдегі “болады еken”, “калады еken”, т.б. тіркестермен түйікталып отырады. Мұндай орамның Ұбырайда болмауы қара сөз берін “Мұсылманшылықтың тұтқасы” кітабының жанрлық айырмашылығында болса керек. І.Алтынсарыұлы бірде сұрақ-жауап, бірде еркін баяндау, ғылым тілінен гөрі қарапайым тілмен ұғындыру үлгілерінде келіп отырған. Ұбырай Алтынсарыұлы бастан-аяқ бір формада жазып шықса, Абай әңгімелесе отырып, айтпағын қоздырып, жандандырып, ой шалып сейлейді.

Ал діни негіздерге анықтама беріп тоқталуында Ұбырай да, Абай да бір үлгіде айтады. Ұбырай: “Мәселен, біреу Құдай тағаланың жанбуынан алып келген намаз, руза реуішті бұйрықтарды растамаса немесе растығына көнілі бос болып шек қылса да кәпір болар. Иман пенделерде үш түрлі болар.

Ушінші түрі – иман тақлиди. Бұл иман – өз ақылымен Құдайды танымайынша, ата-бабаларының ұстап келе жатқан жолы ғой деп иман келтіргендердің иманы болар”.

Абай: “Енді бұл иман дерлік илануға екі түрлі нәрсе керек. Әуел не нәрсеге иман келтірссе, соның қақтығына ақылы бірлән дәлел жүргізерлік болып ақылы дәлел испат қыларға жараса, мұны яқини иман десек керек”.

Жалпы, “Шариат үл-исламның” тілі, негізінен, бұрынғы ауыз әдебиеті тілінде кездеспейтін, жазба тіл дәстүрін орнықтыра түскен сез айшықтары, сөйлем оралымдарынан тұрады.

І. Алтынсарыұлы XIX ғасырдың сонына таман қазақ қоғамында мақсаткерлікпен жандана түсіп, дамыған діни ағартушылық ағымның негізгі ұстанымдарын да қалыптастыруға зор ықпалын тигізген, аса ауқымды ағартушылығының бір парасын қазақ арасында исламның негіздерін орнықтуру жөніне арнады. І.Алтынсарыұлы қазақтың жаңа түрпаттағы жаңа жазба әдебиетінің басында болды. С.Сейфуллин өзі құрастырған “Алтынсарыұлы Ұбырайдың өлеңдері” атты жинақтың алғысөзінде: “Және ол қазақ әдебиетін Еуропа жолына, өнер жолына бұрып бастаған ең тұнғыш жаңашыл, суретшіл ақын”, – деп жазды.

АБАЙДЫҢ ПОЭМАЛАРЫ

А.Құнанбайұлы туған халқы ел тарихының тағы да бір киын, қыспақты кезеңінде ауыртпалығы мол дәуірлерінде ғұмыр кешті.

Әкесі Құнанбай балаларын оқыту үшін салдырган Ескі тамдағы мектептен саят ашып, әрі қарай Семей қаласында бірер жыл оқыған, орыс окунының да дәмін татып үлгірген Абай ел шаруасына әке қалауымен ерте араласқан.

Казак әдебиетінің тарихындағы аса ықпалды, орталық тұлға – қазақтың бас ақыны атанған Абайдың әдеби мұраны қазақ әдебиеттануғының бір ғасырдан астам уақыттан бері зерттеліп, зерделеніп келеді. Сол негізде қалыптасып, дамып отырған абайтану ілімі – қазіргі қазақ әдебиеттануының өзекті арналарының бірі.

Абай мұрасы өмірбаяндық деректер, Абай өлеңдерінің сақталу, басылым жайы, жазылу мерзімі, жалпы көлемі, түпнұсқалық, жанрлық, дүниетанымдық, діни арқаулар, қазақтың жаңа жазба әдебиетінің қалыптасуындағы елеулі ықпалы мен қазақ әдеби тілі дамуындағы тарихи мәні, қазақ поэзиясындағы Абай дәстүрі, Абайдың ақындық айналасы, ақын шекірттері, ақындық мектебі, қара сөздердің жайы, Абайдагы өлең түрлері, Абайдың көркем аударма тәжірибесі, т.б. тұрғыда сан-салалы зерттеу бағыттарында зерделеніп келеді.

Абай шығармаларының әр жылдардағы басылымдарында абайдың «Ескендір», «Мазғұт», «Әзім әңгімесі» шығармалары «дастан» деп те, «поэма» деп те аталаған жүр. Бұл тұрғыда абайтанушы ғалымдардың өзіндік ұстанымдары бар.

Әдебиет тарихының жоғары мектепке арналған оқулықтарының авторы, белгілі ғалым Ханғали Сүйіншәлиев Абайдың аталған шығармаларын Абайдың өзіндік түр іздеу жолындағы тосын бір жаңалығы есебінде бағалайды.

«Дүниежүзі әдебиетін көп оқып, оның дастан-поэмаларының сиряна қанған Абай қазақ әдебиетіндегі поэма үлгілері мен қалыптасқан формаларға бейтарап қараған жоқ. Ол қазақтың дағдылы эпостарына, жыр, толғауларап қанағаттанбай, жаңа форма іздейді, романтикалық поэмаларын мектебіне алғаш із таставады. Абай поэмалары өзінің композициялық, сюжеттік кейір

олқылықтарына қарамастан поэма тарихындағы елеулі орны бар, жаңа бетбұрыс болды».

Абай шығармаларының жанрлық сипатын саралауда Т.Әлімқұлов өрісі қысқа өлеңде өлмес дүние жасап кеткен Абай профессионалды поэмага бармағаны өкінішті деген ой айтқан.

«Ескендірдің» мазмұндық желісі әлем әдебиетіндегі үлгілермен үндес. Бұл тұрғыда Низамидің «Ескендір-намасы», нәзира туралы айттылады.

В.Жуковскийдің «Две повести» атты өлеңі, көне дәуір ескерткіші «Талмуд» сюжеті туралы тың пайымдаулар бар (С.Қасқабасов).

Поэмада аргы заман тарихындағы шапқыншылық жорыктар дәуірінің шындығымен астасқан А.Македонскийдің патшалық дәурені жайлы ақыл сарабынан өтіп, Абайлық сабырмен баяндалады. Бұл шығармада Абайдың ар ілімі, адамгершілік ұстанымдар бағытындағы тұғырлы мұраты адамзат тарихының аңы сабактарын құлаққағыс етуімен маңыздала түсken.

Абайдың «Ескендір», «Мазғұт», «Әзім әңгімесі» атты шығаомаларының ортақ бір сипаты бар. бұл – діннің, иманның, мұсылмандықтың жайын мақсатты түрде қозғап, қоздатып отыруы. Абайтану тарихында Абайдың мұсылмандық иланым, ұстанымдары, ислам философиясы мәселесіндегі жүйелі негізdemелері қаншалықты қөзге ұрып түрғандығын «көрмеуге» тиіс болған уақыттарда осы үш шығармадағы діни өзек те бар.

Ескендір патшаның қанды жорықтары, тойымсыз пенделік ұмтылыс-тіршіліктің Алладан табатын тоқтамы шашау шықпас ықшам шеберлікпен жұмыс баяндалады.

Ескендір болмысы бірер ауыз сипаттама арқылы-ақ танылып қалады.

Ер көңілді, мактанның буына масайған, өзгеден өзім ғана артықын деген менмен жастық бітімі иландырады.

Білік пен байлықтың желігі бұзбайтын мықты адам некен-саяқ. Абай болмысты барынша боямасыз баяндалап, суреттеген. Ескендір тұп-тұтас кара адам емес. Ер көңілділігі де бар, сөзге де тоқтай алады, тіршіліктің тылсым құбылыстарының алдында тосылмасқа шарасы да жоқ.

Поэмада орталық тұлға – Филипп патша қайтыс болғанда так мұрагері болған баласы Ескендір. Жиырма бір жастағы жігітке өз

жұрты аз көрініп, көршілерге көз салған. Әскер жиып, ел жаулауға шығып кетеді. Алмаған қамалы, бармаған қаласы қалмағандай. Сонда да көңілін тоқтатып, көзін тойғыза алмайды. Жер жүзін жаулап алсам дейді.

Шығармада жорықтан жорыкка ұласқан ұзак сапарлардың бірінде қалың қол қуарған шөл даладан шыға алмай қалады. Су жоқ. Сары далада сандалған әскер. Ескендір де жер сүзе сүрінген атымен коса жығылып бара жатыш әлдекайда жалтырап жатқан сәулені көзі шалып қалады. Әлгісі бір мәлдір бұлақ екен. Суы сондай тәтті. Ескендір әскери дамылдап, жаңы жайланаң ойға түседі. Бұл не су? Кепкен балыққа кермет дәм дарытқан ғажап бұлақ қайдан ағып келіп жатыр екен? Талқан қылып жанарын жаулап алу керек!

Суды өрлең журе-журе әскер жеткен қорған алтын қақпала. Хан қақпаның тұтқасына жармасқанымен, аша алмайды. Тоқтау көрмей өскен жан Ескендір патшаның қамалдан дәмесі зор, бірақ қақпа күзетшісі саған ашар рұқсат жоқ деп беттен қаққан.

Ескендір де сабасына түсіп халқыма көрсететін бір сый бер деп сүрайды. Қақпадан лақтырған орамалдың ішіндегі сый – ку бас сүйек. Ашуланып лақтырып жібергенімен, ақылшысы Аристотель дана сүйекте бір қасиет барын айтады. Аристотельдің ақылымен сүйек таразыға салынып, бір басына алтын қойып өлшеп көріседі. Ескендір сүйекті аудара алмаған алтынға бар қаруын қоса салып та дәнене өндіре алмады. Сүйекті топырақ қана басқанын көргенде патша да райынан қайтып, ойға түсken еді...

Екпіндеп елден ел коймай есіріп келе жатқан Ескендірдің беті неден қайтқанын Абай өз заманының беталысымен шебер беттестіреді. Абай XIX ғасырдағы отаршыл биліктің бұғауында бұлқынған ұлттың өзін өзі сақтау түсігімен тұтасып жатқан исламдық құндылықтарды мақсарты түрде, тұтас щығыстың діни ағартушылық мұраттарымен сабактастыра зерделейді.

Абайдың Аллаға сенімінің ел тағдырымен, ұлттық бітіммен тұтасып жатқан сипаты-сырлары түрғысында абайтанудағы ой-пайымдар қазіргі кезеңде ілгерілей түсіп отыр.

«Жан бостандығын, жан тазалығын Абай Алладан іздейді және Алланың ақ жолынан табады. Алладан өзгеге рухынды тәуелді етпе дейді. Абай патша ағзамының қазақ халқын шоқындыру туралы жарлығы дайындалып жатқандығын жақсы білген. Дінді өзгерту, Абай үшін рухани құлдыққа, басыбайлылыққа түсу» (Т.Жұртбай).

Жарты әлемді табанға таптаған Ескендірге Құдайға бастайтын қақпа ашылмайды.

Ескендір – көрсекyzарлыққа бой алдырған, інспігі тыйым сала алмаған, мал мен данқ қуып қан шашқан күнәшар тұлға.

Мықтымын дег мақтанды, ақыл білсең,

Мықты болсаң, өзіңнің наңсіңді жесң!

Іші тар, көре алмастың біреуі – сен,

Ондай кісі бұл жерге келмейді тең.

Шығарма шағын қөлемді болғанымен, жалпы адамзаттық мәңгілік сюжетке құрылған. жер бетіндегі сұлу, қымбат өмірдің сәулесіне шамылып, қызық өмір сүрудің сырлары тіршіліктің бір сәттік нұрымен жарқырайды.

Сандалды сар далада су таба алмай,

Шөлдеген жұрт қайтеді бос қамалмай?

Қызметкердің берін де өлтірмекши

Болынты, шөлдегенге шыдай алмай.

Мысалы, астындағы ат о дагы ұшты,

Ескендір де атының жасалын құшты.

Жалтырап сәуле берген бір нәрсеге

Патшаның ат үстінде көзі түсті.

Жалтырап сәуле берген нәрсे – сылдыр қақкан мәлдір бұлақ. Тіршілік. Өмір сусыны.

Шебер Абай осы тұста ғажап бір көріністерді тірілтіп өтеді. Бұлақ сұнының дәмі оқушыға да тандайынан кетпестей тәттілігімен сезіледі. Сендерді. Абайдың өткен тарих, қылыш елдер, жер жаулаған әскер түрғысындағы дәл сипаттар, көрекендікпен бейнелеу бағыттары ақынның кең тынысты туындыларды да тосырқамайтын майталмандығын болжатады.

Жарлық шашты, қол жүрді суды өрлей,

Шаһарына жеткеніше дамыл көрмей.

Көкпенбек темір киген өңкей батыр,

Тарттырып жөнеледі сырнай-керней.

Поэма баяндау, сипаттау, кейіптеу, кейіпкер сөзі, тіл тапқырлығы, құрылым жүйесі тұрғысында негізгі желінің арғы арқаулары болғандығымен Абайдың ақындық бағытындағы баянды бір суреткерлік алымда түзілген.

Абай тілінің құбылысы мол қырларын зерттеуде ақынның сез қолдану, сез жасау тәсілдері жан-жақты қамтылып зерделеніп келеді. «Ескендірдің» тілінде де жалт қаратып кететін қолданыстар аз емес. Ой, ақыл, жүрек, кайрат, т.б. асыл ұғымдарға косарлап қоятын сез табуга келгенде әскер сабындағы синонимдік катар өрітіп шығатын Абай «Ескендір» поэмасының түйініне материал болған «көз» сезіне «жеміт» сезін «жасап» жалғайды. «Жеміт көз жер жүзіне тоймаса да».

Абай әңгіменің соңындағы торт шумақ тоқтамды заманына, заманы бұзған адамына қаратып айтады. Шын жақсының жарығы көрінбей қалмайды, мақтан үшін қайғырма, толмасты толтырам деп итшілеме, бойынан асып лепірме дейді.

«Масғұт» поэмасын Абай барша мұсылман, Пайғамбар үмбетінің үрдісімен Алла атымен бастайды.

*Я, Алла, құрметіңде достың Махмұт,
Тілге жар бер, білінсін тұра мақсұт.*

Арун-Рашид халифа заманында Бағдат шаһарында тұрып жатқан Масғұт атты жігіт бір күні тыска шығады. Жолда ұры тонап, сокқыға жығылып жатқан бір қария шалға араша туследі. Ұры Масғұттың өзіне қылыш жұмсан, жаракаттайды. Шал Масғұттың ісіне разы болып, маған қылған қарызынды Алла өтесін деп бата береді. Жақсылығынды көрдім, ертең шаһарынан шығып кетем, мынадай жерге келе ғер, базарлық беріп кетейін дейді.

*Пұл үшін қызықпассың, сен де бір ер,
Сені маган кез қылған пәрүардігер.
Бір құданың халқы үшін мен тілеймін,
Қабыл қөр, сертім үшін қолыңды бер!*

Жігіт ерте тұрып әлгі жерге барған екен, шал қолынан ұстап бір бұзылған тамға алып барады. Басында ақ, қызыл, сары жеміс есken гүлден таңдаған жемісінді ал дейді қария.

*Ағын жесең, ақылың жансын асар,
Сарыны алсаң, дәүлетің судай тасар.
Егерде қызыл жеміс алып жесең,
Үргашыда жсан қалмас сенен қашар.*

Жігіт ойланған келіп, қызыл жемісті таңдады. Шал ақ пен сарыны неге алмаған себебінді айышы деп сұрайды.

Абай осында ел мінезіндегі құбылыстарды мінеп-сынап сөйлейді. Әлеуметтік лирикасының мызғымас арқауы болған қазак қоғамындағы қүйсіздік, берекесіздік, бәтуасыздық, жатып ішер жалқаулық құбылыстарға қўйіну сарынымен үндес, сабактас ой өрбітеді.

*Ақылды жсан табылмас маган сырлас,
Көріне тентек көп надан мойын бұрмас.*

Сол үшін ақ жемісті жемеймін дейді.

*Сарыны жес, мен болсам байдың өзі,
Аузында тамам жсаның болдың сезі.
Пәленешеден бір нәрсе алсақ-ау деп,
Тігілер жсан біткеннің маган көзі.*

Абайдың қара сөздерінде айтылатын ой бағу, мал бағу, бала бағу әрекеттеріне қатысты тоқтамдарымен үндес пайымдар айтылған.

Әйелді таңдау себебін айтқан жігітке шал разы болады. Бұл шал – Қыдыр.

Абай бұл гибратқа құрылған шығармасында да заманы мен сол заманың адамына іштей наразылық көңілін білдірмей қала алмаған. Надандықтың ел шырқын бұзған құбылыстары, ер жігіттен ес кетіп қатын, қызынан ақыл сұрағанынан шошына түсken ақын елден безіп кету де ойына келетінін бүгін қам алмайды.

*Ендігіге не сұрау бұл заманда?
Ақыл-ой, ар-намыс жсоқ еш адамда.
Өлген мола, туган жер жібермейді,
Әйтпесе тұрмас едім осы маңда.*

Әрі қарай Масғұт халифага уәзір болып қызмет қылу жайы баяндалады. Бірде түсінде баяғы қыдыр шал аян беріп кетеді.

*Ей, балам, пәлен күні жсауын жсауар,
Сол жсауынның сүйнде кесапат бар.
Жеті күн жынды болар сүйн ішкен,
Жеті күн өткеннен соң және оралар.*

Жынды судан ішіп у-ш болған тобыр хан ақылдың тындаған жок. Хан мен уәзір ақылдан адаскан екен, екеуін де өлім жазасына кесейік деп шуылдасады. Шынымен өлтірге айналғанда хан мен уәзір де жынды судан ішіп салады.

«Көп айтса болдының» бір жайын Абай осылай мазмұндаған.

Зерттеушілер «Масғұт» поэмасының окиға желісін И.С. Тургеневтің «Восточная легенда» әңгімесімен, Шығыс фольклорымен салыстырып, сабактастыра қарайды.

М.Әуезов Абайдың бұл аңызды өзінін адамгершілік үтігіне мысал етіп, өзіндік ойларын тарату жөнінде үлкен қадеге жаратқан дейді.

«Сол Масғұттың ақылдан қашуы – Абайдың өз басындағы, өз ортасындағы күйге аса жақын келеді. ол көп айтатын шерлі уайымы бойынша, көп наданның арасындағы бір жалғызың қалін қандай трагедиялық, ауыртпалық хал деп отыр. Масғұтқа Абай сол өз басының аянышты күйін айтқызып отыр».

Абайдың окиға желісінде мұсылмандық дін аңыздарындағы Қыдыр (Қызыр) бейнесін пайдалануына Мұхтар Әуезов көніл бөлген.

Әзім әңгімесі. Бұл шығарма желісі «Мың бір түннен» алынғандығы туралы Абай өзін айтады. Бағдат шаһарында тұратын ағайынды екі жігіт мал таппак болып шет жүрттарға сапар шегіп кетеді. Мұстапа суретшілік өнерімен кәсіп етіп, тұрмысын түзейді. Үйленіп, ұлды болады. Әзім деп ат кояды. Бала жақсы өседі. Медреседе оқиды. Ата өнерін ұстап, әкесі қайтыс болғаннан кейін де тұрмыста кемдік көрмей, мал құралып, елге белгілі адам қатарына қосылған.

Бір күні дүкенде отырған Әзімге торғын тонды, алтын белбеулі бір шал келіп, Әзім құрмет етіп сәлім береді. Аман-саулықтан соң шал Әзімнің не кәсіп жасап жүргенін сұрап біледі.

*Жасымнан жетім едім көңілі сынық,
Өнерім артық емес ондай ұлық.
Еңбекпенен көз сүзбей күн көремін,
Харекетім – суретші, бояушылық.*

Шал бұның өнімсіз кәсіп екен деп, Әзім болса бұған шамданып қалады. Шал басу айтып, түсімді бір кәсіп бар, химия дейтін ғылымды білуші едім, мыстан алтын жасайтын өнерге үйретейін сені дейді.

Бала анасына келіп ақылдастып көреді, анасы екіойлы болып, не болғанда да мыстан алтын жасаса бірталай мал ғой, бірақ сак болып жүр, жәдігей біреу болмасын, байқа жалғызым деп кенес береді.

Әзім уағда бойынша шалмен жолығып, шал мыс бақырды көз алдына алтынға айналдырып берген соң, жігіт анасын көршілердің үйіне жіберіп, қонағын күтуге дайындалады.

Шал шарапқа дәрі қосып Әзімді мас етеді.

*Онысы түн ортасы болған заман,
Сүм екен талай жсанды әуре қылған.
Дәрі қосқан аяқты ішкеннен соң,
Әзім барып жығылды шалқасынан.*

*Сонда шал терезеден бір ысқырды,
Төрт жігіт табыт алған үйге кірді.
Әзімді сол табытқа салды дазы,
Төртеуі көтеріп ап тысқа жүргіді.*

«Әзім әңгімесіндегі» алтын жасайтын шал Әзімді кемемен алып бара жатып өз жайынан айтатын әңгіме – шығарманың өзегі. Абай «Мың бір түннен» осы хикаяны алып, өлеңмен баян етіп берінде мұсылмандылықтын, діни ұстанымның, сонау арғы замандардан үзілмей жалғасып келе жатқан дін жолындағы жаңкешті күрестің жайын жеткізуді көздел отығандай.

Шал Әзімге:

*Көзіңді аш, есіңді жи, енді ойнама,
Мені сен өз діндесім деп ойлама!*

*Мен отқа шоқынамын, дініме кон,
Менде бардың берінен хайп ойлама! –*

дейді.

*Бала айтты: – Дінім ушін жсаным құрбан,
Жаннан қорқып, отыңа мен бас үрман.
Дінім хақ, ісім акын, олсем шайт,
Корқады деп үмітті уз сен антүрган.*

Әзімді шешіндіріп, дуре соғып жатқанда ғажап бір құбылыс байқалады.

*Мұнысын жаратпады, Қадір сұбхан,
Көк бұзылып, жер жаузі болды топан.
Байлаулы бала жайга қала берді,
Кемемен гуре болды көп антүрган.*

Кемені су алыш, отыз құл көз ілмей түні бойы су төгумен болады. Әлгі құлдар шалға мына ісінді құдай қош көрмей тұр, баланы босатып, ризалығын ал деседі. Осыған көнбесен, өзінді суга тастаймыз деп талап қояды. Шал әлгілердің беталысын байқап, баланың қол-аяғын босатады. «Шырағым, мастықпен қылыштың», – деп көлгірсіді.

*Әзім жасас, ақ пейілдеу адам еди,
Ойлады: өтірік болса неге именді.
Мастықпен қылса қылған шыгар-ау деп,
Іс көрмеген жастықпен және сенді.*

*Мастықпен қылған болсаң, кештім саган,
Кәрі им те: – Шырағым, – деп арсаңдаган.
Жел тынып, күн айығын баяғыдай,
Хикметімен тоқтатты бір жасасған.*

Әрі қарай шал Әзімді Қап тауынан мысты алтынға айналдыратын дәрі алыш қайтуға алыш барып, көлік етіп келген мая түйені сойып, өкпе-бауырын тазартып, ішіне Әзімді жатқызады. Самұрық құс маяны ілп алыш бійкке үшып апарады, сонда

шығарсың дейді. Тау басындағы қара топырактан қапқа толтырып арқанмен байлан жібер де, арқанынды тасқа байлан, ыңғайлы жерлермен сырғанап түсерсін дейді.

Дегеніне жеткен шал Әзімді алдан, арқанды жұлып әкетіп, жігіт биіктे қалып қояды. Ақыры амалдан, айдаһар терісінен арқан жасап тәменге түсіп, өзен бойлан келе жатып қарақат, бұлдіргенмен жүрек жалғап бір алтын сарайға тап болады. Мұндағы елі сұлуға бауыр болып, үйіне қайтудың үмітімен күн кешіп жатып, бір күні кіруге болмайды деген есіктен кіріп ғажайып бір бакқа, сол бактағы тұнық хауызға қайран қалып, келіп қонып жатқан тұстарға қарап тұрган тұста шығарма бітпей аяқталады.

«Әзім әңгімесі» – баяндау, суреттеу, оқиға өрбіту тәсілдері шымыр, ширак, құнарлы, суретті тілмен жазылған шығарма. Бекенсалак, қыстырылып қосылған артық қоспасызың таза, мінсіз өлең туындысы.

«Мың бір тұн» желісімен баяндалғаның өзінде Абайдың бейнелеу, суреттеу, тіл қолданыс шеберлігі, Абайдың ақындық қолтаңбасы айқын.

Бұл шығармада адамгершілік, ізгілік жайы, жолдан тайған жанның Алланың көріне тап болмай қалуы мүмкін еместігі туралы туысым дүниенің ақықат тоқтамы әңгімеленген.

«Әзім әңгімесі» Абайдың кейіннен табылған шығармаларының бірі. Алғаш рет 1933 жылғы Абай шығармаларының жинағында басылым көрген. Шығарма туралы М.Әуезовтің айтудың бұл туындының қолжазбасы Үйрекшіл Абайдың әлінің адамынан алынған.

1939 жылғы жинақтың түсінігінде «Әзім әңгімесі» түрғысында мәлімет берілген.

«Бас жағындағы біраз өлеңіне қарағанда бұл Абай шығармасы сияқты емес, әлсіз де, үстірт те көрінеді. Бірақ Тұраш Абайдың басылмаған сөздерін жинағанда осыны да Абайдікі болуға тиіс деп әкеліп кіргізген еді. Оның дәлелі, осы өлеңді тауып беруші Үйрекшіл Абайдың жақын туысканы «Әзімді» даусыз Абай сөзі депті. Үйрекшіл Абайдың сөздерінде Абайдың жинаған туысканың бірі екен. Ол: «Абай мұны ерте уақытта өлең етіп, бір жазған соң, қайта қарамай тастаған еді. Мен сол уақытта жиыстырып алғанмын» дейді екен. Өлеңнің бас жағында кездесетін шикілеу, жерлер, ескіріп, жыртылып қалған

жазбадан Ыңқаңтың я шала көшіріп, я шала үғынып, өз жанынан төлеу салып айтқан жері болса да ғажап емес».

Абай мұрасын игеру әлі де жалғаса бермек.

ШӘКӘРІМ ҚҰДАЙБЕРДІҰЛЫНЫң АУДАРМАШЫЛЫҚ ФИБРАТЫ

Казақ классикалық поэзиясының алдыбы Абайдың немере інісі Шәкәрім қажының рухани мұрасы үзак жылдар бойы қамауда жатты.

Ауқатты, әлуетті Құнанбай қажының әuletінен шыққан Шәкәрімнің тағдыры сол бір XX ғасыр басындағы ел зиялышарының өміріндегі аумалы-төкпелі күйлермен астасып жатыр.

Абай өнегесін алып, жұртын жалпыладамзаттық ұлы мұраттар бағытында жақсыға қарай жетелеуге ерте ден қойған, азаматтық, азаттыл қазак лирикасын жаңа сапалық өріске тартқан Шәкәрім билікке де араласқан. XX ғасыр басындағы аласалыран тәңкерістер ағынында бірде ұзак жылдар бойы үлтжандылық жанкештілігі «үлтшылдық» деп танылып, кудаланған Алашорда құрамында да болды.

Қазан тәңкөрісінің дүмпімен құрылған Кеңес үкіметіне де қызмет қылды. Оған наразы да болды. Жаратылсызың Шәкәрімнің тағдырында дүрбелең дәүірдің тынышты жоқ табиғатына қайшы кубышыстар көп.

Шәкәрім Шыңғыстау қойнауындағы Шақпақ шатқалында ұзақ ұзақ жылдар бойы елден оқшау, онаша жатып шығармашылықпен айналысқан. Дастандар шығарған. Қазақ, түрік тарихын зерттеген. Дінтану құралын жазған. Дүниетаным ірімдерін шарлап, пәлсарапташық еңбек туғызған. Қөркем аудармаға құныға дең қойған.

XIX ғасырдың сонында шет қыры шалғай қазақ даласына әскери, ғылыми мақсатпен келген, саяси күғін көріп келген орыс адамдары кезінде сахарадағы сөз өнері жайлы тандай қағып, тамсана жазды.

Шәкәрім – сол сахара төлі. Дәстүрі бұзылмаған, ғасырлар бойы ауызша тарағанына қарамастан құнары күйқалы, ілгерідегі жазба дәстүр кейінде қайта жаңғырған тұста тіптен түлең, түрлене, шоқтығы биіктеп кеткен қазақ сөз өнерінің қайнарынан қаныш ішкен, шығармашылық әлуеті өзгеше құатты, біртуақ, қайталаңбас тұлға.

Орыс классикалық әдебиетінің ғасырлар бойы жазба дәстүр саябыр тауыш, ауызша туыш, ауызша тараған қазақ сөз өнерінің жазбашаға ойысу, жаңа жанрлар бағытын тұзуінде орасан зор рухани, әдеби ықпалы болды.

Орыс жазушыларының дүниетаным бағытындағы, жазу шеберлігі, жанрлық кеңістікті игеру алымы XIX ғасырдың соны, XX ғасыр басындағы ІІ. Алтынсарыұлы, А. Құнанбайұлы, Ш. Құдайбердіұлы,

А. Байтұрсынұлы, М. Жұмайбайұлы сынды ондаған казақ қаламгерлерін өзіне ынтық етті.

Қазіргі казақ әдебиеттану ғылымында аталған жазушылардың орыс әдебиетінен аударма жасау өнегесі, аудармашылық шеберлік шындау жолындағы тәжірибе, аса әлеуетті шығармашылық үйткы болғандығы туралы арнайы зерттеулерде үдайы сез болыш, ой қозғалып отырды.

Бұл өзі таусылмайтын, сарқылмайтын мейлінше мәнді құбылыс.

Аудармашылық өнер шығармашылық ынтаға қуат қосады. Нәр қүяды. Аудармаға дең қоюдың негізінде XIX ғасырдың сонына қарай қазақтың куропалық үрдіс сіңген жаңа жазба әдебиеті туды.

ІІ. Алтынсарыұлы – сахарарада қазақ балаларын оқытуға арналған алғашқы зайдырыл мектептің негізін қалаған тұлға. Айналасы 2 ай уақыт ішінде дала баласына орыс тілін үйреткен дана ұстаз сахарарадағы енді туып, қалыптаса бастаған оку жүйесіне оқулық, оку-әдістемелік ебектер жазды.

1879 жылы жарық көрген «Қазақ хрестоматиясы» кітабына халық ауыз әдебиеті туындылары, өзінің төл шығармалары, сонымен бірге орыс әдебиетінен аударылған шығармалар енген.

Ізгілік, адамгершілік ұстанымдар бағытындағы тағылымды әңгімелерді аудара жүріп жазуға төселе түскен ІІ. Алтынсарыұлы қазақ әдебиетіне шағын проза үлгісінде жазылған төл туындылар әкелді. Осы үрдіс қазақтың классик ақыны Абай Құнанбайұлы шығармашылығы ауқымында елеулі әдеби дәстүр мәнінде орнықты.

М.Әузев Абайдың ақындық мектебіндегі өзінен тәлім алған тікелей шәкіртінің бірі деп бөліп атайдын, Абайдың немере інісі Ш. Құдайбердіұлының орыс классикасын аудару өнегесі аударма өнерін қазақ руханиятындағы елеулі көркемдік өріс есебінде орнықтырды деуімізге болады.

Жан-жақты білімдар Шекерім Александр Пушкин, Лев Толстой шығармаларын мінсіз көркемдік бітім мәнінде мейлінше ынтығып аударғаны қозғе үрады. Шекерім Пушкиннің «Дубровский» повесін, «Метельді» өлең сөзбен аударады.

Сезімтал, ойшыл Шекерім Пушкин ақынның кара сөзбен төгілте баяндалап, сипаттайтын орыс өмірінің поэтикалық болмысын өзгеше сұңғылалықпен түйсініп, сіңірген.

Өлеңмен аударылған Пушкин прозасы құдды бір Пушкиннің өз аузынан төгілген сұлу жырдай мөлдір, женіл, сергек, шапшаң, жинақы, терен.

Тіптен, өз өлеңінде мұншалықты кестелі, үйлесімді поэтикалық өреде қозғе үра бермейтіндей көрінетін Шекерім ақын су жүкпас жүйріктікпен, тынымсыз, тынысты екпінді ағыс, мінсіз үшкырлықпен «шымырлап бойға жайылған» үздік үлгімен еркінді алады.

Ақын Шекерім «Дубровский» әңгімесі деп атаған аудармаға «Сөз алдынан» деген атаумен өз жанынан кіріспе қосқан.

Мұнда Шекерімнің түрік әдебиетіндегі ежелгі дәстүр – нәзираның жанрлық мүмкіндітерін шығармашылықпен өрістеткені де көрінеді.

Ақын алғы сөзде адамзат тарихының, «Өлшеусіз көп жасаған кәрі дүниенің» қозғе үрып тұрған қактығыс, майданға, атыс-шабысқа арқа тіреген жағымсыз шындығын жақтырмай баяндалап, жазғыра сөйлеп аша түседі. Сөз қадірін білетін елдің баласы Шекерім сөз өнері адам баласы ойлап тапқан небір от қаруды қайтарады, тоқтатады дейді де, әлемдік сөз алыптарының ғұмыры бәсендемейтін өнегесіне жүгінеді.

Айтқан сөзі ауруға ем, жасы құмар,
Тауып айтқан тәтті тіл, сайраушылар
Байрон, Пушкин, Лермонтов, Некрасов
Қожа Хафиз, Науай, Фзули бар.

Осында Шекерім Абай ақасының эстетикалық талғамын құлаққағыс етіп отырған. Қайдагы-жайдагыны өлең етпелім, Пушкин ғибратына ынта білдіріндер дейді.

Аудармада Шекерім XIX ғасырдың белгілі бір кезеңіндегі орыс өмірін мейлінше жатық, етene таныс күйде сипаттап отырады. Сахараға, әсіресе Абай еліне бұл шығарма аударылған тұста Пушкин есімі әбден таныс.

Шәкәрім аудармасында Абайдың Татьянаны, Онегинді сөйлету («Евгений Онегин» романы – К.М.) өнегесін ұстап отырып, үлгіге үңіле түсіп, үйреніп отырып ой төгө машиғы қанық.

Шәкәрімге Пушкин шығармасының адамсүйгіштік, ізгілік мұраты қымбат. Ақын-аудармашы Шәкәрім жұртына арнап қайырған алғы сезінде адамзатты ұлтына, діни ұстанымына орай жатсыну, алшактану дегеннен бойды аулақ алып жүріндер деген ұстанымда.

Орыс сөзін айтты деп кейбір қауым,

Ұрмай-соқпай болар-ақ менің жсауым.

Нени айтты деп сұрамас, кім айтты дер,

Білмей жсүріп өзінің ауру-сауын.

Аударма Шәкәрім ақынның туған халқының өміртанным деңгейіне, салт-ғұрпына ынғай беріп, жақындаі түсіп жасалған.

Петербор – патша тұрган үлкен қала,

Ғылым, өнер оқытын үй бар жсаца.

Университет деген медреседе

Оқып жсур Владимир деген бала.

«Университет» атауын қазақ ұғымы жетік «медресе» сөзімен анықтай түседі.

«Дубровский» аудармасында бірділі-екілі қазақ өлшемі, қазақ ұғымына келтіріліп отырған, ұлттық танымға шактап берілген иірімдер болғанымен, аудармашы негізінен орыс өмірінің дара сипат, дағдылы қалпын мейлінше нәзік жеткізіп береді.

Кейде төгіп жіберіп көздің жасасын,

Кейде қатты қысады қолмен басын.

Егоровна дейтұғын бір кемпір бар

Сол ойына салады іштеп асын.

Уақытымен жасатқызыар төсек салып

Стақанмен май берер қолына алып.

«Тамақ ішер мезгілің болды гой» деп

Нана салады аузына майға малып.

XX ғасырдың 30-жылдары қайылы қазаға ұшыраған, кеңес үкіметіне жау болды деген айыппен атылып, мұрдесі айдалада, оқшау құдықта қалған, шығармашылық, азаматтық тұлғасы XX ғасырдың соңына қарай ғана тұтас айырып, акталған Шәкәрім Құдайбердіұлының әлем, орыс классикалық әдебиетіндегі озық көркемдік үрдістерді сініру бағыты турасында шәкәрімтануда қазірде жүйелі ғылыми таным қалыптасқан.

Шәкәрім мұрасын алғаш ғылыми айналымға қосуши зерттеушілердің бірі филология ғылымдарының докторы М.Базарбаев былай дейді: «Дүниежүзі әдебиет өнерінің қазынасынан, Шығыс пен Батыс мәдениетінен мол үлгі, өнеге алған Абай ғана қазақ поэзиясын басқалармен терезесі тен дәрежеге көтере алды, мағынасы жағынан да, түр формасы жағынан да қазақ өлеңіне түбірлі өзгерістер, жаңалыктар енгізdi.

Орыс әдебиетіне ынтыға құмар болған, оның классиктерін ұстазым деп атаған Шәкәрім Құдайбердіұлы шығармашылығы қазақ поэзиясының осындан өсу, кемеліне келу сапарындағы елеулі белесі. Поэтикалық іздепістері, өлеңдерінің мәдениеттілігі, жасаған сурет, бейнелерінің дәлдігі, әрі көркемдігі, сөздің мағыналық сыйымдылығын тереңдетуі – мұның бәрі Шәкәрім шығармашылығының томага-түйік емес, басқа мәдениетті халықтар әдебиетінің озық үлгілерімен ұштас жатқанын байқатады.

Гомер, Хафiz, Пушкин, Толстой, Гоголь, Некрасов қазыналары ақынға мол рухани азық. Оларға табынады, бас ұрады.

Оятқан мені ерте Шығыс жыры,

Айнадай айқын болды әлем сыры.

Талпының орыс тілін үйренумен

Надандықтың тазарып кетті кірі.

Танбаймын, шәкіртімін Толстойдың,

Алдампаз, арам сопы «қәпір» қойды.

Жанымен сүйді әдебиет, ардың жосолын,

Сондықтан ол иесі терең ойдың.

Келесі өлеңінде ақын бұл ойын онан әрі тереңдетеді:

Білсе егер Салтыков пен Толстойнын,

Сезсе олардың айтылған терең ойын.

*Гоголь мен Пушкиндерден гибрат алса,
Қазақтың болер еди-ау нүрге бойын.*

Білім мен мәдениет қонған, оку, өнері дамыған ұлы орыс халқының елін ақын батыл өнеге етіп ұсынады, тәлім алуға шақырады. Жоғары мәдениетті, ойшыл ақынға орыстың демократияшыл әдебиеті көп әсер, ықпал еткен, суреткерлікке үйреткен. Орыс әдебиетінің көп туындыларын терең ұғынып, ықыласпен қазақ тіліне аударуы да ақынның данышпан әдебиетке қарай бұрған достық бетін анғартады».

Ш.Құдайбердіұлының аударма өнерін қазақ әдебиеттану ғылымина тану қазірде де жалғасып, құнтарлана түсіп отырған зерттеу бағыты. Аудармашының сөз табу, деталь тірілту, оқиға құрылымын ықшамдау, ынғайына орай онтайландыру, т.б. толып жатқан тәсілдері бір бағытта орыс өмірінің кең суретін дәл салуымен маңыздана түссе, енді бір кисында өзіндік стильдік шеберлік шындаудағы тегеурін-ықпалы тұрғысында мәнді.

«Пушкин мұрасының қадір-қасиетіне бойлау оңай шаруа емес, білімдарлықты, интеллектуалдылықты қажет етеді. Шәкәрім Пушкин поэзиясын «Күннің көзіне» балайды, осы бір қанатты сөзді кейінгілер де жиі қолданған-ды.

Пушкин мұрасының бүкіл адамзаттың рухани дамуындағы, орыс халқының мәдениеті мен әдебиеті тарихындағы мән-маңызы туралы толғаныстарын Шәкәрім Пушкиннің «Дубровский» өлеңмен аударуына кіріспе өлеңінде айтқан» – дейді Ә.Тәжібаев пен Ш.Сәтбаева.

«Ш.Құдайберdiевтің осы екі аудармасы сөзсіз, қазақ әдебиетіне қосылған үлкен үлес. Және бұл екі шығарманың құндылығы жан-жақты зерделеніп, әлі бағалана қойған жоқ. Сондықтан, әдебиетіміздің асыл мұралары санатындағы мұндай дүниелер арнайы зерттеуді қажет етеді».

Филология ғылымдарының докторы А.Ісмақова күн тәртібінде тұрған мәселені қозғап отыр.

Ұлан-ғайыр шығармашылық иесі, Шығыс пен Батыстың рухани кеңістігін жатырқамай, жатсынбай шарлаған, Абай дәстүріндегі ізгілік іздеуші Ш.Құдайбердіұлының әдеби мұрасын жаңарлық, тарихи, стильдік, тілдік арқауларда зерттеуді дамытып отыру өрісінде қаламгердің аударма өнеріндегі шеберлік ұштау,

шындау өнегесі де мейлінше маңызды, арнайы, қайырылып соғып отырып, індете зерттеуді тосады.

Сол тұрғыда Қазақстанда бірнеше зерттеу орталықтары абайтану, шәкәрімтану бағытында жұмыс жүргізіп отыр. Осылан қоса ҚР Білім және ғылым министрлігі тарарапынан зерттеу жобаларға қаржы бөлінеді. Мәселен, 2012-2015 жылдар аралығында жұмыс жүргізетін «Абай, Шәкәрім шығармашылығын зерттеудің жаңа бағыттарын ғылыми негіздеу мәселелері» жобасымен грант алып отырған әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультеті қазақ әдебиеті және әдебиет теориясы кафедрасында орындалатын зерттеу жұмыстардың бір саласы Абай, Шәкәрім мұрасындағы орыс классикалық әдебиетін аудару мектебі, аударма өнерінің қазақ жазба әдебиетінің жанрлық орнығы үрдісіндең көркемдік мәні тұрғысында да арнайы зерттеулер жүргілмек.

Қазіргі қазақ руханиятындағы әдеби ықпалдастық негіздері, соның ішінде орыс классикасының орасан зор шығармашылық ықпалы, өнегесі бағытында нақтылы дәйектемелермен толыға түсken еңбектер жазылуы тиіс.

XIX ғасыр соны мен XX ғасыр басында қазақ руханиятында өлшеусіз мүмкіндіктер әлуетімен күрделі қоғамдық-әлеуметтік қақтығыстар дәуірінде ұлттық, жалпыадамзаттық мұраттар туын жықпай ұстаған ойшыл ақын Ш.Құдайбердіұлы орыс ақыны Пушкиннің қара сөздегі үздік туындыларын тұган халқына өлең тілімен сөйлетіп берсе – оның және бір өзіндік себебі бар. XIX ғасырдағы орыс орленталистері қадап айтатында, қазақ – ақын халық, ақындықты ежелден өнер санағ, бағалаған ел. Ауызша әдебиет өлең үлгісінде өтімді болғаны және бар. Осыларды Шәкәрім ескерген.

Қазіргі кезенде қазақстандық ғалымдардың Шәкәрім мұрасы хақында жаңа зерттеу бағыттарын түзуі өз алдына, байыргы дәстүрмен Ресей орленталистика ғылымы да Абай, Шәкәрім мұрасын назарда ұстаса – нұр үстіне нұр болар еді.

* * *

Оз дәуірінің ғана емес, аргы-бергі қазақ тарихындағы аса сауатты тұлғаның бірі Ш.Құдайбердіұлының «Ескі ақындық»

өлеңінде қазақ өлеңінің теориялық тұғырларын айқындауда бағдар болар пайымдаулар жатыр. Бұл өлеңің әр жолының дердік астарында бұққан көп сыр бар.

Қазақ өлеңінің көркемдік құпиясы қанша зерттеліп келе жатқанымен, теориялық тұрғыдан тұғырын тапқанымен, әлі де ішін ашып болған жоқ.

Өлең сөздің тарихында теориялық негізде саралана түсетін тұстар барышылық.

Қазіргі уақытқа шейін кезінде Ш.Уәлиханов айырып, атап көрсеткен қазақ халық поэзиясы үлгілеріне қатысты арнайы зерттеу еңбектің болмауының өзі – осы мәселеге үстірт қарап келе жатқандықты көрсетсе керек.

Қазақ өлеңінің даму тарихындағы дәстүрлі үлгілер мен жаңа тұрлар тұрғысында арнайы зерттеу, ауызша өлең мен жазба өлеңін айырым белгілерін ажырату, тану бағытындағы зерттеулердің қажеттілігі жайлы тілтанушы ғалым Құлмат Өмірәлиев мәселе қойып, қайсыбір мәнде айғақ пікірлер айтып, нақты тұжырымдар жасады. Алайда, кейінгі кезеңдегі өлең теориясына арналған зерттеулер бағытында қазақ өлеңтанушы ғалымдары әр кезеңде күн тәртібіне қойып, қозғап кеткен пікірлер де, Қ.Өмірәлиев тоқтамдары да назарға іліне бермейтіні байқалып отыр. Бұл тұрғысында айтылар сөздің бір тиегі Ш.Құдайбердіұлының «Ескі ақындық» өлеңіндегі ойлармен сабактасып жатыр.

Әдеби ортада Абайдың «Біреудің кісісі өлсе – қаралы ол» өлеңін тілге тиек етіп, «Бұхар, Шотанбай, Дулат өлеңін Абай өлең деп отырган жоқ қой» дегендегі ойлар да айтылып қалады. Кезінде Абайдың бұл сөзі бұрынғылардың сөзі ауызша сақталып, көп өзгеріп жеткенине де орай айтылғаны анық.

Шәкәрім ескі ақынның өлеңіне сын көзбен қарап, бағасын дұрыс беруге қатысты бастаған шығармасында былай дейді.

Ескі ақыл бізден өлі артық,
Ол кездे туған бала артық.
Жасымыздан шалы артық,
Тақпақ пен мақал тағы артық,
Суырып салма жасагы артық.
Айтады олар ойланбай,
Сытыра жырау, Шортанбай.

Үмбетәлі мен Марабай –
Алды-артына қарамай.
Соққанда жырды суылдан,
Жел жестептейтін құландар!

Шәкәрім терминдік мәнді жыр, тұр, буын, үйқас, тақпақ, мақал, сыпаттау, жыршы, ақындық, ақын тілі үфымдарын қолданысқа салып отырып, ескі өлең туралы, ондағы ақындық қуат туралы, өлшем мен өрнек туралы, негізгі сарын, үзілмеген арқау, арналы желілер туралы үдете сөйлеп, үздік-үздік ой төгеді.

Жырдың жанрлық табигатын өлең тілімен таратып айтқан, тауып-тауып айтқан Шәкәрімнің осы өлеңі жыраулар поэзиясының жанрлық, көркемдік қыр-сырын бір ғасыр жарымдай уақыт бұрын саралап бергенін көреміз. Жыраулар поэзиясының қайталаңбас өзгешелік, ерекшелігін, мәселе тек өлшемде емес екендігін әуелі бір қайырып ескертіп алған Шәкәрім айттар уәжде кейінде өлең теоретиктері, соның ішінде академик Зәки Ахметов жыр өлшемімен жазылған жаңа тұр – лирикалық өлеңің өзгешелігіне тоқталған тұстағы кисындармен желілес ой нышандары бар.

Мұны оқыған ұландар,
Үмбетей жырын сынаңдар
Байқап оқып әрбірін,
Ақылга салып бар сырын.
Не деп отыр, – көр түрін.
Абылайдың алдына
Салып отыр, көрдің бе,
Басынан кешкен тағдырын.
Сыртын ұқна, мұны аңгар!

Шәкәрім өз тұстастары жыр деп айтса да, буыны бірдей болса да Үмбетей салған тұрді жасай алмайды деп, жыраулық поэзияның өзгешелік, ерекшелігі тұнған толғау өлеңнің тарихи өзгерісін тап басып көрсеткен.

Тақылдатып айтсақ та,
Үйқасқа жылдам қайтсақ та,
Аяқты бірдей бассақ та,

*Шықпайды бізден терең сыр.
Жырдың жайын білмейтін
Бізде осындай ылаң бар.*

Шәкәрім жыраулар поэзиясының дәстүрлі көркемдік ерекшеліктерінің бірі – тармақтардағы буын санының әркелкі болып келетін түрі туралы тап басып, анық айтады, осында бұл толғау өлеңнің міні емес, сыны деген ой анық.

*Ескі жырдың үйқасы
Бірі қысқа, бірі ұзын,
Буындары бұзық деп,
Біз баспаймыз ол ізін.
Неге бұлай айтты деп
Сынамаймыз негізін.
Ойлай келсең, ескі жыр
Салады тұлтар жеселін,
Міне, байқа мұнысын.*

Әрі қарай Шәкәрім ескі жырдың кейде жорға, кейде жүйрік сипатын, кейде қыран құстай ұшарын, кейде қанатын қомдал қысқанын, қамышылап қанат қаққанын, кейде атылған оқтай аққанын, кейде жұлдыздай сыйылып, алдыңғы түрден бұзылып, өзгеріп кете баратын құбылыстарын сарапал береді. Ескі жырдың, ақынның сироның андан ұғудың жөнін мензейді. Шәкәрімнің бұл өлеңі тосын тенеу, түлеп ұшқан ұшқыр тіркеске толы. Өлең сөздің қуат, әсерін, құбылған түсін, сұлу сымбатын құйқылжыта сипаттаған.

*Кейде жырыши айтады
Ақбөкеннің жсүрісін,
Зырқырап барып қайтады,
Алады тағы тынысын,
Төрт аяғы көрінбей,
Бұлдырлап жеселер ерінбей.
Кейде қарғып кетеді,
Білгі жеселіп керілмей...*

Енді бір сэт Шәкәрім атадан қалған асыл сөздің құны қымбат дейді. Келер күннің жайына қауіп айтып, ескертеді.

*Ойнагандай құлын, тай,
Жырда болар талай жай.
Кептеңіздер байқамай,
Боласың әлі бұған зар!*

Ақындықтың қуатын жаратылыстың жайымен жалғап сейлеу дағдысында Шәкәрім – жеден жүйрік. Тапқыр.

Жыраулық поэзияның негізгі аркау, дәстүрлі желілері, көркемдік құны осы өлеңде төгіліп тұтас түскен.

*Кейде айтады ақындар
Жайдары желдің согысын,
Қатайып, кейде баяулар,
Түрлендіріп дольысын.
Кейде ақырын сыбырлап,
Жиілеу басып, жыбырлап,
Әкетер алдан, ойды ұрлап.*

Жырда қате жоқ дейді ақын. Соны ұқ дейді. Анықтап біл дейді. Жырау поэзиясының өнеге, насхат, тіршілік тоқтамдарын, үағыз сөз айттар қырын да ақын назардан тыс қалдырмайды. Толғау тілінің құнын атап көрсетеді. Ақындық тәсіл сырларына мензейді.

*Кей ақындар мисалдар
Мөлдір судың аққанын.
Арыстандай арқырап,
Күрілден келип сарқырап
Баяулап барып ақырын,
Жатады күнге жарқырап,
Мініңді тырнап ашытар,
Жігеріңді масытар
Тәтті сөзі балдай бол,
Касиеті қандай көп!
Елжіретін сүйекті,
Бергендей бол тілекті...*

Шәкәрім қазақ поэзиясындағы дәстүр ұғымын осылайша өлең тілімен өрнектеп жеткізген. Сөз таңдауы, жырдың сипатын дәп басып, көкейге құйып тастап кетіп отыруы бөлекше осы бір «Ескі ақындық» атты шығарма – Шәкәрім поэзиясындағы өзгеше бір көркемдік нәрімен, өлең сөзді саралу мәнімен құнды. Шәкәрім осында өлеңге теориялық талдау жасап отыр, өлең туралы сырт баға, жалпы мәндегі ой айтып отырган жоқ, өлеңнің ішіне еніп, бар құпиясын, күштарын, құнын ашып айтып отыр.

Көркемдік талғамы, асыл сөзге деген талабы күшті, ойшыл Шәкәрім, дала данасының бір ғана шығармасының аркауында онсан ой айтарлық салмақ жату құбылысының құпиялары әркез кім-кімді де тәнті етумен келеді. Бұл түрғыда шәкәрімтануда арнайы зерттеулер өзірге аз ғана.

Абай дәстүрін берік ұстанған, ілгері оздыруға қатысқан Шәкәрім ақындық өнер, өлең сөз, оның құны мен құнары туралы әркез ой қозғап отыратыны белгілі.

Ж.Аймауытұлы мен М.Әуезов «Абайдан соңғы ақындар» атты мақалада айтқан ойға үндес сыншылдықты Шәкәрімнің осы «Ескі ақындық» толғамынан да көреміз. Шәкәрім ескі ақындықтың поэтикалық қуаты, дәстүрі, мектебі туралы сөзді бекерден бекер қозғап отырган жоқ.

Өз заманындағы көп «өлеңшінің» көп өлеңі ақын талғамының тараразысына тартылғанда, не әрі, не бері бола алмай жатқан, жаңаға бет түзеп жарыта қоймаған, ескіден бойын алып қашқан қайсыбір қалпымен де көңілге олқы соққандай.

«Тегінде «Ақын бар, «өлеңші» бар. Ақынға қойылатын шарттар: әлгі айтылған өлеңшілікке ол шарттардың кейбірі болса да жарай береді. Бұлай болғанда біздің өлеңшіміз көп, ақынымыз аз».

Аталған мақалада Шәкәрім ақындығына да баға берілген.

Абай дәстүрі, ақындық өнер, Шәкәрім ақындығы туралы төрелік айта отырып ой бөліскең Аймауытұлы мен Әуезов Шәкәрімнің өлеңінде мінді кемшилікті айтқанда жерлеп, кенеп, шенеп кететін, аямайтын шанышпа ашылық бар дейді.

«Ескі ақындық» өлеңінде Шәкәрім дәстүрлі жырдың артықшылығы, поэтикасы туралы кейінгі ақындықтағы олқылықтарды сөгіп отырып сөйлегенін көреміз.

С.Торайғыров 1913 жылы «Қазақ тіліндегі өлең кітаптары жайынан» атты мақаласында XX ғасыр басындағы қазақ өлеңнің

сапасы мен салмағы, тіл тазалығы түргысынан өткір ойлар айтқаны белгілі.

Шәкәрімнің «Ескі ақындық» өлеңі қазақ поэзиясының көркемдік даму тарихындағы елеулі жанрлық құбылыстарға көніл белуімен де мәнді.

Осы өлеңге Шәкәрім шығармашылығын жан-жақты зерделеген ғалымның бірі Ш.Қ.Сәтбаева мынадай бір қырынан ден қойған:

«Ғылымның, творчествоның адамдарын жырга косып, көркемдік бейне жасау дәстүрлі дегеннен шығады, «Ескі ақындық» деген өлеңінде Шәкәрім алғашқылардың бірі болып Үмбетей жырының сырларын, ескі ақындықтардың «суырып салма жағы артық» қасиеттерін «Сыпыра жырау, Шортанбай, Үмбетей мен Марабай «соққанда жырды суылдан, жел жетпейтін құландар» екенін өлеңге өзек етіп:

Таңқаларлық ісі бар,
Көңілді тартар құлқі бар
... Жігеріңді тасытар
Тәтті сөзі балдай бол
Насихаты шамдай бол
Қасиеті қандай көп, –

деп қастерлейді. Осы қасиеттердің мән-мазмұнын ашады, «Ақындыққа құмарлар» ақынның сырын танып, ойға салып, ұғып алуына кенес береді.

Не дегенде де Шәкәрім белгілібір кезеңдегі қазақ өлеңінің көркемдік сапасына аландauшылық та білдіріп отыр.

С.Торайғыров қозғап отырган, Ж.Аймауытұлы мен М.Әуезов айтатын өлең сөздін даму бағытындағы келеңсіздіктер Шәкәрімді де бей-жай қалдырмаған.

«Бұзылған қанымызды түзеп, қарайған көнілімізді жуып, жанымызға пайда, дөртімізге шипа болады-мыс деген жарыпсал жаңа әдебиетіміздің «нысана нұсқаған қол, көрсеткен жолы жоқ. Құр «қатын ойбайға» айналып, әркім соны ән көріп бара жатқан соң, қазақ жазушылары-ау, алдарына салып айтып отырмын: құр ойбай дегенмен ойбайдың да ойбайы бар ғой, жылаудың да жылауы бар ғой. Тұстағы түрмис дерті, зығырданды қайнатып, бармагынды шайнатып ықтиярсыз ызалы ызгарын төгеді, сай-

сүйегің сырқырарлық аңы зарлы бебеулерін қағып көңіл толғағын, жүрек түйініп тарқатады. Мен ақын ақ сүйеп, аты жоғалмайтын өлең деп, өнер деп соны айтамын. Сырт көрінісі қатын ойбай тұрсын, шайтан ойбай болып көрінсе де дәмі бар, маңызы бар ойбай сол, қайнаған қанының, қиналған жаннның, толғаткан көңілдің, толғанған жүректің сығындысы сол. Соның үшін ондай «ойбай», ондай «бебеу» табыла қалса, салған жерден өзі де дөртеке шипа бола кетеді. Басқаларға қарағанда пайғамбардың жүргінен құйылған құрандай соқыр кісі сыйбырынан танырлық акқұла ашық тұрады. Марқұм Абай өлеңдері секілді».

«Шәкәрім мен Сұлтанмахмұт» атты зерттеу макалада Арап Еспембетов айтқан ойлар аңғампаздығымен назар аударады. XX ғасыр басындағы замана салқыны қаншалықты шырай берілсе де, уақыт толқының қай жағалауға қарай бастаса да Шәкәрім де, Сұлтанмахмұт та ұстанған бағыт, асыл сөзді ардақтаған ар тұғырында қалып отырды.

Бабадан қалған айтулы мұра – өлең сөздің тағдырына аландаушылық – осының және бір айғағы.

А.Еспембетов Шәкәрім шығармашылығындағы дәуір қажеттілігінен туындаған бір ағыс – әдеби сын бағытындағы сыншылдық таным болғандығына арнайы мән беріп, сөз қозгауы арқылы шәкәрімтанудың өзекті бір жайын ғылыми айналымға тартады.

«Ш.Құдайбердіұлының «Қазақ тілі» газетінде баспа көрген екі макаласы бар: «Қазақ тілі» газетінің басқармасына етініш» (1924, 31 январь, №13 (412) және «Сынау һәм сынауды сынау» (1924, 4 март, №26(425).

Көрсетілген екі мақаланың тек шәкәрімтану ғылымындаған емес, тұстастай қазақ әдебиеттануында, әсіресе мәтінтану, өлеңтануда, көркем сынның теориясы мен практикасында (сынға қойылар талап, сынның мақсатын сыншы келбеті, сыншы парасаты, т.т.) ерекше орынға ие».

А.Еспембетов Шәкәрімнің аталған мақалаларының маңызын есіп келе жатқан әдебиетке сай әдеби сынды қалыптастыру бағытындағы ықпалымен салмақтайды.

Осы бағытта Ш.Құдайбердіұлының «Ескі ақындық» өлецинің әдеби талғам, көркемдік таным, әдеби сын мәніндегі қырлары да айқын.

ТҰРМАҒАМБЕТ ІЗТІЛЕУҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ «ҚҰТТЫ БІЛІК» ДАСТАНЫМЕН САБАҚТАС ҚАЙСЫБІР ОЙ ҚҰНАРЫ ТУРАЛЫ

Шығармашылық аңсары аргы шығыстық негіздермен астасып жаткан, алты алаштың аса бір айтулы арда керіл тіл ұстасы Тұрмағамбет ақынның сез қадіріне катысты поэтикалық тоқтамдарының өзі бір сала.

Сейлеген сөзім ыңғайлы,

Құмартып халқым тыңдайды,

деп, өз өнерін өзі бағалай отыру дәстүрінде ағылған ойдың тығызының бір босатып алып, Тұрмағамбет ақын қазақ поэзиясында әріден келе жаткан сез күші, сез күны, сез куаты туралы ақтарылып, көкейінде көп дүние құйып отырып сейлеп береді.

Тұрмағамбет сөзі астар, тұспалымен де, тіліп түскен туралығымен де етімді.

Сөз өлишеудін білмеген,

Шагалаша шулайды...

Тал жібектей таза сөз,

Еши жерінді жырмайды...

Жағдайсыз сездің мысалы,

Шеңгелше етек тырнайды...

«Сейлеген сөзім ыңғайлы» атты термелеп келер жыр үлгісінде Тұрмағамбет өзінің ақындық өнеріне баға бере отырып, сез құдіретін тұсірер көлеңкедей қалбаңдал еріп отыратын құбылыстарды да коса тізген. Аузыннан шыққан сезінді бағудың аргы астарларын ашып отырып айтады.

Жазба дәстүрді жаңғыртушы, дамытушы Тұрмағамбет шайыр сез өнерінің атам заманнан бар ұлы қысындарын бұзбай, бүрмай ұстанады.

Көл ұмысынып, білім ізделеп терледім,

Сөзді сезге өріп, тізін зерледім!

*Түркі сөзін көрдім тазы қиіктей,
Енпен ұстап, қолға уйретіп, демедем!*

*Сылап-сипап бактыйм, көңіл берді тез,
Әлі де үркек, сақ һәс жсаны шерлі еді...*

Мәпеледім сөзім қолға қонғанша,

Жұпары аңқып, бұрқырап бір бергені, –

деген екен Ж. Баласағұн.

Ж. Баласағұн сөзді мәпелеу, мәпелеген сөздің жұпар шашып гүлдеуі, керек сөз, су сөз жайлы ұғымдарды ақындық өнермен астастырып отырып алдыға тастапты.

«Құтадғу білік» дастанының Орхон-Енисей жазбаларымен (V-VIII ғғ.) тамырластырылғандағы XIV-XV ғасырлардағы қазақ жырауларының үрдісімен, классикалық қазақ әдебиеті үлгілерімен сабақтастырылғанда, әдеби дәстүр арнасын танытады. Қазақ мақал-мәтелдерімен, канатты сөздерімен, шешендік сөздер табиғатымен, Абай тағылымының, Шәкәрім қажының көркемдік дүниесінің Жүсіп Баласағұнның рухани-көркемдік әлемімен жарастырын білдіретін желілер ете көп.

Поэмалық философиялық-эстетикалық таным өзектері, мәтіннің образды-семантикалық құрылышындағы ерекшеліктер мен заңдылықтар түрік поэзиясының төл сипаттарын саралауға да мүмкіндік береді. Ел ішінде ежелден кең таралған адамшылық, имандылық хақындағы, өмір, тіршілік жайлы тұжырымдардың, ырым-нанымға танымға айналып кеткен қағидадай әдет-ғұрып, салттарының бедерлі белгілерінің ескі мұра беттерінен, өлең шумактарынан, ұшқыр сөздерден, мақал-мәтелдерден көзге жылы ұшырай жамырап көрінуін өзі тарихи көркем танымның, тарихи поэтиканың, тарихи сананың мағыналы заңдылықтары», – дейді «Құтты білікті» қазақ тіліне аударып, арнасы ортаймайтын аса үлкен еңбек жасап кеткен ғалым А. Егуейбай ұлы жәдігердің ұлағатын ғылыми негізде саралап отырып.

Осы бір тоқтамнан тарау-тарау болып тарқатылып кете баратын көркемдік, тарихи-әлеуметтік қисындар аз емес. Арқауы ұзын әңгіме бұл. Сол мәнде аргы шығыстың, түркілік дәстүрі аңқып жатқан Тұрмағамбет шайырдың шығармашылық мұрасына

қатыстыра, бұра қарастыратын, көркемдік таным көкжиегін нақтылы мәнде көтере түсіп кеңітетін дуние көп.

Сөздің дәмін, сөлін көкейіце төкпей-шашпай құя білер таза ақындық қасиет иесінің бірі Тұрмағамбет Изділеуұлының поэтикалық алымында дәстүрлі талап, талғамның бүлжымайтын қағидалары да аса айқын.

«Құтты білікке» қатысты зерттеуді зерттеу үшін ғана деп емес, ақындық жаратылышымен жанып отырып жасап кеткен Аскар Егуейбай кешегі мен кейінгінің арасы туралы кең мағынадағы тоқтамдарға бара алған сирек зерттеушінің бірі еді.

«Түрік жырының тарихи поэтикасынан қазақ поэзиясының бұған дейін ауызға көп алына қоймаған тағы бір түйінді сипаттың байқаймыз. Қазақ өлециң, жалпы түркі поэзиясын былайғы жүрт әйтеуір бір шығыс саздары деп қарайды.

Ол анық.

Ал, шын мәнінде қазақ жыры әу басынан-ақ, абстракциялық солықтаулардан ада, бедерлі де тегеурінді, берік бітімді поэзияғой. Керісінше, әсем саз, әсіре сыршылдықты ғана қүйттеп кетпейтін, ойышыл һәм нақты бейнелі поэзия үлгісі. Осы сипаттарды әсіресе, ежелгі түрік жырларынан, әсіресе, «Құтты білік» дастанынан жақсы пайымдауға болады. Түрік-қазақ поэзиясына ежелден етene тән сипаттар метафора өзегіндегі нақтылық, дәлдік, ой-толғам желісіндегі өмірлік тәжірибе, тұрмыс-тіршілік диалектикасынан туған айқындық, троптар жүйесіндегі колмен қойғандай тиянақтылық – осылардың бәрі де араб-парсы саздары басым көрінетін жалпы шығыс әлемінің көркемдік-эстетикалық шарттылықтарынан мүлде бөлек қасиеттер. Поэтика тарихындағы әр кезеңдерде әрқыл қөрінгенімен, бұл сипаттардың өзегі бір көркемдік заңдылықтары қазақ поэзиясының бұрынғы-сондық ерекше қасиет-қисындарын, ішкі-тысқы өлеңдік табиғатын, дуние поэзиясы алдындағы өз үнін айқын, ашық танытады».

*Біліп сөйле, сөзіңде сол, он болсын,
Сөзиң тұңсіз қараңғыга көз болсын!*

Ж. Баласағұн сөздің жүгін, салмағын әдемі, әшекейлілігімен емес, біліктілікпен астастыrsa, Тұрмағамбет шайырдан сол үзілмеген улті, ескіріп-тозбайтуғын ұстанымды тағы табамыз.

Эстетикалық қанағат – Сөз атты киелі ұғымның бір қыры, бір сыры. Сөздің сыны тұтас шығу үшін тұғырылы мәнін түгел ұққан жөн дейді екен Жүсіп ақын да, Тұрмамбет те...

Ежелгі жұрт, жалпақ ел, қазақ атты ұлттың рухани ұстанымы сол сөзге деген тас-түйін ой-тоқтамнан өріс алады екен...

«Дана халық, көкірегі сара халық надандыққа, тасырлыққа ежелден ақыл, білім, тілді, сезімді қарсы қойған. Ақылды арқа тұтқан. «Құтты біліктің» дәстүрі де осы дәстүр. Бұл өситет кейін талай-талай ірілі-ұсақты шығармаларда желі жалғастырды, әрине».

Жүсіп Баласағұнның сөзге аударған салмағы ауыр. Араға жүздеген жылдар салып барып ақиқаттың айтарын айтып шықкан Тұрмамбет шайыр да сөзге аз жук артқан емес.

*Тіл, жүргегің шырын болсын қайда да,
Сөз бен істі тектен-текке лайлама,*

дегі «Құтты білік».

Сөз туралы көп айтыш, дөп айтыш өткен, дауысы дара, дәстүрі даңғыл Тұрмамбет тағы бірде былай десе, үйлесім мен үндестік осы емес пе.

*Кәнігі зергер кәтекі,
Орынсыз дүкен құрмайды.
Кездік соқса «кемсің» деп,
Откізіп шыңдан шыңдайды.*

Тұрмамбет ақынның шығармашылығында әріден жеткен асыл өзек – кісілікке баулу бағытындағы өситет, өнеге сөз елеулі орын алатыны белгілі. Оның өмір мен өлім, бақ пен дәулет, байлық пен таршылық, жастық шақ пен қарттық, т.б. толып жатқан дүнияды толғам, тоқтамдарында «Құтты білікпен» аса айқын шарпысып жатқан, толқынды толқын күнип астасып кеткен мөлдір иірімдер жатыр.

«Өнерден не өнеді, өлім барда» толғауындағы ұстаным «Құтты білікте» сан қайта көтеріліп, көкейге құйылып кетіп отыратын опасыз жалған жайлы ұғымды тағы қозғайды.

Өнерден не өнеді, өлім барда?

Үй түзөу ұнамайды көрің барда.

Қаңғызың «қойың» бақпай қолайсызың іс,

Аңдыған жсан-жсанынан бөрің барда.

... Алып бақ азығын жсан алдыңды ойлан,

Сагымга сүм дүниені жсорыңдар да.

«Құтты білік» өмір дегенің өткінші бір жолаушының қүйі гой, жолаушы жолда үй тігуші ме еді деген тоқтамды қайталап жи келтіріп отырmas па еді.

Қазақ поэзиясының атам заманғы арғы арналарынан бастау алып тоқтаусыз сырғыған бір сарын – адамның ғұмыр жас кезендері жайлы толғам-тоқтам.

*Жортқан бұлттай жігіттікten ауыстым,
Ескен желдей тірлігімді тауыстым.*

... Жігіт дәурен, оралышы бір құстайын,
Бұлде төсеп, алақанға ұстайын!, –

деп, алабұртады Жүсіп ақын. Жүсіп аңсап отырған қайта оралмас қайран жиырма бесті Тұрмамбет былайша толқытады.

*Жәннаттың жемісіндей жиырма бесте,
Қазындаі қараашаның қанқылдайсың.
Болсаң да өзің жасарлы, кеуілің бай,
Жүйрітей жүзден озған қарқылдайсың...*

«Жарылған жалған дүние жар басындаі» өлецинде ақын откінші өмірдің сұлбасын, сұық өлімнің беталысын сөз суретке асқан шебер тәсілдермен тартқан.

*Жарылған жалған дүние жасар басындаі,
Сырқылдақ сарттың өмір арбасындаі.
Кетемін құлаганды құдыққа алып,
Ағысты ажсал дария арнасындаі.*

*Мұның ұлы гибраты бар әуелден,
Сенен бұрын жасасағаның бері өлген.*

ҚӨДЕК БАЙШЫҒАНҰЛЫ

... Қанша берік бекет, орда, қаланы,
Жермен-жексен етіп ажат табады!

Қанша шаһар, қанишама бау жайнаған,
Қалған қурап, багын өлім байлаған.
(«Құтты білік»)

Тұрмагамбет туындыларында «Құтты біліктегі» ғасырлардың көктеп өтіп келе жатқан құнарлы ой кеңістігі қайта бір жаңғырып, қанынды қыздырып, жаңынды қозғап, қуат құйып, құт қонақтатып тағы бір түлейді, тулаған тіршіліктің тынысын сезінген, ақиқаттың жөнін жеткізіп қеудені жаулайды. Тұрмагамбет ақынның жан оты болып жанады.

«Тұымды ер туралықпен билейді ұлтын» толғауында «Құтты біліктің» қағидалары кейінгі ұрпақтың келер күніне алаңдаулы ақынның жан-жаратылысымен тағы да астасып кетеді.

Тұымды ер туралықпен билейді ұлтын,
Жібермес жсаман жолға пірлер мұритін.
Бұл күнде әhl ісламнан ықпал тайын,
Бай-дәүлет қашуга тұр беріп сыртын...

Осы толғаудағы қылымсыған қу дүниені малданып, ғапыл қалма деген ой желисі де, Алладан үміт ету, кімді алмаған, кімнің мысын баспаған опасыз жалған дегендегі ой-желілер, сабыр құйған токтамдар да кісілік кітабы – «Құтты біліктің» құнарлы негіздерімен маңыздана түскен ежелгі имандылық өріс, кісілік ұстанымдары.

Сыр бойы әдеби дәстүріндегі шығыстық, түркілік арқаудың күні бүгінге шейін үзілмей жалғасып жеткен асыл өзегінде алмастай айшықты тілі, ортасынан ойып сөйлеген тұра бітімі дара Т.Ізтілеуұлының ардақты есімі қашан да алабөтен айрықша аталатыны даусыз. Тұрмагамбет туындыларындағы дін, ислам жайының да соғып жатқан толқынды жағалауының бірі – «Құтты білік» десек жөн.

ХХ ғасыр басындағы казақ әдебиетінің тарихында Қөдек Байшығанұлының алмастай жарқылдаған асыл сөзі күні бүгінге шейін бар мәнінде еленбей, ескерілмей келуі – өткен өмірдің ел тағдырындағы өшпес таңба, жазылmas жарасы.

Ақындық өнер жаратылыстан дарыған жүрттың жыр тұндығының бірі Қөдек ақын екенін енді біліп жатқан жай бар. Қөдек Байшығанұлының «Қайтейін, жалған дүние...» (Байшығанұлы К. Қайтейін, жалған дүние: өлеңдер, толғау, дастандар, жоқтаудауыстар. – Алматы: Тоғанай т., 2008. – 336 б.) жыр жинағын тау арасының таза самалын, көк шалғын, зенгір аспанын; дүниежаратылыс құндылығындағы адам баласының аңсар арман, ауыр мұнын, құштар көңілін сезіне түсіп оқып шықты.

Ғасырлар тоғызында қылыш заман құрсауында қалған халықтың болмыс-бітімін бар бояуымен ашып, барынша айқын баяндаған тау сүйндей ағынды өлең тартып ала жөнелді. Қолымызға енді тиген бұл жинақ Қөдек ақынның өлең өрге сүйрекен ғазиз жанының құпия, қалтарысын қалдырмай ашты. Толғау, арина, дастан, дауыс айтыш жоқтау... Осының барлығы ен жайлаудың еркін жүрген елі бастан кешкен тарихи қасірет күйі. Беті қайтып, бағы тайып, «екі ортада шыбын өледі» жансауға күй кешкен атала жүрттың батырлары мен бағландағы жайлыш таусылмайтын сыр, сарқылмайтын мұн. Жүрек сұырар ауыр ақиқат.

Қай-қайдағыны қозғаған өлең өз-өзінен ағылып-төгіліп, құйылып келіп жатқандай өзгеше шеберлікпен өрліпті.

Қазақтың кеудесін басқан ауыр тарихтың, он алтыншы жылдың қаны сорғалаған көп шындығын әуелде Қөдек ақын айтқан екен. Азаматтық тарихымыздың азалы беттері аз емес, ал он алтынның тұтас елді жайлаған ауыртпалығының, әсіресе, Қарқара көтерілісінің ашуы кеудеден кетпес кек болып қатқаны өз алдына бір тарих.

«Қылы заманды» жазған ұлы М.Әуезовтің Қөдек ақынның он алтынның оқиғасы бастан-аяқ суырылған ақиқатпен жырланған дастандарынан кейін шириға түсіп, шымырқануы бек мүмкін. Қөдек дастандарындағы азатшылдық рух, елдіктің ірі ұғымдары бүгінде де кеуденді кеңістікке тартады, жаңынды жалынмен

орайды. Көдек өлеңінің асыл өзегі – тұтас түскен елдіктің сөзі. Қазақ ұғымында туған ел, туған жерден қымбат дүние жок.

Кең байтақ елдің тұтасып жатқан бір аймағындағы тағдыры аяусыз топаланға түсірген сол бір жиырмасыншы ғасыр басындағы ауыр күндердің ғастан-кестен оқиғаларын жан ауырардай шындықтың сезімен ашу – кемел көркемдіктің, айрықша дарыған ақылдың, куаттың еншісі.

Көдек ақын аса биік ұғымдарды аскактаپ, аспандап айтпайды, сырғыта баяу баяндан отырып-ак тіршілік түйінін шешер туратоқтамдарға бастайды.

«16 жыл туралы» дастанында ақын елді бүлікке салған зобалаңның жайын әріден қозғап, нақтылы адам, оқиға арасымен өрбітіпті.

Көдек ақын XX ғасыр басындағы көз көрген оқиғалардың жайжапсарын баяндаудың кейінгіге өткен күннің жан жарасы жайлыш көркем шежіреғана емес, тарихи дерек те қалдырып кеткен екен.

*Зар болды, зар болды гой қайран елім,
Каз болып жұзіп жүрген шалқар көлім.
Жалғыз атпен жүргенді байлық көрген,
Басылды-ау су сепкендей менің желім...*

*Қырылды Қарақолдың түрмесінді,
Басшысы Жәменеке, Ұзақ кеменгерім.
Далаңда көр-кебінсіз бекер қалды
Маңдайын күн шалмаган өңкей ерім.
Әйтегір түбін берсін, біздің албан,
Айырылып жақсылардан сынды белің...*

Ақын осыдан кейін азып-тозып Қытай ауып кеткен жұртының көз көрген жайын баяндайды. Ондағы күн де күн емес. Сол жылдары бір соғып, қайта елге келген Көдек ақын отызыншы жылында қайта кетіп, ол жақта көз жұмғанының өзі тағы бір ауыр тарих. Бір адамның тағдыры тәлкегі емес, тұтас бір елдің басына дүркін-дүркін төніп, қоюлана түсіп, бір ашылмай қойған заманың зары.

Қытай кеткен ел жолда қалмаққа бір тоналса, елім деп келген жұртының «кісі» болғандары онан әрі жүлмалады. Жат елдің

тышқанынан да жаулық көргені «Тышқан» атты өлеңінде ақынның мықылмен өргені тағы бар.

Қытай барған елдің күйі – бастан тайған бактың өзі ақын үшін.

*Біреулер кісі малын багып жатыр,
Біреулер арық-тоган қазып жатыр.
Біреулер қол өнерін кәсіп қылып,
Әйтегір жармақ ақша тауып жатыр.
Үстіне жасапсыруға дәнене жеке,
Табылғанын аузына қагып жатыр...*

Ақын таусылып, сарқылып қалғандай жандалбаса күйге бір батып, іргелі еліне деген ынтық жүрек лұпілдең қайта согар сәттерін жырына арқалатып жағалауға шығады.

*Біздің жұрт бұрынғыдай болар ма екен,
Бәрі кеп Қарқараға қонар ма екен?
... Ат сұлу, айғыр көркем жасалыменен,
Бай – шешен, батыр – көсем малыменен.
ТАР жерде жат жарылқамас, өз өлтірмес,
Әркімді алсын құдай ұрығымен...*

Ақынның жан қайғысы, жүрек кеселі – елінің тұтастығы. «Үркін», «Ел аралау» дастандарында да он алтының, онан кейінгі кәмпеске, ашаршылық жылдарының ауыр ақиқаты, жансауга ізделп кеткен елдің іргесі сөгіліп, аға бауырдан, ата баладан ажыраған ел тарихындағы үркіншілік жылдардың ауыр сыры колмен қойып, көзбен көрген дәлдікпен, нақтылы айқын суреті жадыдан өшпестей сезім әсерімен өлеңге құйылған.

16-ның жарлығы, мұнан кейінгі елдің дүмпүі, Ұзақ батырдың ұлықпен сөйлесуі – ұзақ сырдың басы.

*Ұзақ пенен Жәменеке,
Ел жақсысы бас болып,
Отыз екі би болып,
Елден кетті қоши болып.
Артында Албан тіледі,
Амандығын ат көлік.*

*Қызылқия бел асып,
Ауыл елі шет қалып.
Таудан асыт көрінбей,
Қарақолды бетке алып.
Айдауында солдаттың,
Мылтықтары оқталып,
Ел үмітін арқалап,
Кеміп еді аттанып.*

*... Ұлық сонда көрсетті,
Қарақолдың түрмесін.
Күндіз-түні көп солдат,
Күзетіп жүрген іргесін,
Алған беттен қайтпаған,
Ұзақтың жайын көргесін.
Көріп көзі жесті оның,
Еркімен бала бермесін.
Малын баққан қазақтың,
Айдауында жүрмесін.
Қылмыскермен балишайбек,
Деді: сен де біргесің...*

Дастанда бұдан әрі көтеріліс жайы, былайғы тарих баяндалып келіп, дүрліккен жүрттың Қытай аумақ күйі қозғалады.

*Тұрлықожса жиып ап,
Ел болмайсың Қытайга
«Қашуды Албан қой! – деді,
Қалмақтан дүре жегене,
Өз жерінде өл», – деді...*

Қытайға барған ел жайын Көдек ақын жүргегінің қаны саулап отырып жазған екен.

*... Шөлден қаңсып барған жүрт,
Баспанасыз шер кеуде.
Киер киім, тамақ жосқ,
Еңсесі түсті бір демде.*

*Сөйлемді деп сөкпе жүрт,
Талқан, ұнға қыз берді.
Он алтының соңында,
Өстіп түрмис өзгерді.
Беу, дүние, осындаі,
Босқындықты көз көрді...*

Мұнан әрі он жетінші жылда Тұрлықожаның елімді жиып алам деп жол кешкені баяндалады. Құлжага барып іс шешкен есіл ер елге келе бергенде ұзенгіге жағылған удан мерт болғаны бір ауыр азалы жай.

*Қас, Құнес, Текес, Шыргалак,
Ердің ісін ел білді.
Бәрін түгел аралан,
Ақылга елді қондірді.
Қалжат, Қорғас, Нарынқол
Шегарарадан өткізін,
Жеріне енді қондырды.
Айтып, айттай не керек,
Ақылы асып жөн білді.*

Осыған жалғасып он сегіздің әк пен қызыл, аласаныран шапқыны баяндалады.

*Қата келе жатқанда,
Жылаган бала жұбанып,
Ақыр заман келгендей,
Ақтар келді – бұл анық.*

Ақын дастанның осы тұсында байырғы жыр үрдісімен үдете баянрайды. Төгіліп түскен сөз кестесіне, оқиға қаншалық қою болғанымен, көз тастамай, өлеңнің сиқырына тұсаласың ара-тұра.

*Бір сөзден соң бір сөзге,
Ақын кетті демегін.
Қыздырмамен қызыл тіл,
Сауып кетті демегін.
Бұл да керек жүрттыма,*

*Тауып кетті демегін.
Дәнін ал да қажетті,
Сөздің таңда керегін.
Үрлеп таста жақпаса
Қабығы мен кебегін...
Алтыс күн атан болғанша,
Алты күн күт бураны.
Балактан үшқан су буркіт,
Талайга тиоді тырнағы...*

Дастан 1937 жылы, Көдек ақынның дүниеден озатын жылы шығарылған. Өмірдің аңысын да, тұщысын да аз татпаған ақын ақтық демі таусылғанша арман ғып өткен Қарқарасын жырлады, бел астынан басталып кетер, қолы жетпей, қапияда жоғалтқан ұлы елін аңсады...

Корғасын ойлар кеудесін басқан ауыр сәттерде, ақтық шақтарға шейін езегі талмас, өрісі кеңір келешек күндерге жететін ұлт ұрпағы үшін қуанды, соған жұбанды.

Ақын басына түскен жеке бас мұны, елдіктің іргесін шайқар іріткі құбылыстар «Ел аралau» дастанында өзгеше бір көркемдік, шеберлік тәсілдермен адам характерлері, ой қалтарыстары кейіптеу, суреттеудің жанды ірімдерімен өрістеген. Дүние тарылып, заман бұзылған ауыр күндер жақсыға сын болды. Қаламының бір қыры жатып атар мыскыл, аңы, ауыр әжүа болып келетін Көдек ақын осы дастанда көп құбылысқа аяусыз сез садағын тартқан. Өзін де пендешілік күйде алып, аштын тұстар – ақынның тағы бір шеберлік қыры, кіслік мұны.

*Мен едім – руым Албан, Көдек деген,
Откенде шекарадан жүдеп келгем.
Жерім жоқ жасыратын, дәл расым,
Қарқара, Шәлкөдені жерлеп келгем...*

«Елге хат» дастаны – елін сағыну, елімен мәңгі қоштасу. Кешегі кең сайран күндерді аңсау. Өзекті өртеген өкініш.

*Сонымен кеңес елі артта қалды,
Тұратын кембагалға жсаны ашып-ай,*

*Қайдагы нашарларды жып алып,
Іс қылган халықпенен санастып-ай!
Бұл жаққа жаламенен отіп кеттім,
Табылмай тұра би мен жсан ашыр-ай!*

Көргені мен білгенінің анық шынын, аңы сырын ақын жаба тоқып, жасырмак емес. Қылы тарих, қын тағдырын еліне сәлем етіп айтып отырған ақынның үшар канаты сынық, жаны жаралы. Кетер кеткенінше көңілі құлай алмаған жат тірлік Көдек ақынның жүрегін қалай сұлтса, бүтінде де біздің жүректі белгісіз бір ызғар қарып өтті. Ұлтының іргесі сөгіліп, тоз-тоз болып кеткен ауыр бір күндерін, жадымыздың да, жана мыздың да жарақатын жайлап жазып жатқан ендігі тағдырымыз баянды болғай дейсін бір түрлі үркек ойлар қаумалап.

*Кең қолтық қытай шапан киеді екен,
Төрт ел барқыт салып жағасына-ай.
Көкесі қансорғыштың осында екен,
Жабысқан Сарытаудың сонасында.
Семірген жсуан қарын толып жастыр,
Серкениң мес қып соған шанашиңдай.*

*... Ұялы балды ормандай рұлы елдер,
Көрмедин бір-бірінің қарасын-ай.
Сипаңдан қашқан байғұс қалтырайды,
Жылқының шыбын қонған жарасында.
Үй де жоқ, баспана жоқ, жүрген қашқын,
Қыстағы қалай шыдар борасынга-ай!
Суырша ін қазғандай кіріп алған,
Жаппасы үш сиырдың қорасында.
Томпиган тәбесінде топырагы,
Түзде өлген кантарбаның моласында.
Екі рет үркін көрген қайран елім,
Қорланды жсаны жасып, багы ашылмай.
Бір Алла тынышишылқ заман беріп,
Қоршаган қара бұлты тарасын-ай.
Ақкүдай жер мен көкті таңдал қонған,
Қазақтың түпкі тегі нақ осында!*

*Ішінде аз өмірдің тіршілік бар,
Жүріңдер бір-біріңе қарасып-ай.*

Ақын жаны сонау алыс, отыз жетіде қайырлы күндерге үміт жалғады.

*«Жарқырап толған айдай болған кезде,
Дарига-ай, қайта айналып кім көреді? –*

деп, камықкан жүргегін сеніммен суарды.

Көдек Байшығанұлы – XX ғасыр басындағы қазақ өлеңіне өзгеше нақтылық, өзгені қайталамайтын көркемдік өріс дарытқан дара ақындық тұлға.

Көдектің тауып айтқан, өңкей келісімнен тұратын, сынаптай сырғыған сұлу өрімдері түскен жырлары, өкінішке орай, кейінгіге тұтас күйде жетпегенге ұқсайды. Ақын мұрасын зерттеушілер осы жөнде айқындайтын дүниелер баршылық.

Тұпнұсқалық жөнін, ауызша таралып, сакталу, жазбаша нұсқалардың жайын қалың оқырман көшпілік әзірге біле бермейді. Ақынның ұзак толғау, дастандарының шырайын кіргізіп, шұрайын келтіріп тұрған кестелі оралымдар – Көдек Байшығанұлының жаратылыстан дарыған зор ақындық қуатының айнымас айғағы.

Сөзбен салған суретке адам болмысы да, табиғат тылсымы да, оқиға-әрекет, құбылыстың жайы да тартылар сэттер аз емес оның поэзиясында.

*«Ебімен қанат жайған қарлығаштай,
Бұралып отырғаны жсан қалқаның»,
«Дер кезі уағында өткізетін,
Өлең сөз – саудагердің тауарысың»,
«Түйедей ауып жатқан шаңырақ»,
«Дүние толқып барып, бір басылды»,
«Әр сиязда сойлеген ерді көрдім,
Секілді қыран құстай қабақтанып»,
«Толқыған көл жүзіндегі заманың бар,
Іркіліп бір жағына аугалы жсур»,
«Сабырлы сара туган сабаз еді»;*

*Зауыттың алтын соққан балғасындаі»,
«Тыңдауышының қалды ойында,*

Тайга тамға басқандай.

*Өстіп қазақ сөз қалдыrap,
Жазып-сызып актармай.*

*Қазақтагы бұл қасиет,
Куанышым мақтандай».*

«Бұрынғы берекенің бар кезінде,

Халықтың қабыргасы жасық өткен.

Тозғаны-ай, қайран елдің бір-ақ жылда,

Шөбіндей теріскеidің қары кеткен».

Ақын дәстүрлі, не жақсы, не жаманның жайынан да көп ой қозғайды. Жақсы әйел туралы, жастарға кенес салған, елдікті, бірлікті уағыздаған өлендерінде ақын арғы бастаулардың қорғаны, ендігі күндылықтардың бағбаны.

Шіркін-ай, жақсы әйелді табу қыын,

Салады жаман әйел ойға түйін.

Бақ, дәулет бұлт секілді бір көшпелі,

Жақсы жар өмірдегі қымбат сыйың...

Көдек ақынның «Торжорға» атты өлеңі – қазақ поэзиясының антологиясынан орын алуға лайықты бір туындысы. Мұнда аттың сыны осы мәндес өлең үлгісінің қай-қайсысымен де деңгейлес ашилады.

Торжорға құлжас мойын, бұйра жалды,

Кең кеуде, қабыргалы, бура санды.

Алдына сөтке күнде жар салмайды,

Жел, сағым, шаңға оралып кейін қалды.

Айдыны кең сермеген адымында,

Желмая жерді тартқан бауырына.

Құйылып, ағып толқып зулаганда,

Жұмыртқа тоқтагандай сауырына...

«Бесік жыры» толғауында ақынның балага арнап айттар сөздің сипатын жанр аясында өзгеше шебер, көркемдік үлгімен ашқанын, тапқанын көрдік.

Көл-аяғың таңулы,
Дей алмайсың талпынам!
Осындаи боп есейген,
Өмірдегі жалты жсан.
Шешіп алса боларсың,
Жауқазындаи аршыған...

Көдек өзінің ақындық өнерінің құнын:
Өлең деген халық сөзі,
Өрнектеген, зерлеген.
Сол өрнектің не түрі бар,
Айтып берем, көр менен, –

деп бастап, әрі қарай өмір құбылыстарын, жақсы-жаманды тізіп келіп:

Осыларды қаз-қалпында көрсетем,
Тартқан сурет сияқтанған бейнемен.
Көпке жаққан, елге мақтап өлеңім,
Жалыны бар жылдар бойы сөнбекен, –
деп білдіріпти.

Тағы бір тұста ақын: «Шешеннен тіл, шеберден өнер қалар, Дүние кімнен аттап жөнелмеген?», – дейді. Жалыны сөнбекен өлеңі, шешен тілі кейінгі ұрпағымен араға ондаған жылдар салып барып табысып отырған Көдек Байшығанұлының ақындық мұрасы қазақ әдебиеті тарихының айтулы бір кезеңі – XX ғасыр басындағы әдебиеттің ауқымындағы айналымға тартылып, көркемдік бағыттары айқындалатын күн туды. XX ғасыр басындағы қазақ өлеңінің ерісін Көдек Байшығанұлының поэзиясын қамтыймай ашудың ендігі ретте қисыны жоқ. PS. Көдектің бала кезінде Бөлтірік ақын «дауылды, ак түйғын ақын болғалы түр екен» деп бата берген екен. Өз дәүірінің күрделі саяси-әлеуметтік тарихын ежет өлеңге құйған дарын қазақта көп емес...

«ШОЛПАН» ЖУРНАЛЫНДАҒЫ ӘДЕБИЕТ МӘСЕЛЕЛЕРИ ЖӘНЕ МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВТЫҢ «БАТЫР БАЯН» ПОЭМАСЫ

Ташкентте 1922 жылдың қыркүйек айынан бастап шығып, аз ғана уақыттың ішінде ұлт тарихында мәнді еңбек жасаған «Шолпан» журналының 2, 3 санында М.Әуезовтің «Қазактағы қалам қайраткерлеріне» атты ашық хаты жарияланады.

М.Әуезов XX ғасыр басындағы саяси-рухани ахуал шындығында ой қозғап отырып, баспасөз бен көркем әдебиеттің тәрбиелік мәніне арнайы мән беріп сейлейді.

«Әдебиеттің бір сүйенетін діңгегі газет-журнал екенін, бұл күнде жүртттың бәрі де үккән. Даусыз хақиқат екеніне бәріміз де мойындаймыз. Газет-журнал жалпы әдебиетпен қосылған жерде елдің қисығын түзейтін, тез-терісін көрсететін айна, ойы менен көңілін білім жарығына қарай айдайтын, айдаушы екенін де тегіс үғамыз.

Бірақ, қазақтың баспасөзі шыға бастағанына бірталай заман болса да, дәл әлгі айтылған тәрбиешінің міндеттін атқарып, елдің бетімен рухын өзі ұғып, өзінің бетімен рухын елге үнемі ұғымды қылыш, тұзу жолмен аумай жүріп отырған, газет-журнал көп болды деп айта алмаймыз. Бұл сынды кетеретін толымды жалғыз газет «Қазак» еді. Оның өмірі ұзын болған жоқ. Одан кейінгі шыққан газет-журнал болса, көбінесе бір қалыпта тұра алған жоқ. Не басындағы адам ауысады, көбінің өмірі тіпті болымсыз, қысқа болады. Сонымен, тәуір сөздің қадірін ұғып, құлагын түріп қалған қазақ бәрінен де қана жұта алмай, әдебиеттің тәуір бүйімдарын көкsep отыр».

М.Әуезов бұл ойларды XX ғасырдың 20 жылдарындағы аласапыран заманда жазып отыр. Әуезовке дәл осы тұста көптеп шығып жатқан басылымдардың бағыты ұнамайтынын айқын жеткізген бұл ашық хат, бір мәнде, сол тұстағы баспасөздің бағыты қандай болуы керектігін қозғаумен ғана емес, ұлтам деп егілген үлкен жүректің кеңестік саясатқа іші бұрмай тұрғанын, қазақ үшін ұранды, ұғынықсыз саясат сөзінен де гөрі ел әдебиетімен тамырласып жатқан көркем сөздің көбірек қажет екенін аңлатады. М.Әуезов соңғы бір-екі жыл ішінде баспасөз күшіне түсті, бірақ

калың қазактың тілегіне келгенде сапасыз сөз көп деп, тоқ етерін айтады.

«Өте көп, өте қын жаңа сөздер сейленіп жатыр. Солардың әдебиет арқылы бірде-бірі, қазактың миына кең, рухына сінді ме? Сіңген жоқ. Себебі, бұл сөздер сүйкіткіш қылып отыр. Елдің қышулы жерін тауып, өзінің керек боларлық орнын білмегендіктен, оқушыны таба алмай отыр.

Сондыктан, біздің осы құнгі баспасөзімізден арзан сөз жоқ».

М.Әуезов елді сөз қадірін білмейтін надан деп сөгу орынсыз, әрбір жазушы өзіне лайыкты окушы табуы керек дейді. Әдебиет, жазушы ел нені көксерді, неге қызығады, қандай рухта жазу дегенді ескеріп отыруға, соған лайықтап сөз жазуға тиіс екендігін ескертеді.

Сол дәуірдің байқалып отырган бір құбылысы – қаладағысы бар, даладағысы бар ел таза әдебиеттің бұйымдарына ынтымып отыр.

М.Әуезов қазактың ежелден сөз қадірін білген, жақсы сөзге, жағымды сөзге жуық қаладағысы екендігін ескергенде, шығып жатқан газеттер бос есек-аяң, мактантәйлік дүниелерді тыюға тиіс, олай болмағанда әдебиет бөлімі бар журналдар ел тілегіне сай таза әдебиет ауданындағы сөз жазсын, жас жазушыларға осы міндеттесін деген талап қояды.

М.Әуезов қазак әдебиетінің ендігі дәуірдің өмір айнасы болып қалыптасуы үшін де көп мәселенің міндетті екенін айтудың сол кезеңдегі әдеби даму, оның жан-жақты жанрлық түзілісі туралы да нақтылы көркемдік талаптарды күн тәртібіне қойған.

«Шолпан» журналы ауқымды рухани шараны, әдеби дамудың бағыттарын қалыптастыру жолындағы тарихи міндетті қысқа уақыт қана шығып тұрғандығына қарамастан, мейлінше нақтылы мәнде жүзеге асыру ісінде озық үлгіге жол ашты.

М.Әуезов Басқарма атынан жазылған аталған ашық хатында: «Шолпанның бетінде, осы айтылған сөздерді іске асырамыз ба? деген үмітпен басқарма, журналдың ілім һәм әдебиет бөлімдеріне лайыкты мақалаларды жіберіп тұруын қазак жазушыларынан сұрайды», – деп «Шолпанның» зор міндетке тәуекел жасағанын, бұл бағытты ойластырылған үлкен жұмыс тұрғанын құлаққағыс етіп еді, «Шолпан» бір жылға жуық шығып тұрған уақытында қазак әдебиетінің

XX ғасырдағы даму өрісіне негіз салған елеулі-елеулі көркем туындылардың жазылып, елмен қауышына үйіткі болды.

Журнал бетінде қалық әдебиеті үлгілері, әдебиет тарихы мәселелерін қозғаған зерттеу-мақалалар, Шәкәрім Құдайбердіұлының «Ләйлі-Мәжнүн» дастаны, Мұхтар Әуезовтің «Қыр суреттері», «Қазақ әдебиетінің қазіргі дәуірі (тарихи-әдеби сын)», «Оқыған азамат», «Сыбаның моласында», Текшениң бауырында», «Заман еркесі» (роман) (аяқталмаған – К.М.), М.Жұмабаевтың «Коркыт», «Батыр Баян», «Шолпанның құнәсі», С.Сейфуллининің «Азия», тағы да басқа қаламгерлердің шығармалары жарық көрді.

«Шолпанның» бастамашылдығымен жазба әдебиет жанрларының қалыптасып, даму бағытында тарихи еңбек жасалды.

Әдебиет қандай болуы керек дейтін мәселені қаузап отыруда, көркемдік таным, талғам түзуде әдебиет тарихын саралаған, қазак әдебиетінің дамуындағы жаңа тарихи кезеңнің ерекшеліктерін ескере отырып ой-тоқтамдар айтқан М.Әуезовтің пайымдауларының елеулі мәні болды.

М.Әуезов қазак сөз өнерінің асыл мол үлгілері бола тұра, жазба әдебиеттің бағыты анықтала коймағандығы түрғысында «Қазақ әдебиетінің қазіргі дәуірі» (тарихи-әдеби сын) мақаласында қадау-қадау ой айтады.

Алдымен, ауызша әдебиеттегі жазба әдебиетке бергісіз көркемдік келісім, кестелі қысындарға тоқталып өттіді тарихи парыз тұтқанын көреміз.

«Сөзінен туатын мағынасы, ішіндегі қайратты рухы, сыртындағы кестесі мен келісімі, өзін еріксіз елткендей болады. «Біз есқі әдебиетімізді сүйеміз, суюміз дәлелсіз емес. Құрметтейміз... Құрметіміз есіз емес. Себебі: әдебиетімізде өзге көп жүрттың ауызша әдебиетінде жоқ нәрселер табылып отыр. Ауызша әдебиет, бір заманда тәртіпті жазба әдебиеттің қызметін атқарғандығы білініп отыр. Сол міндеттің оқығандықтан ауызша әдебиет өз өрісін кеңейтіп әкеткенін көріп отырмыз. Сол есқі сөздің ішіндегі есқі қазак өмірінің әрбір дәуірі, әрбір мезгілі және әрбір жеке-жеке суреттері де айтылған. Мұның үстінен, жазба әдебиетте класикалық шығармаларда кездесетін үлгілі мінездер, типтер ел ішіндегі айрықша таптардың өзгеше психологиясы да дәл айтылған жерлер бар».

М.Әуезов халық әдебиеті үлгілеріндегі әдеби типтер, дене қайратынан жан қайратын жоғары қойған батырлар, әдебиеттің ұлттық сипаты, шебер баяндаулар мен суреттеулер туралы тебірене, толқып отырып ой төккен.

Қазақ поэзиясының қамтымаған өмір суреті, дүние күбылысы жоқ дейді автор. Сөздің ел бірлігін ұстаудағы қуат күші, ой козғаушы, бастамашыл маңызы, жалпақ жұртты ұйытқан сыйқырысыры, сез қадірін білген хан мен қара бітімі, қазақ рухына анық сінген ақындық мінез туралы толғанады.

«Шолпан» журналының қазақ қайраткерлері айрықша мән берген әдеби істі ілгерілетудегі жойқын еңбегінің бағдарламасы сынды осы бір тарихи әдеби сын аталған саралауда өткен тарихтың ақыратын айтып отырған сез өнеріндегі әдеби дәстүр мәсеселесі де сол XX ғасыр басындағы қалыптасқан келе жатқан қазақ әдебиеттану ғылыминың іргелі, мығым жайларының бірі болғанын аңғарамыз.

«Ол замандағы қазақтың өміріндегі кез келген қын асу, тар кезенде жорыққа аттанып, жасандын жаудың қарсысына бару болса, Абылайдың үлкен соғысының біріне бара жатып Керей ханы Бектің өзіне берген батасы мынау:

«Күрұлы мылтық» жсолықтыр,
Құрсаулы жсауға жсолықтыр.
Ел сасқандай,
Етек басқандай...

Абылайдың сарт көтін ашқандай көлге жолықтыр» деген.

Бұл асau қанды батыр, тайғак кешу, тар жолды еліне енбек сініруді киял қылған елшіл аламан сезіз».

Әдебиеттегі іргелі дәстүрлердің жаңа дәуір поэзиясында ілгері озу үлгісін әдеби үдеріске батыл енгізген бірегей туынды – Мағжан Жұмабаевтың «Батыр Баян» поэмасы.

Қазақ поэзиясының тарихи қажеттіліктен өрістеген айтуы басым дәуірлері болды.

М. Жұмабайұлы – замандастарын елең еткізіп, жаңашылдықтың үлгісін оздырған ірі ақын.

Мағжан XX ғасыр басында қазақ өлецине дүние күбылыстарының барлығын асқан шеберлікпен, батыл ақындық

алыммен алып келген суреткөр. Ол жылаған жер, жердің тас жүргегін жібітердей қайғылы хал, еркелеген көл, ойға шомған тау, шулаған орман образын қоса отырып, тарихи шындық, елдік пен ерлік дәстүрі, батырлар бейнесі, Баян батырдың басынан өткен курделі, шиеленісті өмір ахуалы, еліне деген сезімі жеке бас пендешіліктен биқ тұрган қалмак қызы Толқыншащ, анғал да албырт Ноян боямасыз шынайы, суретпен өрілген «Батыр Баян» поэмасын осы «Шолпан» журналының бетінде жарияладап, халқына табысады.

«Батыр Баян» – әлемдік дengейдегі озық поэзиялық туынды. Поэма жанрының қазақ әдебиетінде өзіне шейін тумаған озық үлгісі.

Мағжан бұл шығармасында ақындық өрісінің аумағын тұтас ашқандай. Мағжанның ақындық тілінде қазақ өлең сезінде бұрын-сонды ұшыраспайтын айшықтар алабетен мол болып келіп отыратындығы белгілі. Осы поэмада да сұлулық төгілген, тосыннан табылған айшықты сұнғыла сез сәт сайын көз арбаң, көңілге күй косады. Жалт қаратқандай тапқыр тіркестер жүрек тұсаулайды.

Шығармада батырлар елінің, ел басқарған хан Абылайдың, Баян сынды жеке тұлғаның, тұған жердің тау, тас, бұйра сыпсың карағай орманының, кісі күйін айтқызбай сезінетін дала желінің өмір ақыратымен астасып кеткен жанды, жансыз бейнелері сомдалған.

Ә дегенде, дәстүрлі жырлар сарынымен баяулау баяндалып басталған поэма ширықкан сезім арпалысына, жау қайтарған батырлық әрекет-қимылға толы.

Кезекті жорық алдында біртүрлі ой буган Абылай Баян батырды іздейді, күтеді.

«Жау» десе жатпайтын Баян жоқ. Ақын Мағжан ұрыс сәттерін, батыр болмысын дәстүр жаңғырта, батырлық эпостағы суға батпайтын, отқа күймейтін ерен, ерекше күш иесі етіп бейнелеу тәсілдерінен нақтылы тұлғаның даралық сипатын дарытып, мейлінше нанымды, әсерлі, шыншыл суреттер жасайды. Баянды Мағжанның, ә дегенде, таныстыруы Абылай ханының бағасымен басталады. Баян батырды енді ақынның өзі «іздей» бастайды. Баян батыр бейнесі осы тұста тұлғаланып, көтеріліп, басқага да таныла түседі.

*Жас Баян жсауды талай көрмеп не еди,
Сорғалап сұңқардайын төнбеп не еди,
Майданда жолбарыстай жсалғыз ойнап,
Сан қолга аш бөрідей кірмеп не еди?!*
*Жебесі көбे бұзып, жүректі үзбей,
Найзасын, сірә, шалғай сермеп не еди?
Бірін айт, бәрін айт та, басқа батыр
Баяндай «алашым!» - деп еңіреп не еди?*

Қалмақтың қайсар қызы Толқынша什 бейнесі – ерекше нағымды. Толқыншаштың бойындағы отансүйгіштік қасиетін «сұм сұлу» деп отырганымен, әсершіл, сұлулыққа ынтық Мағжан, әмірге ғашық Мағжан жас махаббатты сезім үшін асып-төгіп, мәлдірете жырлайды. «Жұлдыздай еркелеген сөнбей-жанбай». Толқынша什 аруға Баян ғашық. Оған Нояң да ғашық.

*Жастықта жсалынданып сүйген қандай?
Баладай өксіп жылат, күйген қандай!
Көрмесең жсан-жарыңды өлгендей бол,
Қайғырып көлден кебін киген қандай!
Кеудене жсан кірмей ме козің шалса,
Өмірің жсаңа ағарып атқан таңдай.
Кеуденді қасиетті сәуле кернеп,
Жүргегің сол минутта жарылғандай.
Не дерсің салпаңқұлақ есектерге
Өзіздей өмір сүрген күймей-жсанбай!*

Нояң мен қалмақ қыздың қашып кеткенін естіген сәттегі Баянның күйін ішкі ширығу, адам сезімінің ақылды жалп етіп сөнген шамдай өшіріп кете беретін ашулы сәті ғажап бір серпінмен, жарқ еткен сәттің екпінді, жылдам қуатымен соншалық табиғи көрінісімен көкейге қонақтайды.

Шебер, тәсілшіл Жолдызектің тарихына сәл шегініс жасап, әлі болмаған оқиғаны алдын ала хабарлап, Шалды қапаға түсіріп қояды.

Өмір қасіретін тарихтың қойнауынан алып шығып, Баян батырдың ішкі дүние арпалысын сұңғыла зердемен кадагалаған ақын күйікке күйген батырдың шарасыз халін «әшкерелеуде» әдеби

шығармада оңай тізгіндептейтін психологиялық шытырманға алып барады.

Баян батыр ойда жоқта болған сұмдықты Алаш үшін істедім дегісі келеді. Бірақ Ақиқат айғайлап, шындықты қорғап шырылдан, батырды Ар сотымен азаптап, тынатын емес.

*Дарига, жұбанамын, жесел ойменен,
Тартпадым сұм садақты бұл ойменен.
Тандыреған мені есімнен ғашықтық қой,
Бір тынбай сүр жыландаі жаным жеген.*

«Батыр Баян» – есте жоқ ерте күндердің поэзия нұрымен жан иіріп, тірілген тарихи бітімі. Шындық шежіресі.

Поэмада оқиға желісі, құрылымдық жүйе, образдар жоғары, сыршылдық пернелері жан-қүйін жеткізу алабетен ақындық қуатпен шешім тапқан.

Қазақ сөзін Мағжан ақын жалт-жұлт сәнімен, құбылып ойнаған нұр шуағымен, ой бұзған от қуатымен бұзбай, бұлдірмей үқсатып жұмсайды.

Поэмада ақынның ғұмыр кешіп отырган дәүірінің сұық сұлбасы сезіліп тұрады. Мағжан заманның бұзылған райынан қауіп етеді.

«Батыр Баянды» Мағжан Жұмабайұлы елдік пен ерлік, ерте күннің баянды тіршілігі, келешек заманға илана алмаған сарсан бір күй тыншу бермей жазғаны анық.

«ХХ ғасырдағы қазақ әдебиеті» (1932) еңбегінде Батыр Баянға баға берген С.Мұқанов шығарманың көркемдігі туралы мейлінше әділ сөз айтқан еді.

«Батыр Баянның» тілін алғанда, сөз жоқ, сырты өте көркем. Жайшылықта тілге шебер Мағжан, бар тіл әдемілігін Батыр Баянға құйған. Тіл әдемілігінің үстіне, ақын осы оқиғаны шын ынтасымен (переживание) жазғандықтан жан сезімінің көріністері (психологическое переживание) поэмада айтып отырган ішкі құбылысын билай қоя тұрып, сыртын, тақырыптық (тема) еркендеу желісін алғанда, поэма, сөз жоқ, қазақ әдебиетінен ірі орын алады».

Бастамашыл мәні елеулі «Шолпан» журналы «Батыр Баянның» қазақ әдебиеті тарихындағы баянды ғұмырының да басында болды.

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ ТАРИХЫНДАҒЫ ЗАР ЗАМАН АҒЫМЫНЫҢ М.ӘУЕЗОВ ЗЕРТТЕУЛЕРИНДЕ АЙҚЫНДАЛУЫ

Әдебиет тарихы мәселелерінде күні бүгінге шейін белгілі бір әдеби ағым, оның теориялық, саяси-әлеуметтік сипаттары жайлы даралап айткан зерттеу көп емес. Сол негізде келгенде М.Әуезовтің 1927 жылғы «Әдебиет тарихы» окулығына енген «Зар заман ақындары» атты зерттеуі күні бүгін құнын жоймаған, жылдардың көшінде, саясат желінің етінде жоғалтқандарымызды табуға тірек болатын, мәні зор еңбек. М.Әуезов зар заман ақынны кім, дәүірі қандай еді, көтерген мәселесі не болды дегенді нақты айтады.

«Зар заман» деген бағыт неден басталып, немен бітті? Ақындары кім? Бұрынғы өлеңдерден басқалар жаңалығы бар ма? Кейінгі заманға қандай сарқыт қалдырды? Онан соң әдебиетте бұл дәүір қандай орын алады (М.Әуезов «Әдебиет тарихы», «Ана тілі», 1991, 1993-бет).

Зар заман ағымына қатысты тұжырым-тоқтамында М.Әуезов Шортанбай ақынның атын бірнеше жерде бөліп атайды. Оның себебі тек ақынның «Зар заман» атты толғауының атауындаған болмаса керек.

«Зар заман» деген – XIX ғасырда өмір сүрген Шортанбай ақынның заман халін айтқан бір өлеңінің аты. Шортанбайдың өлеңі ілгері, соңғы ақындардың барлық күй, сарының бір араға тұтастырғандай жиынды елең болғандықтан, бүкіл бір дәуірде бір сарынмен өлең айтқан ақындардың барлығына «Зар заман» ақындары деген ат қойдық» (М.Әуезов «Әдебиет тарихы», «Ана тілі», 1991, 192-бет) дегені Шортанбайдың бұл әдебиеттегі орны ерекше екенін негіздейді.

М.Әуезов «Зар заман» ақындары деген терминге бірнеше теориялық тұжырымды негіз етеді. Айрықша нащар аударар бір түйін: «...Зар заман ақындарынан бастап біздің әдебиет екінші жікке қарай ауысады. Бұдан бұрын қарастырған әдебиет жұрнақтарының барлығы ауызша әдебиет десек, мыналарды жазба әдебиеттің басы деу керек» (Сонда, 193-бет) – деген ғылыми жаңалығы айқын ой.

М.Әуезов жүйелеуіндегі «Зар заман әдеби ағымы» мынадай мәселелерді ажыратудан барып айғақталады:

1. Зар заман ақындары деп кімді атайды?
2. Бұл дәүірдің алғашқы ақындары кімдер?
3. Барлығының басын қосатын күй қайсы?
4. Көпшілігі қандай жайды тақырып еткен, нені толғаған?

Біздің зар заман ақындары дегендеге, жалпы қазақтың атам заманнан бергі өмір тарихындағы зарды емес, дәл осы М.Әуезов атап беріп отырған, орыс пен арадағы саяси ахуалға байланысты туган мұн мен зарды нысанада ұстауымыз кажет. Отаршылдық саясаттың зарданшары мен максаттары саяси жүйе ретінде, тарихтың белгілі бір беті ретінде көрінген тұсты бар сипат – өзгешелігімен тұтас қабылдан, оның әдебиетке түскен көленкесін нақты сейлеу кажет.

«Зар заман ақындарының көпшілігі XIX ғасырдың орда көзінен бері қарай Исатай, Махамбет, Кенесарылар қозғалысының артынан шығады. Калың қазақтың үйқысын шайқап шыққандай болып, орта жүзді, кіші жүзді түгел ояткан Исатай, Кенесары қозғалыстары қайғылы халмен біткен соң, елдің тауы шағылып, иығы түскен, бұрын болымсыз болса барлығы да жаңағы ерлердің жолсыз жорығынан соң суалып біткендей болады. Сондықтан XIX ғасырдың орта көзінен кейін зар заман күйі қалың елге түгел танылады» (М.Әуезов «Әдебиет тарихы», «Ана тілі», 1991, 195-бет).

Әуезовтің алабөтен айрып айтуынша, зар заманының зары орыс отаршылдарының келе бастауынан басталған зар, мұнған соң емес, яғни Ресейге бодан бола салып зар еніреу (ғана) емес. М.Әуезов зар заман әдебиетін айқындаған берген көп себеп үміттің үзіліп, «жолсыз жорықтың» жеңіліспен аяқталып Кенесары мен Исатай-Махамбет өлтіргеннен кейінгі халді баса айтады. Қазақтың ілгерідегі ахуалы осындағы сүмдүкты сезінген күйде болғанын, ақыры соның болып тынғанын ұғындырады. Қазіргі таным-түсінік, тарихқа баға, көзқарас деңгейінен келгенде бұл түсіндірuler, талдаулар белгілі жайлар болып көрінуі де мүмкін. Бірақ қазақ әдебиеттіндегі зар заман ағымын негіздеу максатында талданған тарихтың, оның әдебиеттегі ізінің түп негіздерін бекіте тұсу үшін қарастырғанда – ол пікірлер өз күшінде.

Патша үкіметінің отаршылдық саясаты жайлы жиырмасынышы жылдары Х.Досмұхамедұлы да батыл, ашық айтты. Исатай-Махамбет бастаған ұлт-азаттық көтерілістің (шаруалар көтерілісін

емес – К.М) себептеріне аса қырағы саяси бағаны сол кезде Халел Досмұхамедұлы берген еді.

«Он сегізінші, он тоғызының ғасырдағы қазактың қозғалысының ең күштілері – Сырымдікі, Исадайдікі, Кенесарынікі. Үш қозғалыстың бас мақсаты – қазакты орыстың жәнгірлік құшағынан құтқару». (Досмұхамедұлы Х. Аламан. – Алматы: Ана тілі, 1991, 69-бет)

Х.Досмұхамедұлы «Қазактың халық әдебиеті» еңбегінде зар заман ағымы деп ала бөтен қарастырмаганымен, бостандыкты аңсаған әдебиет үлгілері жайлар айтады. Оның халық әдебиетінің мазмұны мен классификациясын жасаған тұстагы тұжырым-түйіндері мынадай: «Халық әдебиетінің тағы бір түріне болжал өлеңдер (предсказывательные песни) жатады.

Болжал әдебиеттің бұндай үмітсіз, зарлы сарын, әсіресе, XIX ғасырдың екінші жартысында – саяси бостандыктан үміт кесілгенде (Исадайдың, Кенесарының, т.б. көтерілістердің жаншылуы), қазақ жерін отарлау күшегендеге, ел жиі-жій жұтқа ұшырап, кедейленгенде күшіе тұсті (Сонда, 22-бет) дегендеге зар заман ағымына тән жайлар әңгіме болғанын байқаймыз.

«Халық поэзиясының тағы бір сокталы түрі – зар заман (скорбная поэзия) мен толғау. Бұл өлеңдерде салт-сананың бұзылуы жырланады, халық өмірінің көне әдет-тұрпы мен ескі салттарының құлдырауы, билер мен әкемдердің паракорлығы мен пәтуасыздығы, тұрмыс-тіршіліктің нашарлауы, мал санының азаюы мен халықтың жұтауы, жайылым-қоныстың тарылуы, қоныс аударушыларға шұрайлы жерлердің кесіліп берілуі, жердің тозуы, елдің азуы, аштық, т.т. сез болады: бүрінгі өмір мен ескі салт-дәстүрлер мадақталып, өзгерістерге зар айтылады» (Сонда, 23-бет) дегендегі мән жағынан зар заман ағымына жақындана беруге болатынын аңғарамыз.

Тарихшы ғалым Б.Сүлейменов зар заман әдебиеті туралы пікір сол процесс жүріп жаптқан кездің өзінде айтылғанын еске салады: «Ы.Алтынсариннің әдеби ағымға көзқарасын «Горе киргиз» деген өөлжазбасы топ-толық танытады. Бұл оның Түркістан қазактарының «Зар заман» туралы шығармаларына жасаған корытындысы еді. Ы.Алтынсариннің бұл берген бағасын өте орынды деп білемін. Мұнда ол «зар заман» әдеби ағымын патша үкіметінің отаршылдық саясаты, жұт, қоян жылдары деп аталатын

ашаршылық пен жалаңаштық көбейген кезең туғызды дейді. Бұл жерде Ы.Алтынсариннің «Зар заман» ағымының тууына патша үкіметінің отаршылдық саясаты себеп болды дегені дұрыс.

Ы.Алтынсарин «Зар заман» туралы жазбаган адам жок деп, оларды өз текстісінде келтіреді. («Әдеби мұра және оны оны зерттеу», КСГАБ, Алматы, 1961, 268-бет.)

XIX ғасырдың екенші жартысынан былай қарай қазак әдебиетінде қалыптасқан әдеби ағым түрі ретінде танылып, XX ғасырдың жыларының жылдарында өзіндік сипат, мазмұн, түр ерекшелігіне қарай екшеліп, тұжырымдалған әдебиет тарихындағы зар заман ағымы деген тұжырым сол қалыпта орнығып, әдеби мұраның мәнін ашуда негіз болып қала алған жок. Тұрлі саяси науқандардың тұсында шындығынан туған, халықтың касірет күйін жеткізген әдебиет деп танылған орасан зор мұрага «сары уайым, үмітсіз үгілген, жаңалықтан үріккен, «дәншәл» әдебиет деген мін тағылды, «зар» ұғымы басқа мағына ала бастады.

Професор Х.Сүйіншәлиев әдебиеттегі зар заман ағымы атауының жай-күйіне мынадай барлау жасайды: «ОЛарды түгел әдебиет таризынан шығарып тастағысы келмеген аға буын әдебиетшілер әр саққа жүргіртіп, өз ойларынан «зар заман» әдебиеті дәүірін шығарып та жүрді. Ресми баспа сындары бұл атауды да қабылдамады. Себебі, олардың ойынша, қазақ халқын Россия патшалығының отарлауы, жер-суын жаулап алғып, құғынға салуы – прогресс, Россияның келешегі оны актады. Сондықтан отаршылдық дәүірді «Зар заман» деп атау саяси кате түсінікті-міс» (Х.Сүйіншәлиев, «XIX ғасыр әдебиеті», 1991, 4-бет). Қазақ әдебиетіндегі сол бір айрықша көзге ұрып тұрған ағымның қылыштарына – зар заманың әдеби ағым ретінде таралуы мен танылуының ұзак жолына, қазақ әдебиетінің тарихын дәүірлеу мәселесімен, қазақ әдебиетінің өзіндік спецификасымен іштей байланысып жаткан біртұтас құбылыска тиянақты ғылыми барлаудың бастауын М.Әуезов еңбектерінен алатынымыз ақиқат.

М.Әуезов зар заман, отаршылдық дәүір әдебиетіндегі уақыт мерзімін іштей XVIII ғасырдың соны мен XIX ғасыр әдебиетіне жатқызды.

Зар заманды әдебиеттің тұтас бір дәүірі деп емес (ол дәүірде басқа ағым – сарын да болуы заңдылық – К.М.), қазақ әдебиетіндегі зар заман ағымы деп және оны тікелей орыс отаршылдығы тұрлі

саяси актілерді іске асыруды мақсат етіп, ақыры тындырып болған дәуір – отаршылдық дәуір аясындағы әдеби ағым, өзіндік өзгешелік, бөлекшелігі бар бағыт ретінде қарастыру: тіпті сол XIX ғік өзгешелік, бөлекшелігі бар бағыт ретінде қарастыру: тіпті сол XIX ғасырдың өзіндегі, XX ғасыр басындағы өзгеше бағыт, сарындармен араластырмай қажет. «Әдебиет тарихында» М.Әуезов қазак әдебиеті тарихын дәуірге бөлудің алғашқы айғақтарын жасап, әдебиетімізді халық ауыз әдебиеті және зар заман ақындары деген межелерге бөліп қарастырады. Зар заман әдебиеті жасаған дәуірді жұз жылдық дәуір деп бөледі.

«Әдебиет тарихы» оқулығының жүйесін сralай отырып, ғалым Мекемтас Мырзахметов әдебиет тарихындағы М.Әуезов бөлген жұз жылдық кезеңді отаршылдық дәуір әдебиеті (М.Мырзахметов «Отаршылдық дәуірдегі әдебиет», Жұлдыз, №7, 1993) деп атауды ұсынады: қазак әдебиеті тарихын дәуірлеуді қайта қарау мәселесін козғайды.

Расында да, әдебиет тарихын дәуірлеу мәселесі аяқталмаған процесс.

Зерттеушілер бұған түрлі қысынды, әдебиеттану ғылымының үшін аса құнды қорытындылар жасады.

Соңғы жылдарда әдебиет тарихына хронологиялық тәртіппен келіп, онан әрі әдеби ағым, бағыт, сарындарды орнықтыру, айғақтау процесін күшайте жүргізу тенденциясы бел алып келеді. Әйтпесе, килем сипатты, түрлі мазмұнды әдебиеттің аражігі I жартысы, II жартысы деген дәл шекпен бөліп тастауга көне ме?! Көнбейді. Ал белгілі бір ғасыр әдебиетіндегі ағым, арналарды ажырату, айқындау, орнықтыру жағын қарастыру көп мәселені шешіп алуға бастайтыны сөзсіз.

Мәселен, зар заман ағымы отаршылдық дәуір әдебиетінің бар сипатын бойына дарытқан бағыт деп қарауға болмайды, сол отаршылдық дәуірдегі аса айқын, ауқымды әдеби-саяси ағым ретінде алып қарастырғандаған өзіндік сырын ашары хақ. Отаршылдық дәуірдегі әдебиеттің өзі жанр жағынан, қоғамдық-әлеуметтік сипаты жағынан бірнеше тұжырыммен шектеуге келмейтін аса үлкен әдебиет. Мәселен, Абайдың поэзиясы тек зар заман ағымына теліп қоюға келмейтін ұланғайыр көркемдік әлем.

М.Мырзахметов «Отаршылдық дәуір әдебиетін» зерттеу де саяси-әлеуметтік сырларға баса тоқталғанымен, әдебиеттің өзіндік

ішкі сипат ерекшелігінің өзін сол саяси ахуалды айтудың, көрсетудің негізі екендігін көлденең тастап отыралы.

«XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы аралықта дамыған, заман талабына орай жаңарлық, стильдік сонылықтарды, идеялық тақырыптық ерекшеліктерді тудырған көркем шығармалардың бәрі де, негізінен саяси-әлеуметтік лирика шенберінде жырланып, өзекті бір сарынды төсeneшті. Осы себепті сөз еткелі отырған дәуірдегі әдебиет тарихын дәуірлегенде оны бұзып-жармай-ак бүтін калыңда «Отаршылдық дәуірдегі әдебиет» деп» (М.Мырзахметов. «Отаршылдық дәуірдегі әдебиет», «Жұлдыз», №7, 1993.) атауымыз керек деп тұжырымдады.

Қазак әдебиетінің тарихында «Зар заман дәуірі» бұған дейін ағым, бағыт емес, тұтас дәуір сипатында да қолданылып, айтылып келеді, солай қалса қайтер еді десек, XIX ғасыр, XX ғасыр басындағы барша ерекшелікті құрсаулау тастауга бастайтын сияқты. Сондықтан «Зар заман» атауын әдебиетіміздің ұзақ таизындағы айтулы да айбынды, айдынды ағым ретінде алып қарап, оның өзіндік көркемдік сипаттарын, ғылыми-теориялық негіздерін жүйелеп, сол ағымға енүе тиісті әрбір ақын-жыраудың әдеби мұрасын сол негізде тұжырымдау қажет. Мәселен, Шортанбай шығармалары қандай-қандай сипаттарына байланысты осы ағымға жатқызылып, жатқызылуға тиіс деген мәселеге ой жіберейік. Дулатқа да, Нарманбетке де сол ғылыми, көркемдік, саяси-әлеуметтік сипаттамалар негізінде келген тұста, әрі қарай тарамдатып әкетер соқталы, сүбелі арналар аз емес. Себебі, біз көбіне ол әдебиеттің – зар заман әдебиетінің тақырыптық ортақтығынан алыстай алмай жүрміз.

Мұхтар Әуезов Абылай дәуіріндегі зар заман ақындарын еki жіккө бөліп қараған-ды. **Бірі** – келер күннің жұмбағын шешіп, елге улғі, есінет сөз сқілейтін, болжуа айтқан қария, екіншісі – толғау айтқан жырау. Қариясы – Асан. Жырауы – **Бұқар**.

Зар заман ағымына М.Әуезов XIX ғасырда жасаған ақындардың бәрін кіргізеді.

«Бұқар жыраудан соң XIX ғасырдағы зар заман ақындарының басы – Махамбет. Одан кейінгілер Шортанбай, Мұрат, Алтынсарыұлы, бұлардан соңғы бір буын Абаймен тұстас ақындар». (М.Әуезов., (Әдебиет тарихы), «Ана тілі», 1991, 208-б.) Нарманбет, Шерніяз, Досқожа, Күдерікожа, Нысанбай, Ығылмандардың заманы Абылай заманы емес, енді іс қана қалған,

алыстан толғап, ойға тартамын деп отыруға болмай қалған заман екенін ұғындырады.

«Бұқар жырау заманынан келе жатқан бұрынғы әлеуметшілдік, ойшылдық сарынына Махамбет заманында ішілдік қосылса, кейінгі ақындардың тұсында жаңа әсер сиякты болып, дін мен мәдениет ісі кіре бастады». (Сонда, 212-бет). (Астын сызған біз – К.М).

Мұхтар Әуезов жүз жылдық дәуір әдебиетін үш кезеңге бөліп, әр уақыттың өзіндік ерекшелігін, ортақ сарын аясындағы езгерістерін атап-атап көрсетіп отыр.

1. Әлеуметшілдік, ойшылдық сарыны – Бұқар заманы.

2. Ишілдік – Махамбет.

3. Дін мен мәдениет – Ыбырай.

Осындағы бір ғана дін төңірегіндегі, діни-ағартушылық сарын жөнінде бүгінгі әдебиеттану ғылыми қарастыра түсер көп жай бұғып жатыр...

«Зар заманың тұсынан бері қарай дін сарыны біздің әдебиетте жылдан жыл өткен сайын үлкенірек орын алады. Басы Шортанбайдан басталған діншілдік /бұл жерде мін ретінде айтылып отырган жоқ – К.М/. XIX ғасырдың аяғына келгенде толып жатқан дін қиссаларына келіп согады» (М.Әуезов. «Әдебиет тарихы», «Ана тілі», 1991, 212-бет).

«Қазіргі қарастырғалы отырган зар заман ақындары: сол ел қамын сөзбен жоқтаған жоқшылар. Бұлардың туысы мен бағыт сарыны ел басына келген тарихи дәуірден тұғандықтан, барлық ақынды тарих көлемінде қарастыру керек» (Сонда, 193-бет).

Зар заман ағымы жайлы сөз болғанда М.Әуезовтің «Әдебиет тарихындағы» концепциясын ғылыми негіз етуге тиіспіз. Әуезов ол ағымды әлеуметтік астар жағынан да, мазмұндық ерекшелік жақтан да, көркемдік өлшем-өзгешеліктер түр, дәстүр, өзгеріс, қолданыс, жанр, т.б. жақтардан жан-жақты талдады.

Жүз жылдық дәуірдің сипатын мейлінше жан-жақты қамтыған ғалым сол дәуірдің зар заман атальып отырган әдебиетіне байланысты бірнеше басты-басты тұжырым жасайды.

1. Зар заман әдебиетін тұғызуышының бірі жыраулар болғаны белгілі. М.Әуезов қазақ әдебиетінде жырау қандай миссия атқарды, оның өмірі, өлеңі немен ерекшеленді деген мәселені мол қамтыды;

2. Жазба әдебиетке аудысу себептерін, ол әдебиеттің жалпы әдебиеттен айырмашылық, өзгешелігін сөз етті;

3. Зар заман әдебиетіндегі тарихи жырларды теориялық, мән-мазмұн жақтан талдады; сол ідебиет тұсында тұған түр деп таныды;

4. Зар заман әдебиеті кімнен басталып, кіммен аяқталады дегенді атап көрсетті;

5. Зар заман әдебиетінің негізгі сарындарын айғақтады;

6. Зар заман әдебиетін жанр, түр, өлең үлгісі жағынан барлады;

7. Бұл әдебиеттің дамы, өзгеру себептерін атап, З кезеңге бөліа көрсетті;

8. Зар заман ақындарының қайсысында өай сарын басым болғанын саралады;

9. Былайғы зерттеу, ізденіс міндеттерді тұжырымдады.

Зар заман дәуір ме, ағым ба, бағыт па, сарын ба дейтін мәселеге байланысты басын ашып айттар жай: зар заман атауы осы үғымдардың барлығына да анықтама болып келді. М.Әуезовтің қолданысында зар заман – дәуір, зар заман – бағыт, зар заман – ағым, зар заман – әдебиет, зар заман – сарын.

М.Әуезов сарын атауын мән-мазмұн, астар, идея мағынасында қолданады. Оған белгілі бір кезең сипаты, әдеби көрініс деп қана емес, көп ұғыммен келеді. Бұқар жыраудың «Тілек» толғауын талдай отырып, бұл толғауқуды тұғызыған да жаңағы сарын.

Келешек қандай құйлар әкеледі? Не сыбаға тартады? Зәлімнің тіліне еріп, ел аза ма? Алпыс басты ақ орда жатқа жем бола ма? Жер кайысқан қол келіп, ел саса ма? Тар құрсағын кеңейтіп, тас емшегін жібіткен аналар анырап қала ма? Барлығы да келе жатқан кер заманда болуы мүмкін. Сарынның бағыт мәніне ұласуы Әуезов тандауларында да кездесіп отырады. «Сол сұрап, сол жұмбак, жүз жыл бойында қазақтың есі кірген әдебиеті ылғи бір-ақ сарын, бір-ақ бағытпен өтеді. Ол бағыты зар заман.

Әуезов қолданысында сарын- мұң, зар сарыны, әлеумет қамын сейлеу, шарт сарыны, қайғылы, қаралы сарын, жоқтау сарыны, күй срны, әлеуметшілдік сарын, ойшылдық сарын, дін сарыны, діншілдік сарыны, күдік, сыршылдық сарыны, т.б.

Әуезов қолданысында ағым атауы да, сарын да, бағыт да, дәуір де, әдебиет те зар заман анықтамасымен қосақталып жүретінін айттық. Бірақ ғалым әрқайсысын аса бір дәлдікпен, ішкі түйсік-

сезіммен тек өз орнында қолданып отырганын байқамау мүмкін емес. Сапырылысып жатқандай көрінгенімен, әр сөздің мәні зор. Әр тужырмының теориялық тұғыры бөлек. Сол қылы сарынды зар заман ағымының қанатының астына тұтас жиып: «Енді сол дәуірдегі зар заман ағымына кіретін кім?» – деп, мәселе өююның өзі осы пікірміздің айғағы.

Жалпы қазақ әдебиетіндегі бағыт, ағым атаулының ажыратылып айта бастауы XIX ғасырда жатқанымен, ғылыми негізде қарастырылуының өзі зар заман әдебиетін айғағтаумен бірге ғана басталатын сиякты. Мұның өзі айрықша кызық құбылыс. Жазба әдебиетінің пайда болуымен тығыз байланысты ерекшелік. Ендеше, бағыт, ағымдардың айқындалып, әдеби өмірге енуінң шартының бірі – әдебиеттің жазба түрге көшүі.

М.Әуезовтің айғақтамасында зар заман – қазақ әдебиетінің «кезең асқан дәуірі». Ағым, бағыттар онымен бірге туды. Ендеше, зар заман ағымы – қазақ әдебиетіндегі бар ағым атаулының, бұрын-соңды байқалып, бекіген ағымның (түрі) басы.

Әдебиеттің жаңа сипаты түрлі теориялық негіздермен ғана бекітінін есте ұстасақ, бұл пікірміз негіzsіз емес сиякты. Жаңа әдебиет, жазба әдебиет әдістен, түрден, жаңа мақсаттан, бағыттан туды. Туды да сол ағым, бағыт, сарын, әдіс, бет құбылыстарын негіздеді, орнықтырды.

Әуезов зар заманды әдеби бағыт, ағым, сарын, тұтас дәуір есебінде атағанда, әркайсынына арнағы, бөлек тоқталады, өз мәнін беріп айтатынының бір ұшы осы жайларда жатыр. Галымның зар заманды жазба әдебиетпен, соның мәнімен, өзгешілігімен негіздеуі кездейсоктық емес.

Басқа елдерде заманына сай саяси жағдай, көркемдік талғамына сай қалыптасқан түрлі әдеби ағымдар сиякты, зар заман – қазақ тарихына, қазақ әдебиетінің өзіндік ерекшелігіне байланысты туған құбылыс, ағым. Ағымға берген теоретиктердің анықтамасын тұтастай негіздейтін әдебиет.

Шортанбай, Мұрат, Дулат, Әубәкір, Нарманбет шығармашылығы ерекшелігі – сол зар заман әдебиетінің ерекшелігі.

Қазақ әдебиетінің тарихында жұз жылдық дәуірдің ар жақ – бер жағын қамтыған ерекше сипатты әдеби бағыт, бөлекше тұрпатты әдеби арна – зар заман ағымы болды. Ол тұтас атасақ – зар заман әдебиеті. Айрып атасақ – отаршылдық дәуір әдебиетіндегі

зар заман ағымы. Оның ғылыми тұрғыда бекуі XIX ғасырдың соны ала басталып, күні бүгінге жалғасып келе жатыр.

Қазақ әдебиетінің тарихында Мұхтар Әуезов жұз жылдық дәуірді қамтиды деген зар заман ағымы, зар заман бағыты, зар заман сарыны XX ғасырдың өн бойында атавы орнықпағанымен, мән, мазмұн, бет, түр жағынан қарастырылып, бөлініп, анықталынып келді.

Тұтас бір дәуірдің хал-күйін өзгеше түр, өзіндік стиль, белгілі мақсат, бағыт, негізгі сарындармен әдебиетке түсіретін құбылыс – әдеби ағым. Сол тұрғыда Шортанбайдың, Дулаттың, Мұрраттың, Нарманбеттің отаршылдық ойранына қарсылық, наразылық, мін, сын мәнінде туған; халықтың қасіретін өлеңге түсірген; саяси сұмдықтардың сипатын діни қысым, қоныстан айыру, тұрмыс күйін аздыру, әкімшілік биліктен тайдауды, адамгершіліктен безу, т.б. жақтарын сан қырынан ашқан поэзиясы; түрі, сипаты, сарыны, мақсаты тоқайласып, бірігер тұсы көп өнері – зар заман ағымының негізі.

Қазақ әдебиетінің тарихындағы аса елеулі, саяси мән жағынан болсын, көркемдік негіздері жөнінен болсын айқын тұрған осы бір ағымның зар заман ағымы атавын орнықтырып, бекітіп, тұтас алыш қарастыруға ғылыми тұғыр да бар, әдеби мұра үлгілері де ұшандеңіз.

М.Әуезов осы мәселені XX ғасырдың бірінші ширегінде түбекейлі, түпкілікті ғылыминың зерттеу нысанасы етіп қойған еді.

ЖАНАҚ САҒЫНДЫҚҰЛЫНЫҢ АЙТЫСТАРЫ*

Ж.Сағындықұлының қазақ әдебиетінің тарихындағы айтулы орнына М.Әуезов «Проблемы изучении истории казахской литературы» зерттеуінде белгілі шығармашылық мағының бір қырын ашады:

«Не только казахский фольклор, но и богатейшие виды индивидуальной, письменной литературы воскрешены ныне, как интересные и сложнейшие объекты научного изучения с огромной галереей имен их творцов-авторов, почти преданных забвению в пору отсутствия или недозрелости историко-литературной науки, могущей вести исследования в преемственной исторической связи по учащенным рядам. А ныне возрожденные для истории эти имена с их оригинальными творениями открывают перед глазами слеживателя замечательные страницы в истории народа, страницы глубоких дум, великой мечты народов, при этом особенно богато представленные акынами, писателями XVIII-XX вв. Сейчас они восстановили имена и творения ста сорок поэтов. Среди них адаевец, современных туркменского классика Мактум-кулы – Абыл и акыны Бухар-жырау, Нурум, Марабай, Жанақ занимают особое место, как выдающиеся поэта XVIII века».

М.Әуезов Жанақ акындығына әркез зер салып отырганы көрінеді. Өсіресе, «Қозы Көрпеш-Баян сұлуға» катысты көп тоқталған. Ал Жанақ акынның дәстүрлі айтыс өнеріндегі орны туралы көп айтпаған, бірақ айтыстың шартын таратып айтуында Жанаққа жүгініп отырған тұстарын көреміз.

«Осы орайда қазақ акындарының арасында болған жақсы, әділ бір дәстүрді еске алу керек. Жол бойынша екі акын айтысса, солардың сөздерін кейін ретке салып, көпке жәйіп дұрыстығымен дәл айтып беру: жеңген акын емес, жеңілген акынға міндет болған сияқты. Мұның мысалдары көп айтыстан байқалады. Жанақ пен Найман ішінде, бастығы Тұбек болып айтысқан 16 акын тегіс жеңіледі. Тек он жетінші, бала акын (Сарыбай) ғана Жанақты тоқтатады.

Кейін, осы он алты акынның Жанақтан жеңілгенін айтып беруші, сол акындардың өздерінің ортасы болады».

*Әдебиетші маман Ф. Сейітхметовамен бірлесіп жазылған – Қ.М.

Жанақтың да өзі жеңілген айтысты айтып беру фактісін көлтіруінде Мұхтар Әуезов қазақ әдебиеті тарихында өзі аса ірі акындық тұлғалар катарында таныған Жанақ акынның айтыс жанрындағы шығармашылық мағының бір қырын ашады.

«Атақты Біржан мен Сараның айтысында, біз білгенде сол айтыста жеңілген Сараның айтуынан білеміз. Ерте заманнан келе жатқан осы дәстүр Жанақта да байқалады. Жанақ өзімен ұзақ заман айтысын жүрген бәсекелес, акын қызы Күнекейден сол қыздың дәл ұзатылғалы тұрған күнінде сонғы рет айтысын, жеңіліп шығады. Осы жолсыз айтысын, кейінгі жүртқа Жанақтың өзі айтып береді».

М.Әуезов айтыс шарттарының, айтыс түрлерінің мәніне тоқталып келіп, Жанаққа жүгінген тұснының бірі мынадай:

«Ол айтыс үстінде сол атсыз акын, бала акын, қызы акын өзімен таласуши, жарысуши әріптесіне қандайлық қатты сөз, аңы сөз, тіпті бас мінесу сияқты айтыстарда болатын тұрпайы ауыр сөздер айтса да ол кінә болып, айып болып саналмайды. Қайта «сөз тапқанға колқа жок» дейтін, айтыс туласындағы халық өзі құлтаган нақыл бойынша, сөз тауып, қарсы акынды жеңсе сол жеткілікті. Сын сонда, өзімен бабасы тұғырлас Жанаққа қарсы бала акын – Сарыбай әншійінде үлкенді сыйлау жолы бойынша айтпайтын сөздерді емін-еркін, жалтармастан жарып айтады».

1927 жылғы «Әдебиет тарихының» VI бөлімі – «Айтыс өлеңдерде» М.Әуезов Жанақтың атын атап еткен. Қазақ айтысының кенже тарағ, әдебиет тарихының бөлімі болып, кәрі-жас қызық көріп, қызуланған, тегіс өнер клып, жалпақ ел өнер қылғаны туралы айты келіп былай дейді:

«Қазактағы айтыс әдебиет бөлімі болудан басқа ел тартисының бурынғыдан келе жатқан театры сияқты көпке бірдей қызық беретін жиын сауығы болған.

Сондыктан, айтысқан акындар жүрген жер ел ортасында көшпелі сауықшылар жүргендей қалып думан, жиын болатын. Елдің айтыс өлеңді қатты қадірлекендігінен айтыс акындары: Шәже, Кемпіrbай, Жанақ, Сарыбай, Мұрат, Тогжан, Біржан, Сара сияқтылардың атағы қазақ ішінеге тегіс жайылған. Барған елінің барлығында бағалы, қадірлі болып, қайда барса да сый, құрмет, қызық, сауық болғандықтан, айтыс акындары сол жүрісін біржолата салт қылып әкеткен».

Осында М.Әуезов айтатын айтис ақындарының өмір салты – Жанақ Сағындықұлының да өнерінің бір қыры, өміrbаянының бір желісі.

Айтис ақындарының көпшілігіне тән кәсіп: сәнімен, салтанатымен, қобыз, домбырасын алыш, нөкерін ертіп, ел кыдырыстап жүріп айтиска тұсу. Қарсыласын іздел барып, тауып айтису. Қандай да бір жиын-той, ас рәсімі айтиссыз өтпесе, Жанақ та соның калың ортасында жүрген, болған өнер иесі. Жанақ та жүрттың көпшілігіндегі бірде жол алыш, бірде жол беріп, бірде жеңіліп, бірде жеңіп жүрді. Жеке-жекте сан жығылып, сан мәрте қарсыласып сөзбен құлатты. Калың ел тілінен жыр төгілген ақындықты ел қорғаған батырлықтан кем көрмеген, кемітіп кесірлік танытпаған. Асқактатып, айбынын асырып, айдарынан жел естіртіп үкілеп, қадірлекен, кошамет, құрмет жасаған. Сол калың топ, ақындық шоғырдың шоқ жүлдзызының да бірі Жанақ болатын. Жанактың айтыстағы жолы үлкен мектеп қалыптастырығаны туралы ой да көлденендейді осындайда. Арғыны да, бергін де танып сейлеген, тауысып айткан ғұлама М.Әуезовтің бұл сөздерінің астарында дүние сыр жатыр десек, несі айып?!

«Ел тіршілігіндегі жайынгерлік дәүірінен шығып, тыныштыққа бет алған кезінде, Сарыарқаны сайқалдап – ойды-солды шарлап жүрген бір алуан адамдары, осындағы сөз батырлары кешегі Жанақ, Кемпіrbай, Шөже, сол ақындардың үлгісі ел ортасында соларға үқсамақ болған жігіттер көбейген.

Ақындық, әншілік өнері жақсы жігіттің белгісі сияқты саналған. Сондықтан ел ішінің қызық-сауығы үшін сән түзеп, қыдырумен жүретін салдар шыққан. Атакты ақындарға еліктеуден серілік молайып, бері келген заманда Біржандай сал, Ақандай ақын серіні шығарған. Бұлардың жайы қай елдің ортасында болса да, кейінгіге үлкен әнгіме болып қалған.

Сонын барлығы айтис ақындарының сарқыты».

М.Әуезов әдебиет тарихында айтис дәстүрі ықпалымен өрістеген өнер салалары туралы осылай ой түзеді. Осындағы ойдың көпшілігі Жанақ Сағындықұлының шығармашылығына да сыйымды екендігі даусыз. Жанактың ірі орындаушылық шеберлігі, эпикалық жанрларды сактап, жеткізу, таратудағы мәні, асқан айтискер ақындық алымы арнау өлең, көніл құй сазын ашқан лирика, заманына күйін толғаған әлеуметтік мәні айқын толғаулары

бұл өнерпаздың көп қырлы дарын, қазақ даласында XIX ғасырда кең жайылған өнертұастығы айқын сал-серілік, әншілік, жыршылық, айтискерлік өнердің даму бастауында болған тарихи тұлға екендігін айғақтай түссе керек.

Жанақ ақынның әдеби мұрасы тіл айшығы, тіл тазалығы, сөз өткірлігі, сөз нақтылығы, сөздік қой байдығы, ой-әлем қеңістігі, таным тереңдігі, зерде сергектігі сипатты шығармашылық дара колтаңбасымен айрықша құнды, ерекше көркемдік әлем.

Сол оймызды С.Мұқанов айткан мынадай бір пайымдаумен негіздей түскен жөн көрінді:

«Айтисқа араласкан Шортанбай, Жанақ, Мұрат, Марабай, Сүйіnbай сияқты ақындардың айттытан басқа өлеңдеріне қарағанда, олар жалғыз айттыстаған емес, сонымен қатар өз заманының барлық қунделікті тіршілігіне араласып, халықтың жақсылығын дәріптеуши, кемшілігін сұнауышы, тарықканда ақылшы, куанғанда сайраушы болғанын байқаймыз. Әр ақында айтыстан басқа талай өлең-жырлар бар, оларды жинау, сыншылық ой елегінен өткізіп, көркемдік-идеялық дәрежесі биік деңгейден табылатын шығармаларды жариялау, бастырып шығару – әдебиеттану шылымының алдағы кезекті міндеті.

Ақындардың және бір өзгешелігі, олар – ақындықтың үстінен әншілер, А.Затаевич жинаған қазақ халқының екі мынга тарта әннін, кейін Брусиловский, Ерзакович, А.Жұбанов тағы басқа композиторлар жинап жүрген қазақ әндерінің көпшілігінің авторлары ақындар. Біржан сал, Ақан сері, Жаяу Мұса, Мұхит, Ыбырай, Фазиз, Жарылғапберді, т.б. ақындардың әрқайсысына тиісті жиырма-отыздаған әндер бар. Қазақ халқы ақындардың жалын атқан өткір сөздеріне ғана емес, оның ән әуеніне де ерекше мән беріп, сөзі мен әні «қыыннан қыысқандарын» айрықша қадір тұтқан».

«Жанақ пен Тұбек» айтисы әріден халық арасына белгілі, кең тараган айттыстың бірі. Бұл айтис алғаш рет Радловтың «Тұркі тайпалары халық әдебиетінің нұсқалары» жинағына енді. Сонымен бірге бұл айттыстың 1879 жылғы ІІ.Алтынсариннің «Қазақ хрестоматиясына» енгенін білеміз. С.Сейфуллиннің 1931 жылы шығарған «Қазақтың есқі әдебиет нұсқалары» жинағында да айтис мәтіні бар. КР ҰFA Орталық ғылыми кітапханасының қолжазба қорында сакталған үлгілері 1965 жылғы «Айтис» кітабының 1-

томында басылды (1 с. №1396, папка №256) (*Біз осы мәтін бойынша біршама салыстыру жүргіздік – Ф.С.*).

«Айтыс» жинағында Жанақтың өмір сүрген кезеңі туралы берілген мынадай мәлімет, кезінде М.Әуезовтің «Әр жылдар ойлары» монографиясында Жанақты XVIII ғасырдың айтулы ақыны деп айтқан ойындағы уақыт дерегінен алшақ.

Әдебиет тарихында екі Жанақ болғаны туралы да пікірлер болды. «Айтыс» (1965) жинағындағы түсінктегі билай делинген: «Жанақ XIX ғасырдың екінші жартысында қазіргі Алматы Облысы, Талдықорған жерінде өмір сүрген.

Жанақ Тұбекпен, Бақтыбаймен, Сарыбаймен тағы басқа көп ақындармен айтысқан. Жанақ Тұбекті балам деп сейлеуіне қарағанда одан көп үлкен болса керек».

Осы қысқа мәліметтегі Жанақтың өмір сүрген кезеңі жайлышеректің қайшылығы бар сиякты. Тұбекті балам деген дейді.

«Айтыс» жинағында Жанақтың бір айтысы ғана берілген. 1927 жылғы «Әдебиет тарихында» М.Әуезов Жанақтың аса ірі айтыс ақындарының бірі болғаны туралы айтты. Негізінде Жанақтың айтыс өлеңдері мол болғаны даусыз.

«Елдің айтыс өлеңді қатты қадірлекендіктен айтыс ақындары: Шөже, Кемпіrbай, Жанақ, Сарыбай, Мұрат, Тоғжан, Біржан, Сара сияктылардың атағы қазақ ішіне тегіс жайылған».

Жанақ ақын туралы зерттеу енбектерде ақынның XIX ғасырдағы айтыс өнерін дамытып, байыту енбегі айтылып келеді. Соның ішінде ақын айтыстарының бір ерекшелігі – тұстас ақындарының көпшілігінде бар қыз бен жігіт айтысы Жанақта кездеспейтіндігі ескерілмеген екен. Ақында дін жұмбағы айтысы да жоқ.

Ақын айтыстарының әлеуметтік арқауы басым. Азаматтық, адамгершілік жайын алға тастап сөйлейтін тұстары көп. «Жанақ пен Садыр» айтысында ешкі сойды деп, дәмге астамшылық жасаған Садырға айтқанында Жанақ әйгілі «Токты менен ешкінің қаны бірдей, Жақсы менен жаманның жаны бірдей» деген тоқетер сезін айтады. «Төрениң буы соккан аңғал ақын» деп, күрделі, тосын эпитетпен карсы жақ ақынның харacterін ашып, ауызша портретін жасайды, кейпін жеткізеді.

Жанақ ақын айтыстарында дәстүрлі ру таласы мазмұны да аса көзге ұрып тұрмауы – бір ерекшелік.

Жанақ айтысында заман күйі, әлеуметтік теңсіздік жайы басым айтылып отырған. Ру бәсекесі бар деген айтыстарының әлеуметтік желісі негізгі арқау екендігі көрініп жатады.

«Жанақ пен Тұбек айтысы» – Жанақ ақын айтыстарының ішіндегі көрнекті айтыстың бірі. Мұнда ру таласы басым. Тиіспей сейлеген Тұбекке Жанақ мұнда жүргені атасының көзі отырған соң екендігін айтып, өзінің кедейшілік жайда, күнкөріс камындағы халінен хабар берген.

Осы айтыста Жанақ әйгілі «Арғынның айналасы алты айлық жер» деген сезін айтқан. Бір тұста аргын, найманнның біріне бірөтен еместігін де еске салып қояды. Арғынның найманмен жарысына Жанақ өнерім артық деген уәж айтады.

Біздерді шу дегенде өлең басты,

Өлең айтсаң аруақ сенен қашты...

Бұл айтыста ру жарысы тек тілге тиек қана негізінде елдің тұрмыс-ахуалы орыс отаршылдының саясаты ауыр-ауыр әлеуметтік ақиқаттар айтылан.

Оан Жанақ та, Тұбек те тартынбағаны көрінеді. Орыс бекет салған жерінде кедейшілік тұрмыста қалған Жанақ ақынның күйі де, төрелік пен begінің ісінен береке қашқан, елінің мінезі тіршілік ағымында құбылып, китүркі күймен шапқылаған ауыр тағдыры, азы шынлығы тұсау салған Тұбек ақынның күйі де бұл айтыстың ру айтысы мағынасынданы мазмұнынан әлдекайда мол ұғымдарды қамтып жатқанына дәлел.

Орысым салған екен қырға бекет,

Еліңіз бермейді елеп қайыр-зекет.

Малдымын, жандымын деп арындағы сейлекенімен, Тұбек бір сэт түпкі сырын да жайып салады.

Ауылым Бес Қазылық, Үйтұндік-ы,

Тоқсан бие сойдырып, жұз үй тікті.

Осы ақын сылқылдай бер, күн сенікі,

Қайғылы көкірегім, көңілім күпт.

«Жанақ пен Тұбек» айтысы – 11 буынды қара өлең, өлең түрлері аралас келіп отырған, қайым элементтері бар көлемді айтыс.

Жанақ:

Мен үйінен шығып ем Ертісті өрлеп,
Үш жүзге айтып жүрмін сөзімді өңдеп...

Тұбек:

Шығып ең сен үйінен Ертісті өрлеп,
Үш жүздің үш ауына алым бер деп...

Жанақ:

Ауылы Оспан ханың Беркі агашта,
Атым Жанақ болғанда жесті алашақа...

Тұбек:

Ауылы Оспан ханың Беркі агашта,
Атың Жанақ болғанда алты алашақа...

Жанақ:

Ауылың сасық судан көшкен екен,
Бұрысың, бәлем найман, өскен екен...

Тұбек:

Ауылым сасық судан көшіп жүрген,
Бұрысым жылдан жылга өсіп жүрген...

Жанақ:

А, балам, аргын қайда, найман қайда,
Аргындығымды көрсетейін осындейда...

Тұбек:

А, Жәке, аргын қайда, найман қайда?
Аргын болсаң Қарқаралы қалаң қайда...

Жанақ:

Дегенсің менің атым ақын Жанақ,
Шалбарым бес теріден сенсөн балақ...

Тұбек:

Дегенсің сениң атың ақын Жанақ,
Қойыпты қылғындырып құлқын тамақ...

Айтыс екі ақынның ел үстінен күнелтіп жүрген жайынан хабарлай басталады. Тұбек Жанаққа «Жамбы түгіл түк алмассың» дейді.

Жанақ та «Мен де неге олжа алудан күр қаламын» деп жарыса сөйлеip, айтыс жалғасып кете барған. Эрі қарай ру таласы түрінде сөз қағыстыру жалғасады.

Жанақ:

Ақылың сасық судан көшкен екен,
Бұрысың, бәлім найман, өскен екен.
Төре-қараң жиналып, кеңес қылып,
Жанақты бір жеңелік дескен екен.

Тұбек:

Ауылым сасық судан көшіп жүрген,
Бұрысым жылдан жылга өсіп жүрген.
Қамбардың кедей шалы келе қалса,
Бозбала дым бермеңіз десіп жүрген.

Жанақ:

Әу, балам, сениң өзің қай наймансың,
Қонағасы беруге жәй наймансың.
Аргынның айналасы алты айлық жер,
Кемдігіңді, балам найман, ойлагайсың.

Тұбек:

А, Жәке, сіздің найман – бай найман ба?
Мейманга қонағасы жәй найман ба?
Жаман, жаман дейсің де бір қоймайсың,
Жаман бала еркіне қойғандай ма?

Жанақ:

А, балам, аргын қайда, найман қайда,
Аргындығымды көрсетейін осындейда.
Тарбагатай талқан болып келіп еді,
Төрт ұлы бәйбішениң қосылмай ма?

Осылайша ру атынан біраз сөз таластырып алып барып, ақындар әрі қарай ағылады.

«Шынында Жанақ, Сүйінбай, Шәже, Тұбек, Майкөт, Қабан, Құлмамбет, Жамбыл сияқты талай елдерге атактары жайылған ақындарды алсақ, солардың өмір бойы қолданған негізгі ақындық жанры, көбінесе, айтыс екенін білеміз. Бұлар ұзақ өмір жасаған ақындар болумен қатар, барлығы да айтысқа ерте араласып, 15-16 жастарынан ақындық өнерлерін бастайды.

Сол айтыстардың бәрінде шын ақындар бір айтканың қайталаған емес. Жаттандыны айтпаған болса тек қана бір Шөже, Сүйінбай, Жанақтар өмірінде қашшалық ұшан-теніз, сұрып-салма олendor тұғанын мөлшерлеу қын емес. Бұл атақты ақындар жайындағы сөз».

«Әр жылдар ойларында» (1959) М.Әуезов өзінің ілгерідегі («Әдебиет тарихы», 1927) айтыс туралы ой-тоқтамдарын көнітіп, таратып, тың байламдармен толықтырып отырған. Айтыстың ру жайын қозғауы – бұл жанрдағы дәстүрлі желінің бірі екендігі туралы М.Әуезов әр кезеңде де арнайы сез қозғап келген. Ірі айтыс ақыны атанған Жанақ айтыстарының да бір арқауы ру таласы айтысына апарып соғатын тұстары айқын айтыстары болса керек.

1927 жылғы еңбекте М.Әуезов айтыс туралы сөзді ру жайынан сұртпактап бастағаны бекер емес сияқты.

«Қазақ ескілігінің бір үлкен саласы айтыс өлеңдер. Ауызша әдебиет ішінде айтыстан көп кездесетін өлең жок. Баяғы есік заманнан бастап соңғы күндерге шейін қай ру болса да ортасында айтыс өлең айтылмаған ел болмады».

Руаралық айтысқа М.Әуезов айрықша көніл бөліп, ел тұрмысының шындығы туғызыған өнер түрі мәнінде ұғымдырып отырғанын көреміз.

«Соның барлығы айтыс ақындарының сарқыты. Оナン соң бұрынғы ел, ақын айтысын қазақ сауыктың ермегі сияқты көрсе де екі рудың ақыны айтысатын кезде құрғана көлденең тындаушы болып отыра алмайтын. Біреуінің тілеуінде болып, ұранына қызып, өзі жекпе-жекке шыққандай болып тындаған. Айтысқа шығаратаң ақынын, канды майданға баратын батырын шығарғандай қылып, іштей тілеу тілеп шығаратаң. Сондықтан, Қаптағайдың қызы Сара айтысқа шығарда «Найман шал аруағың жебей гөр деп, ак үйден шыға келдім мен де айқайлад» дейді. Сара айтысқа шығарда найманның игі жақсысы болып келіп, бата беріп, тілек етіп шығарады. Найманда тағы бір ақын өз тұсындағы ірі ақынның бірімен айтысқалы бара жатып:

«Дүние салдыр-гүлдір өтер дедім, сонымен аз сөйлесем не етер едім. Қой айтып дүйсенбі күн атқа міндім, найман шал аруағың қотер дедім» дейді».

Ру мәселесі, оның ел өміріндегі ықпалы, тұрмыста алған орнына қатысты М.Әуезовтің айтыстың жанрлық заңдылықтарын,

туріне қатысты ерекшеліктерін айфактаудағы ұстанымы іргелі. Ұзақ жылдар бойы бұл концепциясын негіздей түсіп отырған.

Сонау 1927 жылы айтыстың ел өмірінің шындығы туғызыған өнер арнасы есебіндегі мәнін таратып ұғындырған жас зерттеуіш кейін, кемел шағында да сол негізdemelerінен таратып сөйлейтінін көреміз.

«Ауызша әдебиетте өлең тақпак пен айтыс ретінде айтылатын сөздер екі жікке бөлінеді. Біреуі ақындар айтысы, екіншісі билердің билік үстінде, ру тартысының түсінде айтысатын сөздері – билер айтысы.

Сырт көрінісіне қарағанда ақындар айтысы мен билер айтысы қазақ ескілігіндегі екі алуан сез сияқты. Бірак, кейбір магыналарымен, ел тұрмысымен байланысына қарағанда, екеуі бір түрге қосылады.

Бұларды бір түрге қосатын себеп: есік қазақ ішінде өте құшті болған жігі».

М.Әуезов осы жерде айтыс өлеңнің қазақ әдебиетінде бұрын кездесіп өлең түрлері әр кезде әр түрлі болып ел кезегі үшін қызмет еткен дей келіп, жалпақ елге жайылған өлең ұлгілерінің мәнін тарқаталы. Осында жас зерттеуші әдеби жанрлар, ұлгілер туралы ғылыми негізdemeler жасаған. Айтыс ақындарының айтыс дәстүрі, соның ішіндегі айтыс өлеңдегі ру таласы желісі, нақтылы бір айтыс ақынның айтыс өлең мұрасын тану, бағалауда М.Әуезовтің ойлары үлкен мәнімен айрықша бағалы екендігін айттар едік. М.Әуезов айтыстағы ру жайына зер сала отырып билердің өнері мен ақындар шығармашылығынан тұтастық табады.

М.Әуезовтің қазақ өлеңнің ел ішіндегі түрі, мазмұны, мәні, көтерген жүгі туралы кең толғап айтып келіп, сыршылдық өлеңдер, батырлар өлеңі, ғашықтық жырлар, насиҳат өлеңдер, зар заман өлеңдер туралы тарқата айтып келіп, былай деген ойына назар аударалық.

«...Ел қайғысының емін іздеген ақындардың өлеңдері. Бұлардай өлең айткан ақындарды зар заман өлеңшісі деген жікпенен өзге барлық ескілік өлеңдерінен бір бөлек шығарамыз. Енді қазіргі қарастыратын айтыс өлеңдерді алып, соны жаңағы саналып еткен ескілік түрлерімен салыстырғанда қандай айырманы, қандай ерекшелікті көреміз. Соған келейік.

Айтыс өлеңдердің ішінде мұң мен зар айтылмайды. Мұның ішінде елге бүгінгі мінін айтып, пәлендей жолға түсіп, түзел деген еснет сөздер жок. Мұндағы сөздердің барлығы екі кісінің тартысталасы. Бұл өлең түрімен айтылған сөз күресі, сөз жекпе-жегі ішкі мағынасына қарағанда, мұндай айтыстар, бұрынғы елдің сауығы, желігі үшін айтылатын айт пен той, ойын, жиынның өлеңдері. Айтыс өлеңдерінің тұсында қазақ еліне бұрын әлденеше күйлердің үстінде бірде уатып, бірде жылатып тараған өлең, енді күлдіріп, қуантып, желіктіруге қызмет еткендей болады. Сол күлдіріп, қызық пен сауық үшін қызмет еткен уақытта, айтыс өлеңдер қазақтың жоғарыда айтылған ру жігі сияқты ерекше бір тіршілік салтымен байланысқан өлең болады. Ру жігіне бөлінген ел кей кезде ұранмен бас құралып, ұран атымен тіршілік еткенде рудың бәйгеге қосқан атын қызықтаса, куреске түскен палуаның қызықтап, намыспен сүйсе, мынау өлеңдердің тұсында сол сияқты ру талақ, ру намысы, ру бәйгесіне сөз жүйрігін қосқандай болып, жік-жікке бөлініп, солардың тілеуін тілесіп, қызығын қызықтасады». Айтыстың ақыны бәйгеге қосқан ат, куреске түскен палуан есепті болды дейді М.Әуезов. Осында ақындар айтысының билер айтысымен тұтасып кететін ерекшелігі ру мәселесінде дей отырып, қазақ халқының рухани дамуындағы қозғаушы күштің бірі болған ру категориясына М.Әуезовтің тарихи мән беріп отырганын көреміз.

«Ақын айтысының билер айтысымен бір түрге қосылатын себеп жоғарыда айтқан ру жігімен байланысқан бұрынғы қазақ жақсысының барлығы да өзінің руымен, туысымен жақсысы деп саналатын. Сондыктан өзі шыққан руының өзге рулардан артық болуы әрбір адамға мақтан, жұбаныш болатын би болса жақсы, мықты, басты деген ат алғанда өз руының іргесін көрмегені үшін, өз руының терісі мен тентегін болса да, жатқа жем қылмағаны үшін, өз руына өзгеден артық жуандық, ірілік олжа әпергені үшін жақсы деп аталатын, сол сияқты батыр да, палуан да, төре мен ақын да өз руына жақсы ат әпергендігі үшін жақсы деп бағаланады. Қазақ тұрмысының осы сияқты ерекшелігінен айтыс өлеңнің ақыны мен билік жолындағы билер сөз сөйлесе, сол жоғары ру жігін терендетуге, ру намысын айқындаш шығаруға қызмет қылған. Бұл жағынан қараганда ешбір ру жігіне бөлінген елде сол ру тіршілігін өнер жүзіне шейін түсіріп, мұншалық ұлғайтып әкеткен ел жок».

Кейін, «Әр жылдар ойларында» М.Әуезов ру айтысының мәнін тапшылдық, феодалдық сана, рушылдық ауқымында қысқа қайырып қала айтып өткенін көреміз. Кезеңнің тезіне сан мәрте түсіп шыққан ғалым енді сөзге саран. Әрине бұл еңбекте айтыс жанрының дәстүрі, заңдылықтары 1927 жылғы зерттеуден әлдекайда құлашын кеңге жайған. Ғылыми негізделуі айқын, нақтылы қоркемдік танымға тұтасып кеткен зерттеу. М.Әуезов «рушылдық есік сана» деп қана, әрі қарай көп таратпай айтқан айқындаманың арғы сырын, астарын «Әдебиет тарихынан» көреміз.

Сол, М.Әуезов айтқан ел ескілігіндегі ру тартысы мәселесінің бір айғағы Жанақ ақынның айтыстарында да қалғанын айттар едік.

С.Мұқанов өзінің айтыс өлең жайлы зерттеулерінде «ру» ұғымын ел сөзінің баламасы деп қараганын байқаймыз.

М.Әуезовтің 1927 жылғы ойларымен үндес, сабактас ойлар Сәбит Мұқановтың XX ғасырдың орта тұсында, одан беріде жасаған зерттеулерінде айқын.

«Қазақтың есік әдебиетінде жарысқа түскен жүйрік те, айтыска түскен ақын да өз намысы үшін емес, ел намысы үшін түседі. Бәйгіге шапқан аттың озғанын ат иесі ғана емес, сол ат иесінің болып тегіс тілейді. Бәйгіде озған атқа мініп шапқан бала, қарақшыға жақындағанда ұранға ат иесінің есімін шақырмайды, руының есімін шақырады.

Ақын да солай. Қазақтың есік әдебімен айтысатын ақындардың әрқайсысы өз елін мақтауға, айтысып отрыған ақын өз елін артық көрсетуге тырысады, қарсы ақынның елін жамандап, мінін табуға, қарсы ақынның елін жамандап, мінін табуға, кемшилігін көрсетуге тырысады. Ақындардың айтысы осылай ел намысына тиетін болғандықтан ешбір ақынды оның елі өз ішінде сынап алмай, зор айтыска жібермейді. Сондыктан ақын болғысы келген адамдар өзінің ақындық күшін әуелі жастардың әзіл-оспағында, ойын-сауығында, әдет жағдайларында (құда түсер, қыз ұзатар, келін түсер, шілдехана, т.б.) көрсетіп, өз ауылшының, өз елінің мөлшерінде ақын деп танылып, үлкен күрделі айтысқа содан кейін түседі.

С. Мұқанов ақындардың жыршыдан айырмасы туралы ой тастап, осында Жанақ ақынның өнерпаздық ауқымы кең болғанына да назар аударғанын көреміз.

«Ақын мен жыршының арасында айрықша бар. Ақынның негізгі ез жанынан тезінен өлең шығару (импровизация), жыршының негізгі кәсібі – шығарылған даяр өлеңдерді жырлау. Бірақ бұдан ақын үнемі жаңадан өлең шығарумен ғана жүреді деген мағына шықпайды. Ақынға ақын болу үшін ең басты шарттың біреуі өзінен бұрын жасалған халық әдебиетін көп білу: әдебиетте аты сақталған атакты ақындардың бәрі де ең алдымен халық әдебиетін (ертегі, мақал, тақпак, батырлар жыры, әдет-салт жырлары, айтыстар, т.б.) жаксы білген. Жазу жок казак халкының гасырлар бойы жасаған қымбат әдебиет казыналарын жыршылармен қатар ақындар да сақтаған келген. Мәселен, «Қобыланды батыр» жырын сақтаған – Марабай ақын, «Қозы Керпеш-Баянды» сақтаған – Жанак ақын».

Жанак пен Тубек айтысында ел өмірінің әжептәуір көрінісі бар. Жанак ру атынан бармын, баймын, көпін дегендей көсіле сөйлегенімен, сөз өзіне ойысканда шындыққа жеңіліп былай дейді:

*Ұранымды сұрасаң аргын, найман,
Кедей Жанаң десең де ар қылмеймын.*

Сонан кейін қайтадан елінде барды айтып, бойына күш-куат құйылғандай өр сөйлеуге ойысады.

Жанак:

*Оспанның асынганы алтыннан қыл,
А балам, жеңе алмасам саган бір сын.
Алтай-Қарлық балам бар, алда – Жұман,
Тап өзінің жылқысы жисирма уи мың...*

Айтыста байлық жарыстыру біршамаға жеткенде Жанак ақын мұнадай тапқыр сөзбен Тубекке бір тосқауыл қойып тасталды.

Тубек:

*Найманда бұрымынан толған қатын,
Тоқсан санды айдаған Қамбар батыр.
Сексен атан түйеге әрең артар,
Жұз сандық Бексұлтанды жасамбы жастыр.*

Жанак:
Біздерді «Шу!» дегенде өлең басты,
Өлең айтсаң аруаң сенен қашты.
Кесер бас, жүрер аяқ жылқыңды айтша,
Үрідай не қылайын жасатқан тасты.

Айтыска Тубек тосылып қалған бір сәтте, арасында Сарыбай бір шумак өлеңмен косылған. Айтыс тағы да бар мен жок, күнкөрістің қам-жайын жарыстыра барып біткен. Бұл айтыстың кезеңінде аса бір көркем, сұрыпсалма өнердің биігінде болған айтыс түрі болғаны байқалады. Өлеңде табылған тіркес, нақтылы жағдай аясындағы қарсы жақтардың көңіл-күй бағыты сезіліп тұрған шебер қиуласқан сөз айшықтаулар мол. Тегінде бұл айтысты, айтыс дәстүрі, айтыс шартымен кейіннен жеңіліс тапқан қайта жырлад шыққан да болуы мүмкін. Соның өзінде екі ақынның да беталысы, өзіндік машық, дағдысы сезіледі.

Жанак сөздерінен аргы-бергіні көп көрген, еркіндікке мүмкіндік мол айтыс өлеңнің өзінде кіслікті ұстанып отырған, әдептен аса озбаған ой мәдениеті, сөз мәдениеті көрінеді.

Руын арқаланып өктемдеу кетіп отырған Тубекке қаратыш айтқан айтыстың түйін сөздерінде Жанақтың ақындық мәдениеті айқын.

Жанак:

*Тубек маган қылады омырауын,
Найман оған тағады қоңырауын.
Көрмегендей мақтанды, балам, Тубек,
Үзенғінің үзерсің шараң бауын.*

Тубек:

*Өлеңімді айтамын жасағым тынбай,
Сірә, мені жаңбейсің, Жанак сұмырай.
Сені де қалашилар мақтамайды,
Үйінің тесігі бар сексен мыңдай.*

Жанак:

*Үйімнің сырты жасаман, іши тәуір,
Сен, Тубек, қатығесің қара бауыр.
Үйімде тығып қойған жұз жасамым бар,
Шетінен ап жеп жастыр қаншама ауыл.*

Жанақ – әдебиет тарихында аты қалған, қазақ сөз өнерінің ерісінде ауқымды орны бар әйгілі ақын.

Жанақ – өз дәүірінің ғана емес, жалпы қазақ сөз өнерінің тарихындағы елеулі тұлға.

Жанақ ақынның өмірбаян дерегін баяндаудында профессор Х.Сүйіншәлиев оның шамамен 1770 жылдары туып, 1848 жылдары қайтыс болғанын айтады.

Жанақтың әдеби мұрасы әдебиет тарихы оқулықтарында, казақ әдебиеті тарихын зерттеген арнаулы монографиялық енбектерде, хрестоматиялық жинақтарда басылым көріп, насиҳатталып келеді. Жалпы, жанақтану Шоқан Уәлихановтан басталады. Кезінде Жанақтың әдеби мұрасына еуропалықтардың да назар аударғаны белгілі.

«Тілмаштар маған жол бойы Жанақ туралы әңгіме айтып келді. Ол бұл өңірге аты жайылған жырыши-әнші емес, жуырда қайтыс болыпты».

Жанақтың әдеби мұрасы кейінге тұтас сақталып жеткен жок. Соның өзінде ақынның асқан қазақ өлеңін жаңа тіл қолданыс, түр ерекшелігімен байытып, дамытқан; ақындық дара даусы айқын сөз шебері болғанын тану қын емес.

Жанақ қазақ әдебиетінің тарихында сұрыпсалма ақындықтың үздігі, айтыстың дүлдүлі саналады. Ақынның «Рустем төреге айтқаны» арнау өлеңі – қазақ әдебиетінің тарихындағы арнау жанрының айрықша үлгісі. Әлеуметтік астары қалып ғұл арнау өлең – Жанақ поэзиясының өзінше бір бөлек аскары. Жанақ ақынның айтулы ақындығын қазіргі кезенде де жаңа бір қырларынан қарастырып зерттеп, тың, тосын сыр-жұмбағын ашуға ұмтылу – ғылым талабы.

Жанақтың өмір сүрген дәуірі XIX ғасырдың бірінші жартысы. Қазақ жерінің отаршылдық екпінін айқын, пәрменді ереже, зандардың ауқымында сезіне бастаған кезеңі. Ақын өлеңдері осы мәндегі, үстем зорлықка наразылық, қарсылық көрсете сойлеу мағынасында асқан әлеуметтік астарлары бар поэзия. Жанақтың көпқырлы өнерпаздық тағдырының бір арқауы – айтыс өлең. Жастай ел ішін аралап, ақындыққа бой ұрып, сол бағытта ауқымды онеге көріп, тәрбие алған ақын кейін қазақтың айтулы ақпа, сұрыпсалма өнерпазы болып танылды.

Жанақ ақынның Тұбек, Балта, Сабыrbай, т.б. ақындармен айтыстары сақталған. Жанақтың өнерпаздық қырындағы бір ерекшелік – ақынның өлең-жырды қобызға қосып, орындауы. Бұл мәндегі Жанақ дәстүрлі көпқырлы өнердің (синкретті) сақтаушысы, дамытушысы.

«Жанақ өз шығармаларын қобызға қосылып орындаған. Қобыз өнерін жоғары бағалаған Ш.Уәлиханов осы өнерді дамытуда Жанақтың дәстүрі жойылып барады деп кезінде өкініш білдірген еken. Жанақ өлеңдеріндегі әлеуметтік сипатқа да Шоқан ерекше назар аударып, оның Қарқаралы округына қарасты Қаракесек руынан шыққан даңқты импровизатор ақын екенін атап көрсеткен».

Жанақтың «Қозы Қөрпеш-Баян сұлу» жырын кейінгігі жырлап жеткізуі, бұл нұсқаның көркемдік сапасы – өз алдына және бір әңгіме.

Жанақ – айтыскер ақын мәнінде де зерттеушілер назарында болып келе жатқан ақын. Жанақ айтыстарының әлеуметтік мәніне, жалпы айтыс жанрының аясындағы көркемдік сапасына әр кезеңде де баға берілген. Айтыс мәтіндері 1870 жылдағы В.В.Радлов жинағы, беріде Ы.Алтынсариннің «Қазақ хрестоматиясынан» бастап басылым көріп отырды. Сәкен Сейфуллиннің «Қазақтың ескі әдебиет нұсқасы» – жинағында да Жанақ ақын айтысының мәтіні бар.

Айтыс өлең – қазақ арасына кең жаылған өнер түрі. Айтысты арналы зерттеуді алғаш бастаған зерттеушінің бірі М.Әуезов былай дейді: «Елдің айтыс өленді қатты қадірлекендігінен айтыс ақындары: Шөже, Кемпіrbай, Жанақ, Сабыrbай, Мұрат, Тоғжан, Біржан, Сара сияқтылардың атағы қазақ ішіне төгіс жайылған».

«Жанақ пен Баланың айтысқаны» деп, Ы.Алтынсариннің «Қазақ хрестоматиясында» басылған айтыс Жанақтың айтыс сөздегі тіл қолданыс өзгешелігін, дара даусын айқындастын туынды деуге болады. Жалпы, бұл айтыстың мәтіні әрқалай берілпі жүргені бар. Соған қарамастан, бұл Жанақтың Тұбекпен айтысы деп танимыз.

«Айтыстың» 1 томындағы (1965 ж.) «Жанақ пен Тұбек» айтысын аталаған мәтінмен салыстыруда осыған көз жете түсті.

Ақындық сөздің өзгеше сөз, әсерлі, әдемі сөз болуына Жанақ аса мән беріп отырған.

*Мен үйінен шығып ем Ертісті өрлең,
Үш жұзге ай тып жүрмін сөзімді өңдең...*

Жанақ найманның бала ақыннымен айтысуда сөзден тосылмайды. Кедейлікті бетіне басып, тұртіп, тиісіп, руынан сөз қозғап, қоймай төпеп отырған бала ақынға Жанақтың жауабы кесек-кесек. Оның әр сөзінде сламағы басым ой жатуы өз алдына, образды сөзбен қарсыласып “он орап” кетіп отырады.

Дегенсің менің атым ақын Жанақ,

Шалбарым бес теріден сенсөң балақ...

Бес теріден тігілген шадбардың иесінің тұлғалы, тұрпатты кісі екеніне енді сөз жоқ. Сонымен бірге «сенсөң балақ шалбар» колданысын Жанақтан басқа ақында кездестірмедік.

Ақын арғы-бергіде сөз құнын сезінген дара қасиетін ара-тұра ой арасына жүгіртіп отырып-ақ мойындалады.

Жас бала ескі сөзден не біледі,

Малымыз қошталі, қонбай семіреді.

Руталас айтыста байлық, барлық басым атальп отырғанымен, өнерпаздық өріс те онан да асып түсіп, мақтанға бөгіп отырып жырланатын салт бар.

Жанақ не сөзге де дес бермей, тайталаса айтысып отырған найман ақыннына енді былай деп, өнерін тосады.

Біздерді «шу!» дегендеге өлең басты,

Өлең айтсақ аруақ сенен қашты.

Кедейлікті кезек-кезек көлденең ұстай берген Тұбек пен Сабыrbайта Жанақ құнқөріс құнделікті карабайыр тірлік екенін, өзінің ұмтылғаны мен ұтқаны басқада, өнерпаздық өзгемен елшінегерін былайша ұқтырады:

Қызыл тілім менің бір безектеген,

Күң де күнін көреді тезек терген.

Жанақ өзіне өмір бойы жабысқан кедейлікті салық етіп сөйлеген көп ақынның еш біріне дес берменті.

Мен елдің серкесімін өскен төлден,

Үш жүздің ортасында өлең өрген.

Жанақтың Тұбекпен айтысында сөз құбылту, сөз айшықтауга әбден төсөлген ақынның үні анық. Найман мен арғынды жарыстыра отырып өрбитін бұл айтыста салыстырудың небір үздік үлгілері бар. Айтыс таласа отырып сөйлеу. Сөзталаста үздік шығу үшін үзіліп түскендей үнді сөз қажет. Бұл айтыс – жанрының ақын шарты. Жанақтың ақындық тілі мейлінше анық-ақын, айшықты келетіні поэзияның елеулі бір қыры. Ақын арнау сөзде де, тіршілік иірімдеріне иүскен сипаттау мәнді өлендерінде де осылай көрініп, сөйлеу тілін құлпыртудағы шекіз мүмкіндіктердің ақыны екендігін көрсетіп отырады.

Арғын-найман артықшылықтары тайталасқа түскен бұл айтыста Жанақ арғынның алымы кен, орны бөлек келетіндігін айтуда былайша, бір ауыз сөзге сыйғызып, түйін түйеді.

*... Арғынның айналасы алты алты айлық жер,
Кемдігінде, балам найман, ойлагайсың.*

Бұл жерде ақынның тек кеңістік-мекенге мензеп отырмаганы даусыз. Осы айтыста Жанақ ақын ырыс өсу, талқан болып келген Тарбагатай, бес теріден кесілген сенсөң балақ шалбар, ар қылмау, алтын қын, қырық арба қазына, көз қараю, көніл ауу, безектеген қызыл тіл, үзенгінің тарак бауын үзгенше мактану, омырауға қонырау тағу, қатырез қара бауыр, жар басындағы алты қанат ақ орда, бүйрекке қатты тиген сөз, шапса қылыш өтпеген Мұса, көшінен адасқан құнан-тай, көшпей, қонбай семірген мал, т.б. үдете, көтере, салыстыра отырып, тасып, асып сөйлеудің жол бермес жүйрігі, жөн білген үздігі екендігін және бір қырларынан ашады.

Әдебиеттанушы ғалым С.Қорабай өзінің «Ақтайлак-Сабыrbай» атты зерттеуінде Жанақ туралы айткан.

«Жанақтың Тұбек бастаған он алты ақынмен бірнеше құн айтысып, ойсыратса жеңгені, оның он жетінші бала ақын –

Сабырбайдан женілуі даусыз шындық. Откен ғасырдағы осы айтыс оқиғасы – қазақ даласына белгілі болып, сонау Орынбор мен Петербургке жеткен, атақты түрколог-ғалым В.В.Радлов пен ағартушы-педагог ІІ.Алтынсариннің назарларына ілігіп, олар шығарған сол кездегі жинақтарға кіргізілген».

Жанақпен айтысқан бала ақын Сабырбайдың елі «ақындар елі» атаптаған қазіргі Шығыс Қазақстан облысындағы Абай, Жарма аудандарының шектесіп жатқан тұстары болса керек. Сол жерден он жеті ақын шыққан деген әнгіме бар. Ақтайлактың атағы негізінен айтыс өнерімен шығыпты. Ақынның Жанақпен айтысында нағыз айтыскер екендігі көрінгендігі туралы С.Қорабай тарқатып айтады.

«Он алты ақынмен айтысқа түскен кезде Жанақтың кедейшілік зардабын көп тартқан қарттық шағы екен. Жоқшылық жаңына батқан ол қонақжай Құндызды ауылнина жің келгіштеп, сый-сияпат алғып қайтып жүреді. Оның бір кезекте он алты ақынмен жолығысуы сол уақытта өтке керек. Айтысқа қатысқан он жетінің аттары түгелдей дерлік белгілі емес. Соңғы деректерге қарағанда олар: Тубек Байқошқарұлы, Сабырбай Ақтайлакұлы және тағы басқа Байгара немерелері. Әрине мұның бәрі ауыл ішінде ғана белгілі ақындар еді. Ішіндегі аты шулылары – айтыстың қас шебері Тубек пен ұтқыр сөз иесі Сабырбай болатын. Сол екеуі ғана Жанақпен айтыста сонына дейін төтеп бере алады».

Сабырбайдың Жанақты женеуі былай болған екен. Он алты ақынды Жанақ женғен ғой, он алтыншы болып сөз сайысина қосылған Тубек те женіле бастағанда Сабырбай көпшіліктің колқалауымен қосылады айтысқа. Сабырбай капысын тауып Жанақты екі қайтара сөзден ұстапты. Бірінші рет Жанақ жамбы сұраймын деп сүрінген сыңайлы. Сабырбай осы сәтті ұтымды пайдаланады.

Жанаққа:

Күмістен жамбы деген тасым еді,
Әр тасым бес жұз сомнан асып еді.
Елімнен келмей жастып жамбы сұрап,
Ол тас емей, атаңың басы ма еді? –
депті.

Жанақ шамырқанып, Сабырбайды кім едің сен дегендей месініңкіремей былай депті:

Жалаулыдан шығып ем Ертіс өрлеп,
Үші жұздің баласына келсең кел деп.

Қашан келсем алдыман бір кеттейді,
Қарасұр осы неме көлденеңдеп.

Сабырбай сонда қайымдасу дәстүрінде былай деген дейді:

Жалаулыдан шығыпсың Ертіс өрлеп,
Үші жұздің баласына келсең кел деп.
Байгұс-ау, туу алыстан қалай жесттің,
Шешене сексендергі қобыз тәңдеп?

Сабырбайды «сексендергі шешен» деп отырғаны – Жанақтың мініс көлігі, кәрі биесі. Жанақ осыдан женілген. Сылтауратып, осы жылқы жайлышауда деп мініп едім дегенімен, жауабы уәжді болмаған. Кем-кетік күн көріс женіліс көрмей келе жатқан дарынды осылай жығыпты. Жанақтың Сабырбаймен айтысы кейін де жалғасын тапқан. Кездескен жерде сөз қағыстырмай қалмаған сияқты. Бұл жөнінде С.Қорабай былай дейді: «Бұл екі ақын кейін де талай кездесіп, өлеңмен қақтығысып жүрген. Бірде Жанақ Сабырбай ауылында қонақта жатқанда, өзіне қарайлассан Догал деген байға қайғырып, өлең шығарыпты. Өзі ұстаз тұтқан арқалы ақынның байды жоқтағаны көкейіне қонбаған Сабырбай:

Жәкең де сөйлейді екен жас баладай,
Дарының құдай берген басқара алмай.
Сыбанды мыңды айдаган Жақаш та өлді,
Догал өлсе, қайт дейсің, жастын солай».

Осында Сабырбайдың Жанақтың дарынын аса бағалайтыны, оған бай екен, мырза екен деп жақсы бола ма дегендей тосқауыл қоя сөйлегені көрініп түр.

Жанақ өзінің Сабырбаймен женілгенін көпшілікке жария етіп, айтыстағы женілген адамның аузымен шындықты айту дәстүрінде хабарласа жүреді.

«Біржан-Сара» айтысында да Жанақтың Сабыrbайдан жеңілуі Сараның аузымен айтылатынын білеміз. Сараның Сабыrbайды найманның ақыны деп арқалана сөйлейтін тұстары бар.

Найманның аруагынан кет садаға,
Әзәзіл бола берме екі арага.
Жанақ та қобызымен түк қылған жоқ,
Оңай ма сендей сорлы бишарага.

... Жанақ қашан жол алды Сабыrbайдан?
Жаманың көтереді аргын сән гып.

Жанақтың бала ақыннан (Сабыrbайдан – F.C.) жеңілуі туралы ғалым С.Дәуітов былай дейді: «Осы айтыста арқалы ақын Жанақтың бала ақын сөзбен тоқтатады. Қактығыстың қалай өткеніне, үлкен таланттың қалай тосылғанына көз жеткізу үшін айтыстан үзінді келтірейік:

Мен-ақ кедей болайын, сен-ақ бай бол,
Сенікі төре, қара, бұлғақтай бер.
Сөзіңді қылжасақтаған естімеймін,
Былтырғы берем деген жамыңды бер, –

деген Жанақ сөзіне бала жігіт екпіндете былайша жауап береді:

Әрине алар едің жамбы берсем,
Кәрі құл асырайын күліп келсең.
Жамбыңды осы арада-ақ бергізейін,
Ішінде осы топтың мені жеңсөң.
Жанақ:
Олай десең, біздің ел малдан асты,
Менимен таласуың жарамас-ты.
Жазықтық төрт аяқты малды айт – сана,
Баурайда не қыласың шоккен тасты? –
дайді. Бала:
Күмістен жамбы тасым еди,
Әр тасым бес жұз сомнан асыл еди.

Елімнен келмей жатып жамбы сұрап,
Ол тас емей, атаңың басы ма еді, –

деп сөз жүйесін тауып, атақты ақынды кідіртеді.

Жанақпен айтысан баланың аты-жөні, кім екені әлі күнге белгісіз. Ол туралы әр түрлі пікірлер бар. Жанақ түсында мұндай өнерлі жастар ел ішінде болуы әбден мүмкін. М.Әуезов Жанақтың айтыс өнеріне тоқтай келіп: «Тек он жетінші, бала ақын (Сабыrbайдан) Жанақты тоқтатады» – дейді».

С.Дәуітов «Жанақ ақын» атты зерттеуде Жанақ Сағындықұлының шығармашылығындағы басты сипаттарды, Жанақтың ақындық шеберлігін, оның әр жанрда да көрінген ірі дарын иесі екендігін зерделеген. Осы зерттеуде Жанақтың шығармашылық ерекшелігін айқындаі түсетін нақтылы байламдар жасалған. Көптеген тың дерек, ойга ой жалғайтын болжам, түйін бар.

С.Дәуітов қарастырған Жанақтың Бәкі төренің ақыны Садырмен айтысы туралы айтылған ойлары – осының бір белгісі. Бәкі тере Садыр ақынды ертіп жүреді екен. Бірде Жанақтың ауылына жолдары түсіпті. Садырдың тілегі бойынша екеуі Жанақтың үйіне барады.

Жанақ конактарын қарсы алып, конагасыға ту ешкі соған ғой, тере болса сиыр мен ешкі малының етін жемейді екен. Ешкінің басына Жанақ төреден бата сұрағанда, тере Садырға ымдан сен бата қыл дайді. Ақын қисайып жатқан күйде былай деп екі ауыз өлең айтқан екен:

Соятын соғымыңа қойың жоқ па,
Әлі тоймай отырсың дүние бокқа.
Мал деген адамзатқа қатты дүштапан,
Ақы иесін салады жсанған отқа.
Естігенің жоқ па еді Қарынбайды,
Мал берген ұмытып еді бір құдайды.
Қораңда қойың тұрып, ешкі соған,
Пигылың сол Қарабай байға ұқсайды, –

дайді. Жанақ ашууланып қалады. Қызы жауап берген екен:

*Тоқты менен ешкінің құны бірдей,
Жақсы менен жаманның қаны бірдей.*

*Төрениң соңына ерген аңғал ақын,
Бос лепіріп сөйлейсің мұны білмей.*

*Кеңірдектен кекіп отырмас па ең,
Ешкі еті деп қомсынбай майга тойсаң.
Өз етім өзіме олжас, жемей-ақ қой,
Өңешінен ет еттес ешкі сойсам.*

Жанақ өлеңін бітіре сала етті ала жөнеліпті. Сонда төре дереу басын көтеріп алыш, әкел, малыңың басына бата қылайын. Менің сиыр еті мен ешкі етін жемейтінді біле тұра ешкі сойғанынды түсіндім. Ақындық сөзбен оны айтып бердін. Құдайға жақсының да, жаманның да жаны бір екені рас. Бірімізді біріміз кешейік деп, бастан шекімдей құйқа кесіп алыш жепті. Ертеңінде Жанақ конактарын түстікке байлаған семіз құлан сойып, аттандырыпты дейді.

С. Дәуітов Жанақ ақынның шеберлік өресін нақтылы талдаулармен айтып көрсетіп берген. Ж.Сағындықұлының өлеңге әлеуметтік арқау беруінде өзіндік, өзгеше көзқарас, таным жататынын ұғындырады. Жанақтың бір өлеңін зерттеуші тарихиымен құнды деп бағалапты, орынды дер едік.

Жанақтың өзінің ақындық «менін» аса жоғары бағалағаны туралы бір сырдың ұшығы С.Дәуітов зерттеуінде көзге ұрып тұр.

Садыр ақынның Бәкі төрені дәріптеп, шашбайын көтеріп, арзан сөзбен алмақ болған ақындық айласына Жанақ жоғарыдан карайды дейді зерттеуші. Жанақтың өз қадірін асыра сейлем:

*Қонаққа мал соям ба сараң болсам,
Құдай Жанақ қыла ма жаман болсам, –*

дегеніне мән береді. Жанақтың өмір суреттерін жеткізудегі өзгеше ақындық қолтаңбасына алғаш арналы тоқталып, таратадаған С.Дәуітовтің ақын мұрасы жайлы сала-сала зерттеулерге бастау боларлық көркемдік негізі бар дер едік.

«Жанақ ақын өлеңінде өмірдің нақты суреті көрініс табады.

*Жанақ келіп жатакқа қона қалды,
Келісімен бір қызық бола қалды.
Қобызымды қолға алып қиқақтасам,
Қомыт-қомыт қатындар бола қалды, –*

дейді ақын кедей-жатаққа келген сапары жайында. Кедейдің өмірін суеттеуге ақын қарапайым сөз жүйесін табады. «Қобызымды қолға алып қиқақтасам, қомыт-қомыт қатындар тола қалды» деген екі жолда бүкіл жатак өмірінің шындық жайлары ашық та айқын көрінеді».

Жанақ өлеңіндегі кедей-жатақ елді өзімсіну, еркелеу, назды астар, женіл қағытпа қалжың сөз іірімдеріне назар аударған Сәрсенбі Дәуітов осы жөнінде толымды, негізі бар тұжырымдар айтады. «Қомыт-қомыт» жатақтарға жаңы ашыған сэттерінде Жанақ поэзиясы тағы бір жарқыраған қырымен ашылады.

Зерттеушінің Жанақ ақын поэзиясындағы әлеуметтік арқауы айқын бояулы өлеңдерден алыш отырып көрсеткені – ұтымды тәсіл.

Жатақ өмірінің бар өмірін өлеңге айқын көшірген Жанақ ақынның өлең өнерінің өрен жүйрігі екендігін және бір мәрте ұғына түсер едік.

«Жанақ «Тәңірі берген көз салсам, дәүлетің бар», – деп көтермелеп мақтағанмен, «қомыт-қомыт» жатақтарға ерекше аяныш білдіреді.

*Қайтпаган хан, қарадан біздің лебіз,
Жатақтан не сұрайсың, шіркін, қобыз.
Қой берсе, қозы берсе өкпелейсің,
Жатақ қайдан табады құнан-өгіз, –*

деп бір сэт ақын өз қобызымен кеңесіп кетеді. Бұл жерде Жанақ мал-мұлік табайын демейді, кедей-кембагал жандардың бүлт басқан кеудесіне өлең сәулесін түсіріп, көнілін көтермек. Ол өзи сияқты жок-жітіктерге еркелеп те қояды:

*Ауылым алыс, мен келем өзім азып,
Қой мен шай бер ақынға жерден қазып.
Он қадақ шай, қос қоржын сүр асып бер,
Өрге барған Жәкеңе болсын азық.*

Эрине, бір қарағанда ақынның осы тармақтағы ойы бүйрек сияқты көрінері сөзсіз. Алайда терең үцілген адамға оның халықты өзімсіну ниеті басым екенін сезіну қыын емес. Би мен болысқа, төре мен бекке ызғар шашатын ашушаң ақын жатақтарға тіпті сырпай. Жерден алыш, жерге салатын аңы мысқыл да жырда атымен жоқ. Жанақтың осы өлеңі тарихильтымен құнды. Ескі қазақ ауылшының бай мен кедей болып жіктеліп, колында барлардың сарыжайлалауга көшіп, сары кымызды сапыруы, кедей байғұстың жатақ болып отырып қалуы жырда әдемі үйлесімін тапқан».

Жанақ ақынның қазақ өлеңіне адамның жан күйін іштеп алыш ашқан жаңа бағыт әкелгендігі туралы С.Дәуітовтің ойы қазіргі уақыттағы жанақтану саласындағы зерттеулерде қағидалы тоқтамдар жасалуын күтегін сияқты.

«Жанақ ақынның таңдаулы өлеңдерінің бірі «Баласы Сәнияздың атың Қамбар» деп аталады. Ол небәрі он тоғызың жолдан тұрады және он бір буынды қара өлең түрімен айтылады. Мүмкін о баста қазіргісінен мол да болған шығар...

Ақынның адам сырын ашуы, оның сырт бет-бейнесінен гөрі, ішкі жан дүниесіне бойлай үңілуі, кейіпкерінің күйініш-сүйінішін әдемі суреттермен түйіп беруі сол кездегі қазақ поэзиясы үшін ерекше деп айтуда тұрарлық құбылыс еді.

*Баласы Сәнияздың атың Қамбар,
Сәуірдің бұлтындағы міnezің бар.
Күйлесем де қобызым күйге келмейді,
Азырақ жүргегімнің қорыққаны бар, –*

деп Қамбар төренің кім екенін айтумен бірге, дүниенің өтпелілігін, бак-дәулеттің қолдың кірі сияқты аумалы-төкпелі сипатын жан-жақты толғайды. «Сәуірдің бұлтындағы міnezің бар» деген жолда бай мен болыс, шонжардың құбылмалы міnez-құлқы шебер көрінеді».

С.Дәуітовтің «Жанақтың «Рұстем төреге айтқаны» шығармасын танытуында назар аудараптың қысындар аз емес. Шығарманың туу тарихы туралы тың деректер келтіре отырып, зерттеуші өлеңдік құндылығы туралы айқын қорытындылар жасаған. Егде тартып қалған кезінде Жанақ әбден есіріп, есі кетіп, елге тыныштық беруден қалған Рұстем төреге бармақ болады. Жүрттың қайтесіз, бетіңіз қайтып қалады дегенін тыңдамаған

Рұстемнің үйінің сыртынан дауыс салып, келгенін білдірген Жанақ, әй-шәй дегізбестен ілгері озып, төрге шығып отырған ғой. Төре айбатына мініп, «мені басынып отырған кім едің?» деп, жігіттеріне әмір беріп, соққыға жыққызыбақ болыпты.

Жанақ төрені тобықтай түйін сөзбен тоқтатқан екен.

*Тоқта, тоқта, ей, төре іргелі елмін,
Құбыладан екпіндей соққан жеслімін.
Одан бергі атамыз Шор-ақ еді,
Бір тәнірден басқадан зор-ақ едім.
Ей, төре, танымасаң, танытайын,
Уш жүзге атым шыққан Жанақ едім, –
дейді.*

Шығарманың көркемдік куаты ерекше. Осы жайында С.Дәуітов былай дейді:

««Рұстем төреге айтқаны» – Жанақтың ең ірі де көркем туындысы. Мұнда ең алдымен Рұстем бейнесі катал да сұсты бар тұлғасымен көрінеді. Елден алым мен пара алууды өмір салтына айналдырған. Телі мен тентекті қасына жинап, ырқына көнбекен жүргтты талау мен тонауды кәсіп еткен сотқар төренің бетін ақын поэзия қылышымен аяусыз тілгілейді.

*Ат пен түйе тарту ап келгендерге,
Мендей емес, Рұстем, түсің жылы, –*

дейді. Сол заманда төре, бай, шонжарларда кеткен халық есесін осындағы ірі ақынға қайтара алар еді. Біз Жанақтың «Рұстем төреге айтқанынан» сондай ірлік пен қуаттылықты көреміз.

Әзімшіл төре – қара күштің ғана иесі. Ал, Жанақтың сенері мен тірегі халық.

Кай кезде де ірі ақын-жыраулар хан мен төреге ашына сөз айтқанда, ел-жүртка арқа сүйеп, қаһар шашқан. Бұл дәстүр сонау Сыныра жыраудан, Асан қайғыдан бері үздіксіз желі тартып келеді. Сыныра Токтамысқа, Асан қайғы Жәнібекке, Шалқиіз Темірге, Бұхар Абылайға өз ойларын мұдірмей жеткізумен бірге, хан мен бидің бойындағы кемістігін де айта білген».

Жанақ – ел арасында, халқына қадірлі болған, атағы ертеден мәлім, аты көпкө жайылған дара ақындық тұлға.

С.Дәуітов Жанақ ақын мұрасын қазактың ірі ғалымдары, көрнекті тұлғалары Ш. Уәлиханов, Ы. Алтынсарин, М. Әуезов, С. Сейфуллиннің айрықша көніл бөлгөні тегін емес дей келіп, Жанақ Сағындықұлының әдебиет тарихындағы ықпалды орны жайлы жасаған байламы – негізді.

«Осы әйгілі өнер иесінің өзінен кейінгі поэзияға үлкен әсері болды. Басқанды Айтпағанда, Абай жырларында да Жанақпен үндес жолдар кездеседі. Жанақ Рұстем төрөгө:

*Бір үртты май болғанда, бір үртты қан,
Екі мінез адам гой түсі сүк, –
десе, Абай:
Жақсы менен жсаманды айырмадық,
Бірі қан, бірі май бол енді екі үрттың, –
дейді. Жанақ:
Моласындаі бақсының түрган оқиау,
Бара алмаймын бас қосқан болса жысын, –*

деп, өзінің егде тартып, жүріс-тұрысының қындағанын, сөйтіп сырласар адамы болмағанын мұңғып шақса, Абай:

*Моласындаі бақсының,
Жалғыз қалдым – тап шыным, –
деп, өзі тенденс жақсы жанның жоғына қатты құйініш білдіреді.
Жанақ:
Аңға шықсаң алғашқы жсауғанда қар,
Ал қызылдың алыстан айбары бар.
Кәріліктің арнаулы сыйбагасы,
Онан артық дәл бізге не қызық бар.
Шұбатылып қынга тартса тұлға,
Астында болса, сонда жылтың жылқы.
Бұл бет мүлде кетпей ме қып-қызыл бол,
Қатын-бала ұмыт бол, жиган мүлкі, –
десе, Абай:
Қызық көрер көнілді болса аңышлар,
Шабар жерін қарамас жығылғанга.*

«Үйірімен уш тогыз» деп жыныңдан,
Жасы үлкен жсанына байлаганда.
Сілке кіп тымақты, насыбайды,
Бір атасың көнілің жайлланғанда, –

деп толғайды».

С.Дәуітов мұны дәстүр жалғастығы деп бағалаған. Жөн сез.

Жанақтың асқан жыршы болғандығы туралы ежелден белгілі. Қалың елге жайылған «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырының сұлу бір нұсқасы – Жанақ ақындікі. Осы түрғыда С.Дәуітовтің өз айттар ойлары бар. Жанақ жырлаған нұсқа туралы накты, қадау-қадау деректерді көлтіре отырып, ақын шығармашылығының көпқырлылық сипаты жайлы аса жоғары баға беріп өткен С.Дәуітұлының көлтірген деректері жанақтанудың негізді, фактісі мол, көркемдік, шеберлік тәсілдері әдеби дәстүр, әдеби дамуга елеулі ықпалын тигізген тарихи тұлға жайлы зерттеулер шоғыры екендігін айқындаі түседі.

Халық мұрасын зерттеуде де елеулі еңбек жасаған академик Сәбит Мұқанов былай дейді: «Қазактікі дейтін «Қозы Көрпештің» жиырмадан астам нұсқасы бар. Бұлар халық аузында ғасырлар бойы жырланып келгенмен, қағаз бетіне өткен XIX ғасырдың ортасынан бері ғана түскен. Оны ең алғаш жазып алғанның біреуі – Ш.Уәлиханов. Бірақ оны «Көне жырдың біреуі» деп қана келген де, егжей-тегжейін баяндаумен шұғылданбаған. Шоқан жазып алған нұсқа он тоғызыншы ғасырдың орта тұсында, Ұлытауда туып-өсken Жанақ ақындікі көрінеді. Шоқан ол ақынмен кездескен».

Сала-сала шығармашылық иесі Жанақ ақын С.Дәуітов сөзімен айтқанда: «Жанақ творчествосы туралы пікірімізді түйіп айтсақ, ол – асқан қобызыны, шебер домбырашы, халық жырын алта бойы тоқтамай толғайтын жырши. Ең бастысы «от ауызды, орақ тілді» ақын. Жай ақын емес, әділдік пен шындық үшін кімнен болса да тайынбаған ірі тұлға. Оның терең мағыналы, биік парасаатты жырлары ұрпактан ұрпакқа мұра болып қала бермек. Өйткені, Жанақ поэзиясы – Абай поэзиясының алдындағы ірі белестің бірі, ал, Жанақтың өзі Абай алдындағы шок жүлдyz ақындардың қатарында тұр».

Жанақ өз дәуірінде көшілік айтыс ақындарының даңқын шығарған айтыстарға қатысады. Көшілік құрмет тұтқан әйгілі ақынмен айтыс кім-кімге де мәртебе болғаны даусыз.

Тұбек Байқошқарұлы туралы зерттеу мақаласында ғалым Ж.Тілепов мына бір жайларға назар аударған.

«Түбектің даңқын шығарған өнер сайысының бірі оның Жанақпен айтысы екені баршаға мәлім...

Әрине қарсыласын тізе бүктіру үшін кай ақын да өзінің елінің «сорпаға шығарларын» мадақтап, екінші жақтың мінін дабырайтынқырап көрсетуге тырысатыны белгілі. Түбектің көбіне-көп тілге тиек етері – Жанақтың жарлылығы. Ол қарсыласына «Дегенсің сенің атың – ақын Жанақ, Қойыпты қылғындырып құлқын тамак... Үйіңің тесігі бар сексен мындей», – деп оның ас пен үйге жарымағанын бетіне шіркеу етіп, қанша дұлдул ақын болғанмен, оның қоғамдық жағдайы, құнелтісі онғарылмай жүрген жан екендігін жария қылады. Бұл ретте Тұбек сезінде біраз ақиқаттың жатқаны анық. Шынында 1846 жылы Жанақ пен Тұбек, Орынбай, т.б. арқалы ақындардың елінде болған А. Янушкевич Жанақ туралы былай деп жазады: «Тілмаштар маган жол бойы Жанақ туралы әңгіме айтып келді. Ол бұл өмірге аты жайылған жыршы-әнші екен, жуырда қайтыс болыпты. Өлең-жырлары үшін ол жамбы, кейде бірнеше түйе алыпты. Бірақ алдына мал, басына дәулет бітпепті. Түскенін түскенінше жаратып, ақынша өмір сүріпті».

Демек Жанақтың жарлылығы ақиқат. Бірақ бұл жерде соған бола оның иығына шығып кеткісі келіп отырған Түбекті көрмейсіз, жарлылығын айтқанда шамданып жатқан Жанақ та жок».

Жанақ ақынның ғұмырбаян деректері ол айтысқан ақындар туралы зерттеулер арқылы да толыға түсіп келеді.

XVIII ғасырдың соны мен XIX ғасырдың бастапқы кезеңінен былай қарай қазақ өлеңінде қоғамдық әлеуметтік өмір, оның кайшылықтары мен кемшіліктері, нақтылы беталыс, бағдары, адам мінезінің қайсыбір жағымды, жағымсыз сипаттары, өзара қарым-қатынас мәселелері, теңсіздік, әділетсіздік жайлары басымдау суреттеле бастағаны белгілі. Сол кезең поэзиясы қоғамдық өмір кескінін, оның өмір салтын шынайы негізде көрсетіп ашты, айтты.

XIX ғасырдағы қазақ поэзиясында бірі біріне ұқсамайтын, бірін-бірі қайталамайтын дара дарындар шоғыры мол болатын. Әрі

эпик, әрі жыршы, әрі айтыс ақыны болған сан қырлы өнерпаздық өристегі жыр жүйрігінің бірі – Жанақ.

Жанақ XIX ғасыр әдебиетінің басты арналарының барлығында да өзінің дауысын, өнерпаздық жолын қалдырған ақын болатын.

XIX ғасырдағы айтыс өнерінде Жанақ аты алдымен аталатын ақынның бірі болып қалды. Ол Шәже, Тұбек, Орынбай, Шернияз, Арыстан, Сүйінбай, Сакау, Тоғжан, Біржан, Сара, Бактыбай, Сабыrbай, Абыл, Нұрым, Қашаған, Жылқышы, Жасқілен, Кемпіrbай, Қабан, Құлтума, Қубала, Құлмамбет, Жамбыл, Бала Ораз, Әсет, Үрісжан, Жібек, Ажар, Ұлбике, Тәбия, Ұашаубай, Досжан, Қашқынбай, т.б. айтыс өнерін шырқау шынға көтерген өнерпаздардың алдыңғы қатарында тұр.

Жанақ – айтыс жанрының кас майталманы. Ол XIX ғасырдағы айтыс жанрын өркендетуге айтартылған үлес косты. Ақындық шабытының дер кезінде алдына жан салмаған жүйрік; Тұбек, Сабыrbай, Бала, Балта, Даумен, Сақау, Қунекей, т.б. ақындармен айтысып, өнер көрсеткен, желсе желіс, шапса шабыс бермеген кәрі тарлан екен.

Айтысқа түскен ақындардың Жанақтың бетіне басар айыбы оның кедейлігі болған. Бір айтыс үстінде оған қарсы ақын:

*Кедейге өлең бітін, жер бітпеген,
Атаңнан бері қарай жсол күтпеген.
Тогыз саба құйсаң да толмас кедей
Өміріңде борбайыңа шыр бітпеген, –*

депті. Жанақты «Жалғыз атты жолаушы, арғынның қаңғыбас кедей шалы» деп кеміткен жағдайлар көп болған. Балта ақын бір реті келгенде:

*Кәрі шал ашуланса елден кетсін,
Кедейде жамбы бермей тентіретсін.
Арғынның қаңғып жүрген кедей шалын
Біздің ел мазақ етпей, енді не етсін? –
деген.*

*Бекен жарғақ үстінде, боз белбеули,
Кедей арғын кісігे жсол бермейді... –*

деп мін тағыпты. Жанакқа әйтсе де кедейлік кедергі болмаған. Ол жұртының қадірлісі, елінің серкесі болып, серілікпен жүреді екен. Жанак өзінің малға жарлы болса да, сөзге бай, ақыл мен өнердің кени, теңдесі жоқ жүйрік ақын екенін зор мәртебе санайды, өзін басқадан жоғары ұстайтын да кездері бар.

Мен-ақ кедей болайын,

Сен-ақ бай бол.

Төре-қара сенікі

Бұлғақтай бер, –

депті Сабырбай ақынға.

Байға бас ұрып, мал үшін сөз сатқан ақынды Жанак ұнатпаған. Өнерімен озып, сөз тапқан кіслік қасиетін жоғары ұстаған өнерпаздарды бағалайды.

Жанак бірде астында арық мәстек, тұз тасуышы жолаушыларға әрен ілесіп келе жатып, Дәумен деген ақынға кездесіп қалады. Дәумен ақын көре сала:

Жәкең салып келеді жорғасымен,

Шашардан отін, қызыл су, өр басымен.

Ел ақтап, қобыз артып, жаси алмай,

Тұз сатқалы шықтың ба, арбасымен, –

депті. Жанақ тосылмай, іле былай деп жауаптасады:

Бір үй қырда Жәкеңің, бір үй ойда,

Алишаңдан журуши едім жисын-тойда.

Атым арық, тұзшымен шығып едім,

Ат берсең, ақын Дәумен, белгі сонда.

Дәумен:

Иә, Жәке, ат бер десең ат берейін.

Жорғага жылқы ішінде тап берейін.

Нәр жерде ақын Дәумен жеңді десең,

Кой сойып қоржынга да сап берейін, –

депті. Жанак мұндай тұзакқа тұспейді, сатылмайды, әрі асады.

Күнікей сұлудың ауылына келеді. Үй сыртында тұрган қыздан откел жөнін сұрап тілдеседі. Қыз оны сөзбен бөгейді.

Шәу деген сөз ақынға пайда болар,

Қыздың шашы жібектей майда болар.

Жаным, Күнекей, сенен мен жсөн ұрайын,

Көкшеөзектің откелі қайда болар?

Күнікей:

Жалт қарап, жаңа көрдім, ақын Жанак,

Жәкең көштеп келеді аттай жасарап.

Тұқ бітпеген туралы, шұнақ Қамбар

Жылқың оттей бара ма, откел сұрап?!

Жанактың «Орманшы Сақаумен тілдесуі» деген шығарма да сакталған. Мәшін Жұсіп Қөпееў қолжазбаларында бір үлгісі бар.

Жанак:

Екі ағам бар алдында Байқы, Бошан,

Өзім Қамбар болғалы әлдеқашан.

Қарлығаштың қанаты ес болмай ма,

Есіл мен Нұраны қантай қонса.

Сақау:

Асқар белмін, шалқар көлмін,

Түйенің жауырындей жасалпақ елмін.

Ашуыма көп тиме, қара күнім,

Бүркіт алған түлкідегі басып жермін.

Жанак – арнау өлеңдерді аса мол шығарған ақын сияқты. Ол есқі ел ақындары дәстүрі бойынша біреуді мактап, не жамандап өлеңдер айтқан. Солардың ішінде Жанактың «Кәрібай болысқа айтқаны» деген өлеңі бар. Бұл өлеңнен ақынның барлықпен тасыған жандарға деген көзкарасы байқалады.

Қанжығалының паракор болысы өзіне қараған елге өктемдік жасағанымен қоймай, жалғыз атты жолаушыны да откізбей әуреге салған екен. Жалакор төрөнің ұрылары Жанакты да тақыршаққа отырғызыды. Олар ақынның да атын алды.

Ал Кәрібай пара берген ұрыларды ғана тыңдал, жоқшының сөзін пәтуаға алмайды. Ақын оның осы мінін бетіне басады:

Алты руды басып түрган Кәрібайсың,

Мен түгіл өз әкеңді танымайсың.

Жүгінсе екі кісі алдыңа кеп,

Кай бұрын пұл бергенін жарылгайсың.

Жанақтың Санияз төре үйінде айтқан өлеңі де өте өткір. Оған «сәуірдің бұлтындай міnezің бар» деп міnezіндегі айнымалықты атап көрсетеді. Торайғыр шонға айтканы деген толғауы да маңызды, ақын онда ел бірлігін аңсайды.

Ақын өзі жасаған дәуірге наразылық сөзін батыл айтады. Кейде болашағы бұлдыр заманға наразы, дүниенің ұзын құрығы адамдарды құртып, қуырып бара жатыр деген қорытынды шығарады. Қартайған ақын өзінің тозған өмірінің өксігін қосып, казак еліндегі ауыр жағдайдың бет пердесін аша түседі.

Жанақты ел сыйлаған. Ақынның ерекше талант иесі екенін дәріптеп айттып жүрген.

Мен үйімнен жасасымда безіп едім,

Кедейлікпен уши жүзді кезіп едім.

Аз бергенді асырмай, төмендетпей,

Бермегенді сөзбенен езіп едім.

Көп бергенді күпсітін көтермелеп,

Кім де болса сырты емес, көзіне едім.

Мұз болып қатқан Рұстем көңілін жібітіп, жылытып алған ақын оның ішігін алып отырып, бастан аяқ мұздай киініп шығармаса, «жалаңаш атка жіп құйысқан» сияқты болғанын айтады.

Жанат ішік жасасты миығыма,

Құн жеттейтін бармақтай қыығына.

Сени күп жүргенде күлкі келді,

Өзге тұрсын өзімнің сиығыма.

Ішік жсанат болғанда, сенсөң тымак,

Бәрекелді көне етік тұрсың ұнап.

Деп мазақ қып күледі-ау, біреу сынап,
Мата көйлек, кір камзол, жыртық бешіпет,
Жамаулы шалбар-дағы тұр кес-кестеп...

Рұстем мінгізген көкала арғымақты тізгінін ұстап тұрып оған лайық әр-тұрманың керек екенін, ал өзінің жыртық желқомы аттың сәнін кетіретінін айтып, әр-турманың да алады. Өлеммен Рұстемнің мысын басып, күміс қынапты, алтын сапты шашпа пышағын да колға түсіреді. Ешкімді маңынан жүргізбейтін құмай тазысына да ие болады. Рұстемнен ауысып, ханымға сөз тастап, оның да сый-сияппатын көреді. Ханым Жанақтың әйеліне арнап киім тіктіріп береді.

Енді өлең айтамын ханымыңа,
Ханым да жасарай гой алымына
Хан менен ханымның жасаи басқа
Ханымды да балаймын хан ұлына.
Ханымның бұдан артық қандайы бар
Лебі – шәрбат, бал тамған таңдайы бар,
Тілім жеттей қалмасам, сұрай алмай,
Жомарттыққа жасаған маңдайы бар.

Өзінің тілегенін алып жүргенін, бірақ одан байымағанын ақын жасырмайды.

Жанақ бере білмейді, ала біледі,
Құдай ал деп берген соң шебер тілді.
Сонда-дағы түскем жсоқ ел алдына.
Әркімнің-ақ бұл Жанақ үзіп-жұлды,
Жақсы десін, мейлі жасаман десін,
Жанақты бұл уши жүздің ұлы білді.

Рас айтады ақын. Одан халық қолында барын аямаса керек. Ал берместі бергізген ақынның тамаша таланты болды. Ол өзі туралы қартайған кезде былай дейді:

Сұңқар едім бір кунде болат қияқ,
Тұлпар едім мұқалды құрыш тұяқ.
Мұңдастын таусылды тұстас тұрғым,

Әзілдесер таусылды тату құрбым.
Жан жасбығып, тән тозып, қартайғанда,
Ілеспей басында жсүр көңіл қырдың
Арманым жоқ, аз емес, көпті көрдім,
Қазақтың құрметі мен көрдім сыйын.

Өткен дәуірдің басқа ақындары сиякты Жанақ та кәрілік шакты жырлап, картайған адамның шындық бейнесін жасайды. Ақынның поэтикалық шеберліктері де осы өлеңнен байқалады.

Тұбектің өзі туралы айтқан сөздеріне қарағанда да ол – үлгілі, өнегелі сез иесі, тілге жүйрік ақын.

Ат дейдін ат менде жоқ, атым Тубек,
Байқарадан шығып ем аттай үдең.
Байқарадан шығып ек он жеті ақын,
Сабыrbайды жеңе алмай жүрмін жүден.
Домбыра екі шекті, бір тиекті,
Аулыңа Тубек деген ақын кепті.
Ақынның өзі кетсе өлеңі бар,
Бозбала үйреніп ал, аузы епти!

Осы келтірілген жолдардағы Тұбекке жеңдірмей жүрген Сабыrbайды ақын кім? Ол аты әйгілі Ақтайлақ бидің баласы, Жанақ, Тубек ақындардың замандасы, Байқара ауылынан шыққан. Ақтайлақтың қасында жүріп, шешендік пен ақындыққа тәрбиелеген. Ақтайлықтың өзі әрі шешен, би, әрі ақпа ақын болыпты. Оның Көкше мен Керей дауында айтқан билік сезі шешен тақпақ ретінде бізге жеткен.

Үйректің көбін қаз сүймес,
Үйрек қазға сүйсінбес...
Бірақ көл несіз көркеймес...
Бай қонысын сұрасаң,
Батпақ сулы далада,
Кой қонысын сұрасаң,
Көкпекті жантастық сортаңда.
Әділ билік аллада, –
депті Ақтайлақ.

Тұбектің Сабыrbайды жеңе алмай жүрмін деуіне қарағанда шешен әке тәрбиесінен өткен Сабыrbай да заманында алдына жан салмаған саңлактың бірі болса керек.

Тұбектің ойын-тойда отырған бір қызбен тілдесіп, оның ақылы мен адалдығына риза болып айтқан сезі және батасы бар.

Тұбек:
Жігітке бақ тұра ма мал тайғанда,
Береді кім ат келіп жантайғанга.
Ақын қызы, көңілімді көтере айтты.
Тұсыңа келіп тұрмын қартайғанда,
Атым жоқ ат дейтүгын, атым Тұбек,
Келіндер атамайды «кул салғыш деп»
Шыразым, көңілімді бір көтерши,
Тұсыңа балапандай келдім түлеп...

Кызы:
Тұбек-ау, олай болса неге келдің:
Қыздардың жігітпенен көңілін бөлдің
Тұбекке көрінесің атамыздай...

Осыдан кейін айттыс тоқтап, ақындар біріне-бірі ризашылық білдіреді. Ақыры ақсақал ақын жас талапқа алғыс айттып, батасын береді. Тұбектің қызға берген батасы:

Ұлың болсын орында,
Қыздың болсын бұрымды.
Үйден қадам шыққанда,
Қылсын құдай жсолыңды...
Қол бастайтын бір ұл тап,
Той бастайтын бір қыз тап.

Тұбек осындағы әркімге арнау өлеңді көп шығарса керек. Бірақ ақын шығармалары кезінде жиналмай, ұмытылған, тоқсан алтыға келіп, жер тірең, төсек тартып жатқан Қосан деген ақынға келіп Тұбек:

Атыңнан айналайын, Қосекем-ай,
Пайғамбар бір Алланың досы екен-ай.

Тоқсан алтыда ақылынан жаңылмаган,
Әулиенің сарқыны осы екен-ай, –
депті.

Жоғарыда келтірілген мысалдарға қарағанда, Тұбек те Жанақ сиякты дәуірінің белді ақыны болған. Оны да кейінгі көп ақын ұстаз тұтып, өнерін жоғары бағалаған. Тұбек қартайып, төсек тартып жатқанда, көңілін сұрай келген Қарқабат деген ақын Тубекті кәрі тарлан, асқан талант иесі деп мадақтайды. Жалайырдан шыққан Бақтыбай ақын жігіт шағында Тұбек ақынды іздең келеді. Тұбек қартайып, ауырып жатады. Бақтыбай:

Келіп едім жузіңді көрейін деп,
Сәлемін Жалайырдың берейін деп.
Келе ме қозғалуга шама-әлің,
Тыңдаңыз балаң айтқан сөздің мәнін! –

дейді. Тұбек Бақтыбайға өзінің хал-жайын баяндап ұзак толғайды.

Сөйлесін жасы жеткен кәрі тарлан,
Шапқанда құстай үшікан терең жардан.
Қырандай жеслі күні аспандасам,
Топшымда тозушы еді талай қарған.
Жас жетті, жсан тозды, қайран дүние,
Осы бір кәрілікте үлкен арман.
Алқынбас өрге салса, жүйрік едім,
Самсаган шарышы топтан шыға салған,
Шаңымды көрмейши еді қыр астында,
Келгенде жарықталы талай бағлан.

Кәрі тарлан жерден шалқи сөйлеп, шалдырмас қырандай алыска жанат сермейді. Басын көтеріп, отырған жас келініне көз тіккен жас буыршының сырын бірден танып, Бақтыбайды сынай жөнеледі:

Жігітсің Сары алтындај жүрген балқын,
Жастықтың маңдайында шамы шалқын...

Көрінсе көк құнажын мөңіреген,
Жол болсын, қаңғып жүрген гана шартың

Бұл жолдар Тұбектің әбден қартайғанда да өнерден қалмай, ақылының адаспай, өле-өлгеннеше өлең айтып еткен жүлделі жүйрік екенін танытады. Әттеген-ай, осында ұзак өмір сүріп, бала жасынан бастап өмірінің соңғы минутына дейін өлең шығарған ақын сөздері түгел қағазға түссе ғой дейсін.

Жанақ суырып салма дарын иесі болумен катар, үлкен айтыс ақыны да. Ол қара өлеңде қазакқа «дес» берменті делінеді. Қолына домбырасын ала отырып толғаса, оған ештеңе де тосқауыл бола алмайды екен. М.Әуезовтің айтуына қарағанда: «Жанақпен найман ішінде бастығы Тұбек болып айтысқан он алты ақын тегіс женеліді».

Ы.Алтынсариннің «Қазақ хрестоматиясы» атты кітабында Жанақ ақынның айтысы берілген. Бұл айтыстың көлемі онша көп емес, не бәрі тоқсан төрт жол. Алайда қызу тартыс, үлкен қақтығыс үстінде екі ақынның да барын салғаны сез саптауларынан анық көрінеді.

Осы айтыста арқалы ақын Жанақты бала ақын сезбен тоқтатады. Қақтығыстың қалай өткенине, үлкен таланттың қалай тосылғанына көз жеткізу үшін айтыстан үзінді келтіреік:

Мен-ақ кедей болайын, сен-ақ бай бол,
Сенікі төре, қара, бұлғақтай бер.
Сөзіңді қылжасақтаган естімеймін,
Былтырғы берем деген жамбыңды бер, –

деген Жанақ сезінен бала жігіт екпіндете былайша жауап береді:

Әрине алар едің жамбы берсем,
Кәрі құл асырайын күліп келсөң.
Жамбыңды осы арада-ақ бергізейін,
Ішінде осы топтың мені жеңсөң.
Жанақ:
Олай десең, біздің ел малдан асты,
Менімен таласуың жасарамас-ты.
Жарықтық төрт аяқты малды айт-сана,

*Баурайда не қыласың шөккен тасты? –
дайді. Бала:
Күмістен жасамбы деген тасым еді,
Әр тасым бес жұз сомнан асыл еді.
Елімнен келмей жастың жасамбы сұрап,
Ол тас емей, атаңың басы ма еді? –*

деп сөз жүйесін тауып, атакты ақынды қідртеді. Жанақпен айтысқан баланың аты-жөні, кім екені әлі күнге белгісіз. Ол туралы әр түрлі пікірлер бар. Жанақ тұсында мұндай өнерлі жастар ел ішінде болуы әбден мүмкін. М.Әуезов Жанақтың айтыс өнеріне тоқтай келіп: «Тек он жетінші, бала ақын (Сабыrbайғана) Жанақты тоқтатады», – дейді.

Жанақтың Бәкір төренің ақыны Садырмен қактығысын сез етпей болмайды. Мұнда алдыңғысының тапқырлығы, жомарттығы танылады. Бәкір төре Бұран, палуанның әкесі Садыр ақынды ертіп жүріпті. Бұлар бір күні Жанақтың ауылына келеді. Сонда Садыр: «Тақсыр, бір қолқамды бер. Жанақтың үйіне түсейік», – дейді. Төре келіседі. Үй иесі шығып:

– Хош келдіңіздер, – деп қонақтарын қолтықтап, құрметтеп түсіреді. Қонақасыға бір ту ешкі сояды. Төре сиыр еті мен ешкі етін жемейді екен. Сонда да Жанақ ешкінің басына төреден бата сұрайды. Ол Садырға ымдал, «Жанақтың ешкісіне бата қыл», – дейді. Төренің соңына ерген ақын қисайып жатып:

*Соятын согымыңа қойың жоқ па,
Әлі тоймай отырсың дүние боққа.
Мал деген адамзатқа қатты дүшипан,
Ақы иесін салады жсанган отқа.
Естігенің жоқ па еді Қарынбайды,
Мал берген ұмытып еді бір құдайды.
Қораңда қойың тұрып, ешкі сойған,
Пиғылың сол Қарынбай байға ұқсайды,*

дайді. Бұған қатты буырқанған Жанақ былай толғанты:

*Тоқты менен ешкінің қаны бірдей,
Жақсы менен жаманның жсаны бірдей.*

*Төренің соңына ерген аңғал ақын,
Бос лепіріп сойлейсің, мұны білмей.
Кеңірдектеп кекиіп отырмас па ең,
Ешкі еті деп қомсынбай майға тойсаң.
Өз етім өзіме олжса, жемей-ақ қой,
Өңешіңнен ет отпес ешкі сойсам.*

Ол осылай дейді де, етті ала жөнеледі. Сонда төре басын көтеріп: «Әй, Жанак, токта, әкел табакты. Малына бата қылайын. Сен менің сиыр мен ешкі етін жемейтінімді жақсы біле тұра ешкі сойып отырғаныңа түсіндім. Оны ақындар тілімен айтып өттің. Құдайға «жақсының да, жаманның да жаны бір» екені рас. Екеуміз де бір-бірімізді кешейік», – деп бастан шөкімдей қүйқа кесіп жейді. Ертеңінде Жанақ түстікке байланған семіз құлын сойып, төрені аттандырыпты.

Жанақтың Садыр ақынды женуі Бәкі төренің де женеліс тапқаны еді. Себебі Садырдың сөзі – Бәкінің сөзі. Екеуінің намысы бір. Сейтіп Жанақ «бір окпен екі қоянды атып алыш» мерейі үстем болады. «Жақсы менен жаманның жаны бірдей, тоқты менен ешкінің қаны бірдей» дегенде ол Садырға ғана катысты етіп айтып отырған жоқ. Бәкі төренің өзін де түйреп отыр. «Сен мықты бола бер, бай бола бер, бірақ сен де, мен де адамбыз. Адам биік парасатымен ғана адам» дейтіндей. Ал Садыр ақын болса, бағыдан айтылып келе жаткан: «Қоранда қойың тұрып, ешкі сойған, пиғылың сол Қарынбай байға ұқсайды» деп қара дурсін, жаттанды сарынға басады... Сөз қадірін арзан түсінетін, кісіні киіміне қарап бағалайтын Садыр сияқты бос белбеу ақынға Жанақ жоғарыдан қарап:

*Қонақça мал соям ба сараң болсам,
Құдай Жанақ қыла ма жаман болсам, –*

дайді. Ақын ел азamatтарының қадір-қасиетін қалай жақсы айыра білсе, өзінің де бағасын жетік түсінген.

Жанақça кезінде Ш.Уәлихановтың, В.Радловтың, Ы.Алтынсариннің, М.Әуезовтің, С.Сейфуллиннің айрықша қоңыл болуі кездейсоқ емес еді. Фалымдар тамаша ақынның талантын терең танып, әрқайсысы өзінше ой түйіп, жоғары бағалады.

Осы әйгілі өнер иесінің өзінен кейінгі поэзияға үлкен әсері болды. Басқаны айтпағанда, Абай жырларында да Жанакпен үндес жолдар кездеседі.

Жанақ Рұстем төреге:

*Бір үртты май болғанда, бір үртты қан,
Екі мінез адам ғой түсі сүйк,* –

десе, Абай:

*Жақсы менен жаманды айырмадың,
Бірі қан, бірі май бол енді екі үрттың, –* дейді. Жанак:

*Моласындаи бақсының түрган оқшау,
Бара алмаймын бас қосқан болса жисын, –*

деп өзінің егде тартып, жүріс-тұрысының қындағанын, сейтіп сырласар адамы болмағанын мұңғып шақса, Абай:

*Моласындаи бақсының,
Жалғыз қалдым – тап шыным, – дейді.*

ЖАНАҚ АҚЫН ЖЫРЛАҒАН «ҚОЗЫ КӨРПЕШ-БАЯН СҰЛУ» ЖЫРЫНЫҢ НҰСҚАСЫ*

Қазақ арасында негізінен ауызша тараған «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырлының он алты нұсқасы бар екендігі, онан да көп нұсқалығы туралы айтылады. Арғы тарихы бірнеше халықтың әдебиетімен астасып, араласып жатқан бұл жырдың зерттелу, танылу тарихында екінші әйгілі айтыс – ақыны, XIX ғасыр поэзиясының айрықша аталуға тиіс ірі ақындық тұлғасының бірі Жанақ ақынның есімі ерекше аталатыны белгілі. Жанақ ақынның өз аузынан жазып алынған Шоқан Уәлиханов айтатын нұсқа сол қалпында әлі күнге табылған жоқ дөлінеді. Бейсенбай жыршының айтатын жыры Жанақ жырлаған нұсқа есебінде рухани айналымға түсіп келе жатқанына да ондаған жылдардың жүзі болды. Солтабай төрениң үйінде жатып, Жанақ айттыпты деген жыр нұсқасын 1936 жылы ел аузынан жинап М.Әуезовтің бастырганы белгілі.

Айтуши ақындар Жанақ нұсқасына біршама өндеу, өзгеріс қосуы – ауызша тараған әдеби дамудың бір ерекшелігі. Осы мәнде Жанақ нұсқасы аталған жыр жөнінде М.Ғабдуллин мынадай тоқтам айтқан.

«Жанақ жырлаған «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» – негізінде халықтық жыр. Сюжет құрылсызы, оқиганы дамытуы жағынан болсын, көркемдік-шеберлігі, образ жасау жағынан болсын, бұл – күрделі шығарма. Мұнда да жырдың басты тақырыбы – ескі әдет-ғұрып, түрмис-салттан алынады. Ескі рушылдық, феодалдық қоғамда туып, белгілі праволық нормаға, дәстүрге айналған, зан болып қалыптасқан салтты, яғни жастарды үйлендіру салтын жырдың басты тақырыбы етеді. Жырдың қайсысы болса да бұл салтқа қарсылық білдіріп шенемейді, кайта оны бұзбай сақтау жағына көніл бөледі. Жанақ жырында да осы мотив басты орын алады. Қарабай мен Сарыбай төс түйіспін құда болысады, тумаған балаларын атастырып кояды. Мұны Жанақ табиғи нәрсе, халықтың салты осы дең түсінеді. Сол түсінігін жырьна қосады. Қозы мен Баян арасындағы маҳабbat, сүйіспеншілікті де жыр осы салтқа бағындырады».

* Эдебиетші маман Ф.Сейітхметовамен бірлесіп жазылған – К.М.

Жанақ жыры ертегі желісімен айтылмай, нақтылы өмір оқиғаларына құрылымен ерекшеленетіндігі туралы М.Габдуллин жырдың көркемдік жоғары сапалылығы деп бағалаған.

Жанақ ақын халықтың өмір шындығына мейлінше жақын етіп жырлаған «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырының тарихы тым әріге тартып жатқанын ескерсек, Жанақтың айтыс өлең, басқа да поэтикалық, өмір құбылыстарын жырлаудагы айқын реалистік колтанбасы осы жырда да айқын көрінгенін, әрі осы «Қозы Көрпеш-Баян сұлу»дың өзі жырлаған нұсқасы арқылы ақынның XIX ғасырдағы қазақ әдебиетіне жаңа бір жанрлық бағыттың ағымын қосқанын көреміз. XIX ғасырда қазақ арасына кең жайылған шығыстық қисса-дастандардың үлгі, енегесі бар, дәстүрлі қазақ эпосының айрықша көркемдік ерісі бар, жаңа дәуірдегі сөз өнерінің араласуының өлшеусіз өзгеше мүмкіндіктері бар – барлығының ықпалы осы Жанақ жырлаған «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырының нұсқасында мейлінше айқын. Осы мәнде М.Габдуллиннің Жанақ нұсқасына қатысты айтылған мына бір байладарының астарында айқын, негізді көркемдік мән жатыр.

«Жанақ айтқан «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» сюжет құруы, оқиға желісін тізбектей отырып баяндауы және адам образдарын айқын етіп жасауы жағынан өзі тектес басқа жырлардан әрі күрделі, әрі көркем екендігін байқаймыз. Жанақ жырының ең алдымен көзге түсетін ерекшелігі – оқиғаны реалистік өмірден алуында. Егер жырдың басқа вариантарында ертегіге тән, фантазиялық халға құрылған әңгімелер басым келсе, Жанақта олай емес. Қозы мен Баян да, Қарабай мен Қодар да шындықта болған типтік бейне болып суреттеледі. Оларға қиял-ғажайыптық сипат бермей, реалистік жағдайда бейнеленеді. Және жырдағы әрбір кейіпкерлердің мінез-құлық, іс-әрекеттеріне қарай көз алдыңнан кетпейтін портреттер жасайды, олардың тұс келбетін, ішкі сезім дүниесін айқындайтындағы бояулар табады».

Жанақ жыры суреттеу, баяндау тәсілдеріндегі тың өріс, тіл қолданыстағы асқан көркемдік, образдылық жонінен алабөтен оқшау тұрған, үздік үлгілі туынды есебінде арнайы зерттеуге арқау болғанда – Жанақтың XIX ғасырдағы қазақ өлеңіне әкелген тың арналары тағы бір қырларынан ашыла түсіп отырмақ.

Ақын кейіпкердің сырт оқиға фонындағы қалпын ғана анық күйде ашпайды, ішкі жан әлеміндегі бар діріл, бар көленке, бар

сәулесімен суреттеп, баяндауда өзгеше бір көркемдік тынысын ашады.

«Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырының Жанақ жырлаған нұсқасын басқа нұсқалармен салыстыра қарастыру арқылы да елеулі көркемдік ерекшеліктерді айқындаудың өзіндік жолдарын байыта түсер едік. «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырының нұсқалары» жинағында осы мәнде зерттеу жүргізуге негіз боларлық мәтіндік нұсқалардың берілуі бұл бағыттағы зерттеулерге өзіндік қөмегін тигізірі анық.

Осы жинақта Жанақ ақын нұсқасына қатысты да мәліметтер бар.

«1876 жылы профессор И.Н.Березиннің (1818-1896) «Түркі хрестоматиясы» («Турецкая хрестоматия») деген кітабында Жанақ ақынның нұсқасына ұқсайтын жырдың бір үлгісі басылған».

Осы жинақта С.Садырбаев «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырының

21 нұсқасы бар екендігі туралы мәлімдейді. Сол негізде жыр нұсқаларын жырлаушылардың кімдер екендігі аталып өтеді.

«Бұл жырды құллі қазақ халқы ғасырлар бойы жырлаған: шығыстан батысқа, онтүстіктен солтүстікке дейін. Бізге жеткен жазбаша деректерде осы жырды жырлаған бірнеше ақындар мен жыршы-жыраулардың аттары аталады. Олар: Жанақ, Шәже, Бекбау, Сыбанбай, Қонқабай, Мәшінүр Жүсіп Көпесев, Дандыбай, Белгібай, Қатпа. Соның арасында Жанақ пен Шәженің аттары көбірек аталады».

Жанақ ақынның «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырына қатысы туралы айтуда қазақ әдебиеті тарихи мәселелерін зерттеген ғылыми еңбектердің жырға қатысты тұсна, әрбір зерттеуші ғалымның өзіндік тоқтамдарына айрықша мән берілуі қажет. Алыстан жеткен азғана мәліметтердің әрқайсысында көніл болерлік, назар аудараптың тұстар аз емес.

Академик С.Қирабаев «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырының Жанақ жырлаған нұсқасын ақынның төл шығармаларымен қатар қарастыру дұрыс деген пікірді жырдың зерттеушілер айтқан елеулі ерекшеліктеріне орай айтқан.

«Жанақ – ескі халық жырларын айтушы, бізге жеткізуіші есебінде белгілі ақын. «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырының бір нұсқасы бізге Жанақ арқылы жеткен.

... Осы жырга арналған зерттеуінде М.Әуезов: «Жанақ нұсқасының тілі «Қозы Қөрпеш-Баян» нұсқаларының көбінен көркем», – дейді. Және эпосты талдаудын Жанақ жырынан бастайды. Сонымен бірге зерттеуші Жанақ нұсқасында реализм басым» екенин, «Қазактардың көшпелі тұрмысын, рулық коллективтегі адамдардың өзара киян-килы катынастары дастанда кең де көркем бейнеленгенін, табигат суреттері де әсерлі, әрі мол қамтылғанын» атап көрсетеді. Образдардың жасалуы, нанымдылығы тұрғысынан да М.Әуезов Жанақ нұсқасын жоғары кояды. «Жырдың Жанақ нұсқасында, – дейді ол, – сарап да қараша Қарабайдың, кекшіл, кара жүрек Қодардың, махабаттан айнымас, адал Баян мен Қозының образдары жан-жақты әрі тұтас қүйінде жасалған».

Мұның бәрі «Қозы Қөрпеш-Баян сұлу» жырын Жанақтың төл шығармаларымен қатар қарастырудың дұрыстығын байқатады».

«Қозы Қөрпеш-Баян сұлу» жырының нұсқалары туралы кең де толымды мәліметтің бірі – Э.Қоңыратбаевтың зерттеуі. Фалым жыр варианттарының елеулі айырмашылығын, сюжеттіне қарай оларды үш түрлі салаға жіктеуге болатындығын айтады. Жанақ-Бейсенбай нұсқасына қатысты да айғақты деректер келтіріледі.

«Будан соң бұл жырдың бір нұсқасын Жанақ ақын аузынан қазақтың тұнғыш ағартушысы, демократы Ш.Ұәлиханов жазып алған. Бұл өзіне мектеп жасаған дарынды айтушы, қобызши Жанақтың өз аузынан шыққандықтан және Шоқанның, Г.Н.Потаниннің жақсы бағалаған жыры болғандықтан, «Қозы Қөрпеш» дастанының бір құнды варианты делінеді. Жалғыз-ак Жанақ нұсқасы Шоқанның қолжазбаларымен бірге Тезек төрениң ауылында жойылған, бізге келіп жеткен жоқ. Осы кезге дейін біз 1939 жылғы «Батырлар жыры» жинағына енген (435-508 бб.), одан бұрыннырақ 1936 жылы М.Әуезовтің редакциясымен жеке жинақ болып басылып «Қозы Қөрпеш-Баян сұлу» жырының Бейсенбай жыраудан жазылып алынған нұсқасын, сол ақынның: «Мұны Жанақтан естіп едім» деген сөзіне сүйеніп, Жанақ-Бейсенбай варианты деп жүрдік. Бірақ Бейсенбай жырының аяғы трагедиямен бітпейді, онда Қозы мен Баян қосылады. Г.Н.Потаниннің 1903 жылғы Шоқан варианттарына берген бағасына қараганда, бұл жырдың Жанақ нұсқасы да басында трагедиямен аяқталғаны байқалады».

Э. Қоңыратбаев Бейсенбай нұсқасы түгелдей Жанақтікі емес, Бейсенбайдың өзіне тән, өзгерген нұсқасы болып шыққан деген кисын айтады. Э.Қоңыратбаев Жанақ нұсқасын айрыш, айқындауға негіз болар бірнеше оқиғалық желі, суреттеу, баяндау түрлерін; бірнеше нұсқаның ортақ мазмұндағы тұстарын саралайды. Ралымның: «Қозы Қөрпеш-Баян сұлу» жыры қазақ даласындағы барлық лиро-эпостық жырларға жол салған шығарма. Сол негізде «Макпал қыз», «Құл мен қыз», «Қызы Жібек», «Айман-Шолпан», «Есім сері-Зылиха» сияқты көптеген жинақтық жырлары туған», – деген пікірінің Жанақ жырлаған жыр нұсқасына айрықша мәнде қатысы бар екендігі даусыз.

«Қозы Қөрпеш-Баян сұлу» жөніндегі зерттеулерге тоқтала келіп Қажым Жұмалиев былай дейді: «Әйтсе де «Қозы Қөрпеш-Баян сұлу» поэмасы жөніндегі зерттеулердің ішінде қай жағынан алсақ та ен жақсы жазылғаны «Қазақ әдебиеті тарихының» бірінші томындағы профессор М.О.Әуезов мақаласы деуге болады.

Бұл мақалада «Қозы Қөрпеш-Баян сұлу» поэмасының кімдерден жазылып және кімдер бастырылғандығын негізгі версия, варианттарын салыстыра зерттеп, олардың әрқайсысына тән ерекшеліктерін айқындау тағы басқа жақтары толық қамтылған деуге болады».

«Қозы Қөрпеш-Баян сұлу» жырын М.Әуезов зерттеуінің басы 1927 жылы Қызылордада шыққан «Әдебиет тарихы» окульғының «Ел поэмалары» белімінде болатын.

Оқінішке орай, бұл еңбектің ғылыми айналымға түсіп жатып тиым салынып, тек 1991 жылы қайта басылым көрді.

«Қозы Қөрпештің» зерттеу тарихында оның басылым көрген басты нұсқасының бірі Жанақ екендігіне байланысты пікір қайшылығы бар. М. Әуезов шығарманың Жанақ жырлаған варианты қай Жанақтікі деген мәселе қоймағанымен, Жанақ нұсқасына байланысты толымды мазмұндама жасайды.

«Қозы Қөрпешті қазақ ескілігі көп қызықтаған. Оның белгісі найманнаның бір төресі он екі ақынды жиып, осы Қозы Қөрпешті өлең қылғызған дейді. Он екі ақынның ішінде Жанақ та бар екен. Жанақтікі өзгелерден артық болғандықтан жайылып кетіп, өзгелерінің ұмытылып қалған. Жанакқа өлең қылғызған төре ат, шапан сый берген».

М.Әуезов жырдың Жанақ нұсқасының өзі де қайта жырланып, көп өзгеріске түсу ықтималдығын және ескерткен. Бұл алыстан келе жатқан ескі әңгіменің түрлі әсермен өзгеріп отырганын айта келіп: «Мысалға Жанақ өлеңін алсақ, соның тілінде, әңгімеленген ретінде, оқшау болып кірген адамдарда, сезімдерінде түгелімен шұбартқан түрлердің байлығын, молдығын көреміз. Одан беріде де, сол бір-ак жерден шыққан бір тараудағы әңгіменің өзін алсақ, соның өзінен әлденеше ақынның аузынан кіргізген коспасы барын байқаймыз.

Бұл жағынан қарғанда, көп ақынның кеше ғана басып өткен ізін білдіретін Жанақ өлеңі», – дейді.

М.Әуезов жырды Жанақтың өзінен соң 4-5 ақын айтқан деп шамалаған. «Қозы Қөрпештің» тым ескі, ежелгі жыр, казақтан басқа жүрттарда да таралған жайын айта отырып, М.Әуезов қазақ «Қозы Қөрпешінің» соның ішінде, біздің ойымызша, Жанақ нұсқасының басты өзгешелік айырмасы, айрықша құндылығы жөнінде аса бір кисынды ой түйеді. Шығарманың суреттеу, баяндау тәсілдері, тіл қолданыс ерекшелігіне байланысты жасалған бұл тоқтам – жанды тоқтам.

«Мұның орнында ел поэмасының тілі, қалың елдің тілі болған. Жақын замандағы шешен қазақтың ортасында кестелеп айтуып жүрген қара тілі...

Барлық әңгімесі өленді тыңдаушыға қызықты қылып қалың елдің құлағына жағымды қылып көрсету үшін, өленді бастан-аяқ баяндау сөзге салып жібермей, арасына кәрі-жас бірдей сүйікті салт өлеңдерінің түрлерін кіргізеді. Сол себепті Қозы Қөрпештің ішінде естірту, жоқтау, қоштасу жар-жар өленінің бәрі де бар. Осының ешбірі әңгімені өленге ұрлықпен әкеlei жамалған емес. Баяндау келе жатқан әңгіменің ағымына өте жарастық болып, сұлу түр болып қосылған соң «Қозы Қөрпешті» қалың ел жанындаи сүйіп тыңдамасқа шарасы жоқ. Тыңдаушы ұлы қазақтың бар пішінін міні жоқ мол айнадан түгел көріп отыргандай болады. Сондықтан Жатақ (астын сыйған біз – Ф. С.) өлеңін кейінгі айтушылар, жаңағыдай салт өлеңдеріне келгенде, арнаулы әнге салып айтатын».

Осы тұста асты сыйылған сез Жатақ па, Жанақ па? деген сауал да туатын сияқты.

Кажым Жұмалиев «Қозы Қөрпеш-Баян сұлудың» 16 нұсқасы барын, соның «ең толығы, көлемді, көркемі Жанақ айтты дейтін вариант деп көрсетеді. Жанақ-Бейсенбай вариантына қатысты

М.Әуезов пен С.Мұқанов екі түрлі пікірде болған. С.Мұқанов жырдың басын ғана Жанақ ақын айтқан дейді. Қ.Жұмалиев те М.Әуезов пікірімен үндес ойда болған. «Әрине, бұл екі пікірдің қайшылығы жок.

Әйтсе де негізі Жанақ варианты, Бейсенбай сол вариантын жаттап айтушы, өз жанынан кейбір эпизодтар қосып, толықтыруышы ғана деу дұрыс тәрізді».

Жанақ ақынның «Қозы Қөрпеш-Баян сұлу» жырының халық ішінде таралуына сінірген енбегі белгілі. Жыр нұсқаларын таратушы да, жоңғыртып айтушы да аз болмаған. Соның ішінде Жанақ нұсқасының өз орны бар.

Айтушылар туралы бір дерекке назар салайық. «XVIII ғасырда бұл жырды Сакау (Баянауыл), Жанақ (Қарқаралы), Сыбаңбай (Көкпекті), Шәже (Көкшетау), Құлтума (Коргалжын), Баубек, Бейсенбай (Шыңғыстау), Сегіз сері (Обаган), Айтбай (Аяқөз), Қатпа (Ташкент түбі) айтқан».

Жанақ ақын нұсқасы туралы Ә.Марғұлан былай деп тарқатады: «Қозы Қөрпеш-Баян сұлу» жырының ең көлемді, әрі көркем, әрі ең көне түрінің бірі – атақты Жанақ айтқан нұсқасы. Бұл жырды Жанақ ақын XIX ғасырдың 20-40 жылдары айтты, бірнеше нұсқа қалдырды. 18-20-жылдары найман төрелерінің алдында, одан кейін Өскенбайдың асында Қозы Қөрпеш пен Баян сұлудың өксік болған маҳабbat ынтызарлығын қобызындаң үнімен асқаттата әдемілеп жырлағаны үшін Жанаққа айтуды сый, жүлде тартады.

40-жылдың бас кезінде Жанақ Құсмұрында отырган Шыңғыс Уәлихановқа барып, бұл жырды оған және баласы Шоқанға айттып береді. Шоқан ол кезде арабша жақсы билетін 7-8 жасар бала».

Жанақ нұсқасының таралған түрлерінің сақталуы туралы егжей-тегжейлі айтқан Әлкей Марғұлан деректерінің мәні айрықша.

«Шоқан кейінірек «Қозы Қөрпеш-Баян сұлу» жырының тағы бір нұсқасын атақты Жанақ ақыннан жазып алып, оны өзінің жақсы көрген досы Н.М.Ядринцевке сыйға тартқан көрінеді. Рапорттың байқауынша, бұл нұсқа Н.М.Ядринцевтің архивінде сақталған сияқты».

Ә. Марғұлан XIX ғасырдың екінші жартысына таман жырды жинаушыларға Жанақ айтқан үш нұсқа сол қалпында сақталып жетті деген дерек береді. Оның бірінші нұсқасы 1840 жылғы Құсмұрында жазылғаны, екіншісі Шоқанның Н.М.Ядринцевке

берген нұсқасы, үшінші нұсқа А.А.Фроловтың көшірмесі болған.

Ә.Марғұланның бағалауында бұлардың ішіндегі сәулеттісі – Шыңғыс Ұәлиханов жаздырып алған «Құсмұрын варианты». «Құсмұрын варианты» орыстың шығыстанушы ғалымдарының арасында талқыланып, бағаланды. Осыдан Жанақ ақынның жырдағы қолтаңбасы, ақындық беті көрінетіні де даусыз.

«Бұл «Құсмұрын» варианты туралы пікірді біз Н.Ф.Костылецкийдің И.Н.Березинге 1851 жылы жазған хатынан анық көреміз. Онда: «Бұл «Құсмұрын» нұсқасын менің кайтыс болған бір досыма жіберген – Құсмұрын округін билеп тұруши Шыңғыс сұлтан, Орта жүздің соңғы ханы Ұәлидің ұлы. Жырдың кейір сөздері маған таныс болмаса да, бірақ сеземін. Мұнда халықтың өмірі, рухани тіршілігі, жай-күйі ерекше сипатталған. Поэманың әрекеті Аягөз өзенінің бойында, ғашық болған геройлардың мүсін тасы тұрған жерде болған».

Осында Жанақ жырлаған «Қозы Қөрпеш-Баян сұлу» жыры нұсқасының орыс ғалымдарының жыр туралы маңызды ойлар айтып, баға беруіне де себеп болғаны, ықпалы, келешек зерттеулерге негіз болғаны көрінеді. Жырдың қазақ даласына кең тарағандығы, аса көркемдігі, оны барлық құйылма ақындар төгілтіп жырлайтындығы туралы тұжырымдар мәнді.

Ә.Марғұлан зерттеуі «Құсмұрын» вариантының құндылығын айқындалп тұр.

«Құсмұрын» варианты сол тұстағы ориенталист ғалымдардың қазақ әдебиетінің тарихын зерттеген еңбектерінің алтын арқауының бірі болған.

«Н.Ф.Костылецкийді есіме түсіріп, оның қазақ әдебиеті туралы еңбектерін бағалап жазған мақаласында И.Н.Березин «Құсмұрын» вариантына ерекше көніл қойып, бұл туралы Костылецкийге артықша баға берген. «Ол, – дейді, – түрік тілдерін жақсы білген ғалымдардың бірі еді. Бірақ оның аты әдебиетке белгісіз болып қалды. Қазақтар өте ардақты ұстады, ол қазақ тілін бала күнінен жақсы білген еді. Сахара да отырған елдің өмірін, тілін жақсы көру Н.Ф.Костылецкийдің сүйген ісі еді. Қазан университетін бітіріп, Омбының кадет корпусында оқиды. Марқұмның қағаздары маған келіп жиналды, олардың ішінде көзге ерекше түсетіні қазақтың қолжазба тексттері, әсіресе «Қозы Қөрпеш-баян сұлу» жырының нұсқалары. Оларды Н.Ф.Костылецкий 1851 жылы 12 декабрьде

жіберді. Ол колжазбаларды кефін түрікше хрестоматияға кіргізбек ойым бар». Қазақша қолжазбалар жіберумен қатар, Н.Ф.Костылецкий И.Н.Березинге «Құсмұран ваприанттының» орысша аудармасын жібереді. Оны түпнұсқадан орысшага Ш.Ұәлиханов Кадет корпусында оқып жүргендеге аударады. Ал колжазбаны жүйелеген Н.Ф.Костылецкий. Әсіресе, жер аттары, тайпалар, жана қосылған персонаждар, дін әсері белең алып отырады. Бұл жағынан алғанда Баянауылдан табылған И.Беленициннің варианты мен Жанақ ақынның әдемі сакталған XIX ғасырдың 30-50-жылдарға дейін айтқан үш варианты ғасырлар бойы таза айтылып келген тарихи суреттің ең көркем түрі болып табылады».

Жанақ нұсқаларын Абай, Абайдың балалары аса бағалағандығы, Абайдың өзі де жырдың бір нұсқасын жазғандығы туралы деректер Әлкей марғұлан көрсетуінде белгілі болды.

Ә.Марғұлан «Қозы Қөрпеш» жыры нұсқаларын салыстыра зерттеуінде, жырдың таралу тарихына, сакталып жетуіне, орындаушылар, айтушылар, туғызуышылар тарихына зерттеуінде ғалым есебінде арнайы талдаулар жасады. Ғалымның Жанақ нұсқасының жай-жапсарын да айқын дәлел, деректермен кейінгіге ұғындыруы бұл Жанақ нұсқаларының әдебиет тарихындағы мәнін көп жақтан айқындал, ашты.

Ә.Марғұлан Жанақ нұсқасын «Қозы Қөрпеш-Баян сұлу» жыры туралы негізгі токтамдарына арқау еткен. Ғалым Айбастың Жанақ нұсқаларында кездеспейтініне назар аударған. Қарабайдың Қозыға риза болып, қызыды осыған берген жөн деген ойына токталған. Жанақ нұсқасынан Шәже нұсқасының сюжеттік құрылыштағы айырмашылықтарын айтқан. Қозының Қарабай үйіне келу сарынын туғызуышылардың басында Жанақ тұрғанына мән берген.

Жыр сюжеттін көнелігі, жаңғырып отыру фактісін ғылыми айналымға қосуда да Жанақ нұсқасы елеулі дәлел, дәйектің бірі ретінде келтірілген. Жырдың түрік қағанаты кезінде туғандығын дәлелдеуде де кейін өзгеріс енгізген деп, Жанаққа жүгінген.

Ә.Марғұлан жыр туралы ұланғайыр зерттеудің мықты бір арқауы етіп Жанақ нұсқаларын назарда ұстап отырды.

Жырдың ең көлемі толығы осы Жанақ нұсқасы екенін көпшілік зерттеулер атап көрсетеді.

Жырдың Жанақ нұсқасы кейіпкерлер, оқиға барысының өмір шындығына қабысып жатар баяндау тәсілдеріне, қызықты сюжетімен, халық өмірімен қабысып жатқан мазмұнмен ерекшеленеді.

Жырдың көркемдігін, мазмұнын, құрылым, тіл қолданыс жағынан жан-жақты қарастырып отырып Қ.Жұмалиев Жанақ-Бейсенбай вариантына байланысты бірнеше айқын тұжырым жасайды:

«Жанақ-Бейсенбай» вариантында халық поэзиясының ескі түрінде болатын символ бірнеше жерде ұшырайды, Сарыбайдың клімін есіттірген жерінде, Қарабай:

Ертіс бас қара дөң жерге кетті,
Бейне теңіз дейтүзін жерге кетті.
Бес жұз күік соқтығып, соны қыып,
Жолы қыын Бетпақтай шөлге кетті, – дейді.

«Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырының Жанақ нұсқасын басқа нұсқалармен мазмұндық мәнде салыстыру жасаған зерттеушілер бұл нұсқаның харakter ашу, оқиға барысы, баяндау тәсілдері жөнінен өзіндік ерекшелік, өзгешеліктері барын атап көрсетіп отырады.

Көлемді жырлар мен дастандарды кейінгіге ауызша жырлап жеткізген ақындар өз жандарынан да ой қосып, оқиға өрбітіп отыратыны белгілі. «Қозы Көрпеш» жырының ел ішине тарауында оның бірнеше нұсқасын жырлаған Шөже мен Жанақ ақынның үлкен еңбегі бар. Олар айтқан жырда кейінгіге сол қалпында жеткені анық. Мәселен Жанақ нұсқасын кейін Сыбанбай, Белбау, Бейсенбай ақындар айтқанда өзіндік өзгерістер косқан.

Жанақ ақынға телініп жүрген үлгілердің арасындағы сюжеттік қайшылық болуы осы еркін дамып отыратын ауызша шығармашағынтың ерекшелігінен туған. Жанақ түпкі айтушы болғанымен, әу бастағы айттылым сол қалыпта сакталып жеткен жок.

Бұл нұсқаға Абайдың ақын балалары Ақылбай мен Мағауия да өндеу жасаған көрінеді. Жанаққа телінген жырда мәтіндік алшактық, көлем, оқиға өзгерістері мол. Жалпы, осындағы айырмашылық, өзгешеліктерді ескере отырып, Жанақ нұсқасы деп,

Ш.Уәлиханов жазып алған нұсқа ғана танылса деген пікір айтқымыз келеді. Кейінде әуелгі нұсқаны жырлаған ақындар енгізген көп өзгерістің барлығын Жанақ ақынға телу – басқа мәселе, өз алдына, авторлықты бүрмалау болмак.

Ендігі бір мәселе – жырды жырлаған Жанақ қай Жанақ? Осыны анықтау жолында тың ізденістер жүргізу. Шоқан жазып алған нұсқа XIX ғасырдың орта тұсында Ұлытаудағы найманың Бағаналар руының ақыны Жанақтікі деген деректер де бары белгілі.

«Жұлдыз» журналы С.Тәбәрікулының «Жанақ ақын» атты зерттеуін жариялады. Мұнда Шоқанға дастанды Қамбар Жанақ айттып берген делінген.

С.Мұқанов дастанды Шоқан найман Жанақтан жазып алды дейді.

«Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырын Жанақ Қамбартегі айтқан деген ой профессор Х.Сүйіншәлиев еңбегінде де М.Әуезов бастырган 1936 жылғы жыр кітабына сілтеме арқылы көрсетілген.

«Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жыры жайлы арнайы зерттеу еңбек жазған Ә.Қоңыратбаев та Жанақ нұсқасына қатысты мынадай дерек-байламдар бар: «Бұдан соң бұл жырдың бір нұсқасын Жанақ ақын аузынан қазақтың тұңғыш ағартушысы, демократы Ш.Уәлиханов жазып алған. Бұл өзіне мектеп жасаған дарынды айтушы, қобызы Жанақтың өз аузынан шыққандықтан және Шоқанның, Г.Н.Потаниннің жақсы бағалаған жыры болғандықтан, «Қозы Көрпеш» дастанының бір бір құнды варианты делінеді. Жалғыз-ақ Жанақ нұсқасы Шоқанның қолжазбаларымен бірге Тезек төрениң ауылында жойылған, бізге келіп жеткен жок. Осы кезге дейін біз 1939 жылғы «Батырлар жыры» жинағына енген (435-508 бб.), одан бұрынның 1936 жылы М.Әуезовтің редакциясымен жеке жинақ болып басылған «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырының Бейсенбай жыраудан жазылып алынған нұсқасын, сол ақынның: «Мұны Жанақтан естіп едім» деген сөзіне сүйеніп, Жанақ-Бейсенбай варианты деп жүрдік. Бірақ Бейсенбай жырының аяғы трагедиямен біттейді, онда Қозы мен Баян қосылады. Г.Н.Потаниннің 1903 жылғы Шоқан вариантына берген бағасына қарағанда, бұл жырдың Жанақ нұсқасы да басында трагедиямен аяқталғаны байқалады. Потанин өзінің «Киргизка в народной поэзии» деген еңбегінде қазақ арасында Махамбет тақырыбына құрылған жырлардың көптігін айта келіп: «Бұл сияқты

романдар «Баян сұлу» жырындағыдай аяғы қайғылы, трагедиялы болып бітпесе де, қазақ арасында осы кезге дейін көп айтылады», – деп жазды. Осы ойды Г.Н.Потанин өзінің 1896 жылғы «В юрте последнего киргизского царевича» деген еңбегінде де айтқан еді. Бұлай болғанда, Бейсенбай нұсқасы түгелдей Жанактікі емес, найман (бағаналы) айтушыларының аузынан шыққан, Бейсенбайдың өзіне тән, езгерген варианты болып шығады».

Қазақ әдебиетінің тарихындағы Жанак ақынға катысты деректерді мүмкіндігінше ғылыми сұзгіден өткізетін уақыт жеткен сияқты. Жанак жырлаған жырдан тараған «Қозы Көрпеш-Баян сұлуды» Жанак ақын шығармаларының тілдік, стильдік ерекшелігімен салыстыра қарасты да қайсыбір дүниеге ой түрткі болмақ.

Жалпы, осы бағытта тың ізденістер қажет.

М.Әуезов «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жыры туралы зерттеуінде жырдың көнелігі, қазақ арасына тараған 16 нұсқасы бар екендігіне тоқтала келіп, басылымы туралы деректерді айтады. Қазақ арасынан жазып алғынды туралы мәліметте былай дейді:

«Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырын 1870 жылы қазақ арасынан жазып алғып, орыстың атақты ғалымы академик Радлов немісше және қазақша бастырган (Шығармалар жинағы, III том). Екінші түрлі бір көркем нұсқасын қазақтың тұңғыш ғалымы Ш.Уәлиханов атақты Жанак ақынның өз айтудын жазып алдын дейді. Бірақ, бұл қымбат вариантын көзінде Шоқан бастыра алмағандыктан зерттеушілерге әлі күнге шейін мәлім емес болып келе жатыр».

Жырдың жиналу тарихын әрі қарай айта келіп Березиннің бастырган нұсқасына катысты дерек берген.

«Онан соң «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырын Петербург университетінің профессоры Березин жинап, 1876 жылы өзінің «Түрік хрестоматиясы» деген кітабында бастырып шығарған (III том, 162-170 бб., 1876)» [5, 273 б.]

Ә.Қоңыратбаев Березин жариялаган нұсқа Жанактың нұсқасы болуы керек деген ой айтқан (кеінірек тоқталамыз – F.C.).

Біздіңше де, Березиннің еңбегіне Шоқанның пікір жазған фактісіне сүйенсек, олардың арасында Шоқанның оқытушылары арқылы байланыс болған, осы, Қоңыратбаев кисыны уәжді сияқты. Бұл тұрасында арнағы мазмұндық, мәтіндік сараптама, саралаш жасау қажеттілігі көрінеді.

Жанак – Бейсембай вариантына қатысты М.Әуезов пікірі қандай деген де ой туындаиды. М.Әуезов қайсыбір зерттеушілер бұл екі ақындікін екі нұсқа деп қарастыратынына қарамастан (Ә.Қоңыратбаев – F.C.), бұл нұсқалардың түбі бір деген ұстанымда болғаны көрінеді.

«Қазақтың ұлы ақыны А.Құнанбайұлы Бейсембай деген ақынға «Қозы Көрпеш-Баян сұлудың» жаңа айтқан вариантын хатқа түсірткен».

Осылындағы астын біз сыйған жаңа сезі Жанак болуы да мүмкін деген ойдамыз. Мүмкін жаңа айтылған вариант туралы да болуы. Себебі М.Әуезов осыған жалғастыра мынадай ойлар айтқан.

«Осы Бейсембайдың аузынан алғынған Жанак айтты дейтін «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырының бір-екі қолжазбасы бар. Бірақ, Бейсембай алғашқы Жанак вариантының аяғын езгертіп жырлаған».

Әуезов Жанак нұсқасына (Жанак – Бейсембай – F.C.) көркемдік сапасы жоғары деп қарайды.

«Бұл жырлардың бәрінде де хикаяны ақыры аянышты, қайғылы болып біткен. Бірақ, кейбір нұсқаларында халық Баян мен Қозыны мұрат-мақсатына жеткізіп қояды. Бейсембай жыраудан жазылып алғынған Жанак нұсқасының тілі «Қозы Көрпеш-Баян» нұсқаларының көбімен көркем және бұл кезгедейін баспаға түсіп, жүртқа көбірек мәлім болған түрі болғандықтан, бұл еңбекте біз талдауды сол Жанак нұсқасынан бастадық».

М.Әуезов жырдың бұл нұсқасындағы мекен атауларына мән берген, олардың кейіннен қосылуы мүмкін деген ой түйеді. «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» сюжеті дүние жүзі фольклорында кездесетін романтикалық эпостардың заны бойынша өрбиді дей отырып, жырдың шеберлік тәсілдерін тарататалайтын болады. Мұндай ойларға негіз болып отырған жыр нұсқасы – өзінің айтудында Жанактікі.

«Өзінің композициялық құрылышында адам мінезін, көп тартыстарын, психологиялық ішкі сезім дүниесін тереңдеп, шеберлеп берумен қалыптатанады. Сонда Қарабай психологиясы неше алуан міннен, сорақылықтан, өрескелдіктен құрылған болады. Өзі тоқсан мың жылқы айдаған, бірақ, ешбір жанға, тілті өзінен туған баласына да рақымы, мейірі жоқ обыр бай, жауыз, қомагай бай болады. Оның бейнесінде жыр халыққа аса жиренішті, қоғам мен жеке адамдар тіршілігіне қастық зиянды сипаттарды әшкерелеп, таңбалайды. Осы жаманшылықтар қатарында

Қарабайдың, әсіресе, өрескел, қиянаткер ісінің бірі етіп, жаңағы бата бұзыны, жастарды сорлатуын қосалқы арқау етеді».

М.Әуезов Жанак ақынның шеберлік тәсілдеріне жырды әрі қарай талдауында қайталап мән беріп, үстемелеп айтып отырғанын көреміз.

«Сол жайлар психологиялық шебер, қын түйіндерге құрылады. Композицияның күрделі, шытырман байланыстарын қалыптасты. Бұл жағынан қарасақ Қарабай екі жақты, контрасты іс, мінездер көрсетіп отырады. Ол, әуелі баталасушылардың біреуі өзі болғандықтан, жастарды қосуыш да өзі. Кейін бата бұзушы болғандықтан, өзі қосқан жастардың тағдырын бұзамын, күйретемін деп алышушы да өзі. Жанақтың шеберлөп құрған сюжеттік, композициялық вариантында екі жастың трагедиясы, Қарабайдың: «Жетім ұлға қыз бермеймін» деп, «мені жұтатын жалмауыз туыпты» деп, «тумай жатып әкесін жалмады» деп айнуынан басталады. Осының бәрін сұмдық белгілердей танып, құдалықтан, батадан бұзылуы жыр ішінде құрылатын ең алғашқы үлкен тартыс, түйін болады. Содан әрі Қарабай көше қашады. Көш Жанақтың шебер жырлауында, соншалық ұзақ, шексіз шарлауга айналады».

М.Әуезов жыр кейіпкерлерінің дара сипаттарын жасауда Жанақ ақынның дәстүрлі, бірсарынды баяндаудан көш ілгері кеткен жаңашыл бағыттарын бағалап отырғанын байқау қын емес.

«Бұл кезенде Қодар да Жанак айтуынша, оның шеберлеген психологиялық реалдың мотивтері бойынша жазықты емес. Себебі Қарабай бұл «басқаға батамен атастырған қыз еді» деп айтпайды. Қодар болса, адал акы еңбегіме жүндеме алатын сыбагам деп үгынады».

М.Әуезов жырдың Жанақ-Бейсембай варианты дейтін нұсқасының бар көркемдік құндылығын, жырлану тәсілін тек Жанаққа тән деп қарап, бағалаған. Жанақтың аса реалистік бағытта, мейлінше көркем, оқиға өрбітудегі шиеленіс, тартыстар, айнала ел тұрмысы, табиғат көрінісі қосылып отыратын жазық, кең тынысты баяндаулар, адам мінездері, харakterлер – бәрі де Жанақтің деп таниды.

«... Бұл екеуінің ғашықтығын әуелде бата бұйырып, шешіп қойса, кейін Қарабай әрекеттерімен қатар әлсіз ғана болса да, бірақ үзілмей ширатыла созылып отыратын нәзік сыршыл бір мотивтер жалғастырып есіре береді. Жанақтың композициялық құрылышы Ай

мен Таңсықты батадан кейін туар ғашықтықтың екінші сатыдағы жактаушысы етеді.

Қарабай көше қашарда Қозының жөргегінің үстінде:

Баянды бермей кетер саған боқты,

Айым, күнім атарсың қазалы оқты, –

деумен екі қыз алыс-тартыстың, Қарабайға карсылықтың сюжетін желісін бастайды.

Жыр сюжеті, қатал қайсар карсылықтың кара күшіне бұрын әндей, жырдай нәзік қыздар наразылығын қарсы қойса, енді әділ кекті, әділ намысты бел қылған елеулі кайратты да, соғысуышы етеді. Бұл оқиғалар катысу арқылы жыр ішіндегі психологиялық, драмалық тартыстар қындалып, күрделі болып түйіліп өскелендей түседі». М.Әуезов жыр сюжеті ежелгі екендігін ескере отырып та Жанақтың авторлық араласуын аса терең мән беріп, ғылыми негізде сараланған. Жыршы Жанаққа рушылдықтың, сол кезеңдегі ел ішіндегі салт-сананың ынғайында жасаған деп те баға берегін тұстарын байқаймыз. Бейсембай қосқан қосымшаны М.Әуезов мәні бар дүние деп есептемеген.

«Жанақ вариантында кейін Бейсембайдың қосқан аяқтауы, жалпы «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырына жанаспайтын өрескел, орынсыз жамау. Бірақ, ол тегін жамау емес, халық айтып жүрген жырға халық ұғымынан тыс, үстем тап санасының өкілі болған ақынның қосқан жамауы». Осы тұста М.Әуезов жастардың ескілік салт құрбандығы болғаны идеясын Бейсембай мұратқа жетумен бітіріп қойған деп, елеулі мән беріп етеді. Бұл – әрине, кезеңнің де көленкесін көрсетіп жатыр.

Сонымен бірге трагедия, драма табиғатына жат білместік жасаған, Жанақтай шебер ақынның авторлық мұрат, көркемдік ұстанымдарына қол сүккан дегендегі принципті мәселе де бар сияқты. Ауызша тараған дүниенің осылай аяғы әрі-сөрі болып өзгеріп кете баратын, шығармашылыққа нұксан келтіретін фактісіне қынжылу да байкалып тұр.

М.Әуезов жыр нұсқаларының ішіндегі Жанақ нұсқасының оқиға өрбіндегі өзгешеліктерге де мән берді.

«1909 жылы Қазанда басылған «Қозы Қөрпеш-Баян сұлу» жырында Қозы «сапарынды ки, барма» деген жалғыз анасының да айтқанын істемейді.

Сол үшін анасынан теріс бата алады. АナンЫҢ ҰКТІЯРЫНСЫЗ САПАР ШЕГЕДІ. Жанақ нұсқасында бұл жер мұлдем езгертілген. Баласының алған бетінен қайтпайтынын білген соң:

*Капы қалма, қарагым, дұшипаның көп,
Жолың болсын, бар енді рүксті бердім,*

деп, шешесі он батасын береді.

Жанақ жырында Қозы халықта арқа сүйенсе, жырдың өзге нұсқаларында жалғыз шабады.

Мұхтар Әуезов жырдың Жанақ нұсқасындағы өзгешеліктерге елеулі мән бергенін байқаймыз. Халықта арқа сүйеген Қозының көп қындықты жену себебіне қатыстыра неғіздейді. «Жанақ нұсқасында Қозы бұл бөгеттерді оңай женеді. Қозының шөлде жүдеп жатқаны шешесінің түсіне кіріп, бұқіл елі жиылып, Қозының тілегін тілең, күрбандық шалады. Жүрттың тілеуіне сай шөлде аты арып, өзі қамығып жатқан Қозыға бір ақ сақалды кісі жолығып, бата береді. Бұдан кейін Қозы Аяғозе жетеді.

Қозы алдында тұрған төртінші бөгет – Қарабайдың опасыздығы, Кодардың жауыздығы еді. Шөже жырында осы жауыздық Қозының түбіне жетеді. Жанақ-Бейсембайда жырдың аяғы куанышты болып біткендіктен, трагедия болмағандықтан, ер, айлашыл Қозы бұл бөгетті де женіп шығады».

Осы жерде М.Әуезов өзінің ілгеріде жырдың аяқталуындағы өзгерістер Бейсембайдікі деп айыптай айтқанынан басқаша сейлемен байқалады. Мұның да өзіндік бір себептері бар болар. Мұнда Жанақ жырында женімпаздық сипат басым деген ойын актау үшін айтатын сияқты.

Жырдың күрілымдық жүйесінен туындейтын сипаттары жайында айтылған ойлардың да астары қалың дер едік. Қайткенде де Жанақ жырының толықанды көркем туынды мәніндегі шеберлік ерісін бағалау басым.

Жырдың басқа нұсқаларымен, соның ішінде Шөже нұсқасымен айырмашылықтарын арнайы саралай келіп, М.Әуезов мынадай түйін жасапты:

«Қозы Қөрпеш-Баян сұлу» жырының идеясы, композициясы түрлі вариантта әр түрлі өзгере отыратыны бар. Топтап келгенде оларды негізгі екі салаға бөлуге болады. Жырдың көшшілігінде романтикалық сарын басым болады да, жырдың аяғы трагедиямен бітеді. Шөже, Кастанье, Радлов, Березин, Пантусов, Абрамов нұсқалары және 1909 жылғы баспасы осылай. Бұларда бұл дүниеде косыла алмаған Қозы мен Баян о дүниеде қосылады. Мұнда «Ләйлі-Мәжнүн» хикаясына ұқсастық бар...

Жырдың екінші бір саласы – Жанақ нұсқасы. Мұнда реализм басым. Жанақ, Шөже вариантының алуданда.

Жырдың осы екі түрлі саласына сай оның композициясы да өзгеше. Жанақ жырының байланысы екі байдың достығынан басталып, шарықтау шегі – Көсемсарының ажалы, шешуі – Кодардың өлімі арқылы аяқталады...

Ғашықтық тақырыбын алсақ, Жанақ нұсқасының негізгі сарыны да романтикалық махабbat жүйесіне құрылған. Бұл романтика ескі түрмисты, жабайы кешпелі салтты жоктау емес, адамның бас азаттығын іздеу жолындағы романтика».

М.Әуезов Жанақ нұсқасының тілі ескілеу болғанымен, таза, нағыз халық тілі дейді. Жырдың өлең түрі – қара өлең екеніне көніл аударып, 7-8 буынды жыр өлең Жанақ нұсқасында екі-ақ жерде кездесетін ескертіп отеді. Қозының зары мен Сарыбайдың өлімін естірткен жерде кездесетін 7-8 буынды өлшем жоктау, көніл-шер өлеңнің ежелгі үлгісі. Жырдағы айтыс (диалог десек те болар – F.C.), монолог үлгілері кездесетін тұстар да ғалым назарынан қаға беріс қалмаған. Жырдағы синкретизм элементтері, Жанақ ақынның оған мән беруі дейтін ойды да байқаймыз.

Жанақ нұсқасының көркемдік дара сипаты М.Әуезов айқында масында былайша жүйеленген:

«Жырды халық аузында айтылып журген салт өлеңдердің сарыны, үлгісі күшті, қаһармандардың сөзі (монолог) үш-ақ жерде келеді (екі қыздың ел-жүртімен қоштасуы, естірту, Қозының зары). Айтыс та, монолог та өзіне лайықты орында беріліп, жырдың эсерін күштейткен.

Жырда көркем сөздер мол. «Қарабай қайын атаң пайілі тар», «Қайран балам, кімдерге құң боларсың» деген сөйлемдер, «қыпша бел», «қолаң шаш» деген сияқты сөздер бұндағы өлең кестесін көріктей түседі.

Тенеу сөздер де кейде адамның сыртқы кескініне ғана жұмсалмай, ішкі мінез-құлқын да сипаттайты. Мысалы:

*Қодардың өзі дардай, сөзі дардай,
Жүреді жасанның бәрін көңіліне алмай, –*

дегендегі «дардай» деген сөз. Қодардың тасыр, данкой екенін үғындырады. «Қодардың атасы жел, анасы жел», «Көрмессін Қарабайдай жарым есті» деген сияқты тенеулі ұқсатулар да белгілі бір көркемдік мақсатпен жұмсалады.

Бірақ, дастанның суреттілік қасиеті оның жалғыз тілінде емес, көбінше идеясында, адам образдарында, оқиғасының қызық, шебер, аянышты болып суреттелуінде».

Қазак әдебиетінің сан жүйрігі салған із қалған «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырының Жанак нұсқасы – елеулі көркемдік арна.

Әдебиетіміздің асқан білгірі М.Әуезов айрықша ден қойып, мән беріп зерттеген Жанак нұсқасына қатысты келешек зерттеулер Ж.Сағындықұлының әдебиет тарихындағы сан жанрда қамтылған елеулі сөз мұрасы туралы үғым, танымды кенеңті түсетіні хак.

М.Әуезов «Әдебиет тарихында» да Жанак туралы айтқан. Бірақ кең тоқталмайды. Негізінен жырдың үш тарарап әнгімесі барын: Семей, Радлов, Жетісу айтып отырып Жанак айтқан дегенді қыстыра кеткен бірер түс бар. Бірақ нұсқа дегенді 1927 жылы М.Әуезов қолданбайды. Жанактың айтуындағы, Жанак әнгімесі дегендей болып отырады.

«Ел поэмалары» деп берілген үшінші болімде («Әдебиет тарихы») жыр мазмұны, мәні қысқаша, жалпы, бірақ негізді (сол кезеңнің талабына сай – F.C.) ойлар айтылған.

«Жанактың айтуында Қозы Көрпеш осылай біtedі. Бірақ, бұдан басқа Қозы Көрпеш жайындағы көп әнгімені алсақ, оларда Шоң теректін түбіндегі ұйықтап жатып елеңтін Қозы болады».

«Қазірде біздің қолымызда бұл поэмаларың үш әнгімесі бар. Бірі – Семей үйеzi, Тобықты ауданынан жинаған әнгіме; екіншісі, Москвада басылған Радлов жинаған әнгіме; үшіншісі Жетісу қазағының арасынан Колпаковский жандаралдың жиғызған әнгімесі».

Осы зерттеуде Жанак-Бейсембай варианты аталып кеткен нұсқаны айрып қарастыру байқалмайды. Жанак нұсқасына қатысты

М.Әуезовтің әр кезеңде әр түрлі дерек, мәліметке орай көзқарасы да бірқалыпты болмаган сияқты.

Жанак ақынның жырды айту тарихын ел ескілігінен естіп келе жатқан М.Әуезов 1927 жылғы зерттеуде қолданған. Нұсқалылық категориясының ғылыми тілмен айтпағанымен, мәнін үғындыруы М.Әуезовтің әдебиет тарихына қатысты ой-тоқтамдарының балаң кезінің өзінде бағыты түзу болғанын байқаймыз.

«Одан басқа бір әнгіменің өзін алып тексерсек те, неше түрлі әсердің кіргенін айыру киын. Мысалы Жанак өлеңін алсақ, сонын тілінде, әнгімеленген ретінде, оқшаш болып кірген адамдарда, сезімдерінде түгелімен шұбыртқан түрлердің байлығын, молдығын көреміз. Одан бері 8, сол бір-ак жерден шыққан бір тараудағы әнгіменің өзін алсақ, соның өзінен әлденеше ақынның аузынан кіргізген қоспасы барын байқаймыз».

Қоспа айтудың ізі жатқан өлеңнің бірі. Жанак өлеңі деп атап көрсеткен. М.Әуезов сол кезеңнің өзінде Жанак айтқан жырдың кейіннен 4-5 акын аузынан қайта жырлану фактісіне, «Қозы Көрпештің» халық арасына кең тараған, тілі бай, көпке жатық, таза тілді жыр екеніне тоқталуында Жанак ақынның әдебиет тарихындағы шығармашылық өнерінің бір қырына айрықша мән берген.

Қазақ халқының ұлы эпосы – «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жыры XIX ғасырдың басынан бері ондаған ғылыми-зерттеу енбектерге арқау болып келеді. Жырдың баспа жүзін көру тарихы да сол кезеңдермен тұстас.

«Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырының зерттелу тарихында аса елеулі мән беріле қарастырылған мәселенің бірі – жырдың көп нұсқалығы. Көп нұсқаның бірі – Жанак ақын жырлаған нұсқа. Бұл жырға қатысты, Жанак нұсқасы туралы осы уақытқа шейін шешімін таптай келе жатқан бір жай бар. Ол – Жанак нұсқасы бізге бастапқы қалпында сакталып жеткен жоқ деген үғым. Әуелбек Коңыратбаевтың «Қазақтың «Қозы-Көрпеш» жыры туралы» монографиялық зерттеу енбегінен ғалымның осы мәселені айқындағы түсінде елеулі мәні бар ойларын табамыз.

Жырдың жанры, тақырыбы мен жаратылышы (генезисі), жыр сюжетінің жазылыш алынуы, зерттелуі, негізгі сюжеттері, образдары, композициясы мен тілі туралы жан-жақты ғылыми негізделеме жасаған ғалым жырдың Жанак нұсқасына қатысты бірнеше жерде ойға

қонымды қысындар айткан. Бейсембай нұсқасы дейтін негізінде Жанактан кейін, соған жалғаса айтылып жүретін, Ә.Коныратбаев екеуін қайсыбір тұста бөліп атаған, әрі Бейсембай аты Жанактан бұрын аталады. Бұл – зерттеу барысында есте болатын бір факт.

Жырдың тұған жері қазақ арасынан екенін дөйнеді. Жыртылғанда 1916 жылғы Г.Н.Потанин «Живая старина» зерттеуші былай дейді: «1916 жылы Г.Н.Потанин «Живая старина» деген журналдың II-ІІІ бөлімдерінде казактың 58 түрлі анызы- ертегілерінің мазмұнын орыс тіліне аударған. Соның ішінде «Айбастың ізі» дейтін жеке әңгіме бар. Мұнда автор Баянның қонысын, жырдың жасалған жерін – орталық-шығыс Қазақстан деген ойды аңғартады. Сарыбайдың қонысы – қыстауы Қарсакпай), Қарабайдың Шуды бойлап көшіп барған жері – Аякез, Алатау, Бейсенбай, Шөже, Жанак, Фролов, Шокан, березин нұскаларында Қарқаралы, Абрали, Шідерті, Бұғылы, Жанкісі деген сиякты терминдер көп ұшырайды».

«Еркеш» сезін Бейсембайғана қолданды деде де косарланаң айттылаған. Э.Қоныратбаев бұл арада да бөлек нұскалар дейтіндей негізде сөйлейді.

Бейсенбай жырлаған нұсқаны Ә.Қоңыратбаевтың Жанак жырымен бір деп қарамайтын себебін мынадан көреміз:

«Бұдан соң бұл жырдың бір варианттын Жанақ асып аударып, көзбеттегі түнғыш ағартушысы, демократы Ш.Уәлиханов жазып алған. Бул вариант езіне мектеп жасаған дарынды айтушы, кобызшы Жанактың өз аузынан шыққандықтан және Шоқанның, Г.Н. Потаниннің жақсы бағалаған жыры болғандықтан, «Қозы Қөрпеш» жырьының бұл құнды варианты делінеді. Жалғыз-ақ Жанақ вариантты Шоқанның қолжазбаларымен бірге Тезек төрениң ауылында жойылған, бізге келіп жеткен жок» дей келе,

Э.Қоңыратбаев Бейсембай акынның «Мұны Жанактап естіп едім» дегеніне сүйеніп «Жанак-Бейсембай» варианты деп жүрдік, бірақ Бейсембай жырының аяғы трагедиямен бетпейді, ал Жанак нұсқасы трагедиямен аяқталады деп уәж айтады.

Нұсқасы тағайындалғандағы орындардан көрінілген. Эрі қарай мынадай дерек бар. «Радловтган сон «Қозы Корло» жырының қазақша бір нұсқасы 1876 жылы Петербург университетінің профессоры И.Н.Березин өзінің «Турецкая хрестоматия» деген жинағына енгізген (III том, 70-162 беттер). Березин тексті Жанақ – Шоқан вариантының бір көрінісі».

Фалым Берзин бастырган нұсқаңың Жанақ нұсқасына қатысы туралы дәлелмен көлтірілген ой айтқаны белгілі.

«Петербург университетінің профессоры И.Н.Березиннің 1976 жылы басылған «Турецкая хрестоматия» деген кітабының III томына енгізілген «Қозы Қөрпеш және Баян сұлу» дастанының мазмұны мынадай: анда жүріп екі бай құда түседі. Сарыбай аттан құлап өлген соң, Қарабай «жетім ұлға қызы бермеймін» деп, Аяғөзге көшеді. Қозы баланың асығын ұтып, Баянның хабарын біледі. Шешесінің рұқсатының Баянды іздең шығады. Жолай мыстан, шөл, тау, дария бөгеттеріне ұшырап, Баянның еліне жетеді. Тазша болып жүріп, қызыбенен қой ретінде танысады. Баян Қозыны айдарынан таниды.

Козыкені сол жерде-ақ білді дейді,

Жақсы көріп бетінен сүйді дейді.

Аулак үйде екейі сөйлескен соң,

Сонда айқасып екеуі қалды дейді.

Қодар үйде жатқан екі ғашықты көріп қойып, ноғайлыға шағады. Козыны Шоктерекке қашып шыққан жерінде Қарабай мен Қодар атады. Баян бұған наразылық білдіреді.

Алжып жүрсің, ей ата, өлейін деп,
Ойлауышы едім өнерін көрейін деп.
Күйеуіңді өлтіріп, азған Қақбас,
Кодар құлға келдің бе берейін деп.

Бұдан ері қызы Қодарды шөлге алып шығады. Құдыққа түсіріп өлтіріп, Козыны жоқтайды:

*Қалған жсаным не болар мұнан аяп,
Ақша бетін салыпты қанга бояп.
Құшақтасын сол жерде жаста қалды
Бида пышақ ішіне ұшын таяп.*

Бұл жыр Жанак варианты болып шықты. Оның бір дәлелі текстің 71 бетінде баяғы «Жанак жыры былай басталады» деп Шоқан көлтіретін мынау өлең бар:

*Менен ізден, жігіттер, кел кетелі,
Ортасында көк тәбе белгі етегі.
Азаматтар, ерінбей тыңдасаңыз,
«Қозы Көрпеш-Баянды» тербетелі.*

Бұған қараганда Жанақ жырының да трагедиялы болып біткені айқын. Березин жыры – 1620 жол».

Әуелбек Қоңыратбаев келесі бір тұста Бейсенбай нұсқасын тағы да мақсатты түрде бөлек атаған.

«1952 жылы Ы.Дүйсенбаев тапқан, 1841 жылы Аяғез приказының тілмашы Андрей Фролов жазып алған «Өлең Қозы Көрпеш һәм Баян сұлу» дейтін қолжазбаның мазмұны Березин, Бейсенбай, Шөже нұсқаларына ұксас. Бірақ тілі шұбар, оқиғасы қыска. Нашар айтушының қолынан шығып, салақ көшірілген. Түсіп қалған сөздер мен шумақтар тіпті көп. Бұл нұсқа асылы Жанақтікі сияқты. Онысы:

*Менен ізден, жігіттер, кел кетелі,
Ортасында көк тәбе белгі етегі.
Азаматтар, ерінбей тыңдасаңыз,
«Қозы Көрпеш-Баянды» тербетелі, –*

деген бастамасынан белгілі».

Бейсенбай нұсқасы дейтінді Ә.Қоңыратбаев бірнеше жерде қадап-қадап, Жанаққа қатыссыз айтқан. Осы тұста Жанақ ақын мұрасын зерттеуде ескеретін жайлардың бір мәселесі бой көтеріп тұрғаны даусыз.

«Фролов қолжазбасының реализмі Бейсенбай, Шөже нұсқасынан төмен».

Зерттеушінің Жанақ жырлаған нұсқаға қатысты ой-түйіні мынадай: «Ы.Дүйсенбаев зерттеуінде әңгімеленетін бұдан басқа нұсқалар (Березин, Радлов, Тверитин, М.Әуезов, алтай вариантары) менің 1946 жылғы зерттеуімде бар. Ы.Дүйсенбаев негізінде Жанақ пен Шөже варианттарын түгендеуге тырысқан. Бірақ Жанақтың жақсы, толық варианттын тапқан дей алмаймыз. Біздің шамалауымызда әзірге Жанақ нұсқасының бір тәуірі Березин вариантты болып қалды».

Жанақ пен Бейсенбай нұсқаларын бір деп қарамайтынын Ә.Қоңыратбаев кезегі келген кезде айтып қалып отырғаны көрінеді.

«Айтушылардың енді бірсынырасы жыр композициясындағы осы қайғылы халді, трагедияны өзгертип, екі ғашықты қосып қояды. Бұған Радлов, Бейсенбай, Шөже нұсқалары жатады».

Әуелбек Қоңыратбаев ғылымда «Жанақ-Бейсенбай варианты» деген ұғым барын да еске салып өткен. Сол тұста да Бейсенбайдың дараалығын ықтияттай түсken екен.

«Бейсенбай – Балталы, Бағаналы жағынан шықкан дарынды айтушының бірі. Бұл жырды ол өзім жырладым демейді. «Сыбанбай, Жанақ, Бекбау айтады екен» деп, өзінен бұрынғы ірі айтушылардан үйренгенін анғартады.

Осыған қарап кейде мұны Жанақ-Бейсенбай варианты деп те атайдыз», – дей тұра, әрі қарай «Бейсенбай жыры» деп арнайы қарастырған. Жырдың мазмұнын баяндей отырып, әңгімені сабактай түсken.

«Әрбір оқиғаны мол суреттейтін Бейсенбай Баян мен Айбас тарихына да көп токталған».

«Бейсенбай жырының бұдан соңғы тарауы өзгерген, қысқарған» «Бейсенбай осының бәрін жойып, 120 жолмен (2 қағаз) доғарған», «Онысы – прозалық қоспа. Бейсенбай жырының осы 120 жолдық қосымшасын алып тастап, Шөже, Жанақ вариантындағы соңғы салаларды қосса, бұл «Қозы Көрпеш» жырының ең құнды, көркем варианты болып қалады...

... Айтушының біріне сеніп, жүзіне сенбеске шарамыз жоқ. Сол ушін Бейсенбай жырының соңғы бөлімін толықтыру керек».

Жанақ пен Бейсенбайға қатысты айыра карау ұстанымы жырдың нұсқаларын әр мәнде талқыға салған сайын ұшырап қалып отыратынын көрдік.

«Бұдан басқа жағдайда Баян образын біз негізінде екі арнада түсінеміз. Бірінде ол ата-ана салты, қарабайшылдық тәртіппен келіспей, өз жүргінің сезімін, еркіндігін феодалдар дүниесінен жоғары ұстаган азатшыл қызы, ұлы халықтық бейне.

Басы ертегілеу болып келсе де, барбы татарлары сюжетінде, қазакта Жанақ, Пушкин, Березин, Саблуков, Баранов, Пантусов, Абрамов, Кастанье және «Қисса Қозы Көрпеш» жырларындағы қаз бейнесі осылай қалыптасқан. Екінші жерде, мысалы, Шөже, Бейсенбай, Радлов, Тілеуіт жырларында Баян патриархалдық-

феодалдық қоғам салтымен ымыраласқан, сол үшін жесір не кұдалық идеясының жетегінде жүрген пассив образы».

Ә.Қоңыратбаев Баян образының әлсіз жағы көбіне Радлов, Шөже, Бейсенбай жырларына байланысты дейді. Осы тұста Бейсенбай жыры бойынша тағы да ұзак мәтіндік үлгілер келтіріп образға қатысты ой түйеді. Үлгі жерде біздің назар аударып отырғанымыз – Ә. Қоңыратбаевтың образ ашуды таразылаудағы ұстанымы емес, Бейсенбай жырын жеке алып қарастыру фактісі. Осы ұзак талдауда Бейсенбай жырының атына қаратып, бірнеше мәрте ой бөліскең.

«Баянның образын көрсеткендегі Бейсенбай «Қызы Жібек» жырындағыдан портретке емес, психологиялық мінездемеге сүйенген. Ақын Баянның портретін бір ғана жерде береді. Онысы мейлінше реалистік нәрсө».

Корыта келгенде, Ә. Қоңыратбаев «Қозы Қөрпеш» жыры нұсқаларына қатысты Жанак нұсқасы, Бейсенбай нұсқасы дегендерді дара нұсқалар деп таныған, соны мәтіндік, көркемдік талдаулар арқылы негіздеуге ұмтылған. Негізінде салыстыру, талдауларды Бейсенбай нұсқасы деп таныған мәтінге сүйеніп жасап отырғанын анғаруға болады. Зерттеушінің мына бір ой бөлісүі сынды пайымдаулар аталған монографияның өн бойында кездесіп отыратыны бекерге болмаса керек.

«Жырдың композиция шеберлігін анықтай тұсу үшін Бейсенбай жыры сюжетінің көркемдік қасиетіне арнал токталғымыз бар...

Бейсенбай жырында нағыз көркем тәсілге негізделген шынайылық пен табиғильтік, реализм мен лиризм мол. Бейсенбай адам мінезіне (характеріне) ұлken мән береді...».

Жанак және «Қозы Қөрпеш-Баян сұлу» жыры дейтін мәнде Әуелбек Қоңыратбаевтың мына бір пайымдауы Жанак ақынның жыр нұсқаларының тарапу, сақталып жету, көркемдік құндылығы, рухани құнары дейтін түпкілікті мәселелердегі аса елеулі орнын айқындайды.

«Қозы Қөрпеш» жырының өлшеуі мен тілі де өзінің реалистік – салттық мазмұнына сай, халықтың айтис, бәдік, жар-жар, тойбастар сияқты ұсақ тұрмыс-салт өлеңдерінің үлгісіне жуық, үқсас. Барлық батырлық эпосы, ғашықтық әңгімелерінен «Қызы Жібек» жүрдек жыр мелодиясына (куйге) негізделсе, «Қозы

Қөрпеш» 11 буынды кара өлеңмен жырланып ән молодиясына негізделген. Жырдың ең соңғы және басты айтушысы Жанақ пен күйші емес, әнші айтушы еді. Үлгі өлшеу барлық ғашықтық жырларының, кейін жазба әдебиеттегі қисса жанрының да негізгі өлшеуі болған. Жалғыз-ақ қисса әдебиетінің тілі араб-парсы сөздігімен шұбарланса, «Қозы Қөрпеш» халықтың таза сөйлеу тілі үлгісімен жырлаған. Тек Шөже, Бейсенбай вариантында «құдай, тәнірі» дейтін архаизмдер, «қылып, капија, ғұмыр» деген сияқты азын-аулак кітабы тілдер ғана ұшырайды.

«Қозы Қөрпеш» жырының өлеңді құрылышында ауыз әдебиетіне тән қайымдық үйқастар көп:

*Менен ізден, жігіттер, кел кетелі,
Ортасында көк тәбе белгі етепі.
Азаматтар, ерінбей тыңдасаныз,
Қозы Қөрпеш, Баянды тербетепі,*

деген Жанак жыры бастамасындағы алдыңғы екі жолы кейінгі екі жолға қайымдық дәстүр бойынша жалғасып тұр».

Ә.Қоңыратбаев жырдың әдебиет тарихындағы көркемдік маңызын саралауда Жанак шығармашылығының көпқырлы мазмұн, мәні туралы да тың зерттеулерге бастап жатқан ой түйген екен.

Қазақ көркемсөз өнерінің тарихындағы жеке ақынның орны, шығармашылық ықпалы туралы сөз қозғағанда айтылмай қалуға болмайтын, дәстүрді дамыткан, жаңаңың жолын ашқан дара дарынның бірі Жанак ақын Сағындықұлының да әдеби мұрасы елеулі мәнге ие. Ә.Қоңыратбаев кезеңдік танымның таңбасынан құтылу киын күндерде жазған зерттеуінде әдеби мұраның түпкілікті мәселе, түбекейлі құндылығын, қазақ сөз өнерінің өлшемі мен өрнегі, өрсі мән өнегесі туралы айтар сөзін теориялық та, тарихи да мәнде кең қамтып отырып негіздейді. Жанак жырлаған нұсқаның да, басқа нұсқалардың да XIX ғасырдағы қазақ сөз өнерінің даму бағыттары мен жасалу, жаңғыру заңдылықтарымен біte қайнасып, тұтасып жатқан көркемдік табиғатын тап басып таныған, өрелі, негізді тоқтамдарға жүгініп отырып саралаған. Жанак шығармашылығының көп сырьы, бай құнары осы жыр нұсқасында жатқаны ақынның өнерпаздық өрсін кең көркемдік кеңістікке алып шыққан тарихи мәні.

МАЗМҰНЫ

| | |
|--|-----|
| Діни қиссалардың көркемдік құрылымы | 3 |
| XIX ғасырдағы дәстүрлі толғау өлең үлгілері..... | 14 |
| XIX ғасырдағы аймактық әдеби мектеп дәстүрі | 40 |
| Қазақ әдебиетінің XIX ғасырдағы ауызшадан жазбашаға ойысу нышандары | 59 |
| Ыбырай Алтынсарыұлының «Мұсылманшылықтың тұтқасы еңбегі..... | 64 |
| Абайдың поэмалары | 68 |
| Шәкәрім Құдайбердіұлының аудармашылық ғибраты | 79 |
| Тұрмагамбет Ізтілеуұлы шығармаларындағы «Құтты білік» дастанымен сабактас қайсыір бой құнары туралы | 93 |
| Көдек Байшығанұлы..... | 99 |
| «Шолпан» Журналындағы әдебиет мәселелері және Магжан Жұмбаевтың «Батыр баян» поэмасы | 109 |
| ҚАЗАҚ Әдебиеті тарихындағы зар заман ағымының М.Әуезов зерттеулерінде айқындалуы..... | 116 |
| Жанақ сағындықұлының айтыстары | 126 |
| Жанақ ақын жырлаган «Қозы көрпеш-Баян сұлу» жырының нұсқасы | 167 |

Қанипа什 Қайсақызы МӘДІБАЙ

ӘДЕБИ ҮДЕРІС

Бірінші кітап

Пішімі 60x100 1/16
Тығыздығы 80 гр./м². Қағаздың актығы 95%.
Қағазы оффсеттік. РИЗО басылымы.
Көлемі 196 бет. Шартты баспа табағы 12.



«Эверо» баспасында басылымға
дайындалды және басын шыгарылды
КР, Алматы, Байтұрсынұлы к., 22.
төл.: 8 (727) 233 83 89, 233 83 43,
233 80 45, 233 80 42
e-mail: evero08@mail.ru

